

*Күләш АХМЕТБЕКОВА*

ЕЛ  
АРДАҚТЫСЫ

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5Каз.)  
А 94

**Солтүстік Қазақстан облысының өлкетану мұражайы жынындағы  
«Асыл мұра» орталығы**

**Редакция алқасы: Мұқанов Қ.М., Жұмабаев С.Ж.,  
Хамзин Қ.Х.**

**Күрастыруышы: Құләш Ахметбекова**

**Редакторы: Сүгірбаев Т.А.**

**А 94 Ахметбекова К.  
«ЕЛ АРДАҚТЫСЫ» - Петропавл қаласы. 2010 ж.**

**ISBN 978-601-7230-14-2**

Кітапқа облысқа танымал көрнекті тұлға, мемлекет қайраткері Мәркен Ахметбекұлының өмір деректері мен ол кісі жайында жазылған естеліктер енген. Кітаптың тарихи-тәндық маңызы зор.

**УДК 821. 512.122  
ББК 84 (5Каз.)**

**ISBN 978-601-7230-14-2**

**© Ахметбекова К., 2010**

**Бірінші бөлім**  
**ЕСТЕЛІКТЕР**



Құдайберген Қалиев,  
Қазақстан Республикасына  
еңбегі сіңген қайраткер

## МӘҢГІЛІК ЕСТЕ САҚТАЛАТЫН ТҰЛҒА

*Мәркен Ахметбекұлының 60 жасқа толуына  
арналған аудан жүргіштілігінің жиналышында  
сөйлеген сөзі*

Құрметті қауым, қадірлі қонақтар, жерлестер!

Осы өнірде туып, есейіп ер жеткен жерлесіміз, бірімізге – аға, бірімізге – іні болған, жарқын бейнесі жүргегімізде сақталған Мәркен Ахметбекұлы Ахметбековтың өмірі мен еңбек жолы ерекше үлгі боларлық кесек тұлға. Есімі ел есінде, ол ешқашан ұмытылмақ емес. Соның бір айғағы бүгінгі атқарылып жатқан Мәркен Ахметбекұлын есте мәңгі қалдыруға арналған шаралар.

Осы бір қарапайым да кішіпейіл, ауыл баласынан қоғам, мемлекет қайраткеріне дейін көтерілген ардақты ағамыздың атын орта мектепке және Сергеевка қаласының үлкен бір көшесіне беріп, аудан тарихының бетіне алтын әріппен жазсақ деген ойымыз бүгін орындалып жатыр.

Табиғаты бай, құнарлы да киелі осы ауданың то-пырағында дүниеге келіп, әлемге аттары әйгілі болған талай атақты адамдар бар. Олар: бүгін сол кісінің атымен

аудан аты аталаң отырған он сегізінші ғасырда дүниені дүбірлетіп өткен атақты Шал ақын Құлекеұлы; ұлы ғалым, жазушы, қоғам қайраткері Евней Арыстанұлы Бекетов; Отан соғысының ардагерлері, Советтер Одағының Батырлары Исқақ Ібраев, Павел Гончар, майталман ақын Ахметжан Нұртазин, жазушылар Ғалым Малдыбаев, Ермек Қонарбаев және басқа да атақты азаматтар. Осындай ұлылардың қатарында Мәркен Ахметбекұлы Ахметбековтың болуын өте орынды деп есептейміз.

Бүгін осы қадірлі жерлесімізді, ардақты азаматымызды еске алып, оның жолдастары мен жақындары, жер-жерден арнайы келген қонақтар, облысымыздың жұртшылығы Мәркен Ахметбекұлының жарқын бейнесіне тағзым етуге жиналып отырмыз. Мәркен ой өрісі өте жоғары, мейірімді, ерекше сыпайы, ашық көңілді, ақжарқын, жайдары адам еді. Тағдырдың жазған қысқа өмірінің өзінде, мындан біреуде ғана болатын осындай ерекше адамгершілік қасиеттерімен халқына адал қызмет атқарған, аса көрнекті бейнесі біздің есімізде.

Мәркен табиғаттың ерекше бай, көркем пүшгағында орналасқан Қаратал ауылында колхоздың басқармасы болған әкесі Ахметбектің жанұясын қуанышқа толтыра 1940 жылы дүниеге келген. Әкесі өткен қырғын соғыстың алғашқы құндерінде әскерге алынып, соғысқа аттанды да, майданның алғы шебінде қазаға ұшқұрады. 1961 жылы ауыр науқастан шешесі Зейни де қайтыс болды. Осылай жетімдік, өмір қасіреті басына ерте түсken жас бала, балалық бал дәуреннен ерте айрылып, тез есесу жылдағын бастады, өмірдің өзі оның есесу жолын ширата берді.

Бойында тұа біткен жігері бар, өмірге деген құштарлығы, еңбек сүйгіштігі, қындықтарға шыдай білген шымырлығының арқасында Ленин атындағы орта мектепті күміс медальмен, одан кейін Алматы

малдәрігерлік институтта оқып, оны да үздік бағалармен тәмәмдал, жоғары білімді маман атағына ие болып елге оралды. Ол өзінің еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облыстық мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкерінен бастап, кейін «Заря», «Теренсай» кеңшарларында өз мамандығы бойынша қызметтер атқарды.

Ой өрісі өте кең, қызметке деген ынталығы мен іскерлігінің арқасында көзге түскен жас жігіт жиырма төрт жасында В.Быковский атындағы кеңшарға бас зоотехник болып тағайындалды. Бес жыл өткеннен кейін аудандық ауыл шаруашылық басқармасына басқарма бастығының орынбасары қызметіне көтерілді. 1970 жылы отыз жастағы жас маманға үлкен сенім көрсетіліп, жаңа құрылған «Ступинский» кеңшарына директорлық қызметке тағайындалды. Әрине, бұл үлкен шаруашылық жұмысын қолма-қол басқарып көрмеген жас жігітке оңай іс емес еді. Қолға алған жұмысты тайынбай, ақылмен, бойында бар іскерлік дарындылығымен, алдына қойған мақсатына жету үшін аяnbай еңбек ете алатын өнерімен Мәркен Ахметбекұлы бұл қызметтерді ойдағыдай атқара білді. Жаңа құрылған кеңшардың шаруашылығы аяғынан тік тұрып, алға басып, облыс көлемінде тамаша жұмыс көрсеткіштерімен алдыңғы қатардағы шаруашылықтардың бірі болды.

Сол кезде ол кісімен бірге қызмет атқарған «Ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкері», дала-егіс бригадасының бригадирі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Иван Иванович Шунин еске алып, «Мәркен Ахметбекович керемет іскер, еңбеккүмар, үлкен шаруашылықтың көп салалы жұмысын ұйымдастыруға білімі мен іскерлігі жеткен дарынды басшы болды» – дейді. Кеңшарды басқару Мәркен Ахметбекұлы үшін

ұлken қызмет жолына шығар алдындағы «тұсау кесер» болғандай болса, ол осы сынақтардан аброймен өтті.

Отыз үш жасында Мәркен Ахметбекұлы Бескөл ауданына аудандық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды, бір жылдан кейін Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне көтерілді. Кейінде, Москва қаласында Бүкілодақтық орталық партия комитетінің жаңындағы қоғамдық ғылымдар академиясында екі жыл оқып, оны да қызыл дипломмен тамамдал облысымызға қайта оралды.

1985 жылы Мәркен Ахметбекұлы Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Аудан шаруашылықтарын аралап көріп танысу сапарын «Ольгинский» кеңшарынан бастаған екен. Кеңшардың еңбеккерлерінің атынан Мәркен Ахметбекұлын еске алып сейлеген қырман бастығы Зоя Игнатьевна Мажуга «...ол бәрімізді бірден танып, әрқайсымыздың өз аттарымызға әкеміздің аттарын қоса атап, амандық, хал жағдайларымызды егжей-тегжейлі сұрап, өзіне баурап алатын еді. Онымен тілдесу өте женіл, қарапайым болатын. Бізді ерекше таң қалдыратыны, қандай ғана жағдайларды болмасын, әсіресе кісі аттарын есте сақтайтын ерекше қабілеті еді», – дейді.

Мәркен Ахметбекұлы 1989 жылы облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. Бұл жоғары лауазымды қызметте ол барлық аудандарда, ауылдарда жиі болып, аудан шаруашылықтарының ілгері басуына, халықтың әл-ахуалының жақсара түсүіне қамқорлығын аямады. Әсіресе өзі қызмет атқарып кеткен Сергеев ауданының шаруашылықтарына жіті көңіл бөліп, ауылдарды аралап жүргенде жергілікті халық та оны жылы шыраймен қарсы алып, көңіл қүйлерін, шаруа жағдайларын бүкпей баяндап беретін еді.

Мәркен Ахметбекұлының достары, қызметтес жолдастары оның халық арасында көп жүріп, оларды мүқияттында, түсінісп өткенін, ал күнделік қасында жүріп қызметтес болған жолдастарымен достық қарым-қатынасты мықты сақтай білгенін айтып отырады. Ол кімге болса да қолынан келген көмегін аямайтын. Өзі қызметті жан-тәнімен беріле атқарып, қарамағындағы қызметкерлеріне үлгі көрсете жүріп, олардан да солай қызмет жасауды талап ететін.

Бүгін аудандық әкімшіліктерде қызмет атқаратын, шаруашылық жүйесін басқаратын көптеген азаматтар Мәркен Ахметбекұлымен бірге қызметтес болған, оның басшылығымен қызмет атқарған жолдастары және жақсы сыйлас таныстары, одан тәлім көрген окушылары. Солардың көпшілігі осы мәжіліске қатынасып отыр. Мәркен Ахметбекұлы бүкіл саналы өмірін, үлкен ұйымдастырушылық қабілетін, кәсіби шеберлігін Солтүстік Қазақстан өлкесінің экономикасын, халықтың әл-аухатын көтеру істеріне арнады.

Ол бірнеше мерзім облыстық кеңестің депутаты болды. 1990 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды, Жоғарғы кеңестің ауыл шаруашылық комитетінде жемісті еңбек атқарды. Мәркен Ахметбекұлы қандай қызмет атқарса да шебер ұйымдастырушылық қабілетімен, халық арасында шай-қалмаған беделімен халықтың және қызметтес жолдастарының сүйіспеншілігіне бөленіп өтті. Оның атқарған еңбектері Одақтық мемлекеттің және Қазақстан Республикасы үкіметтерінің тарабынан жоғары бағаланып, бірнеше Құрмет грамоталарымен, медальдармен, екі Еңбек Қызыл Ту, бір «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталды.

Мәркен Ахметбекұлы өзінің жанұясының аяулы үйтқысы, сүйікті шаңырақ иесі, тұған-туысқандарына үлкен қамқоршы жанашыр бола білді.

Бірге тұған әпкесі – Қайрияны анасындай сыйласа, ағасы – Кәкенді әкесіндей құрметтеді. Барлық туыстарына асқар таудай пана болды. Алыс-жақын туысқандары мен жолдастарының көңілдерін еш уақытта қалдырып көрген емес.

Мәркен Ахметбекұлы өзінің сүйікті жары Күләш Файсақызымен отыз жыл тату-тәтті өмір кешті. Күләш Файсақызы оған үлкен тірек, әр уақытта дос, ақылшы көмекші болды. Олардан тұған ұлдар Серік пен Бауыржан әкесінің атын жалғастыратын үлкен азаматтар. Мәркен Ахметбекұлының аты бұл жанұя үшін жол көрсететін шамшырақ, өнерлерінен өнеге алатын үлгі, атын мақтан тұтып, естен шығармай, немерелері де сол үлгіде тәрбиеленетін өшпес бейне.

Құрметті жолдастар, қонақтар!

2000 жылдың ақпан айының 5 күні Мәркен Ахметбекұлы Ахметбеков 60 жасқа толды.

1993 жыл Мәркеннің тұған-туыстары үшін, жолдастары мен жерлестері үшін өте ауыр қайфылы жыл болды. Бүкіл балалық шағы мен саналы еңбек жолы өткен облыс көлемі аяулы азаматынан айырылып, қаралы қазаға душар болды. Жер қайысқан сансыз халық, қалың ел, Мәкеннің өзі қызмет атқарған облыстық партия комитетінің үлкен ғимаратының ішінде қоштасып, одан кейін кіндік қаны тамған тұған жері, қазіргі Шал ақын ауданына әкелініп, Қаратал ауылының зиратында жерленді. Сондағы жиналған мындаған халықтың үнсіз қайғысы, өксігін баса алмай тұншыға жылаған көпшілік көз алдымызда. Бұл бүкіл жүртшылықтың Мәкене деген сүйіспеншілігінің айғағы еді.

Мәркен Ахметбекұлының атын есте мәңгілікке қалдыру үшін игілікті істер атқару біздің азаматтық борышымыз болып, ойда жүретін. Енді міне сол міндеттіміз орындалып отыр. Жергілікті халықтың сұрауымен, аудандық, облыстық басшылардың қолдауымен, Мәкенде жақсы білетін, сыйлайтын мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қамқорлығымен, 2000 жылдың сәуір айының 7 күні Қазақстан Республикасының үкіметі арнайы қаулы қабылдап, осы ауылдағы бұрынғы Ленин атындағы орта мектеп «Мәркен Ахметбеков атындағы орта мектеп» болып аталып отыр. Аютас селолық округі әкімінің қаулысымен Сергеевка қаласындағы бұрынғы «Учительская» көшесі «Мәркен Ахметбеков атындағы көше» болып аталды.

Бұғін мындаған жерлестеріміздің, шақырылған қонақтардың қатынасуымен осындай тарихи шешімдерге байланысты, көшеннің атын, мектептің жаңа маңдайшасын ашу рәсімдеріне арналған мәртебелі жиналыстар өтті. Жиналыстарда атқарылып жатқан істер тәрбиелік мәні зор оқиғалар екендігі туралы сол жиналыстарда сөйлеушілер жеткізе айтты.

Мәркен Ахметбекұлы Ахметбековтың атын өмірлік есте қалдыруды жүзеге асыруға көмек көрсеткен мемлекет қайраткерлері Бәйкен Әшімовке, Мақтай Сағdiевке, Кәкімбек Салықовқа, академиктер Нағима Айтқожинаға, Аманжол Қошановқа, Газез Тәшеновке және тағы басқа азаматтарға бүгінгі өтіп жатқан жиналыстың атынан ерекше ризашылық сөзімді арнаймын.

Мәркен Ахметбекұлының аты Шал ақын ауданының, облысымыздың тарихына алтын әріппен жазылды. Енді оның аты, биік тұлғасы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып ұмытылмайтын жарқын бейне болып қалады.

**Аруағы риза болсын!**



Қоблан Хамзин-қажы,  
зейнеткер,  
милиция полковнигі

## ЕРЕКШЕ ТҰЛҒА, АРМАНДЫ АЗАМАТ

«Кейінде керегі болар» - деп, тәптештеп жинап сақтап жүрген газет, журналдарда шыққан жақсы сөз, ұшқыр ойлы өлең, мағналы мақала үйде сақталған еken. Соларды аудара қарап отырып, өзіміздің «Солтүстік Қазақстан» газетіміздің 2000 жылғы 4 ақпан күні шыққан санында жарияланған «Жұлдызы жарық жан еді» деген тақырыппен осы газеттің қызметкери Тоқтар Зікірин ініміз бен менің бірігіп жазған мақаламызды тауып, алдыма алып, зейін салып қайталап оқып отырмын. Мақала, не бары 53 жас жасап, дүниеден өтіп кеткен, республика көлеміне белгілі мемлекет және қоғам қайраткери Мәркен Ахметбекұлының өмір жолына арналып жазылған еken. 2000 жылдың 5 ақпан күні 60 жасқа толуына арналыпты. Айтайын деген сөзім, Мәркен Ахметбекұлы туралы тап бүгінгі 70 жасқа толып жатқанда айтатын ойларым осы мақалада жеткілікті қамтылған еken.

Сонда да Мәркен туралы менің айтар сөздерім еш уақытта сарқылмайды, естеліктер ойға орала береді. Өйткені, аталған мақалада айттылғандай, Мәркеннің жұбайы Күләш менің немере қарындасым. Немере ағам Ғайса Ережепұлының қызы. Ережеп менің әкем Хамзаның туған ағасы. Сол себепті Мәркен біздің

шаңыраққа өте жақын, сүйікті, сүйкімді туыс болды, қарым-қатынасымыз туған аға-інідей жалғасты.

Біздің қазақта «болар бала бесіктен белгілі болады» – деген сөз бар. Өскенде өнер иесі, дарынды тұлға болуы, Алла тағаланың жеке сыйлайтын ерекше қасиеті болады ғой деп ойлаймын. Мәркен жас кезінен өмірге талпынып, талаптанған тұлға.

Кішкентай кезінен өзге балалардың қолынан келе бермейтін істерді Мәркен орынды, орнықты атқарып жүретінін, Мәркенмен бір үйде бірге өскен Тобыл Бікәнұлы (марқұм) айтып отыратын еді. Міне сол Мәркен орта мектепті үздік оқып бітіріп, институтты қызыл дипломмен тамамдап, ауыл шаруашылық саласының маманы болды ғой. Алғашқы бетте өз мамандығы бойынша зоотехник, бас зоотехник болып қызмет атқарып жүріп, жұмысқа тиянактылығымен, іскерлігімен, алғырлығымен ел басшыларының көзіне ілекті, сыншыл көзді басшылар осы жас маманнан болашақта іскер шаруашылық басқарушы азамат болатынына көз жеткізді. Жиырма сегіз жасында Сергеев аудандық ауыл шаруашылық басқарма-сында бастықтың орынбасары қызметіне тағайындалды.

1970 жылы отыз жасында жаңа құрылыш жатқан үлкен көлемді «Ступин» кеңшарына директор болып тағайындалды.

Шаруашылық жұмысын басқаруды тез меңгеріп, жетістікті ұйымдастырып, жемісті енбек етіп, осыдан былай Алла қолдап, бағы жанып, қызметі өрге өрлей бастады.

Отыз үш жасында Бескөл ауданында аудандық атқару комитетінің тәрағасы, бір жылдан кейін Жамбыл аудандық партия комитетінің 1-хатшысы қызметіне сайланды.

1985 жылы Мәркен Сергеев аудандық партия комитетінде 1-хатшы болып сайланды. Бірнеше жыл осы

қызметті атқарды. Одан бұрын екі жыл Москва қаласында СОКП· Орталық комитетінің жанындағы қоғамдық ғылымдар Академиясын қызыл дипломмен бітіріп шықты.

1989 жылы Мәркен Ахметбекұлы Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің 2-хатшысы қызметіне сайланды. Облыс жұртшылығы үлкен сенім көрсетіп, оны 1990 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты етіп сайлады. Тоқсаныншы жылдары Советтік мемлекеттер одағы ыдырап, Совет үкіметі күйреп, коммунистік партия тарап кетті фой.

Осындай аума-төкпе заманда Мәркен облыстық ауыл шаруашылық басқармасына басшы қызметке ауысып, өмірінің соңына дейін сол жерде қызмет етті.

Мәркен Ахметбекұлының атқарған қызметтерін тізбектеп, ауыз толтырып қайталап айтып отырған себебім, жас кезінен, көпті көріп, өткерілген азаматтардың өзі өресі, қолы жете бермейтін жұмыстарды игеріп, іскерлігімен көзге түсіп, қызмет баспалдақтарымен жастайынан жоғары көтеріліп, облыстық үлкен бастық дәрежесіне жетуін ерекше көңіл аудару үшін айтқаным.

Қазақстан Парламентіне депутат болуы, неше мың адамнан біреудің ғана қолы жететін Алланың берген бақыты, ерекше дарын иесі болғандығы екенін атап айту орынды. Бұл «кекесі» қолдаған, болмаса басқа бір үлкен көмектің нәтижесі емес, Мәркен өз еңбегімен, білімділігімен, өнерімен, кіслілігімен қолы жеткен дәреже.

Амал не, мандайындағы шолпан жұлдызы жарқырап жүрген Мәркен ойлаған ой, биік мақсаттарына жете алмады, ажал өмірін қызып кетті, кездейсоқ кесапттан не бары 53 жас жасап, 1993 жылы көз жұмды.

Жол оқиғасынан қазаға ұшырады фой. Ауыр жарақаттанып келіп облыстық емханада жеті күн жатты.

Осы хабарды естіген туған-туыстар, жолдас-жоралар, қызмет бабымен біліп сыйласқан азаматтар толассыз емханаға келіп жағдайын біліп, телефон арқылы хабарла-сып, бір-бірлеп сұрап-білісіп, анық жанашырлықтарын білдіріп, бәрі ақ жүректерімен тілектес болып журді. Жақын ағайын-туғандар емхананың ішінде, маңында күнде ара қатынасты үзбей Мәркеннің хал-жағдайын күні-түні біліп, сауығып кетуін Алладан тілеуде болдық. Амал не, тағдырда солай жазылған болар, соңғы күндері ауырлай берді, тынысы тарыла берді, ақыры демалысы тоқтағанын естігенде, үстімізге жай оғы түскендей есендіреп, көздің жасын тия алмадық.

Міне осылай Мәркеннен айрылдық-та қалдық. Халқы сүйген құрметті азаматты жерлеу кездерінде келген адамдарда сан болмады. Қала тұрсын, бүкіл облыс халқы болып қатынасып, соңғы сапарына азалы шерумен шығарып салынды, туған жері Қаратал ауылының топырағына мындаған халық бірге барып, қаралы жаназаның ақырына дейін қатынасып, соңғы қоштасу рәсімдерін атқарып тараасты.

Аман жүрсе осы күндері жетпіс жасқа толып, өзі қатарлы азаматтардың бірі болып, әлі күнге «ат үстінде» жүрмес пе еді. Өмірге құмар, өрлеуге құштар, дарынды ақыл иесі, іскер, білімді, шебер басшы Мәркеннің жетер жетістіктері, шығар шындары алдында еді. Сол мақсаттарды кенеттен келген қазасы қиды да кетті.

Ағынды судай тоқтамай өтіп жатқан өмір емеспе, міне, сол қасіретті бастан кешкенімізге 17 жыл болып қалды. Алғашқы кезде, бірнеше жылдар бойы әлі тірі жүргендей, жүректен өшірілмейтін күн кештік, қайтып оралып келетіндегі болды да тұрды.

Сызығы жоқ сырғи берер жалған-ай,  
Орыны толмас, орындалмас арман-ай.

Қанша уақыт өтсе-дағы сенбейсің,  
Іс сапармен шетке кетіп қалғандай, - деген ойлар сол  
кезде айтылған еді. Уақыт молынан өткен сайын көңіл  
біртіндеп суи береді еken, ақыры бақи дүниеге кеткеніне  
көз жетіп, көңіл саябырысыды, салқындалды.

Ендігі сенім жиі еске алып, дұға атқарып, Алладан ол  
дүниенің жақсылығын берсін деген тілекпен қол жаю  
болды.

Аллаға мың шүкіршілік дейміз, Мәркеннің атын атап,  
атағын жалғастырып жүретін ұрпағы бар. Ахметбеков  
Серік, Бауыржан Мәркенұлдары бір-бір шаңырақ иелері.  
Сұлтанбек, Асхад, Әлімжан, Асанәлі атты немерелері бар  
атаның өмірі жалғасып жатыр, бұл да Мәркенге Алла  
тагаланың берген байлығы, марапаты. Қара шаңырақ  
шайқалмай сол қалпында сақтаулы. Өмірлік жұбайы  
Күләш Мәркеннің атын-атағын, дәрежесін өзі бардағыдай  
бікін тұтып, бір сәт дұғасын қаза қылмай өткеріп, туған,  
қайтқан күндерін еске алып жүреді, бұл тіршіліктегі  
сыйластықтың жалғасы, үлкен имандылық істер.

Бүтінгі Мәркеннің 70 жасқа толуына арналып жатқан  
естелік дұға сондай білімді іс, тірліктеңігі сыйластықтың  
айғағы, әрқашанда ұмытылмайтын естелік. Күләш  
ақылшы болып, балалары Серік, Бауыржандар қолдан  
атқарылып жатқан осындей имандылық істерге  
Мәркеннің аруағы әрқашанда ризашылықта – деп  
сенеміз.

Мәркеннің аты сыйлас халқының санасында мәңгі  
сақталуы үшін туыс-туғандары, жанаямас жолдас-жоралары  
көптеген еңбектер атқарып жатыр.

Мәркеннің өзі оқып білім алған Ы.Ибраев ауыл-  
лындағы орта мектепке Қазақстан үкіметінің шешімімен  
Мәркен Ахметбеков аты берілді, Шал ақын ауданының  
орталығы – Сергеев қаласындағы бір көше Мәркеннің

атымен аталды, Мәркеннің өмірін, атқарған қызметтерін, адамгершілік істерін баяндаған кітаптар, газет-журналдарға мақалалар шығып жатыр. Шал ақын ауданының көлемінде Мәркен Ахметбекұлын еске алу шаралары жыл сайын өткіzlіп жатады.

Мәркен шындығында, білген адамдардың есінде сақталған, сақталатын тұлға, көрмеген жастар кітаптардан оқып біліп, өнеге тұтатын, соған ұқсап бағатын үлгілі азамат.

Азаматтың істерін еске алып жүру артық емес, қайта оның кісілік бейнесін көзге елестетіп жүру деп үғынамын.

Мәркен ірі, үлкен басшылық қызметтерде істегені айтылды. Ондай бастықтардың кабинеттерінің алдында хатшылары отырады. Олар бастығынан да астам қатаң, тексеріп, тергең арыз, бұйымтайымен келген адамды бастығына жібермейді.

Мәркеннің адамгершілігі өзгеше еді. Алдымен хабарласып, арызымен келген кісіні есігінің алдында күттіріп отырғызып қоймайтын. Өзі қарсы алып, қабылдан, мұқият тыңдал, шағымданушы адамның көңілін тауып, арызын оң шешуге бар мүмкіндігін пайдаланатын еді. Ондай кісілік, адамгершілік өнер көптеген қолында құзыры бар азаматтарда бола бермейді.

Зейнеткерлік демалысқа шыққан кезде сондай бір азаматтың алдына барып, бетім қайтып, ренжігенім есімде. Кезінде өзім үлкен қызметте жургенде алдыннан қарсы алып, жүгіріп жүретін жігіт салқын қабылдан, дұрыстап сәлемдеспегендеге, есігін тарс жауып кетіп қалғаным бар.

Сондайда Мәркендер қалай еске оралмайды, бауырым-ай, өнегелі, үлгілі істерің көп еді-ай. Әсірепе кішіпейілдігіне таңданып, таңырқайтын едік.

Облыстық партия комитетінің екінші хатшысы қызметінде жүргенде біздің балалардың біреуінің үйлену тойы болып, көп халық қатысқан мейрамханада өтті. Сол тойды әжептәуір басқарып жүрген асабаның бір-екі кемшіліктерін байқап қалған Мәркен: «туысқандар, мен мына асабаның бір көмекшісімін, ол кішкене демалсын, тойды мен жалғастырамын» – деп басқару жүйесін өз қолына алып қызмет атқарғанына халық риза болғаны бар. Содан Мәркеннің қызмет дәрежесі кеміген жоқ, қайта халық алдында білімі, білгірлігі үстем, үлкен тұлға екені көзге түсті.

Мәркеннің ерекше қасиетінің бірі, керек нәрсені есінде сақтау қабілеті, ұқыптылығы күшті болатын. Кеңшардың малшы, сауыншы, механизаторларының аты жөнін ұмытпай, кездескенде бәрін атына әкесінің атын қосып сөйлесіп жүретін еді. Туысқандардың, жақын адамдардың туған күнін, ерекше куанышты күндерін ұмытпай, құттықтап жүретін еді. Алыста жүріп, аузы жетпесе, міндетті түрде телефон арқылы құттықтауды ұмытпайтын.

Мәркен өз шаруасына, үй жұмысына, әсіресе қонақ қабылдап, күтуге өте ұқыпты болды. Қонақтарын тік тұрып қарсы алып, өзі бәрін бақылап, бәрін атқарып жүруге жалықпайтын.

Туған-туысқандарына жасаған қамқорлығы, жана шырлығы ерекше еді. Ешқайсысын ұмытпай бәріне көмек көрсетіп, қамқоршы болып жүруші еді.

Көшшілік біле бермейтін Мәркеннің ерекше қасиеті – ислам дініне деген сенімшілдігі жүргегінде бар болатын. Зиректігінің, ұғымталдырының нәтижесі болу керек, бала кезінде діни сауатты адамдарды елде тыңдал жүріп, солардан Үйренген болу керек, бірнеше құран дұғаларын жатқа біletін. Туған-туыстарының, қайтыс болған


жолдастарының басына, бейіттерге барғанда, өзіміздің арамызда, жаттыңдаушылар жоқ кезінде аят оқытып, тыңдайтын едік. Дұғалардың мәтіндерін дұрыс оқитын. Ол заман діни шараларды, ғұрыптарды жасырып, құпия атқаратын кез болды ғой. Сөйтіп жүріп, діннен безбедік, азғырын сөздерге еріп азбадық, қайта үйреніп, ұғудан жазбадық. Енді міне сол сенімдеріміз, көңіліміз дұрыс болғанының жақсылығын көріп жүрміз.

Мәркен бауырымыз да бақи дүниеде сол сенімдерінің, атқарған ғибадаттарының рахатын, жақсылығын көріп, иманы бақылық жолдасы болсын. Исламның парыздарын атқаруға мүмкіндік жоқ замандағы қорғалақтан жүріп, құпия атқарған, көңіл берілген ислам дінінің қағидаларын ұстаған ниеті Қабыл болсын. Артынан атқарылып жатқан бата-дұғалар сауаптан жазылсын.

Біздің қолымыздан келетін жағдай, Аллаға құлшылық етіп тілек тілеу ғой. Ұрпағы аман болып, балалардың, немерелердің Мәркен көре алмай кеткен жақсылық, қуаныштарын Күләшқа көруге Алла несіп етсін. Серік пен Бауыржан өз балаларының қызық-қуаныштарына бөленіп, ұзақ ғұмыр кешсін. Алла тағала сол тілектерді қабыл етсін деп тілейміз.



**Аманжол Кошанов,**  
Экономика ғылымдарының  
докторы, академик



## **БИРТУАР АЗАМАТ, БАУЫРЫМЫЗ**

Мәркен Ахметбекұлын еске алу, оның саналы өміріндегі Республика, халқы алдындағы атқарған сан алуан, әр саладағы қызметі көңілге разылық сезім үялатып, «азаматтық борышын барынша өтеуге құлаш ұрып баққан қайраткер еді» деген ұғым өзінің мағынасын ашқандай. Бірақ бұл өмірде «эттеген-ай» арман-мақсатына жете алмай кетті-ау деген өкініш сезімі де Мәркенді танып-білген азаматтардың көңілінде әрдайым бір қаяу болып тұрары да анық. Шынында, Мәркеннің саналы өмір жолы Республика экономикасы толыққанды дамып, 60-80 жылдары халық дәүлеті біршама түзеліп, кенірек тыныстауға мүмкіншілік туған дәуір-кезеңге сәйкес келіп еді. Мәркен осы кезеңде Жаратушы сыйлаған, атадан дарыған адами қасиеттерін, алған білімін уақыт талабымен ұштастырып, ұйымдастырушулық дарынын халық игілігіне жұмсап, еліне, Республика көлеміне танылған азамат деңгейіне көтеріліп еді.

Еліміз егемендікке қолы жетіп, тәуелсіз мемлекеттің іргесін қалауға кіріскенде Мәркен мезгілсіз дүниеден озды. Елі ердің жасына енді кіріп, қажыр-қайраты толысқан шағында әлі де қанша істер тындыrap еді, өмірдің талай қызығы мен шыжығын басынан өткеріп, әulet бақытына

бөлөнөр еді-ау деген ой мазалайды. Мәркенді біліп-тансып болған жұртшылық та осы пікірде. Мәркен еліміздің тәуелсіздігін бар болмысымен құп алғып, жаңа дәуірдің есігін айқара ашуға бет алғандардың легінде болатын. Ол бұл дүбірлі үдеріске белсене кірісе алмай кетті. Осы жағдайды толық сезінген, ол кезде ССРО халық депутаты, мемлекет қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов сонау Мәскеуден азалы қосынға үн қосып жатты:

«Өтті өмірден Қызылжардың ірісі,  
Бір тарылды ағайын, ел тынысы.  
Өтті өмірден  
Менің ғана емес-ау,  
Мағжан, Сәбит, Ғабит – аға інісі» деп.

Мәркен тарихтан кең танымал, қазақ мемлекеттігінің Абылай ханмен тізе қосып, ірге тасын қаласқан, Ұлы ханымыздың қолбасшыларының бірі, мәмілегер-дипломат Құлеке батырдың жетінші ұрпағы болатын. Осы ретпен алтыншы бабасы атақты Шал ақын болып келеді. Өзінің бар кезеңінде бұл мағлұматтар халық жадында болмаса, ресми түрде айтыла бермейтін-ді. Бірақ баба аруагы іштей қуаттандырып, рухтандыратын. Мәркен бұл орайда босқа сыр шашып аспайтын. Өткен жүйенің де салқыны болар, бас көтерген қазақ азаматтарының барлығына жуық кедей таптан шықтық деп жан сақтаған заман еді ғой негізінде.

60-шы жылдардың басында аспирант кезім болатын. Көрші Қаратал ауылына ағайын-туғандарға сәлемдесіп, Мәркеннің шешесі Зейни апай қайтыс болған, Ахметбек шаңырағына көңіл айтып шыққаным бар. Мәркен институтты жаңа бітірген жас маман, ауылына жолдама алғып, қызметке орналасқан екен. Кәкен ағасы екеуі басқа түскен ауыртпалықты көтеріп, екеуі де жас, үй болмаған кездері, үрпиісіп отырған жағдайы бар еді. Көңіл білдіріп,

бір-бірімізге ризалық сезіммен қоштасқанбыз. Осы жағдай есіме жиі оралып, Мәркеннің өмір бастауы осылай болып еді-ау деген ой оралады жадыма. Тағдыр оның алдынан үлкен өмір есігін ашылатынын әзірге құпияда сақтап, өмір бастауын осылай халқын, елін, жұртын біле, көре тұруына тағы да мүмкіндік бергендей еді.

Онсызда Мәркен халықтың өмірін, мұң-мұқтажын ес білгелі біте-қайнап өскен ортасымен сана-сезіміне сіңіріп өскен азамат еді. Өмір қындығын бар болмысымен сезініп, тұсінетін. Өзі осы ортада, әкесіз, шешенің ғана қамқорлығын көріп, сол кісінің аясында ғана болды. Соғыстан қайтпаған әкенің мұны, жастай сыңар қалып, шаңырақ сақтап, балаларын жеткіземін деп тырмысып баққан шешенің меҳнаты, жалпы соғыстан кейінгі иесінен айрылған азынаулы шаңырақтар, солардың қасірет-мұқтажын көріп өскен азамат еді Мәркен.

Ол өз өмірінде соғыстан қайтпаған әкесі Ахметбектің жүріп өткен жолын, жаңа дәуір талабынан көрініп, ел ішіндегі басшылық қызметін, халық алдындағы тынымды өнегесін өзіне медеу, ғибрат тұтатын-ды. Сырт көрініске жария етпей, бірақ әке бейнесін әрдайым есіне сақтап, өзін сол арманда кеткен тағдырыңың жалғасындағы сезінетін секілді еді. Иә, солай еді. Мәркеннің сонау өмір-өзен жалғасы секілді тағдырының ұшар басынан, кейіннен қуат алып, мағыналы да танымды еңбек жолында әке тағдыры, орындалмай әке арманы Мәркенге қуат беріп, алға жетеледі десем қателесспеспін. Әкеге ұқсан бағу, ол кісінің ел алдындағы өтей алмай кеткен борышын жалғастырып, жүзеге асыру оған жүктелген рухани аманат, іштей алға ұмтылдырып жетелейтін өнеге еді.

60-70-ші жылдары Республикасында Одақ шенберінде экономика, өндіріс саласында айтулы бағдарламалар жүзеге асырылып, басқару жүйесі, кадр тәрбиелеуге баса

назар аударылғаны белгілі. Жалпы кадр өсіруде ол дәүір өзінің қалыптасқан, тиімді жүйесімен ерекшеленетін. Мәркен осы жүйеден жүктеген сенімді ақтап, ширек ғасыр әр салада басшы қызмет атқарады. Қызмет бабында қай дәрежеде болмасын ісіне адал, білгірлігімен, ұжымды негізгі бағытқа бастап, әрқашанда халықпен түсінісіп, мүмкіншілігінше жағдай жасайтын. Облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты, СОКП Орталық комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясын ойдағыдай бітіріп, мемлекеттік, қоғамдық қызметтегі өрісі одан сайын кеңе耶 түсіп еді.

Мәркен қызметінде, әсіресе Жоғарғы Кеңестің депутаты кезінде ауыл шаруашылығы комитетінің мүшесі бола тұра, жалпы Кеңестің пленарлық отырыстарындағы талқылауларға қатысып, ұсыныстар енгізіп, білікті, байсалды, кәсіпқой маман, мемлекет өресінде ой-пікірі қалыптасқан қайраткер дәрежесінде танылды. Сол кездегі Алматыдағы бір министрліктің басшылығына таңдалып, лайықты деген әңгімелер де жүріп жатты. Осы жылдары Мәркен еліміздің тағы бір көрнекті қайраткері Еркін Әуелбековпен жақын байланыста болып, оның ауыл шаруашылығында аграрлық партия құрамын деп талаптанып жүрген кезі болатын. Не керек, Еркіннің еліне қамқор болуға соңғы ұмтылысы жүзеге аспады, өкінішті-ак.

Мәркен Республика, облыстағы басшы азаматтармен кеңінен таныс болып, араласа білді. Жас маманның ұйымдастырушылық қабілеті ерте танылып, оған лайықты сенім жүктелді: сатыладап кеңшар, аудан, облыс көлемінде, Республикамыздың жоғарғы мемлекет органының мүшесі болды. Ерте танылды дегеннен шығады, 60-шы жылдары халқымыздың біртуар,

ұлтжанды азаматы Өзбекәлі Жәнібеков Мәркенді Солгүстік өңірде бір шалғай кеңшарда бас маман болып жүрген жерінен жолығып, бір күн бірге болып, келешекте орталықта комсомол жұмысына тартамын деп, келісімін сұрапты. Көп ұзамай Мәркен Мәскеуде өткен комсомолдың Бүкілодақтық съезіне делегат болып қатысты. Кейіннен аудандық атқару комитетінің төрағасы дәрежесінде Мәркен айтулы партия, совет қызметкері, жерлесіміз, Социалистік Еңбек Ері П.З.Телюкпен қызметтес болды. Осы күнгі сенатор Анатолий Башмаков Мәркеннің тәрбиесінде болып, кеңшар комсомол комитетінің хатшылығынан өскен азамат. Мәркен Мәскеуде окуда, Жоғарғы кеңестің депутаты болған жылдары республиканың талай өңірінен, астанамыз Алматының бірталай бас көтерген азаматтарымен терезесі тен, қоян-қолтық араласқан еді. Жолдастыққа адал, ақжарқын мінезімен, азаматтық парасат болмысымен тартымды еді. Осы күнгі белді сенатор, ол кезде Жамбыл облысының әкімі Әмірбек Байгелдімен институтта бірге оқып, дос-жар екенін еске алатын.

Мәскеуде Академияда оқып жүргенінде Мәркен семьясымен көшіп барды. Күләш қалалық поликлиниканың бірінде (Измайлово төңірегінде) қызмет істеп, Серік, Бауыржан мектепте оқыды. Айтайын дегенім, сол кезеңде СОКП Орталық Комитетінде белді қызмет атқаратын еліміздің белгілі азаматы, ағасы іспеттес Кәкімбек Салықов, дипломат-жерлесіміз Сәлім Құрманғожиндермен екі үйдің біріндегі араласып, ағайындағы болып кеткен еді. Бұл азаматтар (семьяларымен) Мәркен мен Күләшті әрқашанда жылыштықпен, сағынышпен еске алып, өмірден ерте озған Мәркенге әлі күнге дейін қимастық көңіл білдіреді.

Тағы да бір еске алатын жайт. Өзінен лауазымы жоғары адамдардың алдында жағыну, иілу дегеннен аулақ болатын. Қызметі, парасатымен, адамгершілік болмысымен танылатын. Уақытында облыстың бірінші хатшысы Василий Демиденконың лауазымды партия басшыларына тән болып қалыптасқан басқару жүйесіндегі үйреншікті тәсілдеріне (сыр ашқанда) сын көзқарас танытып, соңғы жылдары жоғарыдан нұсқау беріп, халық, облыс жағдайына немқұрайдылық танытатынын айтушы еді. Әрине, олар Орталық империяның өкілдері болатын, сол жүйенің нұсқауын ғана ескеріп, соңғы жылдары қалыптасқан, дағдылы сүрлеуге сүйеніп, жандарын қинамайды дейтін. Әрине, бұл көрініс партияның соңғы кезеңіндегі формалистік шылауға батып, халық, ел-жүрт, олардың муддесінен алшақтау кезеңі еді шынында. Өз басым В.Демиденконы 1992 ж. Мәскеуде КПСС Қоғамдық ғылымдар академиясында өткен бір халықаралық жиында кездестірдім. Ол сол мекемеде доцент дәрежесінде қызметте екен. Мен баяндамамда Қазақстандағы тың игеру науқаны кезеңінде ысырапышылдыққа, ұраншылдыққа ұрынып, қазіргі уақытта жер егесіз қалып жатқан жағдайын баса айттым. Бұл жағдай бұрынғы одақтас республикалардың аграрлық жүйесіне тән келенсіздік еді. В.Демиденко тіс жарып, уәж айтпады. Көп кешікпей ол қайтыс болыпты деген хабарды естідік.

Уақыт, заман өзгеріп Мәркен тұлғасы алыстай түсken секілді. Көкжиектен мұнарланып, мен кім едім, не тындырдым, тірлікте мені, менің санатымдағы азаматтардың бұл тірлікте үлесі қандай деп елім, халқым есіне ала ма екен дегендей елес беретін іспетті.

Әрине, 60-шы жылдары кәмәлэт толысып, солтүстік өнірде, қалың елінің ортасында талай жауапты қызмет атқарған Мәркен сынды халықтың қайнар ортасынан

жарқырап көрінген санаулы азаматтардың үлесі бүгінгі Егемен Республикамыздың әл-қуатында, халқымыздың өзіндік өз болып сезінген рухани тәуелсіздігінде деп сеніммен айта аламыз. Өмір, тағдыр жалғастыры осылай, өз заңдылығымен үйлесім табуда. Өз легімен келіп, фаниден өтіп жатқан айтулы азаматтардың өмірде тындырган сан-саналы қызметтерін қандайда болсын даурықпа үдерістер бүркеп, ысырмақ емес. Мәркен халық алдындағы борышын сонау қыспағы мол, тежеулі заманда барынша атқарып, бүгінде ел жадындағы есімдер қатарында. Осылардың алдыңғы санатында маңдайы жарқырап, бізге күлімсірей қарап, мейірбанды кейпімен біздің Мәркен көз алдымында тұрады. Ақын Еслем Зікібаев жырға қосқандай:

«Хош, Мәркен  
Қимасақ та бауырым,  
Іздер ел сан бәйгеге қосқан ұлын.  
Жүрерсің көңілімізде бірге жасап  
Барында жалпақ жұртың,  
Дос бауырың...» дейміз біз бүгінде. Жарқын бейнең әрдайым жадымында, біртуар, аяулы азаматымыз, Мәркен бауыримыз.





## **ӨШПЕС ІЗ ҚАЛДЫРДЫ**

Бұрынғы Сергеев ауданының Тереңсай ауылдық Кеңесіне қарайтын үш ауылдан ауданға ғана емес, бүкіл Солтүстік Қазақстан облысына белгілі азаматтар дүниеге келді. Кеңшар орталығы Ленин ауылында орналасқан өндірімізге белгілі Ленин орта мектебін бітірген тұлектерден әр саланың білгір де майталман мамандары шықты. Олар елдіңabyroйын асқақтатты, атағын шығарды. Солардың ішінен Мәркен Ахметбекұлының ұлағатты істерін айтпай кетуге болмайды.

Ұлы Отан соғысынан бір жыл бұрын Қаратал ауылында дүниеге келген Мәркен балалықтың балғын шағын көрмей өсті. Әкесі Ахметбек майдан даласында көз жұмғаннан кейін, ол шешесімен нағашыларының қамқорлығында болды. Өзінің табандылығы мен зеректігінің арқасында орта мектепті бітірді. Еңбек жолын кеңшарда зоотехниктік қызметтен бастады.

Иә, өзіңмен бірге қоян-қолтық жұмыс істеген інілер жөнінде өткен шақта әнгіме айту біздей өмірдің ашысын да, тұщысын да татқан егде адамдарға өте қиын. Мәркенмен алғашқы танысусым менің 1969 жылдың аяғында Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланғанымнан басталды. Бұл кезде ол

«Ступин» кеңшарының директоры еді. Ол басқарып отырған кеңшар ұжымы «бесжылдық жоспарды төрт жылда орындаімыз» деп міндеттеме алған екен. Менің алдында ауданды басқарған ұлағатты ағамыз Ніл Адғамұлы кеңшардың жас басшысы Мәркен жөнінде жақсы мінездеме беріп, «келешегі мол, жас жігітке көзқырынды салып, ақылынды аямай, жұмысын жақсы атқаруға көмегінді көрсетіп жүрерсің» деген еді.

Енді өзімен көзбе көздесіп, кеңшарына барып танысуға тұра келді. Кеңшардың мамандарымен, партия үйымының хатшысымен көздесіп, бөлімшелерін арала-дық. Қай жерде, қай жұмыста болмасын бәрінде тәртіптің барлығы, еңбек жоғары деңгейде үйымдастырылғаны білініп тұрды. Кеңшар партия үйымының хатшысы Александр Макарович Коломиец өте зиялды азамат екен. Ал шаруашылықтың бас зоотехнигі Евгений Иванович Викторов, бас мал дәрігері Тополян, бас агрономы Франс Станиславович Мазуркевич өз жұмыстарының қырсының терең білетін мамандар еді. Осыларды білгірлікке, қызметтеріне жауапкершілікпен қарауға баулыған жас директор Мәркен болатын. Кейіннен осы аталған мамандардың барлығы кеңшар басшылары және одан да жоғары лауазымды қызметтерді атқарды.

«Ступин» кеңшарының үш бөлімшесінде төрт тұлік малдың бәрі бар болатын. Фермалардың барлығының көрсеткіштері жақсы еді. Нәтижесінде кеңшар алға қойған міндеттемелерін ойдағыдай дер кезінде орынданап үлкен абыройға ие болды. Олардың еңбектері жоғары бағаланды.

1970 жылы ақпан айының орта кезінде Афанасьев кеңшарында болып, шаруашылықты аралап, жұмысшылармен кездестім. Уақыт кеш болғаннан кейін, осы шаруашылықта қонып қалуға тұра келді. Тұнгі сағат

3-тер шамасында телефон шылдырлап, ауданнан «Ступин кеңшарының бұзау қорасында өрт болып жатыр» деген хабар келді. Осындай сүйт хабарды естігеннен кейін қалай ұйықтайсың, дереу жүргізушіні оятып, аудан орталығына қайтып келіп, «Ступин» кеңшарының директоры Мәркенді телефон арқылы тауып алып жағдайды білдім. «Өрт уақытында сөндірілген, адам шығыны жоқ, тек бірнеше бұзау шығын болды. Сіз енді саспаңыз, қажетті жұмыстарды атқарып жатырмыз», - деді.

Сонда да мен Мәркенге «қазір сіздің кеңшарға келемін, жағдаймен сол жерде танысып, қажетті шаралар жасауға көмектесермін» - деп, телефонды қойып, ауылшаруашылығы басқармасының бастығы Александр Алексеевич Князевті алып кеңшарға келдім. Кеңшар кеңсесінде директор, партия комитетінің хатшысы, бас мамандар отыр екен. Мәркен Ахметбекұлы болған жағдайды тиянақты етіп баяндап берді. Опат болған 30 бұзауды елден жинап, орнын толтырып қойғанын да айтып өтті.

1970 жылдың жазында бітік егін өсіріп, егін орағын ауданда бірінші болып бітіріп, үкіметке беретін астықтың жоспарын орындағаннан кейін Мәркен демалысқа баруға рұқсат алып, Сочиге ұшатын болды. Ол кезде аудан орталығы Сергеевқадан Қостанайға самолет ұшатын. Сол самолетпен Мәркен келін екеуі Сочиге демалуға бармақшы екен.

Үкіметке беретін астықтың қосымша тапсырмасын кеңшар әлі орындаған екен. Директордың орнына қалған бас зоотехник Е.И.Викторов қосымша тапсырманы орындауга астық жоқ деп аузын ашып отыр. Дереу аудандық атқару комитетінің төрағасы Петр Иванович Науменконы шақырып алып, «Мәркенді тап, демалысқа жіберме, қашан тапсырманы орындаиды сонда кетеді, ал қазір самолеттен алып қалу керек» дедім. Науменко аэро-

портқа барып, Мәркенмен кездесіп, ол Викторовпен телефон арқылы сейлесіп, тапсырманы орындастырып болған соң Мәркенді демалысына жібердік. Иә, социализм дәүірінде осындай да «зорлық» болғанын жасыруға болмайды.

«Ступинка» кеңшары ұйымдастырылған кезде оған «Семипол» кеңшарына қарайтын Ступинка, Астаган деген селолар, Марьевка кеңшарына қаасты Жалтыр ауылы қосылған болатын. Бұл елді мекендер әлеуметтік шағынан нашар дамыған еді. Клуб, спорт кешендері болмағандықтан Мәркен ең алдымен құрылышты шаруашылық мекемелерін салудан бастамай әлеуметтік нысандарды, үйлерді салудан бастады. Аз уақыттың ішінде бөлімшелерде клуб, кітапхана және тұрғын үйлер бой көтерді. Жыл сайын әр бөлімшелерде жаңа 10 үй беріліп, халықтың жағдайы жақсара бастады. Сол сияқты бас агроном Мазуркевичтің күні-түні талмай жұмыс істеуінің арқасында жердің құнарлығы артып, астықтан мол өнім алуға жағдай жасалды. Ал Астаган бөлімшесінде Петр Белименко деген жүгері өсіруші жыл сайын сүрлемнің өнімін 450-500 центнерден кем алмайтын еді. Ол кісі қыс бойы жүгерінің тұқымын үйде өсіріп, көктемде іріктең себетін. Жаз бойы жүгері алқабын ең кем дегенде 3 рет ұқыпташ өндеп, бірде бір арам шөпсіз өсіретін. Аудан бойынша барлық жүгері өсірушілерді осы бөлімшеге жинап Петр Белименконың тәжірибесін тарататын едік. Осының бәрі директордың іскерлігінің нәтижесі болатын.


Кеңшар жұмысын жоғары деңгейде ұйымдастыра алған Мәркенді облыс басшылары Бескөл ауданына аудандық атқару комитетін басқаруға жіберді. Бұл ауданның кеңшарлары мен ұжымшарлары облыс орталығын қекөніспен қамтамасыз етеді. Және қекөніс алқаптары қала мекемелері мен оқу орындарына бөлініп, бекітіліп беріл-

ген. Сондықтан аудандық атқару комитетінің жұмысы қаламен тығыз байланысты. Жұмысқа келген окушылармен жұмыскерлерді қажетті құрал-саймандармен қамтамасыз ету және оларды уақытында тамақтандыру мәселелерінің бәрін үйлемдастыру атқару комитетінің құзырында болатын. Осы жұмыстардың ойдағыдай атқарылуына жас төраға Мәркен басшылық жасады. Сол сияқты жаңа ғана шаңырақ көтерген ауданда тұрғын үй, мәдениет ошақтарын, сауда мекемелерін салу да оның назарынан тыс қалған жоқ. Нәтижесінде көптеген нысандар бой көтерді.

Иә, Бескөл ауданында Мәркен қалдырған іздер өте көп. Сол кездері аудан орталығының өзінде ғана жаңа көшелер, жаңа әлеуметтік мекемелер пайда болды. Кеңшарлардың экономикасы дамып, аудан республикада алғашқылардың бірі болып «жоғары мәдениетті ауыл шаруашылығы дамыған аудан» атағына ие болып, Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы ретінде Орталықтың ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды.

Көп ұзамай үйлемдастырушылық қабілеті зор, өте іскер, білікті басшы Мәркен Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды.

Мәркеннің өмірі мен еңбек жолына шолу жасасақ, ол өзінің «қамшының сабындағы» қысқа ғұмырында артында кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болардай өшпес із қалдырды. Оның аудандарда ғана емес, бүкіл Солтүстік Қазақстан облысына танылуына іскерлігі мен адамгершілік қасиеттері, кішіпейілдігі мен мамандығын жете меңгеруі, үлкен азаматтығы себеп болды. Осы қасиеттері арқылы ол зор құрметке ие болды, облыстағы белді азаматтардың қатарынан табыла білді.



## АҚИЫҚ

Артыма бір сәт қайырылып, өткен күндерді көкірек көзінен сұзгілесем, біраз маңызды да мазмұнды кездерім – гибраты мол ғұлама жылдар Мәскеуде өткен екен.

Бұл қаланың мен үшін өте-мете ыстық болғанын үнемі сезініп жүремін, өйткені ол мені қанаттандырды, бауырымды жазып, құлашымды кеңірек жаюыма негізгі діңгек болды, небір жақсы-жайсандармен кездестірді, таныстырыды, олардың отбастарымен араласып етene жақындастырыды.

Сондай азаматтардың бірі әрі бірегейі Мәркен Ахметбекұлы болатын. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының басында біздер КПСС Орталық комитеті жанындағы қоғамдық ғылымдар Академиясында бір курста дәріс алғанбыз. Сабакта да бірге отырып, бос уақытымызды да бірге өткізуши едік.

Сондағы байқағаным - өз тұстастарына кіслік мінезімен, сыйластық қарым-қатынасымен құрметті болған Мәкең жан жары Күләш екеуі небір отырыстардың берекесін кіргізіп, дастарханның сәнін арттыруши еді. Сондай сәттерде пайымы кең, қазақи дүние танымы мол, бүкіл жан-дүниесі, көнілі, бітім-болмысы досқа дәғен шуақты мейірімге толы Мәркен Ахметбекұлы нұрланып, ажарланып кететін. Жүзінде де, көзінде де титтей күмән,

жасандылық болмайтын. Жарықтық болмашыға бүлінбейтін, қанағатшыл, қадірлі, нұр сәулелі адам еді. Содан да болар – елге, туған жерге жасаған қызметтің ұрпағы пір тұтар халықтың қарапайым Мәркені бола білді.

Мәкең аса сақ, дос-жолдасты даралай білуші еді. Кісілік атаулыдан жүрдай, кездесе қалсаң қысыр жыланша орап алатын кейбір адамдардан бойын аулақ ұстаяға тырысатын. Сүйтсе де аққөңілділігі басым ол, аңқылдаپ жүріп әлгідей жабайы түсінікті қулардың құрығына түсіп те қалатын кездері кездесетін. Әзілі де аузында, сөзі де тас кесетін, бірақ ділмәрсуден, данышпансудан мүлде ада болатын.

Амал нешік, өкінішке орай өзін сақтай алмады, Адамның өмірі әрине шексіз емес, кісі табиғаты тез тозады, мың кіслік пенdede де бір кіслік бақылық бар дегендей...

Апат айтып келмейді, ол ақиқат. Қапияда болған сол оқиға тіпті әлі күнге дейін қиялымызға симайды. Опасы жоқ дүниенің жалғандығының күәсі. Қимайсың. Тағдырдың Ахметбековтер отбасына тартқан талайына қайтесің, көнесің. Көнеміз. Сосын да орнында бар оңалар деп қайран Мәкенің ұрпағына, жұбайы Күләшқа амандық, жақсылық тілеп шүкіршілік етпеске амалың жоқ.

Біз туыспаған (бір тумасақ та) туыс болып кеткен, арамызда тереңнен тартқан ерекше қарым-қатынас орнаған, бір-бірімізге деген қадір бағалауды айрықша сезінген жандар едік. Мен оның не нәрсені де адап орындаپ, ақ сөйлейтін мінезін алға тартып, бірер жас үлкендігін мойында «косы сен аталардың сарқытысың гой» деп оған аракідік әзіл де айтушы едім.

Ұзақ жылдар бойы шаруашылық, советтік-партиялық басшылық қызметтерде кіршіксіз еңбек терін төккен, ел таныған мемлекет және қоғам қайраткері Мәркен Ахметбекұлын басқалардан бөліп, білем деп айту мен үшін үлкен ләзім.



## **СЛОВО О БЛИЗКОМ ЧЕЛОВЕКЕ**

Все мы гости на земле, выполняющие каждый свою особую миссию. И для этого Бог дал нам неисчерпаемость, непомерную глубину бездны Вселенной, заложив ее нам в душу и сердце, наполнив ею наш дух.

В священном Коране есть слово о том, что Творец всего сущего любит настойчивых, деятельных людей. Все переменчиво в этом мире. Сегодня человек есть, а завтра, глядишь, его уже нет рядом с нами. Остается лишь то, что сумел он оставить после себя.

Несколько лет нет среди нас замечательного человека – М.А. Ахметбекова. Мне представляется, что эти слова сказаны и адресованы ему. Маркен Ахметбекович обладал целым набором самых лучших качеств человека: у него был ровный и сдержанный характер, он любил людей и не допускал унизительного или оскорбительного тона в разговоре, старался больше слушать и понять собеседника. У него было врожденное, а потом уже и закрепленное чувство обостренного сопереживания и желания помочь. Мне, в то время, когда он работал директором совхоза «Ступинский», было удивлением: «Откуда это у него, и как его хватает помочь если уже не всем, то

многим?» Он всегда был предельно внимательным. Помню, как он и секретарь парткома Коломиец Александр Макарович ездили домой или на рабочее место, чтобы поздравить с днем рождения рядовых доярок, механизаторов, водителей или заслуженных пенсионеров. Для этих целей привлекал и меня. Вспоминается одна простая деталь. Ехали мы с ним по улице, где жила Синицына Валентина, добросовестная работница животноводческой фермы. Поравнявшись с ее домом, он обратился ко мне и водителю – Душенко Николаю: «Посмотрите, по-моему, у ее дома крыша проходилась, нет двух листов шифера». Попросил водителя остановиться и убедиться в этом. Сразу же после возвращения в рабочий кабинет, он пригласил завхоза – коменданта В. Григорьева, и дал поручение сегодня же отвезти ей нехватавшие листы.

Наша жизнь соткана из недоговоренностей, мистических тайн, сложных человеческих отношений и просто банальных упущений в оценке людей, их достоинств. Я часто стараюсь переосмыслить подобное и понять, почему мы так невнимательны друг к другу? Почему мы вспоминаем о человеке лишь тогда, когда его уже нет среди нас?

Маркен Ахметбеков – необычный человек. Еще в детстве он отличался от своих сверстников своим пытливым и пластичным умом. И, видимо, не зря он с медалью окончил школу и с отличием институт. В феврале 1970 года в районной газете «Новатор» появилось сообщение о создании, в то время в Сергеевском районе, двух совхозов: «Ступинский» и «Юбилейный». В «Юбилейный» назначение получил М.П. Ковтюх, уже опытный управле-нец, в «Ступинский» - тридцатилетний Маркен Ахметбеков. Помню, с какой гордостью говорил о молодом ди-

ректоре Коспанов Кайрош Коспанович, директор Криво-щекинской СШ. Он говорил о нем как об очень воспитанном человеке, трудолюбивом и совестливом парне. Он много рассказывал мне о его нелегком детстве.

Работая директором Ступинской школы, я мог наблюдать, каким талантом обладал Маркен Ахметбекович как организатор и управленец. Он был талантливым менеджером, если говорить современным определением. У него было большое будущее. Он прекрасно учился в Москве в Академии общественных наук, он творчески руководил Сергеевским районом, у него удачно складывались дела в должности второго секретаря Северо-Казахстанского обкома партии. Среди многих добрых качеств, которыми был наделен Маркен Ахметбекович, я бы особо выделил бы его пассионарность. Это редчайшее свойство – удел только одаренного человека. Такое дано не каждому. По Гумилеву – это состояние внутреннего мира человека, его души, когда есть страстное и неукротимое желание и стремление к достижению даже наперекор всему своего идеала и цели. Как растения живут благодаря фотосинтезу на энергии солнечного света, точно также и люди для своего развития должны использовать некую энергию. Эту энергию М. Ахметбеков получал от общения с людьми.

Он сам был донором души. Потому что был искренним и чистым человеком. Он заряжал других энергией, настроением, идеей. Он был мегафоном добра и светлого. В период его директорства сформировался сплоченный коллектив единомышленников. Это главный зоотехник Викторов Е.И., главный инженер Казаков В.В., управляющий отделением Мерк А.А., Туяков К.Т., Уточенко И.И., Шунин В.И., Мазуркевич Ф.С., Таполян И.Е., Бе-

кишев М.Ж. и другие. Многие из них были выдвинуты на ответственные посты.

Впервые в истории Северо-Казахстанской области в 1972 году Бюро обкома партии рассмотрело вопрос об опыте работы партийной организации и руководства совхоза «Ступинский» по выполнению пятилетнего плана и социалистических обязательств за четыре года. Это была победа. И пусть сегодня это, может, и не воспринимается. Но, отбросив идеологические предрассудки и стереотипы, этим следует гордиться и восторгаться.

Маркен Ахметбекович – не только талантливый руководитель, добный человек, но и прекрасный отец, муж и семьянин.

Мое первое знакомство с казахской культурой, обычаями и традициями казахов пришло от моих родителей. Философия тамырства была заложена в жизненных принципах моего миропонимания именно матерью и отцом. Но первая практика с достоинствами казахского быта, кухни и опять же философского понимания дастархана прошла у меня в доме Ахметбековых. Терпкий, ни с чем не сравнимый запах асату я принял с руки Маркена Ахметбековича. На правах младшего брата я был частым гостем в их шаныраке. И до сих пор я чувствую добный взгляд моей сестры Кулляш Кошановны.

У них замечательные сыновья – Серик и Бауыржан, хорошие внуки и заботливые келіндер.

Жаль, очень жаль, что я не могу посоветоваться, встретиться с ним и просто 5 февраля каждого года отметить очередной день рождения этого замечательного человека.

Знаю одно: если б Маркен Ахметбекович был жив, то на моих двух предвыборных стартах он бы был моим доверенным лицом. Он был бы рядом со мной.

**Мұсабеков Куанышбек,**  
Химия ғылымдарының  
докторы, профессор



## ӘЛІ ЕСІМДЕ

Қазақстанның ақпан жүлдізы аталып, дүниеден мезгілсіз ерте озып кеткен біртуар азаматы – қимас жолдасымыз Ахметбекұлы Мәркен туралы оның туғанына 60 жыл толу қарсаңында «Солтүстік Қазақстан» газетінің 2000 жылдың ақпан айының 4 жүлдізында ардақты ағамыз, белгілі қаламгер Хамзин Қоблан мен Тоқтар Зікірин жазған естелікті оқи отырып, Мәркен екеуміздің тағдырымында, өмір жолымында көп ұқсастық бар екенін байқадым. Атап айтқанда – екеуміз жастымыз (Мәркен 1940 жылдың 5-ақпанында туылса, мен сол жылы 15-мамырда дүниеге келіппін), екеуміз де әкемізден өте ерте (2-3 жаста) айрылыпты, екеуміздің де әкелеріміз майданда қаза тауыпты, екеуміз де Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсіппіз (бірақ, мен әлгі институттың сырттан оқытатын бөліміне 1958 жылы түсіп, одан жөнді білім ала алмайтындығымды сезген соң келесі – 1959 жылы, сол кездегі Қазақстан С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің биология факультетіне түсіп, одан химия факультетіне ауысып, ақыры химик болып шықтым), тіпті екеуміз де солтүстіктің Ленин ауылының қыздарына үйленіп, бір-бірімізге бажа бо-

лыппыз. Өмірдегі өсу жолымыз да үқсас болыпты – қолдайтын ешкіміміз болмағандықтан екеуміз де өмірдің қын да қызықты жолдарымен өз күшімізге сеніп жетістіктерімізге ұмтылыппыз. Мүмкін, Мәркен екеуміздің көңіліміздің бір-біріне өте жақын болып, айнымас достар болып кетуіміздің сырды да осыдан болар.

Бірақ, біз бір-бірімізді әдейлеп іздең жүріп тапқан жоқпыз – бізді құдай қосты. Оған бірден-бір себеп болған жағдай – екеуміздің бір-біріне апалы-сіңілі болып кеткен екі қызға – Мәркен Құләшқа, ал мен Жеңіске үйленуіміз еді.

Мен Мәркен туралы алғашқы рет Жеңістен естіп едім. Оның адамгершілік қасиетін, студент кезінде Солтүстік Қазақстаннан келген студент жастардың үйымдастырушысы, бауырмалышыл жанашыры болып жүргенін, Жеңіске де қарындасым деп қамқорлық жасап жүргенін Жеңіс аузын толтырып, ерекше ризашылықпен айтушы еді. Кейін Мәркенмен тікелей танысадың сәті түсті. Алғашқыдан-ақ, оның бауырмалышыл, жайдары, сөзге шешен, кең маңдайлы жүзінен тек қана мейірімділіктің оты шашырап тұратын, өткір көзді, әзілкеш, ақпейіл азамат екенін байқадым. Кейінірек қарым-қатынасымыз жиілеп, жолдастыққа ауысып кетті.

Қоблан аға тәрізді маған да осындай асыл азамат туралы өткен шақпен пікір айту өте қын. Дегенмен, Мәркенмен бірге өткізген бақытты кезеңдердің кейбіреулерін айта кетейін:

Мәркен Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тұрғанда (1975 жылы) менің Шынар деген бір жақсы көретін балдызым сол ауданның «Майбалық» деген ауылына тұрмысқа шықты. Мен бас құда болып бардым.

Менің сапарым өте жауапты болғандықтан, ішкілікке жуыған жоқпын.

Тойға келген қонақтар еркінше көңілді отырды. Мен тым жауапкершілікпен отырған соң жалпы жұртпен қосылып барынша көңілді отыра алмадым. Сондықтан өзімізге тиісті міндетімізді атқарғаннан кейін, құдалардың рұқсатымен тойдан ертерек кетіп қалдық. Мәркеннің үйіне келсек, Құләш барлық дайындықты жасап қойған екен, бізді құшақ жая қарсы алды. Аудандық партия комитетінің бірсыныра басты қызметкерлері де жұбайларымен жиналышпен қалыпты. Сол жерде тойда орны толмаған көңілді барынша көтеріп, тұннің біруақытына дейін отырып, рахаттанып дем алдық. Ертеңіне сәске түсте тұрсақ Мәркен аудандық партия комитетінің бюросын өткізіп те келген екен, біздің көңілімізді нешетүрлі әзілмен көтеріп отырды. Жайланаңып алып, түске таман машинамен «Ленин» ауылына қарай жолға шықтық. Ақ «Волганы» Мәркеннің өзі айдап келеді. Айнала жайқалған егін – бейне бір шексіз мұхит тәрізді. Ал біз сол мұхиттың бетінде жүзіп келе жатқан желкенді кемеге ұқсаймыз. Кеменің жүргізушісі – Мәркен. Хош иісті ауаны құстардың әні тербейді. Көніл өте көтеріңкі. Келіншектер шарықтатып қазақтың тамаша әндерін салуда. Мәркен екеуміз де шамамыз келгенше қосылып, келіншектерді қолдап келеміз. Әне-міне дегенше «Ленинге» де жетіп қалдық. Мәркен мен Құләш жол-жөнекей әр үйге соғып, ауыл адамдарына сәлем беріп келеді...

1981-1983 жылдары Мәркен Мәскеудегі СОКП Орталық комитетінің қоғамдық ғылымдар академиясында оқып жүргенде, мен жолым түсіп Мәскеуге барған сайын Мәркен мен Құләшқа соғып кетуші едім. Олар Мәскеудің онтүстік-шығысында метроның «Измайловская» деген аялдамасына жақын тұрды. Алғашқыда тек Құләш екеуі

бір бөлмелі үйде Мәскеудің басқа жерінде тұрды да, кейіннен үш бөлмелі үйге ауысқан соң балаларын – Серік пен Бауыржанды, - Мәскеуге алып келді.

Мәскеуде де Мәркен мен Құләштің кең де бай дастарханы жиналған емес. Үнемі мен бара қалғанда Солтүстік Қазақстанның белгілі азаматтарымен кездесіп тұрдым. Қазақтың біртуар азаматы, лирик-ақыны, белгілі партия, қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовпен де алғашқы рет сол Мәскеуде Мәркеннің үйінде таныстым. Ол кезде Кәкең СОКП-ында қызметте еді. Тіпті бір жаңа жылды Мәркеннің үйінде Кәкеңмен және т.б. азаматтармен бірге қарсы алғаным есімде. Сағат түнгі 12-ден кейін, жаңа жылды қарсы алған болған соң, қонақтарды метроға дейін шығарып салып, үйге қайтып келсек, жүрттың бері қалада жаңа түскен кіршіксіз аппақ қарды бір-біріне лақтырып, балаша мәз болып ойнап жүр екен. Біз де оларға қосылып қар ойнауға кірістік. Ол кезде жаңа жылды ерекше көнілді қарсы алушы еді ғой. Мүмкін, жас болған соң солай көрінеді ме?

Кейін облыстық партия комитетінде, Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жүргенде, облыстық ауылшаруашылық басқармасында істеп жүргенде Мәркен Алматыға жұмыс бабымен жиі келіп тұрды. Келген сайын өзінің қайынағасы, Қазақстанның атақты экономист ғалымы, академик Қошанұлы Аманжолдықіне соқпай, ол үйдегі ардақты Раушан Женгемізге сәлем бермей кетпейтін. Женгемізді «аптайка» деп атауды да сол Мәркеннен үйрендік. Мәркен келген сайын Аманжол аға мен аптайка бізді шақырып алушы еді. Ол кезде біз көрші тұрдық. Мәркеннің қарапайымдылығының бір белгісі – сол кезде мынаны Құләш беріп жіберіп еді деп, қазы-қартасын, қазын өзімен бірге алып келіп, үйді-үйге таратып журуші еді.

СОКП-ның қылышынан қан тамып тұрған кезде Құләштің 50-ге толған юбилейі болды. Мәркен жұмысмен кетсем де Құләштің юбилейін жасаймын, деп Петропавл қаласында үлкен той жасады. Біз де барып сол тойға қатыстық. Мұның өзі Мәркеннің өмірлік жары Құләшқа деген өшпес махаббатының ерекше белгісі еді.

Міне асыл азаматтың дүниеден озғанына табаны күректей он жеті жыл болып қалды. Кезінде қанша қабырғамыз қайысқанмен, ақыл таразысына салып, өзіңе сабырлық тілейсің. «Өлді деуге бола ма, өлмейтұғын сез қалдырган соң» деп ұлы Абай айтпақшы, артында өшпейтін із қалдырган Мәркенді үнемі арамызда жүргендей сезінеміз. «Орнында бар оңалар» деп қазақ атам жақсы айтқан. Мәркеннің балаларының – Серіктің, Бауыржан-ның, Сәуленің - өсіп, өніп жатқанын көріп, көңіліміз орнына түседі.

Мәркеннің өзі кетсе де қара шаңырағының шайқалмай гүлдене беруіне ең негізгі тірек болған қазақтың ару қызы, дана қызы Құләш десек еш қателеспеген болар едік. Құләштің Мәркенге деген адалдығын, оның бойындағы мәңгілік махаббатын Мәркенсіз жылдары атқарып жүрген азаматтық істерінен де білеміз – Мәркеннің басын көтерді, Сергеев қаласының бір көшесіне және Ленин ауылындағы қазақ орта мектебіне оның атын бергізді, енді «міне Мәркеннің туғанына 70 жылдығын атап өтемін, соның қарсаңында Мәркенге естелік кітап шығарамын» деп жарғақ құлағы жастыққа тимей, күні-түні шапқылап жүр.

Құләш, осы еңбектерінің бәрі жанып, Мәркеннің аруағына тие берсін. Мәркеннің жатқан жері жұмсақ болып, пейіштің төрінде жүргей деп тілеймін. Өзіңе, балаларың мен немерелерінің қуанышына бөленіп, ұзақ, бақытты өмір сұруінді тілеймін.



## **МАНДАЙЫ КЕРЕ ҚАРЫС МАЙТАЛМАН**

Ауыл шаруашылығының, партия мен кеңес қызметінің көрнекті өкілі Мәркен Ахметбеков екеуміз Есіл бойында дүниеге келдік. Оның туған жері Қаратал болса, менің елім – қойы қоралас дегендей Өрнек ауылы.

Бала жастан бірге өспесек те, ер жетіп, жоғары оку орнын аяқтап, үйлі-баранды болғаннан кейін жақын танысып, бір тұмасақ та, туғандай өте жақсы жолдас болып кеттік. Отбасымызben араласып, дәмімізді бірге ішіп, бірге жүрдік. Алланың жазуы шығар, екеуміз де Қазақ ССР-інің XII шақырылған Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайландық. Депутаттар «Алматы» қонақ үйіне орналасатын. Ондағы жататын бөлмелеріміз әрдайым бірбіріне жақын болатын. Қебіне кешкі сессиядан келгенниен кейін, көп уақыт өтпей: «Сәке, кел шай ішейік», - деп телефон шалатын. Мәркеннің шайы тез қайнайтын. «Мына кеселер, мына шәйнек – бәрі Күләш келініңдің «Басқа жерден шай іздеп әуре болма, жолдастарыңмен осы бөлмеде іш!» – деп жиыстырып беріп кеткен ыдыс-аяғы», - деп әзілдейтін.

Тағдыр екеумізді аз уақыт болса да бірге қосқан шығар. Сол кездері келініміздің өз қолымен табыстаған ыдыстарынан асықпай отырып шай ішетінбіз, түннің

біраз уағына дейін өткен-кеткенді, балғын балалық шағымызды, қызмет істеген кездерімізді қимас сезіммен еске алатынбыз. Сонда сұрастыра келе, екеуміздің өміріміз де, тағдырымыз да бір-біріне ұқсас екеніне көз жеткізетінмін. Әкесі Ахметбек Мәркеннің екі жасында соғыста қаза тауыпты, менің әкем б жасымда ауылда ауыр науқастан қайтыс болды.

Кешкі шайымызды ішіп отырған кезімізде оның өмірбаянымен де танысып үлгердім.

1940 жылы 5 ақпанда сол кездегі Төңкеріс, қазіргі Шал ақын ауданының іргесіндегі Қаратал ауылында дүниеге келіпті. 1957 жылы Ленин орта мектебін құміс медальмен аяқтап, Алматы зоотехник-мал дәрігері институтында жоғары білім алғып шығады. Оны Бескөл ауданының орталығындағы Солтүстік мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына қызметке жібергенімен, елде мамандығы бойынша ғана жұмыс істеуге ниет білдіреді. Бірер жылда туған ауылда тәжірибе жинақтап, Быковский атындағы кеңшардың бас зоотехнігі болып шыға келеді. Іскер маман уақыт өте Сергеев аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары қызметіне жоғарылатылады. Сол ауданда Ступинский кеңшары құрылатын болып, соны ұйымдастыру және басқару жұмысына директор болып Мәркен тағайындалады. «Мен ол кезде орда бұзар отыз жаста ғана болатынмын», - деп отырушы еді қайран Мәкең. Жаңа құрылымды үш жылда аяғынан тік тұрғызғаннан кейін, іскер басшыны Бескөл аудандық атқару комитетінің төрағасы етіп сайлайды. 35 жасқа толар-толмаста Жамбыл ауданының партия комитетін басқарады. Қырықтың қырқасында Мәскеудегі СОКП ОК-нің жоғары академиясын тәмамдап, облыстық партия комитетінде жауапты қызмет атқарады, 1985 жылы өзі туып-өскен Сергеев аудандық партия

комитетінің 1-ші хатшысы, ер жасы елуге жетпей, облыстық партия комитетінің 2-ші хатшысы қызметтерін абыраймен атқарды.

Содан кейін Мәркен Ахметбекұлы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары болып тағайындалып, осы салада тындырымды еңбек етті.

Аз уақыт дәмдес болған кездің өзінде Мәкеңді өмір бойы билетіндей әсер алатынын. Оның қарапайымдылығына, кішіпейілділігіне, адамгершілігіне, білімділігіне, жолдасқа деген адалдығына талай рет көзім жеткен. Мәкең Жамбыл ауданын басқарып тұрган кезінде бірнеше делегацияны қарсы алғанын, С.Мұқанов пен F.Мұсіреповтің мерейтойларын өткізу кезінде жіберіп алған кем-кетіктерін айтып, күліп отыратын. Әсіресе өзімен бірге қызмет істеген азаматтарға деген пейілі, ықыласы ерекше еді. Оларды аузынан тастамайтын.

1990 жылы сайланған Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің депутаттары еліміздің түкпір-түкпірінен келгендей, көзқарастары да сан алуан болатын. Шынын айту керек, жікке бөлініп, оппозиция құргандары да болды. Кеңес үкіметін құлатқаннан кейін Егемен ел құрудың орнына кейбір халық қалаулыларының жеке-жеке түйе айдағысы келгендегі байқалып қалатын. Сол кездері бір занды қабылдауға бірнеше сағат емес, салғыласумен бірнеше күн кететін. Мәкең кешкілікте шай ішіп отырып: «Сәке, жақын отыршы, бүгінгі айғай болған мына занды асықпай қарайықшы. Оны былай қылса, қалай болар еді?» – деп, өз нұсқасын жазып қоятын. Сессияда сол ұсынысын айтып, дәлелдеп, ретіне қарай өткізіп жүретін. Бұл – еліме, Отаныма аз да болса, пайдам тисін деген ер азаматтың алдына қойған мақсаты еді.

Арманның бәрі орындалған ба?! Мәкеңнің де арманы көп еді. Қос ұлынан туған немерелерін мейірі қанып иіскей алмағаны, жастайынан қосылған қосағы Құләштің ғана емес, ауыл шаруашылығы саласында қатар қызмет істеп жүрген кезден пікірлес, ниеттес, арамыздан қыл өтпес жолдас-жора бола білген, оның ерте аралықтан кеткені біздің де қабырғамызға қатты батады.



**Шайсұлтанов Кенжебек,  
Медицина ғылымдарының  
докторы**



## **АРДАҚ ТҮТАР АҒАН БОЛСА – ОЛ ДА БІР БАҚЫТ!**

**(Бүгінгі тәуелсіз еліміздің мұддесі үшін  
өмір сүріп кеткендей...)**

Мәркен ағамыз біздің жанұямыз үшін өте биік тұлға болатын. Ел ағасы болған Мәркен Ахметбекұлын 1974 жылы Ақшолпанмен тұрмыс құрған кезден білемін. Міне, осы таныстықтан бастап, біздің үлкенді-кішілі, ағалы-інілі қарым-қатынасымыз, бір-бірімізге деген сыйластығымыз жараса берді. Өмірге сирек келетін, алаштың арысы, біртуар дара тұлғаның қасында жүріп, ақылын тыңдал, туған інісіндей болғанымды тағдырымның маған берген ерекше сыйы деп білемін. 35 жыл бойы Ахметбековтар отбасымен жақсы қарым-қатынастамыз, жақсылығымыз бен қуанышымызды бөлісіп, қайғыда ортақтасып өмір сүріп келеміз. Мәркен ағамыздың осы өмірден өткеніне сенгіміз келмейді. Ол артына өшпес із қалдырып, өзінің бауырмалдық, биязы мінезімен, туысқа, ағайындарға және достарға деген кеңпейіл мінезімен өзіне қаратада білген үлкен тұлға. Бірнеше биік мәртебелі қызметтерді бірінші басшы болып атқарса да, Мәркен ағамыз сияқты ақыл-оый терең, ақ жарқын, қонақжай және бәрімізді бауырына тарта

білген тұлғалар осы өмірде сирек кездеседі. Елге, халыққа жасаған орасан зор қамқорлығын, ерен еңбегін, жақсылығын айтып жату артық болар, мұны оны білетін, қызметтес болған, жолдастық болмысын жете танығандар жақсы біледі. Қарапайымдылығы, бауырмалдығы, бір көргеннен баурап алатын ерекше қасиеттері, адамға деген ілтираты, ұлағат тұтар өнегесі әрдайым жадымызда тұрады. Ағамыз ісіне адал, сөзге берік, жұмысын жақсы білетін кісі еді. Ізденімпаздығымен қатар, қаталдығы да болатын. Алдына көмек сұрап, жағдайын айтып келген кісіге қолынан келген көмегін аямайтын. Біреуін де бетінен қайтарып көрген емес.

Өмір жолы өнегелі тәлімді, тағылымды ғұмыр кешкен адамдар – біздің тәүелсіз еліміздің алтын қоры. Баға жет-пес қазынамыз. Өздері өмірден өтіп кетсе де, олардың тындырған ісі, биік адамгершілік қасиеттері, елге тигізген шапағаты мен жақсылықтары жылдар өткен сайын жарқырай түсетіні тағы бар.

Ардақ тұтар ағаң болса – ол да бір бақыт! Халық арасында «жақсылардың ұлгісі, жанып тұрған шамдай-ды» деген қанатты сөз бар. Бүгінгі мен әңгіме еткелі отырған ағамыз Мәркенге осы теңеу әбден-ақ жарасатын.

Сыртқы келбетінен асқан биязылық, биік мәдениет, бәрінен бұрын имандылық пен инабаттылықтың, парасаттылық пен пәктіктің нұры төгіліп тұратын жан дүниесі мейлінше таза, ғибратты ғұмыр кешкен Мәркен Ахметбеков сүм ажал арамыздан алып кетпегендеге, биыл ақпанның 5 жүлдизында 70 жасқа келер еді.

Тағдырдың жазған қамшының қысқа сабындай ғана өмірінде өзін қоғам қайраткері, Қазақ ССР-нің Жоғарғы кеңесінің депутаты, бұрынғы Кеңес одағына және республикаға кең танымал даңқты тұлға ретінде таныта

білген абзал азамат. Ағамыз 1993 жылы кенеттен баржогы 53 жасында дүниеден озды.

Қызылжар қаласынан Мәркен ағамыздың жол апатаңа түсіп, ауруханада жатқаны туралы шұғыл хабар келгенде қатты уайымдадық. Келесі күні ағамыздың жақсы көретін қымызын арнайы Бурабайдан алдырып, жағдайын білуге бардық. Қалалық аурухананың реанимация бөлімінде жатыр екен. Бізді көріп көңілі көтеріліп қалды. Ауыр халде жатқанына қарамастан балаларым – Нұржан, Нұрлан және Диналардың әрқайсысы туралы жеке-жеке сұрап, амандықтарын білді. Ағамыз өте мейірімді әрі бауырмал, кеңпейіл кісі еді. Өлім аузында жатса да туғантыстарының, агайындардың жағдайларын сұрау асқан бауырмалдықтың белгісі емес пе?

Сол күні Алматыдан 2 профессор дәрігерлер Мәркен ағаның жағдайын көруге консилиумға шақырылды. Олар консультация жасап, емдеуге кеңес берді. Айығып кетеді деген еді. Алайда, сүм ажал ағамызды арамыздан алып кетті.

Мәркен аға өмірден озардан шамамен бір апта бүрін түсімде ағамызды машинамен алдымнан заулап өтіп бара жатқанын көрдім. Алайда түсіме соншалықты мән бермелеп едім...

Дегенмен барлығымыз да ақылшымыз, тілекшіміз болған асыл азаматтан айырылып қалдық. Амал қанша?! Аллаға да жақсы адам керек деп өзімізді жұбатамыз ғой...

Артында ел аузында аңыз болып адал еңбегі, өнегесі қалды. Қазақ айтады: «Су сүзілмейді, ұрпақ үзілмейді», - деп. Сол сияқты, үзілмейтін ұрпақтың алтын арқауына айналған Мәркен ағаның өнегелі ісі ұрпаққа үлгі болары хак.

Әкеден жас қалып, жоқтықты да, жетімдікті де көрген ол өзінің жігер-қайратының, ақыл-парасатының арқа-

сында мектепте өте жақсы оқып, қофам жұмысына белсene қатынасыпты, ерте есейіп, еңбекке араласыпты, ел мұддесін ойлауды үйреніпті. «Өмірде қындық көріп шындалған, оған төз білген және содан сабақ алып, ғұмырлық қағидасын түзеген адам – қайраткер» деп айттып кеткен екен бұрынғы ағаларымыз. Мәркен ағамыз да жасында тас қайраққа түсіп шындалған адам, нағыз қайраткер.

Еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облыстық мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкерден бастаған Мәкең, өзінің алғырлығымен, қызметке деген құлышынысының арқасында көзге түсіп, тасы өрге домалай бастады. Қабілеті мол, жігерлі жастың үйымдастырушылық, іскерлік қасиеттерін ескеріп, ол жауапты қызметтерге жіберілді.

Быковский кеңшарының бас зоотехнигі, ауыл шаруашылық басқарма бастығының орынбасары, «Ступинский» кеңшарының директоры, Бескөл аудандық атқару комитетінің төрағасы, Жамбыл, Сергеев аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, облыстық кеңестің депутаты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты қызметтерін абыраймен атқара білді.

Үлкен қызметтің ауыр жүгін арқалау қай азаматқа болсын, оңай іс емес. Мұндайда оку мен тоқудың жөні бір басқа, әрбір істі нақты қорытындымен ұштастыру – тағы бір басқа дүние. Жауапты жұмыста отырғанда, халық алдында атқарар ең негізгі міндеттің де бар. Ол – ешкімді алаламай, үлкен кіші демей, бұрыстың бұрыстығын, дұрыстың дұрыстығын айтып ақыл-кеңес беріп отыру. Бұл міндетті Мәркен ағамыз бұлжытпай орынданай білді. Қандай қызмет атқарса да барша халықтың және әріптері мен туған-туыстарының ара-

сында үлкен беделге ие болып, олардың сүйіспеншілігіне бөленді. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын...» - дегендей, жаратылысынан жалғандығы жоқ жаны да, ары да таза жанның қай салада еңбек етсе де, оны абыроймен атқаруы ол кісінің рухани дүниесінің бай болғандығын аңғартады.

Еңбегі де елеусіз қалған жоқ. Одақтық мемлекеттің және Қазақстан Республикасы Үкіметтерінің тарабынан жоғары бағаланып, бірнеше Құрмет грамоталарымен, медальдармен, екі Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталды. Сонымен қатар, Сергеевка қаласының бір көшесіне және Ы.Ыбыраев атындағы шаруашылық орталығындағы орта мектепке Мәркен Ахметбековтің аты берілді. Барша жұрттың сүйіспеншілігіне бөлениген Мәкенді «Айналасына ізгілік шуағын шашқан жан» деп халқы да бүгінгі күнге дейін ерекше құрмет тұтады және де келесі ұрпақтарға мәнгі жалғасатына күмәніміз жоқ.

Қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырзалиевтің: «Атақты үкімет береді, абыройды халық береді» - деген нақылға бергісіз сөзі бар. Сол айтқандай, Мәркен ағаның үкімет берген атағы бірнешеу болса, халықтың берген абыройы мен беделі тіпті шексіз.

«Елі еңбек сіңірген ұлын ұмытпайды» деген осы болар.

Жапон халқында «Ата-ана даңқының жарық сәулесі балаларына да түседі» деген қанатты сөз бар. Желкілдеп өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бұралаң өмір жолынан адаспай өтуіне отбасындағы тағылымды тәрбиенің ықпалымен әсері де аз болмайды.

Мәркен ағамыздың туған апасы Қайрия, Кәкен ағасы және Тендік женгесі, марқұмның туған ауылы Қараталда туыстары үнемі басына барып құран оқытып, еске алады.

Өз ісіне адал ағамыздың өнегелі қасиеттері үл-қыздары Серік, Бауыржан, Сәулеге де дарыған. Оның ісін жалғастыруши балалары мен, немерелері де халықтың алдында өз борыштарын адал орындауда.

Мәркен ағамыз бер оның зайдыбы Күләш отбасылық қарым-қатынастарда да өзгелерге үлгі-өнеге көрсете білген жүп еді. Оларға қарап қаншама адамдар биікке ұмтылды. Жақсылыққа талпынды. «Жақсыдан шапагат» деген осы да. Олардың осындай өнегесі, өзара сыйластығы бәріміздің отбасымызға әсер еткенін қалайша бүгіп қалмақпын. Сонымен бірге, ағамыз бер жеңгеміздің қонағы үзілмейтін, дастархандары жиылмайтын. Қазір де дәл солай, Күләш тәтеміз ағамыздың шаңырағын сақтап және оның жоқтығын білдіргісі келмейді. Тек ағамыздың орны үцірейіп бос тұр.

Сексенінші жылдары Мәркен ағамыз бер Күләш жеңгеміз Көкше өнірінен келіп, Бурабайда дем алып жатқан кезінде Қызылту ауданына келіп біздің туыстармызда құрметті қонақ болып еді.

Менің Талғатбек ағам мен Нагима жеңгем және Амангелді жездем мен Жәмиля апамның үйлерінде қонақ болып, қайталанбас жақсы отырыстар болып еді.

Одан бері біраз уақыт өтіп, жалғыз Талғатбек ағам мен Нагима жеңгем де марқұм болып, бұл дүниеден өткеніне биыл міне он жыл толады.

Мәркен ағамыздың мамандығы зоотехник болғандықтан ба, Аманкелді жездемнің үйінде құлышынды суретке ала түскенде де бір сыр бар екен ғой. Қазақтың өмір өзен деген сезінде де бір мэн бар екеніне осындайда еске келеді.

Күләш тәтеміз осы күнге дейін үйіне келген қонағын жас болсын, кәрі болсын құдайындей, бұрынғы ағамыз-

дың бар кездегі сияқты сыйлайтынын жалғастырып жатыр.

Мәркен ағаның туган-туыстарға деген көнілі өте ерекше еді. Барлығына жанашырлықпен қарайтын. Қоре қалғанда жағдайымызды егжей-тегжейлі сұрап, көмек қажет болса айтындар, жабылып шешімін табармыз дейтін. Бала-шагамызды алып, сәлем беріп үйіне бара қалсақ, Күләш жеңгеміз екеуі жастығымызға қарамай төрге отырғызып күтетін еді. Жас балалар ол кісіні қатты жақсы көруші еді. Біздің «қой, ұят болады», - деп ұрысқанымызға қарамай ағаның алдына отырып алатын. Балажан ағамыз оған мәз болып, олармен балаша шүйіркелесіп отыруши еді. Олармен бірге қонақта болған кезде, көніл-күйіміз көтеріліп, аға-жеңгеміздің тағылымды әңгімесін тыңдал, марқайып қайтатын едік. Тіпті, сол қонақтан тарап, отбасымызбен бірге жылы шырайлы жағдайда әңгіме-дүкен құрып, үйге қайтып келе жатқан сэттер әлі есімде.

Ол кісімен бірге өткен той-думандар өте қызықты өтуші еді. Тойдың сәнін кіргізіп, думандатып өтуіне аласып жүретін. Қызмет бабымен қатыса алмай қалған той-жыындарда орны білініп тұратын.

Мәркен аға қашан көрсөн де жайдары жүретін еді. Ерекше таң қалдыратыны қандай жағдай болмасын ашуға жол бермей, әр нәрсені байыбымен, сабырмен шешетін еді.

Барлығымыз да ол кісіге қарап бой түзеуші едік. Біз де осылай жұрт алдына шығып, өз пікірімізді ашық айтып, сөз сөйлесек, ағамыздың жеткен жетістіктеріне біз де жетсек, сол кісідей сыйлы болсақ деп армандаушы едік сонда. Мәркен ағадан алған тәлім-тәрбиені үнемі басшылыққа алып жүремін.

Ол кісінің жақсы қасиеттерін тізіп, шағын естелікке сыйдыру мүмкін емес. Тек бір-екі оқиғаны айтып өтсем артық етпес деп ойлаймын.

Мен Көкшетау облысы, Қызылту ауданында санитарлық-эпидемиологиялық станцияның бас дәрігері болып қызмет етіп жұрген кезімде Алматыға жол түсіп, іс-сапарға барған болатынмын. Сол кезде Мәркен ағамыз Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы қызметімен бірге Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің депутаты қызметін атқарып жұрген кезі болатын. Ағамызға алдын ала телефонмен хабарласып, елдің дәмін алып барып, Алматы қонақ үйінде дастархан жайып ас берген болатынмын.

Мәркен ағамыз құшақ жайып қарсы алып, елдің амандығын сұрап жатты. Мен ағамыздан дастарханға өзімен бірге достарын шақыруды өтіндім. Сол кеште біздермен бірге Мәркен ағайдың әріптестері – Көкшетау облысы әкімінің орынбасары, депутат Жанәділов Болат Сүлейменұлы ағамыз және Қызылжар ауданының кеңшар басшысы, депутат Зенченко Геннадий Иванович болды.

Айта кететін бір жағдай, қонақтар келмес бұрын ағамыз бөлмеден шығып кеткен болатын, мен сол кезде баяғы кеңес заманындағы алюминийден жасалған тоқ шәйнекпен шәй қойып, бөлмеден шығып кетіп едім, кеңеттен есіктің құлпы сарт етіп жабылып, кілті іште қалып қойды.

Мәкене болған жағдайды өкінішпен айтып едім, маган саспа, қазір бір амалын тауып, есікті аштырамыз деп жүбатты.

Қонақүйдің кезекшісінен алған жүздеген кілттің біреуі де келмеді. Қонақтар болса келіп, холлда есіктің ашылуын күтіп отырды. Содан кейін қабаттың кезекшілері маган қонақүйдің тәменгі қабатында жұмысшылар оты-

рады деп айтты. Мен жүгіріп барып болған жағдайды айтып, бір маманды алып келдім. Ол қөршілес бөлменің балксынан секіріп кіріп, пышақтың жүзімен есікті ашып берді. Сол минуттарда мен күйіп-пісіп, өзімді іштей кінәләп жүрсем, ағамыз менің көнілімді түсіргісі келмей, ешнәрсе болмағандай сыңай танытып, өзін жайдары ұстады. Сірә, еш келеңсіздіктер болмаған сияқты. Ағамыз қонақтарға жақын таныстырып, мені Болат ағаға қолдан жүріңіз деп өтініш білдірді. Сол кеш өте қызықты өтті. Казір ойлап қарасам осы болған оқиғадан көп тәрбие алуға болатын жағдай екен...

Осындайда: «Жақсы ниетті адамдар тек жақсыны ғана көреді», - деген бабалар өсиеті бекерге айтылмағанына көз жеткізесін.

Міне, осындай азаматпен аға-іні болып араласып, өмірінің сонына дейін арамызға ешқандай сызат түспей, ғұмыр кешкен Мәркен ағамыз өмірден озды. Мәкең бұл пәни дүниеден озғаннан кейін, бірге жүргенде мән бермеген көп нәрселерді қазір көз алдыңа елестетесің. Енді өткеннің қайта келмейтінін мойындастырың. Өмірдің мағынасын Абай атамыздан артық, терең түсінген кісі жоқ шығар. Еріксіз данышпан Абайдың сөзі еске түседі:

Адамзат бүгін адам, ертең топырақ,  
Бүгінгі өмір жарқылдаپ, алдар бірақ.  
Ертең өзің қайдасың білемісің,  
Өлмек үшін туғансың білгін, шырак.  
Бірақ тірлікте мұны бәрі ойлай бермейді.

Мәкеңдің аялы алақанының қамқорлығын көрген біздердің жадымызда жарқын бейнесінің мәңгі сақталатыны сөзсіз. Өзін сөзімен емес, ісімен танытып кеткен қайраткерді әрдайым ардақ тұту бізге парыз. Өзінен кейінгілерге зор үлгі-өнеге көрсетіп, көл-кесір ақылын айтып отыратын ағаның жарқын бейнесі әрдайым

халқының жадында. Бүгінде ағаның өзі арамызда болмаса да оның қоғамдық өміріміздегі рухани әсері, біздің рухымыздары саналы ғұмыры ұзақ болады деген сенімдемін.

Жаратушыдан сұрайтынымыз, Алла тағала өткенге иман, қалғанға береке бере көр дейміз. Жаның жәннатта болғай, асыл Ел ағасы!



**Викторов Евгений Иванович,  
ветеран труда**



## **ОН БЫЛ МНЕ ДРУГОМ И УЧИТЕЛЕМ**

Когда я бываю в Сергеевке, то всегда приезжаю в с. Карагат. Кладбище, где похоронен мой друг Маркен. Стою у его могилы и из памяти выплывают нахлынувшие воспоминания о нашей дружбе, совместной работе. О том, как мы жили, работали, набирались жизненной мудрости и опыта, растили детей, росли сами, мужали и крепли.

Мы познакомились с Маркеном Ахметбековичем Ахметбековым в 1967 году. Я в то время заведовал Сергеевским районным филиалом Петропавловской госсплемстанции, а Маркен Ахметбекович был главным зоотехником совхоза имени В. Быковского.

Молодой, энергичный Маркен запомнился мне сразу. По компетентности, по деловой хватке чувствовалось, что он специалист высокого класса. Видна была хорошая вузовская подготовка – Маркен окончил Алматинский зооветеринарный институт. Встреча в рабочей обстановке оказалась не рядовой, ведь это был человек, с которым интересно общаться. Интерес к общему делу, взаимная симпатия у нас остались на всю его недолгую, к сожалению, жизнь.

После первой встречи судьба свела нас снова через два года, когда я работал старшим зоотехником Сергеевского райсельхозуправления, а Маркена Ахметбековича назначили заместителем начальника этого же управления по животноводству. Вместе работали, и кабинеты были рядом. То ли время было такое, то ли в силу характеров, между нами никогда служебной дистанции не наблюдалось. Это было не панибратство, а доверие, уважение друг к другу.

Вместе проработали в управлении полтора года. В феврале 1970 года вышло Постановление Совета министров КазССР об организации совхоза «Ступинский». Маркена Ахметбековича направили туда директором, а я поехал туда главным зоотехником. Маркен предложил мою кандидатуру, райком, решавший все кадровые вопросы, поддержал, и я согласился.

Приехали на новое место. Это была маленькая деревня. Фактически даже две: Ступинка и Саврасовка. Бывшее отделение совхоза «Семипольский» насчитывало 89 дворов. Еще одно отделение – село Астаган, отошло от Приишимского совхоза и одно от Марьевского – Жалтырь.

На будущей центральной усадьбе старенькое здание восьмилетней школы. Ни одного капитального животноводческого помещения, ни ремонтной базы, не было квартир – просто небольшое село. Маркену – 30, мне – 29. Кстати, все специалисты были молодые. Главный агроном Франц Станиславович Мазуркевич приехал из Городецкого, главного ветврача – Илью Егоровича Тополяна и главного инженера Валентина Васильевича Казакова перевели из Семипольского совхоза. Главного экономиста – Утеву Галину Яковлевну, из Октябрьского.

Вместе мы сделали то, что надо было сделать: организовали совхоз.

Это был юбилейный год – столетие В.И. Ленина, и задание было по сложности соответствующее: несмотря на то, что совхоз организовался только 20 февраля, надо было выполнить планы первого квартала и года, по всем показателям выйти на стопроцентное выполнение! При этом не было никакой материальной базы, это как вторая целина. Хозяйство создавалось многопрофильное: около 17 тысяч гектаров ярового сева, из них – 15 тысяч гектаров зерновых.

3700 голов крупного рогатого скота (из них 900 - дойное стадо), 10000 овец, доставшихся от Прииштимского «в наследство». Потом овец ему же вернули и начали развивать новую отрасль – свиноводство. Кстати, досталось нам еще одно «наследство»: остался под зиму недоубранный предшественниками хлеб в валках на двух тысячах гектаров.

Со всем справились. В первую очередь стали строить ремонтную мастерскую. Решали вопрос снабжения электроэнергией. Работали с большим напряжением: одновременно и убирали оставшийся хлеб, готовились к посевной и начинали строительство.

Работали и день, и ночь, без выходных: все субботы – субботники, все воскресенья – воскресники. Заготавливали то камень в карьере, то сено возили на сеновал...

Справились и с посевной, и с уборочной. Впервые в истории района, да и, наверное, области закончили уборку урожая к 5 сентября! В тот год были хорошие погодные условия, хлеба созрели вовремя. На следующий год нам предложили выступить инициаторами соцсоревнования «Пятилетка – за четыре года!» – по тем временам большая честь.

Мне, как первому заместителю по производству, работалось легко. Между нами было полное доверие, работали всегда на совесть. Никогда не было конфликтов, во всем – слаженность и полная согласованность. Мы были людьми одного возраста, одного поколения, и учителя у нас были замечательные: Нель Адгамович Болатбаев, Петр Захарович Телюк (ныне покойные). И ныне здравствующие Исакаков Жаксылык Габдулинович, Петр Иванович Науменко, Сухов Евгений Яковлевич (дай бог им здоровья на долгие годы).

Маркена Ахметбековича всегда отличало уважительное отношение к людям труда. Он знал, когда у кого день рождения, мог поехать домой поздравить именинника.

В 1973 году его перевели председателем Бишкульского райисполкома. Потом – первым секретарем Джамбулского райкома партии, и мы опять оказались по соседству: я был директором Семипольского совхоза. Однажды во время уборки звонит: «Помоги соседу». Надо было помочь молодому директору совхоза «Джамбулский» убрать урожай. А мне дали «сверху» распоряжение помочь другому хозяйству. Я потом получил за несвоевременное выполнение приказа взбучку, но просьба Маркена для меня была важнее, потому что я знал, что в трудную минуту он всегда придет мне на помощь.

Потом Маркен Ахметбекович уехал в Москву в академию. Вернулся после окончания в область и далее работал и жил в Петропавловске, потом в Сергеевке. Я в это время работал в Возвышенке, и нас кроме дружбы объединяло то, что мы были коллегами – первыми секретарями райкомов.

20 лет спустя он второй секретарь обкома, я – председатель облагропрома. И нашему родному совхозу – 20 лет. Приехали на встречу в Ступинский. Это было уже

крупное крепкое хозяйство с типовыми зданиями средней школы, быткомбината, дома культуры, с мощным организованным производством и полным набором сельскохозяйственной техники. Возглавлял его Амангельды Бакирович Жакупов. На встречу приехал Мазуркевич Франц Станиславович – второй секретарь Тимирязевского райкома (бывший агроном), Анатолий Афанасьевич Башмаков – сейчас сенатор Парламента РК (бывший директор школы).

Те же добрые милые труженики совхоза, только по-взрослевшие и постаревшие за эти 20 лет. С того времени прошло еще 20 лет.

Да-а... В нынешнем феврале совхозу было бы 40, а Маркену Ахметбековичу – 70 лет. Нет уже родного совхоза, с таким трудом созданного, нет Маркена. Но есть память, добрая память о друге, о человеке.

Святое слово Память. И пока она жива, пока живет образ в памяти, кажется, что ушедший от нас человек здесь, на земле. Просто не виделись давно. Ведь бывает, иной раз люди по полвека не видятся.

Маркен Ахметбекович был из поколения талантливых руководителей, настоящих организаторов производства. Хотя мы с ним были практически сверстниками, я у него учился. И всегда соизмерял свои поступки с ним, спрашивал себя: а как бы сделал Маркен? Он был для меня маяком – Маркен Ахметбекович Ахметбеков. Сирота, всего добившийся своим трудом и большим умом, светлой души человек...



**Мұқанов Қайролла,  
халық ағарту ісінің ардагері**

## **ӨНЕГЕЛІ ӨМІР**

«Откен адам болады көзден таса,  
Өлді-өшті, оны ешкім ойламаса.  
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,  
Керектісін ескеріп, ұмытпаса».

**Шәкәрім**

Мен Мәркенмен алғаш ол қазіргі Шал ақын ауданында жаңа ашылған Ступинский кеңшарында директор болған кезінде танысқан едім. Ол шақта мен сол аудандағы Городецкое селосында орта мектептің директоры болып істеп жүрген болатынмын. Ступинский кеңшарына Ступинка, Жалтыр, Астаған елді мекендері қарайтын. Кеңшар құрылған кезде бұл елді мекендердің шаруашылық жағдайы өте төмен еді. Жаңа кеңшарды ұйымдастырып басқаруға кіріскең кезде Мәркен небары 30-ақ жаста еді. Соған қарамай жас директор айналасы үш жылда жаңа құрылған кеңшарды озат шаруашылықтар қатарына қости. Оның білікті де қажырлы еңбегінің арқасында кеңшар алдымен аудандық жарыстарда жеңіп шығып, бара-бара облыстық деңгейде де алдыңғы қатардан көріне бастады. Мемлекетке астық,

ет, сүт сату жоспарларын асыра орындаған кеңшардың жұмысы облыс басшыларының зор бағасына ие болды. Жас директор кеңшар тұрғындарының тұрмысын жақсартуға да көп көңіл бөлді. Ол әсіресе құрылыш жұмысын алға бастырды. Елді мекендерді бұрынғы сұрықсыз ескі үйлердің орнына жаңа үйлер салынып, мектептер мен мәдениет үйлері, басқа да тұрмысқа қажетті ғимараттар бой көтерді. Осы жұмыстарды іске асыруда ол кеңшар тұрғындарын ұйымдастырып, қарқынды еңбекке жұмылдыра білді. Жас директордың ұйымдастырушылық қабілетін, қарапайымдылығы мен кішіпейілділігін байқаған тұрғындар оның ісін әрқашан бар ықыластарымен қолдап отырды. Осындай бірлескен ерен еңбектің арқасында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген кеңшардың ауылшаруашылық мамандары әрқылы мемлекеттік наградаларға ие болды. Ал кеңшардың директоры Мәркен Ахметбеков «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Бұл оның ерен еңбегіне берілген зор баға болатын. Бұл кезде мен Қызылжар қаласында облыстық оқу белімі менгерушісінің орынбасары қызметінде едім. Мәркеннің аталмыш орденмен марапатталғанын газеттен оқып білісімен мен оны жоғары наградасымен құттықтап жеделхат (телеграмма) жібердім. Онда «Так держать!» деген екі-ақ қолдау сөз болғаны есімде.

Аз уақытта өзінің адад еңбегі мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсеткен жас директор Бескөл аудандық атқару комитетінің төрағалығына жоғарылатылды. Бұл қызметте де іскерлігін көрсете білген Мәркен Ахметбеков Жамбыл ауданының бірінші хатшысы болып сайланды. Ол осы қызметті сегіз жылдай атқарған кезде аудан экономикасы мен мәдениеті, халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайы бірсыныра жоғары сатыға көтерілді.

Мәркеннің бірінші хатшы болып тұрган шағында мен сол ауданның білім ошақтарының жұмысымен танысу үшін іссапарға барғаным бар. Сонда ауданның бірінші басшысының аудан мектептері мен бала бақшаларына да көп көңіл бөлетінін байқадым. Ол мені жылы қарсы алғып, аудандагы оқу-тәрбие ісінің жағдайымен және келешекте бұл салада атқарылатын жұмыстар туралы ой-пікірімен белісті.

1982-1983 жылдары Мәркен Ахметбеков Мәскеудегі СОКП Орталық Комитетінің қоғамдық ғылымдар академиясында оқып, оны үздік дипломмен бітіріп шықты. Бір қызығы, сол кезде мен Мәскеуге халық ағарту қызметкерлерінің бір айлық курсына барған едім. Сонда біздің облыстан академияда оқып жатқан Мәркен Ахметбековпен және Самат Бекназаровпен кездестім. Олар семьяларымен тұрады екен. Екеуі де елден барған мені өздерімен бірге оқып жүрген Қазақстанның әр облысынан келген жолдастарына қосып үйлеріне шақырып қонақ қылды. Сол мәжілістерде мен Мәркеннің бірге оқып жүрген жолдастарының арасында өте сыйлы, беделі зор екеніне көзім жетті.

Окуды бітіріп келген Мәркен аз уақыт облыстық партия комитетінде қызмет атқарды да, 1985 жылы өзі тұған қазіргі Шал ақын аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Осы қызметте төрт жыл болғанда ол ауданның жағдайын жақсартып, аудан тұрғындарының зор алғысына ие болды. Ал 1989 жылы ол облыстық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне жоғарылатылды. Осы қызметті ол 1991 жылға дейін, яғни коммунистік партия таратылғанға дейін атқарды.

Мәркеннің елге сінірген ерен еңбегі жоғары бағаланып, жерлестері оны 1990 жылы Қазақ ССР

Жоғарғы Кеңесіне депутат етіп сайлады. Ол өзінің Өтеев Сайлау сияқты депутат әріптестерімен бірге Жоғарғы Кеңестің сессиясында Қазақстан Республикасының егемендігі туралы тұнғыш Декларациясын және Қазақстанның «Тілдер туралы» заңын қабылдауға атсалысты. Бұл, әрине, бәрімізді зор мақтанышқа бөледі.

Партия органдары таратылғаннан кейін Мәркен Ахметбеков облыстық ауылшаруашылығы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары болып тағайындалды.

Оның жеке басының ерекшеліктері мен қасиеттері де үлгі аларлық еді. Оның еңбекке деген көзқарасы, жұмысқа деген жалынды жігері, мамандыққа деген адалдығы көзге ұрып тұратын. Қай жерде жүрсе де, қандай қызмет атқарса да бойындағы бар күш-жігерін аймай сарқылта жұмсады. Жеке басының үлгі-өнегесімен қарамағындағыларды да осындай қасиеттерге баулыды. Оның бойындағы ең ірі де, өнеге алуға тұрарлық қасиеттері – қарапайымдылық, кішіпейілділік, іскерлік, жолдастары мен достарына адалдық, ағайын-туыстарына деген шынайы бауырмалдық болатын. Оның әр киле жиындарда бірге болған адамдармен жеңіл әзіл-қалжындары да жарасып тұратын. Мысалы, бірде біздің үйде қонақта болғанда үйдің хожайкасына әзіл тастап: «осындай жеңгей кімде бар екен?!» – дегені есімде қалыпты.

Мәркен Ахметбекұлы қатардағы зоотехниктен мемлекет қайраткерлігіне дейін көтерілді. Облыстың экономикасы мен әлеуметтік жағдайының өсуіне қомақты үлес қосты. Оның ерен еңбегі жоғары бағаланып, екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен және көптеген грамоталармен марапатталды.

Оның еліне, халқына берері әлі көп еді. Әттең ол не бары 53 жаста жол апатынан қайтыс болды. Оның осындаидай өліміне бүкіл облыс халқы қатты қайғырды. Ақын Сырбай Мәуленовтың Сәкен Сейфуллинге арнаған:

«Өлімге жан екенсің қия алмайтын,

Өлеңнің құшағына сия алмайтын.

Қазакты қөргің келсе міне осы деп,

Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын» - деген өлең жолдарын Мәркенге де арнап айтуға болатындай еді сол кезде. Мәркенді соңғы сапарға мындаған адам шығарып салды. Бұл халықтың өзінің адал да сүйікті ұлына жасаған зор құрметі еді.

«Орнында бар оңалар» дегендей, оның артында қалған жан жары Күләш, балалары Серік, Бауыржан, немерелері, ағайын-туystары оның есімін әрқашан естеріне алып отырады. Биыл оның 70 жасқа толуына арнап бірқатар жұртты жинап мешітте ас беріп, дұға оқытып, еске алу рәсімін өткізді. Балалары өзі сияқты халқына адал қызмет жасауда. Енді міне оны мәңгілік есте қалдыруға арналған осы естелік кітапты құрастырып шығарып отыр. Бұл, біріншіден, Мәркеннің ұрпағының оның ісін жалғастыруы болса, екіншіден, оны мәңгі есте қалдырудың айқын белгісі деп білуіміз керек.

Сөз сонында айтарым: Мәркеннің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын, иманы жолдас, жаны жәннатта болсын. Оның отбасының оты өшпесін, ұрпағы жалғаса берсін. Оның көре алмаған қызығын жан жары Күләш көрсін.



**АЗАМАТ  
ЕРДІҢ БАСЫ ЕДІ**

1970 жылдың желтоқсан айында 1928 жылы құрылған Преснов ауданының жері екіге бөлініп, бір бөлігінде Жамбыл ауданы құрылды. Орталығы Благовещенка селосы болды. Жаңа аудан құрамында 8 селолық Кеңес, 8 кеңшар болды, олар: Киров атындағы кеңшар, Благовещенка, Жамбыл, Қайранкөл, Майбалық, Озерный, Украинск, Троицк кеңшарлары. Ауданның жер көлемі – 40 мың кв.км. Халық саны – 25059. 33 мектеп болды. Жаңа ауданның құрамына Преснов ауданының ең артта қалған кеңшарлары қарады деуге болады. Шаруашылықтар шағын, тым жұпымыны, жолдар нашар, су құбыры жетімсіз. Басқа аудандармен салыстырғанда мал басы да аз. Кадр тапшы, әсіресе, механизаторлар жетпейді. Бұларға қосымша аудан орталығын, оның әкімшілік, әлеуметтік, мәдени гимараттарын салу керек. Ауданда пәтер үйлер жетіспеді.

Осы сияқты ауданның артта қалған экономикалық, әлеуметтік жағдайын көтеруге бір-екі жылдай ғана бірінші хатшы болған Мақтай Рамазанұлы Сағдиев пен Мінайдар Жақыпұлы Жақыповтардың іскерліктері мен

ұйымдастырушылық қабілеттері жетсе де, басқа жұмысқа ауыстырып жібергендіктен уақыттары жетпеді.

Ауданың артта қалған экономикалық және әлеуметтік тұрмысын көтеру үлесі 1974 жылы бірінші хатшы болған Мәркен Ахметбекұлына тиіді.

Мәркен Ахметбекұлының Жамбыл ауданында бірінші хатшы болған 1974-1981 жылдары мен аудандық оқу бөлімінде мектеп инспекторы, аудан ағарту қызыметкерлері кәсіподағының төрағасы болып істеген едім. Бірінші басшы, не райкомның аппаратында істемегесін қызмет бабында көп араласқан жоқпын.

Мәркеннің аудан тізгінін қолына алған тұстан бастап аудан өмірінің барлық саласында ілгері басушылық байқалды. Тоқсан сайын, жыл сайын болып отыратын социалистік жарыс қорытындысы бойынша аудан үнемі алдыңғы орындарда болып отырды. Қазіргі сөздік терминмен алғанда Жамбыл ауданында хатшы болған жылдары Мәркеннің рейтингісі жоғары болып отырды.

Ауданың білім саласында істегендіктен сол кездегі ауданың өсу-өркендеу қарқынын осы сала бойынша де-ректерден мысал келтіре айтайын. Қашанда, алдымен шаруашылық саласына көп көңіл бөлініп, әлеуметтік сала – мектеп үйлері, түрлі мәдениет ошактары, ФАП-тар құрылыштарын салу жұмыстары кейін, яғни мал қораларын дұрыстап алғасын салынады ғой. Преснов ауданынан енші алып шыққан Жамбыл ауданында 33 мектептің екеуі ғана: Озерный, Благовещенка мектептері ғана типтік жобамен салынған үйде болатын. Типтік жобаны былай қойғанда, кейбір мектеп үйлері пайдалануға жарамсыз, авариялық жағдайда болатын. Сынып бөлмелері жетпей, үш маусымда оқытатын мектептер де болды. Кейбір мектептер пешпен жағылатын. Мектеп үйлері осындай болса, сабак оқытудың материалдық ба-

залары сын көтермейтін жағдайда еді. Сол уақытта мәдениет үйлері (клубтар) жоқ ауылдар да көп болатын. Ауылдардағы ФАП-тар, сауда орындары бұдан да ауыр жағдайда еді.

Мәркеннің артта қалған осы сияқты ауданның әлеуметтік саласына қаншалықты қөніл бөлгенін мына деректерден байқауға болады. Ауданда хатшы болған жылдары барлыққа дерлік кеңшар орталықтарында типтік жобадағы орта мектеп үйлері, бөлімше орталықтарында орталau мектеп үйлері салынып жатты. Аудан құрылған 1971 жылы мектептердің жағдайы жоғарыдай болса, 10 жылға жетпей аудан педагогикалық ұжымы 1981 жылы халық ағарту саласында бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы болып, одақтың ауыспалы қызыл туын жеңіп алды. (Бұл ту қазір Жамбыл ауданының әкімдігінде сақтаулы). Бұл жеңіс оңай емес-ті. Түсіндіре кетейік, сол кезде республикамызда төрт жүздей аудан болатын. 1981 жылы Одақтық социалистік жарыстың шарты бойынша осы 400 ауданның үшеуіне Одақтық жарыстың жеңімпазы атағын беріп, Бүкілодақтық көрмесіне қою керек болды. Осы үш ауданның біреуі біздің Жамбыл ауданы болды. Жарыстың негізгі шарты мектеп үйлерін салу болса, бұл талапты біздің аудан артығымен орындағы. Бұндай үлкен жеңіске Мәркен Ахметбекұлының тікелей басшылығымен жеткен едік.

Мәркеннің іскер басшы, үйымдастыру қабілеті жоғары адам екеніне өзім күә болған бір уақығадан мысал келтірейін.

Ұмытпасам 1979 жылдың наурыз айының бір күні болар. Таңертеңгі сағат 8-де Мәркен Ахметбекұлы кабинетіне шақырады деген хабар алдым. Оқу бөлімінің жұмысы туралы болса менгерушіні шақыруға тиісті, мені

неге шақырды екен деп қобалжыдым. Аудандық газеттің редакторы Таңат Сүгірбаевқа телефон шалдым:

-Сен Райкомға барып жүресің ғой, мені ертеңгі таңғы сағат сегізге бірінші хатшы шақырыпты. Неге шақырып жатқанының хабарың бар ма? – десем,

-Мені де шақырыпты, бірақ, неге шақырғанын ешкім білмейді, - деді.

Таңертең қабылдау бөлмесіне барсам, 7-8 адам отыр. Бәрі де әртүрлі мамандықтағы аудан қызметкерлері. Бірінші хатшының неге шақырғанын бірі де білмейді. Неге шақырғанын бір бірінен сұрайды. «Қылмыс жасағандарың жоқ па еді!» – дейді марқұм Аманжол Шамқайыров қулана сөйлейтін әдетімен. Кабинетке кірдік.

Кабинетінде жымып қарсы алған Мәркен:

-Менің неге шақырғанымды білесіздер ме? – деді.

-Жоқ, - дедік жамыра сөйлеп.

-Солай болуға тиісті, Әйткені мен ағайыншылық көмек сұрау үшін шақырып отырмын. Жағдай былай, ауданымыздың осы бірінші тоқсанда сүт сатудан жоспарды орындай алмай қалу қаупі бар. Осы отырған бәріңіз осы ауданның тумаларысыздар. Туған ауылдарың бәрінді де сыйлайды, 3-4 күнде ауылдарыңа барып сүт сату жұмысын үйімдастырындар, не болмаса май зауытына шаруашылық атынан май сатсын. Менің сіздерден сұрайтын өтінішім осы, - деді қысқа да нұсқа сөйлейтін әдетімен.

Бұл менің аудандық партия комитетінің бірінші хатшысынан алған тұңғыш жеке тапсырма болатын. Туған ауылым Киров, қазіргі Баймағамбет Ізтөлин аулына келіп май жинауга кірістім. Бұл тапсырма басқаларға қарағанда маган қыын болған жоқ.

Әйткені маған мектеп мұғалімдері көмектесті. Шынын айту керек, пендешілік болады ғой, мектеп инспекторы

қызметімді пайдаландым. Екі күнде ауылдан ақшасын бір айдан кейін бермек болып 50 кило май жинап алғып, Благовещенканың май зауытына өткіздім. Шынын айтқанда, басқалардан тапсырманы артық және тез орындаپ, аудан басшысынан ұпай алғым келді. Солай болды да, басқалардан бұрын 50 кило май тапсырған қағазымды алғып бардым. Бір кило май 25 литр сүт қой деп, қалта есептегішімен 50-ді 25-ке көбейтіп: «1250 литр сүт сауып келген екенсіз», - деп құліп, қолымды қысып рахмет айтты. Осыны көпке дейін ұмытпай «Сәкең майды жақсы жинайды» деп айтып жүрді.

Осы бір уақығаны тәтпіштеп жазуға тырысып жатқаным; оның іскер, тапқыр, ойлау диапазоны кең басшы екенін айту еді. Мүмкін осы бір ісімен, яғни біздер жинап әкелген маймен бүкіл ауданың мереін асырып, мемлекетке сүт сатудың тоқсандық жоспарын орындаған шығар.

Мәркеннің іскерлігінен басқа адамгершілік қасиеттерін, парасаттылығын бір төбе әңгіме қылуға болады. Бір ғана мысал келтірейік. Ол дастархан басында қызметіне қарамай өзін басқалармен тең ұстайтын. Кейбір адамдар дастархан басында ет турауды өзінің лауазымды қызметін төмендетіп алғындағы көрсө, Мәркен қалтасында салып жүретін бәкісін алғып етті өзі турай бастайтын еді. Осы бір кішкене істің өзінде тереңірек ойлаған адамға үлкен мән бар. Қашанда, қай уақытта болмасын халықта қызмет ету ойы жатыр.

Мәркен 1979 жылы аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде істейтін Мейізді әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің менгеруші қызметіне тағайыннатқызды. Бұрынғы меңгеруші бұл қызметті атқара алмай, зейнеткерлердің аудандық партия комитетіне жазған шағын хаттары көбейіп кеткен бола-

тын. Кейін, Мейіз бұл қызметке келгеннен кейін қамсыздандыру бөлімінің жұмысына риза болып, түрлі мәжілістерде құлағымыз тыышталды деп талай рет айтып еді. Мейіз бұл сенімін ақтап, 17 жыл аудандық қамсыздандыру бөлімінің менгерушісі болып істеп, зейнеткерлік демалысқа шықты. Республика әлеуметтік қамсыздандыру саласының үздік қызметкери белгісімен, түрлі мақтау қағаздарымен марапатталды.

Мәркен туралы сөз қозғанда жиі кездесіп, бірбірімізге дастархан жайып, сыйласып жүрген Құләш туралы айтпай кетуге болмайды. Өйткені Мәркен мен Қуләш бірін бірі толықтырып, бірін бірі анықтап, бөліп қарауға болмайтын шын мәніндегі құдай қосқан қосақ сияқты еді.

Мәркенді Алматы қаласында оқып жүрген студент кезінен білсем де, Жамбыл ауданында қызмет істеген жылдары отбасымен жиі араласып жүрдік деп айта алмаймын.

«Халық сыншы», «Халық айтса, қалып айтпайды» дегендей жақындау білетін жамбылдықтар Құләштің бойындағы қазақ әйеліне тән тамаша қасиеттерін, қарапайымдылығын, сабырлылығын, ақылдылығын жиі айттып отырғандарын талай естідік. Шынын айту керек, кейбір бірінші басшылардың жұбайлары мінез-құлқын өзгертіп, жанына торсық байлатпай кететінін де халық жақсы біледі.

Мәркеннің отбасымен қалаға көшіп келген уақыттан бастап жиі араласып келеміз. Құләштің Мәркеннің ружын қатты қадірлейтіні сондай, барлық исламдық діни рәсімдерді орындалап, жыл сайын туған күнін атап өтеді. Мәркеннің 60 жылдық, 70 жылдық мерейтойларын жоғары деңгейде өткізді. Мәркенге арналған осы сияқты жиындардан Құләш бізді қалдырып көрген жок.

Мәркеннің өзі оқыған Шал ақын ауданындағы Ленин орта мектебіне, Сергеев қаласындағы бір көшеге Мәркеннің аты берілуі – бәрі де түптің түбінде Күләштің Мәркеннің рухын ұлықтаудан, жоқшы бола білуінен шыққан деуге болады. Жарын сүйген, жарын қадірлеген адам дәл Күләштай болса еken дейміз.

Күләштің қам-қарекетінің бәрі де сыңарынан айырылған Ақкудың күйін елестетеді.

Ендігі өмірінде өкініш көрмей Серік пен Бауыржанның, немерелерінің қызығын көрсө еken дейміз.





## ӨМІРІ – ӨНЕГЕ

Асыл азамат Мәркен Ахметбекұлы жайлы бүгін естелік жазамын деп кім ойлаған. Бірақ өмір көші жалғаса береді еken ғой. Кеше ғана сыйлас, қызметтес болып, қатар жүрген небір жайсаң жандар кетті өмірден. Мәкең де сол саңлақтардың бірі мен бірегейі еді.

Мен осы шағын естелігімде Мәкеңнің шын мәнінде нағыз азамат болып өткендігін, өнегелі өмір кешкендігін айтпақпын. Жақсы ағаның көзі тірісінде, ортамызда жүргенде айтылмаған, еленбекен қырлары мен сырларын аша тұсуге аз да болса септігім тисе еken деп ойлаймын.

Мен Мәркен Ахметбекұлын Бескөл аудандық атқару комитетінің төрағасы болып жүргенінде білетін едім. Алайда жақын араласуымыз ағаның Жамбыл ауданының бірінші басшысы болып келгеннен басталды. Осы қызметті 8 жыл атқарған кезде ол іскерлігімен және адамгершілік қасиеттерімен айқын танылды. Табиғатына біткен тазалық пен әділдікті ту етіп ұстаған Мәкең кейбір басшылар сияқты келе салып жергілікті мамандарды ауыстырмай, әр азаматтың қабілеті мен ерекшелігін жете бағалап білді. Тіпті кейбіреулерді қызмет бабымен сынга алса да, артынан ақылын айтып, жөн сілтеп отырушы еді, кек сактамайтын. Өз басым адам бойындағы осындай қасиеттерді бағалайтын болғандықтан, ол кісіні аса құрмет тұтамын.

Жұмыс десе жалығу, шаршау дегенді білмейтін. Бірге қызмет жасай жүріп одан үйренгеніміз де аз емес. Неге екенін қайдам, әйтеуір Мәкең маған алғашқы күннен-ақ жақсы ықыласпен, үлкен сеніммен қарады. Жұмысымды бағалағаны болар, өзі келгеннен кейін көп кешікпей аудандық қесіподақтар кеңесінің тәрағасы қызметіне ұсынды. Екі жылдан кейін бұл ұйым бүкіл Кеңестер Одағы бойынша таратылған уақытта, тағы да Мәкеңнің қолдауымен аудандық партия комитетінің бюросы қазақ мектебін бітірген мені орыс тілінде шығатын аудандық «Сельская новь» газетіне редактор етіп жіберді. Сол буороның отырысында Мәкеңнің «Редакторды неге сырттан әкелеміз? Мына Таңат нағыз редактор емес пе?» - деген сөзі әлі есімде. Сөйтіп, менің 17 жылға созылған редакторлық қызметім басталып кеткен еді. Өзі ауданда болғанда Мәкең маған осы қызметте әрқашанда қолдау көрсетіп отырды.

Иә, Мәкең барынша сабырлы, сөзге сараң, жұмысқа тынымсыз, нақты істі ұнататын, көп сөзділік пен жауапсыздықты жаны сүймейтін жан еді. «Жанында жүр жақсы адам» деген сөзді жиі қолданамыз. Бірақ оның мәніне бара бермейміз. Шынында жақсы адамдарды тіршілікте дұрыс бағалай білмейміз. Өмірдегі құбылыстардың, көріністердің бәрі солай болуға тиісті саналады. Жақсы мен нағыз мықтылар сенен қашықта, қол жетпесте жүргендей көрінеді. Ал Мәкеңдей тұлғалардың ақыл-ойы, парасаты, адамгершілігі, терең білімі, ұйымдастыру қабілеті әркімнің бойында табыла бермейтін қасиет екенін атаған жөн. Бірақ осыны кезінде өз дәрежесінде бағалай алмадық. Өмір осылай тұра беретіндей, Мәкең арамызда осылай жүре беретіндей көрінетін. Мәкең сол жылдардағы кейбір басшылар құсап бірінші хатшының кең кабинетінде қаңтарылып отырып,

әміршілік әдіс жүргізуден аулақ болды. Қай кезде болсын ол еңбек адамдарының қайнаған ортасында аудан өміріндегі ең бір өзекті, күн тәртібінде тұрған қызу істің басы-қасында жүретін. Осылай сағат аудан еңбеккерлерін, мамандарға, мұн-мұқтажын айтып шағымданушыларға оның кабинетінің есігі әрдайым ашық болатын. Бұл қасиеті де Мәкеңнің болашақта биік қызметтерге көтерілуіне себеп болған фактордың бірі деп есептеймін.

Біздің ауданның бірінші басшылығынан ол КОКП Орталық Комитеті жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясына оқуға жіберіліп, оны 1983 жылы ойдағыдай бітіргеннен кейін, облыстық атқару комитеті ауылшаруашылық және тамақ өнеркәсіп бөлімі менгерушісінің орынбасары, Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. Қең ұзамай облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Осылай сатылай өсе отырып, Мәкең қатардағы зоотехниктен мемлекет қайраткеріне дейінгі жолдардан сүрінбей өткен еді. Облыстың экономикасы мен әлеуметтік жағдайының көтерілуіне қомақты үлес қосты. Оның бұл еңбегі лайықты бағаланып, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталды.

Мен өз басым Мәкеңмен әріптес інісі ретінде қызмет істеп пікірлес болуға мүмкіндік берген тағдырға ризамын. Байқаганым – бір қарағанда, жүзінен кім де болса именіп, сезінен кім де болса тайсалатындағы қатал көрінгенмен, құлық, сұмдық дегендегі теріс пиғыл тұла бойына жат Мәкең, айналасына соншалықты мейірбан еді. Қалай болғанда да оның нақақтан нақақ біреуге қиянат жасағанын көргенім жоқ. Сөйті тұра, терең мағыналы ой-толғамдарын біреулердіңabyroй-беделіне қарамай, жалтақтамай көшіліктің алдында тұра айтып салатын.

Сосын да Мәкең отырған жерде небір мықтылардың мұсы басылып қалушы еді.

«Бірге тумақ бар да, бірге өлмек жоқ» демекші, Мәкеңмен туыстай болып кеткен едік. Асыл ағамызды ажал арамыздан алып тынды. Мәкеңе деген құрметімді білдірейін, әрі інілік парызымды өтейін деп жерлеуге қатыстым, қабіріне бір уыс топырақ салдым. Азамат ретінде де, басшы ретінде де көңілімде өшпес із қалдырған Мәкең жайлы бір ауыз жылы лебізімді білдірсем деген ниетпен қолыма қalam алған едім.

Қажымас қайрат иесі Мәркен Ахметбекұлы бүгін тірі болса 70 жылдығын атап өтіп, елі мен досжарандарының, туған-туыстарының арасында қошеметке бөленіп отырап еді. Бірақ Мәкең дуниеден өткенмен, оның артында мәңгілік өшпес ізі қалды. Және оның өмірі, қалдырған ізі өте мағыналы. Осыған орай Қазыбек бидің:

Уа, сұнқарымыз тұғырдан ұшты,

Салмағы келіп Сізге тұсті.

Бәрінен тағдырдың жазмышы құшті,

Сұнқар ұшып, тұғыр қалды,

Ақыры соңында ұл-қызы қалды,

Откеннің берекелі ісі мен игі ізі қалды, - деп айтқан сөзі еске түседі.


Иә, Мәкеңнің артында ұл-қызы, өнегесі, мағыналы өмірі, игі істері қалды. Артында өсіп өнген ұрпақтары, ардақ тұтатын елі бар. Ардақты азаматтың туған жері сыйлап, өзінің білім алған мектебіне Мәркен Ахметбековтің есімін берді.

Осындай елге елеулі, халқына қалтқысыз қызмет етіп өмірден ерте кеткен Мәкең бәріміздің мақтанышымызға айналған адам. Кейінгі ұрпаққа өнеге, еңбек жолын өзгелерге айтып отыратын абзал азаматтың жарқын

бейнесі ешқашан да ұмытылмайды. Өйткені оның өмірі, тағы қайталаپ айтамын – өнеге.

Бір сөзбен айтқанда, Мәкеңмен бірнеше жыл бірге бір ауданда қызмет атқарған кезде көп нәрсені қөрдік, үйрендік. Бәрі есімде, оны жазуға да болады, бірақ Мәкен-нің жолдастары, әріптестері көп, олардың жазатынын және жазып жатқандарын білемін. Осылымен еске алуымды аяқтасам деймін.





## АСЫЛ ТҰЛҒА

Дүниеге шыр етіп келген әрбір жанға мына жарық өмірдің рақаты мен ризығы таусылмастай болып көрінеді Гой. Бірақ қызығы мен қикуы көп тіршілік толқыны күндердің күнінде тулап барып жағаны ұрыптынатынын, өмірдің керуен көшінің бәрібір бір жерге барып аялдайтынын ескере бермейтінімізді қайтерсің. Ажал келіп, жалған дүниенің соңғы сағаты соғардағана ес жинаймыз-ау! Сондағана барып ғұмырдың қас-қағым, қамшының сабындаған қысқа екенін көз жеткізіп, аһ ұратынымызды айтсаңызшы!...

Тірі кезінде адал еңбегімен Ел мен қоғам құрметіне бөленген, республикамызға белгілі Жоғарғы Кеңестің депутаты, көптеген мамандарды тәрбиелеген, тау тұлғалы азамат Мәркен Ахметбеков мезгілсіз дүниеден озып, арамыздан алысталап бара жатқан шақта бәріміз де осындай ауыр күй кештік. Апырмай, күні кешеғана ортамызда жарқырап жүрген жайсаң жанның, бауырмал ақ көңіл бажаның осылайша өмірден ерте кетіп қалатынын кім ойлаған. Адам жасының үлкен-кішілігіне қарамай алып кететін мейірімсіз ажал құрығының ұзын екеніне тағы да күә болдық. «Ажал айтып келмейді» деген сөздің

растығы мен сыры терең екендігіне амалсыз бас игендейміз.

Ел алдындағы елеулі еңбегіне қоса адамгершілік, кішіпейілділік, парасаттылық, қасиеттерімен есте қалған Мәкенді бажа ретінде жақсы білісіп кеттік. Атақты Шал ақын бабамыздың Қаратал ауылында, кіндік қаны тамған жерде, бажамыз Мәркен балдай тәтті балалық шағын өткізді. Шаңдақ жолмен жалаңаяқ жүгіріп өсті. Жасынан құйма құлақ зерек болды.

«Жігіттік дәурен өткен соң кіслік дәурен келеді» деп Майлышқожа бабамыз айтқандай, сол кіслік дәурен адамның өткен ғұмырының маңыздылығымен, артына қалдырған үлгі-өнегесімен, өзі өмір сүрген дәуірдің белгілі бір кезеңінің жүгін зейінмен зерделеп, пейілмен пернелей көтерген білігімен, парасат пайымымен өлшенсе керек. Іскер басшы, ұйымдастыруши ретінде ұзақ жылдар бойы аудандар мен облыс орталығында партия-кенес қызметтерінде абырайлы жұмыс атқарып, экономикамыздың, мәдениетіміздің нығайып, өсіп-өркендеуіне үлес қосуымен қатар, еліне елеулі, халқына қалаулы болған бажамыз Мәркен Ахметбекұлы сол өлшемге сиятын жанның өзі.

Құдай қосқан қосағы, сүйікті жан жары Күләш Файсақызымен өмірдің неше түрлі өткелдерінен өтіп, артына Серік пен Бауыржан сияқты түяқ қалдырып, Туа біткен асыл қасиеттерімен елдің сүйіспеншілігіне бөленді. Күләш қайын бикеміздің туған апасы Рәш тәтені біз отбасымызben аса ыстық ықыласымызben, құрметпен жиі еске алып отырамыз. Облысымыздың шалғай орналасқан Тимирязев ауданындағы «Целинный» кеңшарының орысша орта мектебін ұзақ жылдар абыраймен басқарып, «Білім беру үздігі» атағымен марапатталған. Рәш тәтеміз облыс орталығына жиналыстарға келген

сайын, дастарханымыз әрдайым дайын болып, оны сағына күтіп, қошеметтейтінбіз, білімді, сөз шебері, бізге үлкен қуаныш сыйлаушы еді. Оның бір келгенінде үйде қонаққа Жақай анамыз келіп жатқан, содан Жақай анам Рәш тәтені тәни кетіп құшактап, емірене сүйіп, көзіне жас алғанын көзімізben көрдік. Сонда анамыздың айтқаны: «Ой шіркін, Ғайса деген бұл қыздарымыздың әкесі қандай ғажап кісі еді, бұлар «алтынның сынығы ғой» деп толқып, тебіреніп кетті.

Мәркеннің жаны жомарт, дархан мінезді, кісілігі мол, қалжының қатар жүретін, байсалдылығымен жанындағылар қызығушылық білдіретін. Бір тойда дүйім жүргттың көзінше: «Мынау Алтай бажам Кәмила балдызымнан бір мүшел жасқа үлкен болып, алдаң алыпты» - дегенде тойға қатысушы ағайындар шек-сілелері қата күліп, мәз болғаны әлі есімде.

Мәркен Ахметбекұлы БІРТУАР асыл тұлға еді, эттең өмірі қысқа болып, біраз ойлары орындалмай іште кетті. «Артында қалған оңалар» демекші, жан жары мен балалары, немерелердің алатын асулары, шығар таулары жоғары болсын демекпін.





Әкесі Ахметбек, анасы Зейни



Қошан тәте Шәпния апамен 1970 жылдары



Күләш Бибәтіш әжесімен (оң жақта), Ажар құдағи, Шортанбай, Мұхаметжан құда, апалары Мағиша, Рахиля, інісі Мұрат. 1951 ж.



Күләш Файсақызы әкесі мен анасы және апасы Рәш, немере ағасы Торсан. 1942 ж. Көктерек ауылы



Күләштің студенттік шағы  
Петропавл қ. 1962 ж.



Мәркенниң студенттік шағы  
1957 - 1962 ж.ж.



Ленин орта мектебінің оку озаттары 1957 ж.



Мәркен студенттік практикада  
1960 ж.



Мәркен жолдастарымен  
студенттік шағы 1961ж.




Күләш күрбисы Үмітпен  
1958 ж.



Студент шағы 1960 ж.



Мәркениң ағасы Кәкен, апасы Қайрия.  
Москва. 1982 ж.



Мәркен мен Күләш Москва қ.  
1966 ж.



Үйлену тойға шакыру, шілде 1964 ж.



Маркен мен Күләш ВЛКСМ 15 съезінің делегаттары Москва қ. 1966 ж.



Жамбыл аудандық партия  
конференциясында сөйлеген кезі



Тың көтерудің 25 жылдық мерекесі



Облыстағы аудандардың бірінші хатшылары



Мәркен кіші баласы  
Бауыржанмен 1975 ж.



Мәркен ұлдары Серік  
және Бауыржанмен. 1975 ж.



Серік және Бауыржан ұлдарының  
тұған күнінде. 1978 ж.



Қысты шығарып салу кезі. Благовещенка с. 1978 ж.



Күләштің ағасы Аманжол және сіңлісі Райхан. Алматы, 1970 ж.



“Трускавец” санаторийі. 1988 ж.



Сочи. 1980 ж.




К. Исманов, М. Ахметбеков, К. Қайыржановтар  
Фабит Мұсіреповпен бірге



Қазақстан әртістері Е. Серкебаев, Б. Төлегенновалармен бірге.  
Москва, 1982 ж.

Қазақстан Компартиясының съезіндегі





Күләш апалары Рәш және Ракиламен



Мәркен ұлдары Серік және Бауыржанмен



Тұыстарымен Қызыл аланда



Офицерлер жиынында. Горький к. 1983 ж.



Москва түбіндегі Ленин тауларында



Кызыл алаңда. 1983 ж.



1977 жылдың қарсаңында,  
Благовещенка с.



Қоғамдық Академияның тындаушыларымен бірге



К. Салықовтың отбасымен бірге



Бурабайда демалыста.  
(Оң жақтан екінші  
академик С. Зиманов)



Оңнан солға қарай: жұбайы Күләш, Мәркен, әкесінің інісі  
Әлти атамыз, апасы Қайрия, жеңгесі Тәндік,  
төменде: қызы Сәуле, Фалымжан, жиені Айдын



Көкшетау өніріндегі құдаларда. Құдасы Талғатбек, Мәркен,  
Амангелді құда, Кенжебек бөле



Тұыстарының үйлену тойында



Күләш пен Мәркеннің күміс тойында. Сол жақта апасы Магиша,  
женгесі Сақым, сіңлісі Райхан, апасы Қадиша. 1989 ж.



Ұшқып-космонавт Викторенкомен бірге. 1988 ж.



XII шақырылған ҚССР Жоғарғы Советінің  
делегаттары (сол жақта О. Бәйгелді). 1990 ж.



Серікті міндетті әскерге аттандыру. 1986 ж.



Күләш Қошанқызының 50 жылдық тойында  
(он жақтан үшінші Ғабит Исқаков). 1991 ж.



Президент Н.Назарбаев мен бірде. 1990 ж. Петропавл қ.



Облыстық партия комитетінің аппараты. Тамыз 1991 ж.



Алматы 1987 ж.



Ыстық көл. 1990 ж.



Сарыагаш. 1991 ж.



Мәркеннің әкесінің  
інісі Әлти, қызы Сәуле,  
Күләш Қошанқызы



Оңдан солға қарай: Күләш, Қайрия, Тендік, Кәкен. 2006 ж.



Агам Қобылан қажы  
Сақып женгеммен  
демалыс сәтінде



Күләш Кошанқызының 60 жылдық тойында. 2001 ж.



Күләш немерелерімен бірге. 2000 ж.



А. Қ. Қошановтың мерейтойында халық әртісі Р. Рымбаевамен бірге



Ленин мектебіне М. Ахметбеков атын беру кезі. 2000 ж.



Сергеев қаласының көшесіне М. Ахметбеков атын беру салтанаты



Бауыржан баласы Әлімжанмен



Немерелері Сұлтанбек және Асхат



Мәркениң алғашқы немересі  
Сұлтанбектің  
бірінші сыныпқа барған кезі.  
1999 ж.



Атасы Сұлтанбекпен бірге



Серік жанұясымен.  
2001 Жаңа жыл



Бауыржанның жанұясы



Күләш, Қамалтай, Зия-нағашы апа, Түйғын, Тендік, Лариса



Ахметбеков атындағы мектептің ұжымы



Күләш Қошанқызы немерелері Сұлтанбек, Асхат, балалары  
Сәуле және Серік



Кәкеңнің 70 жылдық мерейтойында. Қаратал а.



Облыстық партия комитетінің  
екінші хатшысы М.А. Ахметбеков. 1990 ж.



Естелік кітапты құрастырушылар тобы,  
“Асыл мұра” орталығының қызметкерлері

**Есхожин Қайрат,  
зейнеткер, көп жылдар  
қызметтес болған інісі, жерлесі**



## **АЯУЛЫ, ҚҰРМЕТ ТҮТҚАН АҒАМ ЕДІ ...**

Ақпанның 5-і күні егер тірі жүрсе 70 жасқа толып, ұлан-асыр той жасап, ағайын-туғандарды ғана емес, бүкіл Солтүстік Қазақстан облысының мен деген беделді азаматтарының басын қосып, естен кетпес кеш өткізетін Мәркен Ахметбекұлы ағам болар еді. Әттең, сүм ажал бұдан 16 жыл бұрын, 53 жасқа ғана келген шағында, ортамыздан ел ағасы, халқының сыйлы азаматы, сүйікті жар, әрі әке, үлкенге-іні, кішіге аға бола білген аяулы азаматымызды кенеттеп алғып кетті.

Жүрек сыздады, көл-көсір жас төгілді. Сонында аяулы жары Құләш, ұлдары Серік пен Бауыржан, тұңғыш немересі – Сұлтанбек, жандары бірге бауырлары – апасы Қайрия, ағасы – Кәкендер қала берді. Қанша жанымыз ашып Ахметбековтар әuletіне қамқор болғымыз келсе де, ағамыздың орнын толтыра алмадық, ол мүмкін де емес еді. Бірақ та жылдар өтіп, балалар есейіп, ағайын-туғандардың жүректеріне түскен ауыр қайғы-мұндары сөлде болса сейілген шағында, аяулы жеңгем Құләш Файсақызы, ұлдары – Серік пен Бауыржан ағамыздың 70-жасқа толуына арналған еске алу кешін өткізууді үйғарды. 2010 жылдың 6-шы ақпан күні Қызылжар мешітінің үлкен залында Мәкенді билетін, әрі сыйлап өткен ағайын-

туғандары, жолдас-жоралары, қызметтес болған құрбы-құрдастары түгел жиналыш әуелі бейне таспаға түсірілген естелікті көріп, одан кейін құран бағыштап, ас берілді. Марқұм Мәркен туралы естеліктер айтылды.

Ағамызды еске алғанда менің көз алдыма ол кісінің қарапайымдылығы, қонақжайлышы, сыйластықты құрметтей білуі, қай жерде жүрсе де ешбір азаматты ұмытпауы сияқты киелі де, қайталанбас мінез-құлқы келеді. Талай жылдар қасында жүріп дәл Мәкендей үлкен де, лауазымды қызметтегі адамның өз үйінде, балаша жүгіріп қонақ күткен кісі көрген емеспін. Оның үстіне, жеке қалғанда айтатын, қай адамға сый-құрмет жасап табақ тартсаң, сол кісінің ризашылық сөзін естімей, қош айтысып, дәм-тұзынды жинап тастама, ол әдепсіздік болады дейтін.

Екінші бір ағадан алған үлгім өзін құрмет тұтқан адамдардың туған күндерін ұмытпауы және де сол күні өз қолымен толтырған жедел хат, немесе ашық хат жіберуі. Біздің отбасымызда ағамыздың Москвада окуда жүрген кезде, әлде курортта демалыста болғанда жіберген құттықтаулары бар. Оларды балаларымызға, немереле-рімізге мақтанышпен көрсетіп, достықтың, жолдастықтың үлгісі ретінде мысал келтіреміз.

Мәкең менен бес-ақ жас үлкендігі болса да, әрқашанда ақыл-кеңесін аяған емес. Алты жылдай обкомның ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы қызметтін атқарғаннан кейін Возвышен аудандық партия комитетінің екінші хатшысы етіп сайлардың алдында маған былай деді:

- біріншіден, ұжымшарларға баарда тиянақтап дайындал. Әрбір цифрді айту үшін қағазға үңіле берме, сөйлесетін кісілердің аты-жөнін біл, жөн-жосықсыз сұрақтар жаудыра берме;

- екіншіден, өтініш, арыз айтқан адамдарға бәрін шешем, орындаимын деп уәде бермे, ұятқа қаласың. Баппен тыңдап, жауабын беремін де;

- үшінші мәселе, өз отбасыңа байланысты. Ешқашан, қызыметтегі жетістіктерінді де, кемшіліктерінді де үйдегі ақ жаулыққа жайып салма. Ертеңгі күні хатшының әйелі бүйдеп жатыр, сүйдеп жатыр деген қауесет тарап кетсе, абырайдан жүрдай боласың. Өмір дегенің құнделікті тіршілік болған соң, келіннің анау керек, мынау керек дегенине еріп кетіп біреулерге сұраншақтық жасама, балаларыңды үлгілі етіп өсір.

Осы жерде айта кетер жәйт мынандай. Ағам тек ақыл айтып қоймай, оны іс жүзінде асырған азамат. Жеті жыл Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызыметін атқарған жылдарда ол кісінің жан-жары Құләш тәтеміз туралы бір оғаш қылышы болды деген сөз түгіл, сыбыс естілген жоқ. Одан кейін Сергеев ауданында дәл сондай қызыметте болғанда, кейін облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, Жоғарғы Советтің депутаты болып сайланғанда да аға есіміне кір келтірер сөз не женгеміздің, не балаларының іс қымылышынан көрінген жоқ.

Менің ұғымымша Мәркен аға ұлылар санатына жататын азамат. Сондықтан да бірге тумаса да тугандай болған ағамды суреттегендеге заманымыздың дүлдүл ақыны, қазақтың бір туар ұлдарының бірегейі марқұм Мұқағали Мақатаевтан артық айту мүмкін еместігін ескере отырып, ақынның «Халық үні» атты өлеңінен жыр шумақтарын келтіргім келеді:

«Болашақ дүниеге шыр еткенде,  
Бір ұрпақ бір ұрпаққа ілеккенде.  
Аспалы көпір болып қаларсың сен,  
Жалғайтын жүректерді жүректерге.

Біз сенімен,  
Сен бізбен қанаттандың.  
Қанаттанып халқыңа нәр ақтардың.  
Сенің көшің токтамас жер бетінде,  
Өлмес мәңгі сапарға жаңа аттадың.

Әрине, сүйк қайғы, сүйк қайғы,  
Көңілін халқың бірақ сүйтпайды.  
Егерде халық өзін ұмытпаса,  
Бақыл бол, халқың сені ұмытпайды.

Қайырымсыз қазаға елің бас ұрмайды,  
Саған деген сағыныш басылмайды.  
Табытында жасырса, жер жасырар,  
Ал уақыт өзінді жасырмайды!»

Ұлы ақынның ұлы перзенттер туралы айтқаны дәл  
Мәкеңе арналғандай болып көрініп тұр. Тек қосып  
айтарым: құрметті аға, жатқан жерің жайлы, топырағың  
торқа, иманың жолдас болсын. Соныңызда қалған  
ұрпақтарыңызға сіздің білгірлігіңіз, атақ-абыройыңыз  
жұғысты болсын.

Сүйікті де, құрметті женгеміз Күләш тәтеміздің көрер  
қызығы мол болып, алдағы өмір жылдары тек жақсылық  
пен сыйластықта өтсін.



**Бекназаров  
Самат Жанатаевич,  
полковник в отставке**



## **МОИ ВСТРЕЧИ С МАРКЕНОМ АХМЕТБЕКОВИЧЕМ**

Я познакомился с Маркеном Ахметбековичем в 1971 году, когда меня назначили инструктором организационного отдела Сергеевского райкома партии, но лучше его узнал позже, когда меня в январе 1972 года избрали первым секретарем Сергеевского райкома комсомола, одновременно я являлся членом бюро райкома партии. В этот период мне чаще приходилось общаться и с директорами совхозов (а их в районе насчитывалось 12) по молодежным проблемам, тем более в совхозе «Ступинский», где директором был Маркен Ахметбекович, работала комсомольско-молодежная тракторно-полеводческая бригада в с. Жалтырь этого хозяйства.

В детские годы я не был знаком с Маркеном Ахметбековичем, хотя мы росли в одном районе, да и родные наши села расположены не далеко. Это связано с тем, что в 50-е годы 20-го века транспорт был в основном гужевой, такого общения между населенными пунктами, как сейчас, не было. К тому же я учился в Городецкой семилетней, затем Марьевской средней школе, последняя располагалась в районном центре. Маркен Ахметбекович учился в Ленинской средней школе, здесь обучение шло на казахском языке. В с. Ленино (ныне с. им. Ибраева) в ос-

новном жило казахское население, здесь был интернат, и на казахском языке обучались дети со всего района, так как другой такой средней школы в районе не было. В этой школе в то время работали хорошие учителя, болеющие душой за свое дело, как говорят профессионалы, стремящиеся дать своим воспитанникам отличные знания. Говоря современным языком, имидж этой школы в области был высок. Из этой школы вышли многие известные люди в нашей республике. Это я сужу и потому, что выпускники этой школы в основном поступили в вузы. Многих из них я знаю лично, с некоторыми я поступил в институт, с некоторыми дружу и по сей день. Они работали или работают руководителями в различных отраслях производства. Это Анасов Т.А., Елемесов С.Е., Садыков Е.Ш. и многие другие. Вот эту школу Маркен Ахметбекович окончил блестяще, затем поступил и окончил Алматинский зооветеринарный институт.

В Сергеевском районе в 1971 году Маркен Ахметбекович был самым молодым директором самого молодого совхоза «Ступинский». Совхоз под началом Маркена Ахметбековича быстро становился на ноги, стал одним из передовых в районе и вскоре выступил с девизом «Пятилетку - за 4 года». Хотя в районе были и другие хорошие хозяйства, но районный комитет партии горячо поддержал инициативу этого совхоза, т.к. верил молодому энергичному директору, коллективу хозяйства. Знал, что у Маркена Ахметбековича слова не расходятся с делами и что он может увлечь за собой тружеников села, среди которых он пользовался большим авторитетом. В этой должности у Маркена Ахметбековича проявились лучшие его качества – большие организаторские способности, знание дела, умение находить общий язык с людьми и убеждать их. Разумеется, в успехах совхоза была и за-

слуга его специалистов. Маркен Ахметбекович умел создать, как сегодня говорят, команду единомышленников. В совхозе в то время работали главным зоотехником Викторов Е.И., впоследствии работавший первым секретарем райкома партии и начальником областного управления сельского хозяйства, главным агрономом Мазуркевич Ф.И., впоследствии работавший вторым секретарем райкома партии, главными специалистами Казаков В.В. и Тополян И.С. – затем работавшие директорами совхозов. Секретарем парткома совхоза был Коломиец А.М., председателем рабочего комитета Токумбетов И. – молодые люди, хорошо зарекомендовавшие себя в работе с людьми, пользующиеся у них уважением. В целом «команда» была собрана боеспособная, готовая к решению поставленных задач. Хотелось бы здесь отметить, что при советской власти на руководящие должности назначались не так, как сейчас, а лишь после того, как человек приобретет определенный производственный опыт, покажет себя, на что он способен и чего он стоит. Вообщем, каждый проходил через определенное кадровое «сито», и лишь после этого его ставили в резерв на выдвижение. А сейчас человека могут и в 30 лет назначить министром, хотя он толком еще ничего не познал в жизни. А Маркен Ахметбекович до назначения директором совхоза около 10 лет проработал зоотехником, главным зоотехником совхоза, заместителем начальника райсельхозуправления. И на всех должностях показал себя с лучшей стороны, в целом хорошо освоил секреты хлеборобского мастерства.

Работая директором совхоза «Ступинский», Маркен Ахметбекович стал известным в области, показатели хозяйства росли, и в 1973 году он был избран председателем Бишкульского районного Совета народных депутатов, а в 1974 году – первым секретарем Джамбулского

райкома партии. В 1975 году я был назначен инструктором отдела организационно-партийной работы Северо-Казахстанского обкома партии, а в 1978 году – заместителем заведующего этого отдела. Работая инструктором, я по своим обязанностям курировал 4 района, в т.ч. и Джамбулский. По долгу работы часто беседовал по различным вопросам деятельности райкома партии с Маркеном Ахметбековичем. И мое положительное мнение о нем еще больше укрепилось, как о вдумчивом, принципиальном, энергичном руководителе, умеющем решать сложные хозяйственные и партийные вопросы. Такое же впечатление, как мне кажется, об Ахметбекове М.А. было и у руководства области. В этот период у меня с Маркеном Ахметбековичем сложились очень дружеские отношения. Я его часто в дальнейшем называл Маркен аға.

Еще больше мы сдружились в дальнейшем. В 1980 году решением Центрального Комитета партии Казахстана я был направлен на учебу в Высшую школу КГБ СССР имени Ф.Э. Дзержинского (ныне академия ФСБ РФ) в г. Москву на факультет подготовки руководящих кадров для органов КГБ. После года учебы я приехал на каникулы на родину – с. Баганаты Сергеевского района. Позвонил Маркену Ахметбековичу. Узнав, что нахожусь в отпуске, пригласил меня к себе в гости. Приехал я в село Благовещенка, тогда оно было районным центром Жамбылского района, в субботу в конце июля. Встретил он меня, как мы договорились, в райкоме партии. После короткой беседы Маркен Ахметбекович предложил поехать на озеро искупаться, день был очень жарким. Когда мы приехали на озеро, там нас ждали мои старые хорошо знакомые Есхожин К.Ш., работавший заведующим организационным отделом райкома партии и зам. председателя райисполкома Исманов К.И. Мы долго непринужденно

беседовали, они в основном рассказывали о своем районе, о новостях в области, расспрашивали о Москве. После того, как мы поговорили, съели по палочке шашлыка, Маркен Ахметбекович предложил поехать по полям, посмотреть виды на урожай и по дороге немного пострелять из малокалиберной винтовки. Так, рас прощавшись с друзьями, мы тронулись в путь. Поехали мы по межполевым дорогам, вдоль которых то там, то здесь, возле своих нор сидели или кормились сурки. Одного из них, очень крупного, застрелили с первого выстрела, метров со ста. Ближе они не подпускали. Заметив нас, они быстро «ныряли» в свои норы. Больше мы в сурков не стреляли. В основном в пути мы останавливались на краю хлебных полей. Маркен Ахметбекович, выходя из машины, осматривал поля, брал колосья в руки, считал сколько в них зерен, шелушил колосья, что-то высматривал в них и говорил сколько центнеров зерна даст это хлебное поле. Так, проехав несколько зерновых хозяйств, мы доехали до совхоза «Кайранкольский», где нас встретили его директор и секретарь парткома совхоза. Здесь мы немного задержались за ужином и где-то около полуночи мы, рас прощавшись с хозяевами, выехали в с. Благовещенку. Приехав в райцентр, я намекнул Маркену Ахметбековичу об отдыхе. Тогда он сказал, что я приехал к нему в гости и что я еще не посетил его дом, где нас ждут. При этом пошутил, что я еще наотдыхаюсь, а один день можно посвятить ему. Я, конечно, согласился. И здесь я хочу остановиться на его семье. Сразу отмечу, что это дружная семья. Куляш Кошановна, супруга Маркена Ахметбековича, скромная и очень обаятельная женщина, никогда не кичилась положением своего супруга, всегда помогала и поддерживала его во всем. Со своей стороны Маркен Ахметбекович ценил ее преданность и очень любил ее.

Вместе они воспитали двух сыновей, помогли получить им высшее образование. На сегодняшний день оба они служащие, имеют свои семьи, живут дружно. Почему я об этом пишу? В 1981 году, когда Маркена Ахметбековича направили на учебу в Академию ЦК КПСС, мы часто в Москве общались семьями. Мою жену Катиру Нокеевну Маркен Ахметбекович называл сестренкой. Я Куляш Кошановну до сих пор называю тәте (это по казахскому обычаю обращение к старшей сестре). Дети наши познакомились в г. Москве и до сих пор мой сын Аскар дружит с сыновьями Маркен аға – Сериком и Бауыржаном. Маркен Ахметбекович и Куляш Кошановна уделяли большое внимание воспитанию своих детей. Серик рос серьезным мальчиком. Бауыржан, как самый маленький в семье, рос баловнем, как и во всех казахских семьях, как младший, мог позволить себе шалости, капризы, которые родителями воспринимались правильно. Сейчас оба сына – воспитанные, культурные молодые люди, и если бы был жив Маркен Ахметбекович, то по праву мог бы ими гордиться.

Маркен Ахметбекович и Куляш Кошановна были людьми гостеприимными. Куляш тәте и сейчас такая. И если кто-то из родных или знакомых приезжал в Москву к ним, то они звонили нам и приглашали к себе в гости. А мы, стараясь не опоздать, спешили к ним. Необходимо отметить, что все хлопоты по хозяйству лежали на плечах Куляш тәте, она умела встретить гостей, да стархан в их доме всегда был полным. За разговором мы засиживались до поздна. Маркен Ахметбекович старался не отпускать рано гостей. Застолье в их семье проходило весело, ведь сам хозяин Маркен Ахметбекович прекрасно пел, как и его супруга. Так что время летело незаметно, и я со своей семьей возвращался домой глубоко за полночь.

В январе 1982 года у нас с Маркеном Ахметбековичем совпали каникулы, мы встретились в Петропавловске, где договорились о совместном возвращении в Москву. Вдвоем зашли в обком партии. Когда мы были у секретаря обкома партии Т.К. Шандрова, он нам посоветовал возвращаться в Москву на транспортном самолете завода ПЗТМ, который вылетает 5 февраля. Мы так и сделали. 5 февраля на высоте 12000 метров отметили день рождения Маркена Ахметбековича, о чем позже часто вспоминали при встречах. Это незабываемый день. Говорили о многом. В основном рассказывал Маркен Ахметбекович. Он был хорошим рассказчиком. По жизни встречаясь со многими интересными людьми, занимательно повествовал об этих встречах, мы предавались воспоминаниям об учебе, детях, о прожитых годах. За душевными разговорами незаметно пробегало время. И вспоминая сегодня те наши задушевные беседы, я не перестаю восхищаться эрудицией, глубиной познания им жизненно важных проблем бытия, а также его любовным отношением к своим родным и близким.

По окончании учебы в Москве меня направили работать в УКГБ по Талдыкурганской области. После 5 лет службы меня перевели на работу в г. Караганду, где я проработал около 4,5 лет. Где бы не находился я, но каждый год в отпуске приезжал в Сергеевский район к родителям. И всегда я заходил к Маркену Ахметбековичу по здороваться, узнать, как у него идут дела, как обстоят дела дома, как растут дети. В 1985-1989 годах он работал первым секретарем Сергеевского райкома партии. Но более чаще мы встречались, в т.ч. семьями, когда меня перевели по работе в г. Кокшетау. На все радостные события в их семье он приглашал нас, и мы всегда старались присутствовать на них. Для нас, с моей женой Катирой

Нокеевной, это было очень приятно. Мы всегда искренне радовались успехам Маркена Ахметбековича, гордились им. Как-то раз в начале 90-х годов летом в отпуске я приехал в Петропавловск, был субботний день. Позвонил Маркену Ахметбековичу, тогда он работал вторым секретарем обкома партии. После короткого приветствия он сказал, чтобы я к часам 6-ти был у него дома. Когда я пришел к ним, Куляш Кошановна, как всегда, накрывала дастархан. Здесь отмечу, что гости их дом покидали очень редко, и всегда Куляш Кошановна их радушно встречала. Затем подъехал Маркен Ахметбекович, сказал, хорошо, что я приехал сегодня, т.к. в области находится Какимбек Салыков с супругой и скоро они приедут с Сергеевского района. Спустя некоторое время зашел Ш.К. Кулмаханов, работавший председателем облисполкома. Вскоре подъехали и Салыковы в сопровождении К.Б. Кеншинбаева, бывшего начальника треста «Союзцелинвод». И этот вечер, как я ожидал, прошел очень интересно, остался незабываемым в моей памяти. Как всегда, руководил застольем Маркен Ахметбекович, он как никто умел предоставлять тост гостям, при этом много шутил. В общем юмор у него всегда присутствовал. Разумеется, на этой встрече основное внимание уделялось Какимбеку аға. Он с интересом рассказывал о г. Джезказгане, его людях, знаменитых композиторах, артистах, встрече с ними и, конечно, о своей жизни, а потом взял домбу. Пел свои песни, объясня, когда и по какому поводу они была написана. Не остался в стороне от этого и Маркен Ахметбекович, спев с Куляш Кошановой несколько своих любимых песен. Петь он любил всегда, у него был не-плохой голос. Вообщем вечер, как говорят, удался. И в этом большая заслуга Маркена Ахметбековича. Гости задержались, но всему бывает конец, и они засобирались,

хотя никому не хотелось уходить. Мы втроем – Маркен Ахметбекович, Каттай Бектасович и я решили проводить Салыковых в гостиницу, где они остановились. Когда мы приехали туда и стали прощаться, Какимбек аға попросил час зайти в номер. Мы зашли и опять были беседы. Уходили мы от Салыковых далеко за полночь, но я не жалею за проведенное время и счастлив за встречу с такими не-заурядными личностями. Здесь уместно сказать, что Каттай Бектасович также известный в области человек, он много сделал для обеспечения водой жителей области. Трест, возглавляемый им, имел союзное значение и почти все проложенные водопроводы в области и за его пределами в те годы – его заслуга.

Обобщая, скажу – было много встреч с Маркеном Ахметбековичем, но я, чтобы не повторяться, выделил вот эти.

Безусловно, в короткой своей статье все не расскажешь об этом одаренном, интеллигентном человеке. На всех должностях он всесильно отдавался работе, стараясь довести начатое дело до конца. Но трагический случай оборвал жизнь этого замечательного человека.

Сегодня его нет среди нас, но остались его дела, он много сделал для процветания области. Осталась светлая память об этом удивительном человеке. Мы его любим и сохраним о нем память навсегда.





Исманова  
Қымбат Есмұқанқызы

## KІСІЛІК ПЕН КІШІЛІК ИЕСІ ЕДІ...

Нәресте шыр етіп дүниеге келгенде,  
Өмір әлемінің есігін ашады.  
Жаратқан ием – мандайына жазған күндері  
таусылғанда,  
Өлім әлемінің есігін ашып бақылық дүниеге өтеді.

Мәркен Ахметбекұлына Аллаһ Тағалам 53 жылдық ғұмыр жазған екен. Осы 53 жылында: жоғары білім алып, СОКП Орталық Комитетті жаңындағы қоғамдық ғылымдар академиясын бітірді, аудандық атқару комитетінің төрағасы, екі ауданның партия Комитетінің бірінші хатшысы, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты сияқты талай лауазымды қызметтер атқарды.

Міне, Мәркен Ахметбекұлының дүниеден өткеніне 17 жыл болды. Осы 17 жылда ол қаншама биік асуладардан өтіп, еліне, халқына қаншама жақсы, игі істер жасар еді?! Бәрі Алланың ісі.

Бұл 2005 жыл. Өңірімізде қоңыр күздің нышаны белгі бере бастаған тамыз айының соңғы жүлдездары болатын.

Елден – Бостандықтан інім – Бауыржан, келінім – Әлия келіп: “Тәте, Теміртас үйленбекші. Қыз – Әйгерім

Шал ақын ауданы, Қараталдан. Алдынан өту рәсімін жасауға Сіз бізді бастап апарыңыз” – деді. Теміртас – Әлияның бауыры. Маған құда бала.

Құда – Бірмахан, құдағи – Күлзада ертерек дүниеден озған, жалпы Торғай өлкесінің тумалары болатын. Ал Шал ақын ауданындағы Қаратал - Мәркен Ахметбек-ұлының кіндік қаны тамған, туған ауылы.

Теміртастың бауырлары, мен, 4-5 кісі болып, құдалыққа аттандық.

Әйгерімнің әкесі – Сәбит құдамыз қайтыс болған екен, анасы Қемелтай құдағиымыз 9 баланы өсірген, ержеткізген, Алтын алқа иегері, алтын құрсақты Нар-Ана. Кенже ұлы Ербол мен келіні Бәтес төрт қабат көрпенің үстіне, төрге отырғызып қойған, қадірлі, күтімді қария екен.

Құдаларын құдайындағы сыйлайтын халқым-қараталдықтар бізді ханша көтеріп, қарсы алды.

Есік алдына шыққан кезімізде, Қемелтай әжеміз маған: «Мына жерде Мәркен мен Күләш кездесіп тұратын», - деді.

1963 жылы Күләш қаламыздағы медициналық училищені бітірген соң, жолдамамен Қаратал ауылында фельдшер болып қызмет атқарады. Тұрағы – Қемелтай әжеміздің үйі. Ауылдағы ең ауыр жұмыс ол кездері – фельдшерлік қызмет. Кез келген ауа райында, жаяу науқас адамға көмекке келуі керек.

Күләштің өз аузынан талай рет естіп едім: «Сондай жақсы адамның үйінде тұрдым. Тұнде балаларын оятып, жаңыма ертіп жіберетін. Анамдай қамқор болды» - деген. Сол Күләш айтқан жақсы адам – Қемелтай құдағиымызды көзім көріп, сый-құрметіне бөленіп, қолынан дәм іштім.

Мәркен Ахметбекұлы, Құләш Қараталда қызмет істегендегі туған елінде зоотехник болып, мал шаруашылығына көмегін тигізген екен. Олардың үйлену тойлары 1964 жылы осы Қаратал ауылында өтіпті.

Дөңгеленген дүние: Мәркен мен Құләштің махаббатына, айтылған алғашқы жүрекжарды сырларына күә болған орындықта, қораның алдында отырып, мен 40 жылдан кейін Кәмәлтай әжеміздің әңгімесін тындағым. Тағдырлары ұқсас қос жетім, қос жас қол ұстасып, қос аққудай қатар жүріп, отыз жылдай тату-тәтті, сыйластықпен, үлкен жанашырлықпен өмір сүрді. Біз Қайыркеш екеуміз сол бақытты шақтың, қызығы мол жылдардың күәсі болдық. Бірге табақтас болып, бірге дем алдық. Маңайымызда ұлдарымыз ойнап жүрді. Осы күндер қайта оралмайтын, керемет, ғажайып, ерекше күндер! Кездесе қалғанда, басымыз қосыла қалған жерде, Мәркен Ахметбекұлының әркімге жасаған көмегі, қамқорлығы, жанашырлығы, талай бұлақтың көзін ашқандығы туралы көп айтылады, көп естіп жүрмін. Бұл Мәркен Ахметбекұлының кісілігі.

Ал енді кішілігі туралы; басымнан өткен бір оқиғаны айта кетейін. Қайыркеш Алматының Жоғары Партия мектебін бітірген соң, Троицк мамандандырылған шаруашылығына партия үйымының хатшысы қызметіне келді. Қонақ үйде тұрып, көп қыншылықтарды көріп, қыс түсердің алдында жаңа үйге кірдік. Бір кеште, балалар сабактарын оқып, мен де ертеңгі күнгі өткізілетін сабактарыма жоспар құрып, әзірленіп отырған едім. Есік ашылып, Қайыркеш 2-3 кісімен сейлесіп, кіріп жатыр: «Мәркен Ахметбековиң, біздің үйіміз осы» - дейді Қайыркеш. «Бұл кісі – ауданның бірінші хатшысы гой», - деп, мен ішімнен ойлап, қысылып қалдым. Ол жылдары

әлі ұялы телефон байланысы өмірге енбекен кез. Күні бұрын, алдын ала, әдейі арналып жасалған дастархан жоқ.

Күнделікті отбасының тағамы – борщ пісіп тұрган. Немесе, бір ұлттық тағам да емес. Мен қатты қобалжып, ыңғайсыздандым. Сол кезде Мәркен Ахметбекулы: «Қандай жақсы болды, мен борщты өте ұнатамын!» - деді. Бәріміз, жүргізуші Петро бар, мәз болып, өте көңілді отырып, борщ іштік. Қазір таң қаламын! Қай бірінші хатшы өзін осылай ұстайды?! Бұл, тек қана Мәркен Ахметбекұлына ғана тән адамгершілік пен кішілік. Ұлағаттылық кіслік пен кішілікten тұратынын бойына тұмар еткен Мәркен Ахметбекұлы небары 53 жыл ғана өмір сүріп, арамыздан кетіп қалды.

Халқымыздың даналығында: «Ана бір қолымен Бесік тербетсе, екінші қолымен Әлемді тербетеді» - делінген. Құләш – Мәркеннің адап жары, үлкен шаңырақтың түтінін тік ұшырып отырган – бәйбіше, дана – Ана, күн сәулесі іспеттес немерелеріне шуағын шашқан мейірімді әже!

Артында қалған қос ұлы, қызы, Құләші, немерелері, тұған-туысқандары, жолдастары аман болуын бір Алладан тілеймін.





## АЯУЛЫ ДА ҚАМҚОРШЫ ІНІМ ЕДІ...

Әрқашан үлкенге ізет, кішіге ілтипат жасап жүретін Мәркен сонысымен халықтың қалаулысы, құрметтісі болғаны шындық. Мен оны Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында оқып жүргеннен біletінмін.

Алғашқы қызмет стіл жүрген жылдары, 1964 жылы Күләш екеуінің комсомолдық тойының күесі болып едік.

Менің жолдасым Мусин Серік 1963 жылы жаңадан ашылған Теренсай (кейін И.Ибраев атындағы) совхозының бас агрономы болып жұмыс жасайтын. Мәркеннің туған жері – ауылы Қаратал сол совхоздың бөлімшесі. Міне, осы Қараталда алғашқы комсомолдық тойды ауыл клубында гүрілдетіп өткізіп едік. Содан кейінгі жылдары Мәркеннің қызметтінің есу жолдарын сырттай сүйсіне бақылап жүрдік. Бұл жылдары біз, Серікті облыстық партия комитетіне, аудандарға ауыстыруына байланысты, кездесе алмай қойдық. 1973 жылы Мәркенді Бескөл ауданына аудандық атқару комитеттің төрағалығына сайлағаннан кейін бір жылға жуық көрші болдық, оның отбасымен, туғантуистарымен етene араласа бастадық.

1974 жылы Мәркенді Жамбыл ауданына бірінші хатшылыққа ауыстырғанда да араласып тұрдық.

1981 жылы Мәркенді Москвадағы қоғамдық ғылымдар академиясына оқуға жіберіп, Құләш екі баламен, Серік, Бауыржанмен бірге барып, Москвада тұрып жатқанда, алғашқылардың бірі болып, артынып-тартынып біздің Серік барып еді.

Шіркін, өткен күндер-ай, осы естелікті жазып отырғанда, төртеуіміз де күнде бірге жүріп өткізген 20 жыл есіме түсіп, көз алдынан өтіп жатыр.

Мәркеннің отбасымен тығыз араласып кетуіміздің бірден-бір себебі - өміріміздің үқастығы. Ата-анадан жастай айырылып, өз еңбектерімен биік дәрежеге, отбасын құруға талпынғандығымыз,

Мәркен күрсіне: «Анау төртеуіміз де жетімдерміз гой!» дейтін.

Мәркен Серікті оте сыйлайтың, Құләш те ағам дең отыратын. Мен Мәркенді інім дейтінмін.

Мәркен Москвада окуда жүргенде Серік 1982 жылы 17 мамырда кенеттен дүниеден өткенде, өзі келіп соңғы сапарға шығарып салды. Жазғы демалысында Құләшті балаларымен елге әкеліп, Серіктің басына барғанда, құранды зулатып оқып шықты. Сонда Мәркен небары 42 жаста ғана болатын. Ол совет заманында қайсыбір үлкен қызметте жүрген кейбір азаматтардың кісіні соңғы сапарға шығарып саларда қол жаймақ түгілі, отырмай, түрегеп тұратындарын талай көрдік.

Мәркеннің үлкен адамгершілігін, қамқорлығын Серік қайтыс болып, үш баламен қалған кездे ерекше сезіндім. Өзі қайтпас сапарға аттанып кеткенгс дейінгі 11 жыл ішінде, менің балаларыма үлкен пана, жанашыр, қамқоршы болып көмегін аямады.

«Апа, жағдай қалай, балалар не халде, бәрін де орындаимыз», - деген сөздері, көмегі мені қанаттандыратын, көңілімді көтеретін, еңсемді көтеріп жүргуге

көмектесетін. Сол айтылған сөздерінің айғағы - біздің үлкен қызымыз Гүлнараның 1984 жылы, екінші қызымыз Құралайдың, ұлымыз Сайлаубектің отбасын құрудағы еткен еңбегін, көмегін, ақыл-кеңесін ешқашан ұмытпаймыз.

Жалпы Ахметбековтер отбасымен араластырымызға төрт ұрпақ куә. Мәркеннің экесі Ахметбек пен менің қайын атам Мусин Үмітбай қызметтес, сыйлас болыпты. Одан кейін Мәркен мен Серік, Мәркеннің үлкен ұлы Серік пен менің ұлым Сайлаубек отбастарымен арасады. Сайлаубектің қызы, менің немерем Сәуле мен Серіктің ұлы, Мәркеннің немересі Асхат дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицейінде білім бұлағынан сусындал жүр. Ие, Аллаһ, осы туыстырымызды ұзағынан қылыш, солардың қызығын көруге жазсын!

Мәркеннің асыл жары Күләш қасиетті қара шаңырақтың түтінін түтетіп, 17 жылдай отырсың ғой, тағы да осынша жыл бала-шагамыздың, немерелердің ортасында, шөбереге жетіп алтын кіндік болып отыра бер!

Мәркеннің жаны жаннатта, топырағы торқа болсын! Ұрпақтары, Мәркеннің ұлдары, Мәркеннің немерелері, Мәркеннің шөберелері деген атқа лайықты болсын деген тілек айтамын.

22 ақпан 2010 жыл, Астана қаласы



**Ахметбекова Құләш Гайса-  
Қошанқызы,  
Мәкеңнің жұбайы**



## **МЕНИҢ МӘРКЕНІМ**

Мен 1963 жылы наурыз айында медучилище бітіріп, акушерка мамандығын алдым. Ол кезде облыстық денсаулық сақтау бөлімі жолдама беріп, ел-елге жібереді.

Мені Сергеев ауданындағы Қаратал ауылына жіберді.

Бас дәрігердің орынбасары Дмитриенко Р.М. менімен бірге барып, медпункттің меншерушісі қылып тағайындады.

Сол кезде Мәркен сол ауылда бөлімше басқарушысы еken. Мені бір туысым үйіне пәтерге қойды, ол өзіміздің туыс Сәбит ағам мен Кәмәлтәй жеңгемнің үйі еді.

Ол кезде Жақыш апам тірі (Сәбит ағамыздың анасы). Мен күнде вызовқа барамын, күн демей, түн демей (Көбіне әйелдер түнде босанады) сонда Жақыш апам не Кәмәлтәй жеңгемді, не Сәбит ағамды айғайлап оятып, маған ертіп жібереді, «Барындар, Құләшті ит қауып алады» дейді. Мен жұмыстан кеш келем бе, ерте келем бе менің тамағым пештің үстінде ыстық күйінде тұрады. Жақыш апам ер мінезді, айтқанын істететін ақылды кісі еді. Кәмәлтәй жеңгеміз де оны қатты сыйлады. Ақ төсектің үстінде отыратын, есіктен біреу кіріп келе жатса (оның кім екенін көрмей жатып) «Кәмәлтәй, шай қой» деп айғай салатын.

Сәбит ағам момын, өз жұмысын ғана білетін кісі еді.

Сонда Жақыш апамның айтатыны: Сенің шешен Мәруэр (менің нағашыларым ауқатты тұрған ғой, әрі аштық жылдар ғой), бір отқа көмген нанды қойынына тығып, осы үйге әкеп береді екен. Соны айтып ол бір жылап алатын. Соны мен қайтаруым керек қой саған, сол нанның дәмі әлі аузымнан кетпейді деп отыруши еді. “Сыйға-сый, сыраға бал” деген осы шығар.

Жақыш апам да, Сәбит ағам да о дүниелік болып кетті. Иманы жолдас болсын.

Құдайға шүкір, Кәмәлтәй женгеміз ұлды ұяға, қызды қияға қондырып бақытты әже болып, немере-шебере көріп отыр. Кәмәлтәй женгеміз 80 жасқа келіп, балалары үлкен той жасады. Жастан жасқа келіп дені сау болып, жасай берсін. Қазақта «Атаңа не істесен, алдыңа сол келеді» дейді ғой.

Мәркенді мен Ленин орта мектебінде оқығаннан білуші едім, ол менен 2 сынып жоғары оқыды.

Мәркен жақсы оқыды, ол кезде мектеп бойынша комсорг болды. Мектепті «Күміс медальға» бітіріп, Алматыға оқуға кетті. Мен Мәркен кеткен соң комсорг болдым (мен де жақсы оқыдым, аттестатта 3-ақ төрт болды).

Мен Қараталға барғанда, Мәркен Алматыдағы окуды бітіріп, елге келген екен, (отбасы жағдайы бойынша) әйтпесе Бескөлдегі СЕВНИЖ-ге жолдама алған екен.

Елде – ағасы Кәкен жолдасымен, анасы қолында болған екен.

Анасы ауырып, 49 жасында бақылық болып, одан кейін жеңгесі Айман аяқ астынан о дүниелік болыпты.

Ағажан (қайынағамды осылай атаймын) екі баламен қара шаңырақта қалыпты.

Тәтем Қайрия ол кезде Ленин ауында түрмиста, ал Ерғазы жездеміз Теренсай кеңшарында бас бухгалтер екен (ол кезде Ленин ауылы осылай аталағын).

Сондықтан Мәркен үйге сұранып келіпті, алдымен Теренсай кеңшарында зоотехник болып істепті, енді бөлімше басқарушысы екен.

Мен келгенде ағажан Тендікке үйленіпті. Тендік екеуіміз Ленин орта мектебінде 5 сыныптан 10 сыныпқа дейін бірге оқыдық.

Мен сол Қаратал ауылында істей бердім, 10 шақты баланың кіндік шешесі болдым. Ең бірінші кіндік балам Ауган ага мен Дариға жеңгеміздің үйіндегі Бейбіт.

Мәркен екеуміз көңіл қосып, 1964 жылы 11 шілдеде отау құрдық, бірінші комсомолдық үйлену тойы болды Қаратал ауылының клубында (суреті бар шақыру билетін бірінші біз шығардық). Содан ақ орамал жауып, ақ батасын алышп, киелі табалдырықтан аттап, келін болып түстім. Енді Тендік құрбымменabyсын болдым.

Тойды Ахметбек қайынатамызың інісі Әлти атамыз берен Кәкен қайнағамыз өткізді. Тойға ел-жұрт, менің туыстарым, Серік ағамызбер Ұлсара тәтеміз де куә (онда олар Теренсайда қызметте еді).

Ахметбек атам менің әкем Гайсамен жолдастырым менің әкем Файса – Көктеректе.

«Кұданы құдай қосады» деген рас екен.

Бірақ, Ахметбек атам да майданнан оралмады. Мәркен тірі кезінде қанша іздеді, таба алмай кетті. Артынан Бауыржан баламыз іздел тапты, ерлікпен қаза тауып, жерленген жері Знаменское селосы, Ржевский ауданы, Тверь облысы (бұрынғы Калинин облысы).

Мен келін бол түскен соң, бір жұмадан кейін, Мәркенді Быковский атындағы кеңшарға бас зоотехник

қылып жіберді, ол кезде Ніл Әдғамұлы Болатбаев ауданда бірінші хатшы еді.

Енді сол кеңшарға баруға жиналдық. Зейни анамыз (енемді мен көрген жоқпын) қайтарында балаларына:

«Екі бауыр бір-бірінен айрылмандар, қайсыңың әйелің тентек болса, қоя беріп екіншісін алындар, бірге тұрындар» деп өсиет айтып кетіпті.

Сол өсиетті бұзбай, бәріміз үлкен үйге бардық (ол кезде бас мамандарға бас span> дайын болады ғой). Шаруашылық директоры Метринский А.

Ескі ел, ылғи украиндықтар (хохолдар). Бас мамандардың ең жасы біз едік (Мәркен 24-те, мен 23-те). Бірақ тез тіл табысып кеттік. Мен балабақшада медбике болып істедім, сол елде 5,5 жыл тұрып, Найля деген қызымыз, Серік деген ұлымыз туды.

Найля деген қызымыз 2,5 жасында шетінеп кетті.

Мәркен Быковский кеңшарында жүргенде 1966 жылы осы елге халқымыздың біртуар ұлтжанды азаматы Өзбекәлі Жәнібеков келді. Ол Мәркенді көріп, бір күн бірге болып, Мәркен оған ұнап, келешекте комсомол жұмысына тартамын деп, келісімін сұрапты.

Көп ұзамай Мәркен Мәскеуде өтетін комсомолдың бүкілодақтық 15 съезіне делегат болды, мені бірге ала барды.

Ол кезде Обком комсомолдың бірінші хатшысы Смағұлов Шаймұрат ағамыз. 7 делегат, мен 8-ші «делегат», арман болған Москванды көріп, делегаттармен біраз нәрселерді көріп бір жасап қалдым.

Барған делегаттар «Москва» қонақ үйінде орналасыпты, бөлмелер екі кіслік екен (мені басқа қонақ үйіне орналастыру керек деп шешті), номерға келсек, Мәркеннің жанындағы койка бос тұр, бір қырғыз жігіті келменті (әйтеуір құдай сәт бергенде) сөйтіп Мәркенмен

бірге бір бөлмеде болдық. Мен де «делегат» болдым. Бәрі тегін, бәрімізге талон беріп қойды. Комсомолка фабрикасынан Бақыт деген қызы делегат болды, ол өзі өтеді де пропускасын маған бере қояды, сөйтіп біз Москваны біраз араладық.

Барған бетте банкет болды, әрбір республиканың делегаттарына. Бізді Жақсылық Исқақов ағамыз қарсы алды (обл. делегаттарын), ол кісі Москвада Партшколада оқиды екен.

Барып келуі бар 10 күндей жақсы дем алып қайттық.

Мәркенді 1969 жылы Сергеев ауданының ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары қылыш жіберді.

Ол Сергеевкаға көшерде ағасына бірге көшейік деп еді, ол “жоқ сендердің сондарынан ере бере алмаспыш, өздерің бара беріндер” деп, көшпеді. Ағажан білгендей айтқан екен, Мәкенді бір күні аудандық партия комитетіне шақырып, сол кездегі ауданының бірінші хатшысы Ніл Адғамұлы Болатбаев оған жаңа құрылыш жатқан «Ступинка» кеңшарына директор болуды ұсынады. Мәкең оған бірден келісім бермей, аудан басшысының сенімін ақтай аламын ба деген ойда болады. Ақыры үшінші рет шақырғанда ғана келісімін беріп, кеңшар басшылығын қолға алды.

Иә, ел ағалары қашан да кішіге қамқор, ақылшы ғой. Кеңшарда жүргенде Мәкең Болатбаев ағамыздан кейін ауданды басқарған Жақсылық Габдоллаұлы ЫІсқақовтың да үлкен қамқорлығын көрді. Жақсылық ағаны өте сыйлайтын, туған ағасындай көретін. Ағамызға бақытты кәрілік тілеп, әлі де ұзақ өмір сүрінгіз дегім келеді. Ніл Адғамұлы, Уәп Латыпұлы ағаларымыз о дүниелік болып кетті, оларға иман байлығын берсін.

Сонымен, отызға әлі толмаған Мәкең «Ступинка» кеңшарына директор болды. Ол шаруашылық Семиполка кеңшарынан бөлінген бөлімше екен, үйлер жоқ, бас мамандар көбі Сергеевкада тұрады, бәрі жастар болды.

Мәркен – директор, Викторов Е.И. бас зоотехник, Мазуркеевич В. бас агроном, Коломеец А.А. парторг, ветеринарный врач Тополян, бас инженер Казаков В., бас прораб Камаев Ж.К., құрылыш жөніндегі директордың орынбасары Тұяқов Қасым (кейіннен құда болдық), мектептің директоры Башмаков А.А. (қазіргі уақытта сенатор) болды, жұмысшылар комитетінің төрағасы Тоқымбетов Илияс. Мәркен планерканы таңғы сағат 07-00-де өткізеді екен. Сонда бас мамандар (жан-жақта тұрады) 1 минут кешікпей келеді.

1970 жылы барлық бас мамандарға 10 үй салып, жазда бәріміз көшіп келдік. Сол жылы егін жақсы шығып, Мәркен, басқа бас мамандар орден, медальдармен марапатталды. Біздің Бауыржан сол «Ступинка» кеңшарында дүниеге келді.

Қасым ағай үйімен көрші тұрдық, біздің әкешешеміздей сыйластық. Мәркен қайда барса да бірге тастамай алып жүретін. Одан мың жылдық құда болып, Базар деген қызы Жәкен деген қайнымызға тұрмыйсқа шықты.

Ол кісілер бақыға көшті, топырақтары торқа болып, имандары жолдас болсын.

1972 жылы қыын жағдай болып, Ерғазы жездем (36 жаста) бақылық болды. Қайрия тәтеміз 36 жасында 7 баламен жесір қалды.

Бауырларының арқасында, өзінің қайсарлығының арқасында 7 баланы есіріп, бәріне жоғары білім алғызыды, ұлды – ұяға, қызды – қияға қондырып немере көріп отырған бақытты әже. 40 жыл ұстаз болып, қазір құрметті

зейнеткер, «Оқу ағарту ісінің озаты» атағы бар. Үш ұлы – Айдын, Бекет, Абзал Астанада, қызмет істейді. Ал Ермегі Петропавлда қызметтеге. Шалқар-Зайра қолында, қара шаңырақтың иелері. Орынбасар-Есен Ыбыраев ауылында ұстаздар. Қарлығаш-Ойрат Сергеев қаласында тұрады, Қарлығаш – акушерка, Ойрат – мектепте.

Жиендерге ризамын, нағашыларын айтып отырады. Әзімді тәтелеп сыйлайды. Қандай тойларынан ешқашан қалтырмайды, рахмет. Мені сыйласа оларды Құдай сыйласын.

Қайрия тәтемді мен өте сыйлаймын, анамыздың орнында осылай ортамызда жүре берсін, Құдайдың берген жасына келіп, шөбере көріп, бақытты кәрілік болсын. Бауырдың орны бөлек қой, Мәркенге арналған (туған күні, қайтқан күні, ораза, ауыз ашар) баталарды өткізуге келіп тұрады, рахмет.

«Ступинка» кеңшарының ұжымы 5 жылдықты 4 жылда орындаймыз деп ұран тастап, алдыңғы қатарлы кеңшар болды. Көп ұзамай Мәкеңді Бескөл ауданының атқару комитетінің төрағасы етіп сайлады, онда райкомның бірінші хатшысы Телюк П.З. болды. Онда 1 жыл істеп, танысуға да уақыт болмады, Серікбай Мусин ағамыз екінші хатшы еді, біз көрші тұрдық, шәйімізді бөліп ішіп, жақын туыс болып кеттік.

Серікбай Ұмітбайұлы ақжарқын, аузын ашса жүргегі көрінетін, адал ниетті азamat еді. Мәркен Ұлсараны «апа» дейтін, жас шамалары онша алшақ болмаса да. Төртеуміз жиналғанда, біз жетім өстік қой, енді балаларымыз жетім болмаса еken деп тілеуші едік, бірақ тілегіміз орындалмай, Серікбай ағамыз 1982 жылы, 45 жасында кенеттен дүние салды. Онда біз Москвадамыз, Мәркен келіп топырақ салды, құдайға да жақсы кісілер керек дейді ғой, жақсы адамдарға қысқа өмір береді ғой деймін.

Бескөлде тұрғанда (1 жыл 6 ай) көп адамдармен таныс болдық, ол да Серікбай ағамыз бен Ұлсарапың арқасында, олардың туыстай болып кеткен жолдасы Торғай Кенжеғалиұлы Шандровпен Шәрбән тәтеміз, Ғалымжан ағаймен Оразбике тәтеміз және Мәжкен Габбасұлы жездемізben Назика апамыз. Осы кіслер сенбі не жексенбі күні Серікбай ағамыздың үйіне келеді, одан біз барамыз, бәрі қарт ойнайды, әңгіме-дүкен құрады, сүйтіп дем алып қайтады.

Торғай Кенжеғалиұлы Мәркенді туған інісіндегі жақсы көріп, ақыл-кеңесін айтып, бауырына тартушы еді. Мәркен қайтқанда (ол кісі Алматыға ауысқан) келіп топырақ салды, өте қайғырып, туған інісінен айрылғандай болды. Өзі де 1999 жылы дүние салды. Жатқан жері жайлыш болсын, жаны жәнатта болсын.

Мәркенді 1974 жылы тамыз айында Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қылыш сайлады. Қыркүйек айында көшіп бардық, қалың қазақ елі, атақты Сәбит, Фабит, Сафуан жазушы ағаларымыздың елі. Онда істеген жылдары өзімізге көп жолдастар тауып, туысбауырдай болып кеттік.

Олар: Қайыркеш Исманұлы Мәркенмен құрдас, Қымбат менімен құрдас. Қайрат Есхожин інімізben Құлнәзия келініміз, Қаратай Қайыржанов інімізben Айман келініміз, Социал Жұмабаев ағамызben Мейіз қажы апамыз, Таңат Сүгірбаев інімізben Дикан келініміз, Сатин Асқар інімізben Балзира келініміз, Ҳасан інімізben Құлжәмилә келініміз, Төлеген-Айсұлу бауырларымыз.

Біз 7 жыл 6 ай сол Благовещенкада тұрып, 1981жылы Мәкең Мәскеудегі сол кездегі ең мәртебелі жоғары оқу орындарының бірі КПСС Орталық комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясына қабылданып, оны да 1983 жылы қызыл дипломмен бітіріп шықты.

Мәкең өзінің отбасын: мені, Серік пен Бауыржанды ала кетті, Мәскеуде екі жыл тұрдық. Балалар мектепке барды, мен сол өзіміз тұрған аудандағы поликлиникада қызмет істедім. Мәскеуде жүргенде, үйімізде жүргендей болдық, онда Кәкімбек ағамызбен Мәриәм жеңгеміз (Кәкімбек ағамыз ЦК КПСС-те белді қызмет атқаратын) тұратын.

Құрманғожин Сәлім ағамызбен Ләйлә жеңгеміз, ол кезде ағамыз МИД-та істейді. Одан Бекназаров Самат інімізбен Қатира келініміз жанұясымен көшіп келді (ҰҚҚ жоғары курсында оқыды).

Жұма сайын келіп елден келген қазы-қартаны жеп, өлең айтып көңіл көтеретінбіз.

Кәкімбек ағамызбен Мариям тәтеміз, Құрманғожин Сәлім ағамызбен Ләйлә жеңгемізбен қазір де көрісіп, араласып тұрамыз. Алматыдағы Аманжол ағамыздың (60-70-75 жылдық) тойларында бірге болдық. Кәкімбек ағамыз Мәркен о дүниелік болып кеткенде өте қайғырып, туған інісінен айрылғандай болып, мұнды өлеңдерін жазды. Мәкең 60 жасқа келгенде ас берілді, Кәкімбек ағамыз онда да болып, өзінің өлеңін арнады. Ол іссапармен елге келгенде менің 60 жылдығыма (балалар той жасаған) арналған тойдың құрметті қонағы болып, маған құттықтау өлең жазып, тойды өте көңілді өткізген еді (Мариям жеңгеміз екеуі). Қонақтар өте риза болып, мен де Аманжол ағам бірге отырғандай болып едім.

Біз 3 бөлмелі (жиһаз, ыдыс-аяқ, бәрі болды) пәтерде тұрдық.

Бір Дағыстанның жігіті беріш кеткен еді. 25 қабатты үйдің 15-ші қабатында тұрдық.

Елден біраз туыстар келіп, Мәскеуді аралап, қызық қөрді. Келген кісілердің бәрін Мәркен Ленин мавзолейіне апаратын. Балалар, қонақтар ерте тұрып, мавзолейді

көргө баратынбыз. Онда барғанда 2-3 шақырымдай жерде адам кезекте тұратын, бірақ біз Мәркеннің пропусксымымен кезексіз өтетінбіз.

Мәкең Мәскеуден келіп, 1985 жылы Сергеев ауданына (қазіргі Шал ақын) партия комитетінің бірінші хатшысы болып барды.

1989 жылы ол облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. Қай қызметте болсын кішіпейіл, қарапайым, аққөңіл мінезінен айнымаған Мәкең халық қалаулысы болып аудандық, облыстық кеңестерге, (1990 жылы) Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Екі рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

Қоблан ағам жазғандай, Мәркеннің ерекше қасиеті – Ислам дініне деген сенімшілдігі жүргегінде бар болатын. Бала кезінде әжем Қатшадан үйрендім деуші еді. Әжесі Қатша – анамыз ер мінезді, елге қадірлі, намазын ғана оқып жүретін сыйлы кісі болыпты.

Мәркендер тұрган көшеде Құдайға қараған діни адамдар болыпты. Ол көшениң кісілері, отырып тұрганда, «Иә раббым» деп жүреді екен, содан ол көшени «Раббым» көшесі деп атап кетіпті. Мәркен бізге сол көшениң келіндері (Мен, Жібек, Марфуга, Алма, Күләй және т.б.) дейтін.

Мәркен дұғалардың мәтіндерін дұрыс оқитын.

Біз Москвада жүргендеге Мәркеннің жиенінің жұбайы жастай қайтыс болып, оған келе алмадық. Москвадан келген соң, сол үйге барып құран оқыдық. Бізben бірге сол кеңшардың партия үйымының хатшысы болған еді.

Мәкең құран бағыштады. Ертеңіне әлгі партия үйымының хатшысы Обкомға арыз жазып жіберіпті.

«Коммунист Ахметбеков құран оқып, қолын жайды» деп, соны келіп тексерген болатын. Ол кезде атеистік заман ғой.

Мәркен 1993 жылды автомобиль апатына ұшырап, ауруханаға түсті. Арада қөп күн өтпей, қазан айының бісында дүниеден өтіп кетті.

Сол қаралы шақта елі-жұртты Мәркен Ахметбекұлының абырой-беделі, зор еңбегі республика көлемінде танылған ірі тұлға екенін, мұндай азаматтың есімі ел есінде мәңгі сақталатынын айтқан болатын.

Жылап жатыр бүгін менің ауылым,  
Мұң шалып тұр Жалғызтаудың сауырын.  
Есіл, Кекше өнірінде ардақты,

Кезін жұмды інім, досым, бауырым, - деп халқымыздың ақыық ақыны Кәкімбек Салықов ағамыз жырдан мұнға малынған маржан төккен.

Мәркен бақылық болғанда халқы қайысты, кәрі-жасы, орысы-қазағы, жолдастары, қызметтес болған әріптестері, көршілері, Гартман В.К. бастаған облыс азаматтары, Алматыдан Аманжол ағам, Қазтай құда, Райхан құдаги, Жүсіп, Раис, Қуанышбек-Женіс, Торғай Шандров ағамыз, Еслем Зікібаев ағамыз өлеңдерін жеткізді. Мындаған кісі болды десем, өтірік айтпас едім.

Мен Мәркенмен 30 жылдай бақытты өмір сурдім.  
Өмірдің белесі көп есте қалған,  
Мәркенмен бірге жүріп сайран салған.

Отыз жыл қос аққудай өмірлерің,  
Әр жылды бір ғасырға бағаланған – деп Қоблан ағам жазғандай, отыз жылда бір-бірімізді ренжітіп не көніл қалтырып көрген жоқпыз. Кимегенді киіп, ішпегенді ішіп, көрмегенді көріп, тамаша өмір сүрдік. Жылда курорт-санаторияларға барып, дем алып, қызық көрдік.

Мәкеңнің қызметі өскен сайын сыйлы болды, ешкімді өкпелетіп, біреуге қарсы шығып көрген жоқ.

Оның бір өте жақсы қасиеті: туыс болсын, болмасын солардың шаруасына араласып кететін, жанұяға деген, балаларға, немерелеріне деген көңілі ерекше болушы еді.

Улкенмен-ұлкендей, кішімен – кішідей сыйласты. Елге барғанда (Қараталға) бәріне кіріп шығатын, бала-лардың бәрінің бетінен сүйетін, (мұрындарынан боктары ағып тұрса да) сондай мейірімді болды. Өмір болған соң бәрі де болады ғой. Біреу (туыстар) бір сөз айтып қалса, ренжіме, көргені сол ғой деп мені жұбататын. Эке орнына әке, шеше орнына шеше болды. Мен 50-ге толғанда ұлкен той жасап, (асханада, ол кезде кафе, ресторандар жоқ) біраз туыстарды, жолдастарды жинағы, ол кезде әйел түгілі ер азаматтарға да той жасамайтын.

Өмірлікке құдай қосқан жар едін,  
Дарын туған үш жұртыңың ары едін,  
Неге қысқа болды екен ғұмырың,  
Өмір сүйген, арман қуған жан едін.

Мәркен аса кішіпейіл, сырбаз, бойы да, ойы да сұлу, көңілі дариядай даңғайыр, біреуге жаманшылық ойлауды білмейтін адал, жаны таза, парасат-пайымы зор азамат еді.

Біз Жамбыл ауданынан кеткелі 30 жылдай уақыт өтті, енді арамызда Мәкең жоқ (17 жыл).

«Жақсылық атаулының ең жақсысы біреудің әкесі қайтыс болғаннан кейін де, әкесі бар кезіндегідей досы болған адамдар». (Хадистерден). Осы хадистегідей Жамбыл ауданынан келген жолдастарымыз, қазір бәрі Қызылжарға жиналды, олар Мәкеңнің жоқтығын білдірмейміз деп мені орталарынан тастамай, әрқашан

Мәкең туралы айтып, еске түсіріп отырады. Ол жолдастымыздың бірі Қайыркеш Исманұлы еді (ол кісі де бақылық болып кетті). Мен орталарында отырганда, Мәкең осы кісілермен бірге отыргандай сезінетінмін. Осы жолдастардың ішінде Құдайберген інім мен Сәуле, Қайрат інім мен Құлнәзия келінім бір төбе. Мәкең барда бәрі оның туған інісіндей болған. Олар қазір де Мәкеңнің атын, жақсылығын ұмытпайды. Құдайберген інім маған қамқор, балаларға ақылшы бола білді, менің шашбауымды көтеріп, төрге отырғызып, әлпештеп, өзінің туған апасындау сыйласап отырады. Мың бір рахметімді айтамын! Сәуле екеуінің көргендері бала, немере қызығы болсын, Даниял ер жетіп, үйленіп, шөбере сүйгісін, соған тілектеспін. Өзінің жетпеген арманына Даниял жетіп, атасынан асып түссін, сол тойда бірге болайық. Қайрат ініміз Мәркен атындағы мектепті күрделі жөндеуден өткізу үшін қаржы бөлінуіне талай бастықтардың есігін қағып көмек жасады. Жасы ұзақ болып, отбасының амандығын тілеп рахмет айтамын.

Мәкең өмірден ерте өтсе де оның тындырыған істерін, адамдарға жасаған жақсылықтарын, облыстың экономикасы мен мәдениетін өркендегуге қосқан ұлесін халық әруақыт ұмытпайды. Б.Ә. Әшімов, Н.А. Айтқожина, М.Р. Сағдиев, К.С. Салықов, А.Қ. Қошанов, Қ.Т. Ташенов сынды қоғам қайраткерлері жүртшылықтың сұрауымен Үкіметке М.А. Ахметбековтың есімін есте қалдыру туралы хат жазды. Бұл күнде Мәкеңнің есімі Сергеев қаласының бір көшесіне, Шал ақын ауданы Ұбыраев ауылындағы өзі оқыған мектепке аты берілді. Халқыма, еліме ризамын.

70 жылдық тарихы бар осы мектепте Есілдің қос қанатында қоныстанған біраз ауылдың балалары білім алды. Өйткені соғыс жылдары, одан кейін де орта білім

беретін қазақ мектептері облыста санаулы ғана болатын. Бұғынгі күні Мәкеңнің есімін алып отырған мектеп ол кезде республикада «қара шаңырақ» деп аталған іргелі мектептердің бірі саналатын. Біз оқыған кездегі мектеп директоры Шияпп Садықов, пән мұғалімдері Жанғали Құсайынов, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған Нұрсұлу Құсайынова, Мисалым Садықова, Зура Тілембайқызы, Әсима Қожабекқызы, Шалбай Смағұлов, интернат директоры Шаймұрат Қарабеков және тағы басқалары ел құрметіне бөлөнген өз мамандықтарының шебері болатын. Бұл ұстаздардан тек қана білім алған жоқпыш, сонымен қатар олардың жүрісі де, сөзі де, киғен киімдері де бізге үлгі болатын.

Міне осындай асыл ағалар, ардақты апайларымыз еңбек еткен «Алтын ұя» мектебімізге Мәркеннің атын бергенге мен, біздің ұрпақ өте қуанып, мақтан етеміз.

Енді ұстаздар ұжымына, осы мектепті бітіріп кеткен түлектерге, қазір тәлім-тәрбие алып жүрген оқушыларға «алтын ұя» мектебіміздің даңқын арттырып, мерейін өсіре беруге тілекtesпін.

Әкеден жастайынан қалып, өз өмір жолын өзі салған жылдар Мәркенді шындандырыды.

Өзінің үлкенге ізетті, кішіге ілтипатты еңбек-корлығымен көпшілікті баурап алатын. Ол аз ғұмырында агаларына инабатты іні, інілеріне өнегелі қамқоршы аға бола білді.

Мәркен өмірден етсе де, дос-жаран, құда-жекжат, ұжымдас зиялы қауыммен қарым-қатынасымыз сол баяғыдай. Танымы терең, өмір жолын танитын агаларым, апаларым, жолдастарымыз, құда-жекжаттарым мені әрқашан орталарына алып жүр. Олар жылы сөз, ыстық ықыластарымен маған үлкен құш, жігер, рухани демеу болып келеді.

«Иә, дүніне деген шолақ екен, адамдар бір-біріне қонақ екен». Рас. Бәрі де рас.

Мәркенмен жолықтырган тағдырыма ризамын.

Ол менің туыстарымды да, өзінің туыстарын да бірдей ұстады. Мен де солай істедім деп ойлаймын.

Мен келін боп түскенде, Әлти қайын атам, шешеміз Теміржанмен Қараталда тұрады екен. Жәкен деген ұлы мектепте, кішкентай Роза деген қыздары бар екен. Мен келген соң Лариса деген қызы дүниеге келді. Лариса төрт жасқа келгенде, шешеміз Теміржан кенеттен қайтыс болды. Барлығымыз қатты уайымдадық. Жәкен ержетіп, отау құрды. Роза мен Лариса да бір-бір отау құрды. Атамыз Қараталда жалғыз тұра берді. Мәркен көшіріп әкелем деп бірнеше рет барды, бірақ атамыз қара орнында отыра берді. Біз Жамбыл ауданында болғанда, атамызды алып келіп, өзі рульде, атамыз жанында, мен машинаның артында (демалыс күні жұмыстан кейін) үш күн бойы атама кемпір іздеп, Жамбыл ауданының біраз ауылын арападық. Атам бәрін менсінбеді: анау салак, мынау ногай деп (атам таза кісі еді), сонымен өмірінің соңына дейін жалғыз тұрды. Мәркен о дүниелік болғанда, сенің орныңа мен баруым керек еді деп, жылап алатын. Мәркен де атамызды өте жақсы көретін. Сергеевкаға бірінші хатшы болып барғанда, (Қаратал 3 км) етін пісіріп, нанын апарып беретінбіз. Мәркен қайтыс болған соң, Жәкен деген баласы көшіріп әкетем дегенде “елден кетпеймін, мен кетсем зират басына кім барады” деп (қар, жаңбыр болса да жаяу жұма күні күнде барып тұратын) “Күйеуіңнің басына барып келдім деп”, мен барғанда алдыннан шығатын. Атамыз 90-нан асып қайтыс болды, баласы Жәкен де о дүниелік болды, иман байлығын берсін.

Қазір Ағажан мен Тендік қара орында, Қараталда отыр. Мәркен өзі бақылыш болатынын сезгендей ағаларын осы Қараталға әкеліп, үй салып беріп кетті (Ол кісілер Быковский кеңшарында 25 жыл тұрып келді).

Қызын өсіріп, ұлы Ғалымжанды үйлендіріп, зейнеткер жасқа келіп, бақытты өмір сүріп отыр. Немере, шөбере сүйіп, жасай берсін.

Мәкеңнің анасының туған сіңілісі Зия нағашы апамыз бар, апамыздан Ақшолпан, Серік, Әлия, Берік, Сәуле, Бақыт деген бөлелеріміз бар.

Сол бөлелеріміздің ішінде Шолпан мен Кенжебектің алатын орны бөлек. Айналайын Кенжебек туған інімдей, маған жаны ашып, жұма сайын телефон шалып, хәлімді біліп тұрады.

Мені әрқашан тойларынан, бір қызықтарынан қалтырмайды, Мәкең туралы айтып, қонақтарына, жолдастарына мені таныстырып жатады.

Мәркеннің қандай жабдығы (еске алу, құран бағыштау, ауыз ашу) болса да, әсіресе Мәкең 70-ке келгенде де (5 ақпан) кітап шығарамыз, ас береміз дегенді естіп, ақылын айтып жатады. Өздері ата-әже болып отыр, енді шөбере көріп, шыққан тауы биік болып, жұлдызы жана берсін.

Қазақта мақал бар ғой “Орында бар оңалар” – дегендей Мәкеңнің артында екі ұлы Серік, Бауыржан, қызы Сәуле қалды. Ұлдары бір-бір отау құрып отыр. Серік Мәкең барда отау құрды, Мәркен көріп кеткен мың жылдық құда-құдағиымыз Жәкудә мен Тамара құдағиды қайда отырғызарын білмей, елге ертіп апарғанда, не қонақ келсе, мынау менің құдам деп таныстыратын, ол кісілер Көкшетау облысынан, бірақ қазір Петропавлда тұрады, балаларға, немерелерге бас-көз болып отыр. Куанышпен ренішімізді бірге бөліп жүріп жатырмыз.

Үлкен ұлымыз Серік ПродКорпорация директорының орынбасары болып істейді, ол қалалық мәслихаттың депутаты. Жолдасы Гүлнар Жәкудақызы балалар емханасында – невропатолог. Өзі көріп кеткен Сұлтанбек немересі биыл 11 сыныпты бітірді, Асхат немересі қазақтүрік лицейінде 8 сыныбында оқиды.

Кіші ұлым Бауыржанды әкесі о дүниелік болғаннан кейін үйлендірдік. Құрметті құдамыз – Зейнелғабиден Әндірішұлы, құдагиымыз – Аймен Хасенқызы. Омбы облысының адамдары еді, бірақ Петропавлда тұрды. Құдамыз Зекен 51 жасында, Аймен құдагиымыз 55 жасында бақылық болды. Имандары жолдас болып, қабірлері нұрға толсын.

Бауыржан кеден қызметкері, жолдасы Алмагүл Зекенқызы қаржы полициясында қызмет істейді, майор. Баласы Әлімжан қазақтүрік лицейінде 7 сыныбында оқиды, екінші немереміз Асанәлі – балалар бақшасында.

Қызымыз Сәуле облыстық оқу бөлімінде қызмет атқарады.

Бұл дүниеге кімдер келмеді, бұл дүниеден кімдер өтпеді. Бірақ әркімнің өмір жолы әр түрлі болады. Біреу белгісіз өмір сүріп, белгісіз өмірден өтіп кетті. Енді біреу өшпейтін артына із қалдырады.

Менің жолдасым Мәкең балаларымның әкесі, немерелерімнің атасы, біреуге бауыр, енді біреуге жолдас бола білді. Өзінің алғырылығымен, ақ жарқын көнілімен, еңбекқорлығымен, адал ниеттілігімен кімді болса да баурап алатын. Сондықтан да болса керек, әркімнің есінде оның жарқын бейнесі қалды.

Мәкең тірі болса 5 ақпан күні 70 жасқа келер еді, бірақ оған жете алмай кетті.

Біздің қолдан келетіні құран бағыштап, еске алу, сондықтан 6 ақпан күні ас беріп, құран бағыштадық.

Жатқан жері жайлы болып, қабірі нұрға толсын, иманы жолдас болсын.

Менің енді қалған өмірімдегі мақсатым: азаматтың қара шанырағында отын өшірмей, балаларын, немерелерін тәрбиеlep одан әрі жеткізу. Балаларға ақылшы болып, мына хадисте жазылғандай: «Кімде-кім өз әкесін тірісінде құрметтесе, өлген соң, жақсылық еткісі келсе, әкесінің ең жақын достарынан қол үзбесін» (хадистен).

Мәкеңнің арамыздан өткеніне 17 жыл болды. Осы уақыттың ішінде, жыл сайын оның туған және қайтқан күндері еске алынып, құран бағышталады. Мәкеңнің отбасы, жолдастар, туыстар көмектесіп, басын көтеріп, гранит тастан ескерткіш қойылды.

Қоблан-қажы ағам Мәкеңе арнап 1994 жылы «Асыл арыстар» деген кітабын шығарды.

Мәкең 60-қа келіп, өзі оқыған мектепке аты берілгенде, Серік балам «Газель» автобусын сыйлады, қаржылай көмек көрсеттік.

Мәкең 65-ке келгенде, балалар, жиендер, балалардың жолдастары қаржылай көмектесіп, мектепке Мәкеңнің мұсіні қойылды, оку орнының бірінші қабаты жаңа үлгімен безендірілді.

Мәркеннің 70 жылдығында мешітте ас беріп, мектебін (39 жыл жөндеу көрмеген) құрделі жөндеуден өткізу үшін, жол картасы бағдарламасынан қаражат бергізіп, қазір жөндеу жұмыстары басталды. Мәкең атындағы көше де жөнделді.

Осы орайда облыс әкімі Серік Сұлтанғазыұлы Біләловтың үлкен қолдау жасағанын айтып кеткен орынды болар деймін. Өнір басшысына жауапты жұмысында табыс тілеймін.

Балалар мен туыстарымен ақылдаса отырып, ол туралы естелік кітапты шығаруға ұйғардық, осы ниетті

жолдастарға айтқанда олар қарсы ·болмады, керісінше бәрі қолдады. Мәкеңнің өмір жолын, қызметте сатылап өсуін, жеке басының қасиеттерін суреттей барысында оған деген сіздердің жылы лебіздеріңізге, тебірене жазылған сөз жолдарыңызға ерекше толғандым. Маған, балаларыма демеу беріп, жүрекке түскен ауыр жарадан біртіндеп арылуға, женілдеуге көмектескен ағайын – туыстарға, жолдастарға ризалық пен раҳметімді айтып, басымды иемін! Лайым үйлеріңізге қайғы кірмесін!

Мәркеннің шежіресі былай таратылады:

Аргын → Атығай → Құдайберді → Тәйірберлі →  
Құлеке → Бәбеке → Бөгенбай → Сауытбек → Қамбар →  
Ахметбек  
↓  
Кәкен, Мәркен  
↓      ↓  
Фалымжан    Серік → Сұлтанбек, Асхат  
Бауыржан → Әлімжан, Асанәлі





**Қайрия Ахметбекқызы,**  
**Мәркеннің туған әпкесі,**  
**«Оку ағарту ісінің озаты»**

## **ҰМЫТЫЛМАС БАУЫР**

Мәркенім азаматтың асылы еді. Аққан судай сыл-ырап ағып жатқан уақытта тоқтау жоқ. Күні кеше есікте жатқан балалар, бұл күнде жігіт болып бой түзеп тұр. Уақыттың қалай өтіп кеткенін осыдан-ақ байқауға олады. Облыс көлемінде жоғары лауазымды қызметтер тұарып, еліне елеулі, халқына қалаулы болған бауырым Мәркен Ахметбекұлының жол апатынан қайтыс болғаны-а да он жеті жыл болыпты. Ой құшағына беріліп саралап арасам, егер аман-есен жүрсе 70 жасқа толған мерей-ойын тойлап жататын едік. Жаратушының ісіне не щара, лай ету біздің маңдайымызға жазбапты... Десек те Мәр-ен бауырымды тағы бір мәрте еске алуды жөн көріп тырған жайым бар. Біз бір әкеден туған үшеу едік. Үл-лендері мен, Қәкен, ең кенжеміз Мәркен болатын. Ол 940 жылды туған.

Әкеміз – Ахметбек Камбаров – көзі ашық, сауатты дам болатын. Сондықтан да Қаратал колхозында есеп-исап жұмыстарын атқаратын қызметте істеді де, 1941 ылды Қеңес колхозына басқармалық жұмысқа үйстырылды.

Ахметбековтің жанұясы - әжеміз Қатша, анамыз – әйни үш баламен бес жан Қараталда қалдық. Әкеміз

жалғыз өзі Кеңес ауылына аттанып кетті. Мен ол кезде ақыл-есі кіріп қалған бес жасар қыз едім. Бәрі күні кешегідей көзімнің алдында, көnlімде сайрап тұр.

Әкем барған жерінде Ералы деген кісінің үйінде тұрып, қызметін атқарып жатады. Сол жылы маусымның 22 күні неміс басқыншылары соғыс ашып, Ұлы Отан соғысының отты жылдары басталады.

Кохоз басқармасы ретінде броньмен тылда қалуына да болар еді, (көптеген басқармалар солай етті) бірақ әкем Ахметбек майдан даласына аттануды үйғарып, 1942 жылы әскерге алынады.

Әкемді ауылдастымыз Спаен Нұрман ағай Көкшетауға дейін апарып салғаны әлі есімде. Қасымда Өбілова Күлзипа, Сейдахметова Күлән деген қыздар бар. Әкемді Алқағаштың ағашына дейін шығарып салған болатынбыз.

Бұл менің әкемді соңғы көруім еді. Араға алты ай салып, майдан даласынан біздің үйге «қара қағаз» келді.

Ол хатта «рота командирі Қамбаров Ахметбек неміс басқыншыларымен болған шайқаста ерлікпен қаза тапқаны» туралы жазылған болатын. Мәркен бауырым ол кезде екі жасар бала еді.

«Ел іші – алтын бесік» – деп халқымыз бекер айтпаса керек. Сол бір қыын кезенде бес жан елдің арқасында өзегіміз талып, қарнымыз ашқан емес.

«Көппен көрген ұлы той» – демекші, қыындықты да, соғыстың ауыр тауқыметін де елмен бірге көтеріп есейдік, ержеттік.

Мен өзім де, інілерім Қәкен мен Мәркен де Қаратал жетіжүлдүқ мектебіне окуға түсіп, оны тәмамдағаннан кейін Ленин орта мектебіне (қазіргі М.Ахметбеков атындағы ОМ) окуға түстік.

Мәркен осы мектепті 1958 жылы күміс медальға бітіріп, сол жылы Алматы мал дәрігерлік-зоотехникалық институтына құжат тапсырып, сынақтан сүрінбей өтіп, студент атанып қуантқан еді.

Өзінің білімге деген құштарлығының арқасында оқуды жақсы үлгеріммен оқыған Мәркен 1962 жылы институтты қызыл дипломға бітіріп, үлкен өмірге алғашқы қадамын Солтүстік ғылыми институтында кіші ғылыми қызметкер болып еңбек жолын бастады.

Анамыз – Зейни болса сырқаты асқынып, ауырып жүрген еді. Осыдан хабардар болған Мәркен өзінің жағдайын түсіндіріп, институтпен есөп айырысып, туған ауылы Қараталға келіп, бөлімше зоотехнигі болып орналасады.

«Жетім балада жете болмайды» – демекші, ешкімнің қолдауынсыз, тек қана өзінің еңбексүйгіштігінің, іскерлігінің арқасында елге танылып, басшылардың назарына іліне бастайды.

Еңбек десе құлшынып тұратын жас маманды аудан басшылары В. Быковский атындағы кеңшарға бас зоотехникке дейін жоғарылатады.

Келесі қызмет баспалдағы аудандық ауылшаруашылық басқармасы бастығының орынбасарлығына көтөрілгенде оның жасы 29-да ғана болатын. Бұл жас маманға көрсетілген үлкен сенімнің белгісі еді. Мәркен сол сенімнен шыға білді. Әрбір тапсырылған істі тиянақты, мерзімінде орындалған, іскерлік таныта білді. Жас маманның іскерлігіне көздері жеткен аудан басшылары енді оны жаңадан шаңырақ көтерген «Ступинский» кеңшарына директорлыққа ұсынады.

Жас директор жаңадан құрылған шаруашылықты айналасы бірнеше жылдың ішінде озат шаруашылық-

тардың әкетарына қосады. Олай етуге Мәркеннің білімі мен нақты тәжірибесі өз ықпалын тигізді.

«Ступинский» кеңшары алғаш аудандық жарыстарда жеңіп шығып, бара-бара облыстық деңгейде ауызға іліне бастайды.

Мемлекетке астық, сұт, ет сату жоспарларын асыра орындал, кеңшардың даңқы облыс көлеміне әйгіленді. Ауыл-селоларда бұрынғы құлазып жатқан ескі үйлердің орнына жаңа үйлер салынып, көптеген тұрмысқа қажет кешендер бой көтереді.

Жоғары көрсеткішке қол жеткізген ауылшаруашылық мамандары мемлекеттік наградаларға ұсынылып, кеңшар директоры Мәркен де қеудесіне «Еңбек Қызыл Ту» орденін тағады. Бұл марапат оның ерен еңбегінің әділ бағасы еді.

Мемлекет наградасы жас директорды жігерлендіріп, табыстан-табысқа жетелесе керек, үш жылдан кейін М. Ахметбеков Бескөл аудандық атқару комитетіне төрағалыққа жоғарылайды. Келесі жылы Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды.

Қандай ауқымды лауазымдар атқарса да ол темірдей тәртіпті, іскерлікті, әр сала мамандарынан шыгармашылықты талап ететін. Өзі де сондай ағымды ұстаптанын. Сол мінезінен еш уақытта айнып көрген емес.

Ағайын-туысқа, жора-жолдастары мен замандастарына деген ілтипаты да ерекше болушы еді. «Мен аудан басшысымын» – деп шікірейіп тұруды білмейтін. Үлкенге сәлем беріп, қолына су құюды өз басына ұят санамайтын. Ауылға келгенде өз замандастарымен құшақтап амандастып, мейлі ол механизатор, не малшы болсын бір жасап қалушы еді.

Мәркеннің жездесі, менің жолдасым Ерғазы Әбуұлы бақылық болғанда мен жеті баламен қалдым. Қолымызда ағайынымыз, балалары жоқ Құлмырза атамыз бер Мұғзиза шешеміз болды. Барлығы он жан бір шаңырақтың астында тұрдық. Оңай болды дей алмаймын. Әр кезеңнің өз қыындығы болады ғой.

Осында кезде Мәркен бауырым қолынан келген көмегін аянған жоқ. Біздің жағдайымызды ойлап жұма сайын келіп немесе телефон шалатын.

Оның тағы бір көпшілік біле бермейтін бала кезден жүргегінде сақталған қасиеті, мұсылман дінінің қағидаларына деген оң көзқарасы.

Ата-бабаларымыздан бері сақталып келе жатқан қазақтың салт-дәстүрлерін жетік біліп, оны бүлжытпай орындаپ жүретін. Кей кездерде ауылдағы бейіт басына барып, туған-туысқандардың аруақтарына тағзым етіп, құран сүрелерін окушы еді.

1983 жылы Мәркен бауырым Москвадағы Орталық партия комитетінің жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясына екі жылдық окуға жіберілді. Оны қызыл дипломмен аяқтап, 1985 жылы қазіргі Шал ақын ауданының бірінші хатшылығына сайланды.

Өзінің туған жерінде төрт жыл партия ұйымына басшылық жасаған ол 1989 жылы облыстық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне жоғарылатылды.

Оның елге сінірген ерен еңбегі бағаланып, жерлестері оны 1990 жылы Қазак ССР Жоғарғы Кенесіне депутат етіп сайлайды. Өзінің депутат еріптестері: Өтеев Сайлау, Садуақасов Еркін т.б. азаматтармен бірге Мәркен «Қазақстанның тәуелсіздігі» және Қазақстанның «Тілдер туралы» Зандарының қабылдауына ат салысқан халық қалауларының бірі болғанын мақтанышпен айтамыз.

Оның елі алдында, мемлекет алдында атқарған еңбектері әр уақытта бағаланып отырды. Ол екі мэрте «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен қатар бірнеше рет медальдармен марапатталды. Республика, одақ деңгейіндегі грамоталар бір төбе.

Нағыз халқына қызмет ететін кемел шағында бауырым небары 53 жасында жол апатынан қайтыс болып кетті. Ауыр қайғы қабырғамызды қайыстырып, ортамызды ойсыратып кетті. Дегенмен қазақта: «Орнында бар – оңалар» - деген сөз бар. Мәркеннің өмірлік серігі, жан жары, келініміз Күләш Ғайсақызының еңбегін ерекше бағалаймын. Мәркенді жоқтатпай, шаңырағының отын өшірмей, үлдары Серік пен Бауыржанды оқытып, тәлімтәрбие бере алды. Бұғін екеуі екі шаңырақтың иесі. Үлкені – Серік облыстық азық-түлік корпорациясы директорының орынбасары, Бауыржан – кеден қызметкері.

Оның немерелері: Сұлтанбек, Асхат, Әлімжан, Асанәлілер ер жетіп, өсіп келеді.

Інімнің өзі бауырына басып, тұсауын кестірген Сұлтанбегі қазір 11 сыныпта оқиды. Бұл да болса құдайдың бергені. Шүкіршілік айтамыз. Мәркеніміздің өзі болмаса да көзі бар, тәуба. Оның аты өшпейді. Үлдары мен немерелері ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетініне сенімдіміз.

Мәркенді көздері көрген мемлекет қайраткерлері Солтүстік Қазақстан облысының сол кездегі әкімі Қ. Нагманов, Бәйкен Әшімов, Мақтай Сағдиев, Кәкімбек Салықов; академиктер Аманжол Қошанов, Газез Тәшенов, Нагима Айтхожиналар бас болып, оған өзіміздің өнірдегі Мәркеннің жолдастары: Құдайберген Калиев, Сайлау Өтеев, Қайрат Есхожиндер т.б. бар мемлекеттік деңгейде қарап, өзі оқыған мектепке атын

беруді ұсынған болатын. Бұл іс-шара толығымен шешімін тауып, қуанышқа бөледі. Осындай жауапты іс-шараны тындыруға ат салысқан барша азаматтардың есімдерін атап жеткізу мүмкін емес. Дегенмен Қоблан Хамзинді, Сенаттың бұрынғы спикері, Мәркенмен жоғары оку орнында бірге оқыған Өмірбек Байгелді, қоғамдық ғылымдар академиясында бірге оқыған Парламент Сенатының депутаты Оңалбек Сәпиевтердің еңбектері аталмай қалуы туіс емес.

Олардың ұсыныстары толық шешімін тауып, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Қасымжомарт Тоқаевтың 2000 жылғы 7 сәуірдегі қаулысымен «Ленин орта мектебі» енді «М.Ахметбеков атындағы орта мектеп» болып өзгерілді. Сондай-ақ Аютас селолық округінің 3 мамырдағы № 271 қаулысымен Сергеевка қаласындағы Учительская көшесіне М.Ахметбековтың аты берілуі өте орынды жұмыс болды. Туған жері мен халқы асыл азаматын осылай бағалап жатқаны жүрегіне қуаныш сезімін ұялатады десем артық айтқаным емес.

Мектеп табалдырығын аттағаннан бауырымыз Мәркен Ахметбекұлының асыл бейнесі алдымыздан шығып тұрғаны көңілімізге медеу, жанымызға шипа.

«Жақсының аты өшпейді» деген осындайдан шықса керек.

P.S. Бауырым жайлы қалам тербел, жыр жолдарын арнаған жергілікті ақын бауырим Қойшыбай Шәниевке де аналық алғысымды білдіремін.



Ахметбеков Қәкен,  
агасы

## ІНІМ ЖАЙЫНДА

Әкеміз 1941 жылы соғысқа аттанғанда әпкем Қайрия төрт жаста, менің жасым екіде, інім Мәркен бесіктегі бала еді. Қазақ айтқандай «Жылан жылжып күн көрер, лақ маңырап су ішер» - дегендей анырап қалып едік. Тірі адам тіршілігін жасайды ғой. Ақырындан шешеміздің арқасында жетіп, біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей оку жасына да жеттік. Мәркен інім жасынан ойына әрнәрсені түйіп өсті. Балалармен ойнағанда да, үйде болғанда да апам Қайрия екеуміз бір нәрселерге керілдесіп жатсақ ақылшы бол, ұлken адамша әдептілік сақтайтын. Ақылдылық сол бала бастан білінетін. Бертін мектеп табалдырығын аттағаннған окуға зейін қойып, тыянақтылығын көрсетті. Қаратал ауылдан бастауышты, яғни 4-сыныпты бітіріп, Социал елінде нағашымыз Еслямбек үйінде 5-7 сыныпты тәмәмдады. Айта кететін бір жайт, 7-8 жасымда соқаға отырып жұмыс істедім. Жетім-жесірге қарайласатын кісі де керек қой. Окуымызға, киімге 2-3 атадан қосылатын Қажынасып атты атамыз көп көмек етті. Ол кісі де өзінің жалғыз ұлы Базарбайды соғысқа аттандырған. Әркім басына іс түскендеғана агайын, бауыр болғасын түсіністікпен қарайды ғой. Оку оқып, үй ішін жұтатпай қарыннымыз аш, киіміміз жалаңаш болмай дегендей есейе бастадық. 8-сыныптан інім немере бол

келетін Бікан деген кісінің үйінде оқып жатты. Мәркен таң атпай тұрып, сабакқа дайындалып, жақсы деген бағаларды алғып жүрді. Мен болсам интернатта оқыдым. Інімнен 2 жас үлкен болсам да мектепті бірге бітірдік.

Біз үшін биылғы жыл ерекше жыл. Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 65 жыл толып отыр. Осы сұрапыл соғыстың отына өртеніп кеткен әкем Қамбаров Ахметбекті тағы да есімізге алғып, рухына құран бағыштасақ, әкеміз қан майданға аттанғанда артында қалған ініміз, қоғам қайраткері Мәркен Ахметбекұлының туғанына 70 жыл толып отыр.

Осы атаулы екі кезеңге байланысты мен өз естелігімді қағаз бетіне түсіріп, сол бір бастан кешкен қыын кездер мен інім Мәркен жайлы ой-пікірімді білдіруді жөн деп ойладым.

Ұлы Отан соғысы басталардан бұрын әкеміз Қаратал колхозында есепшілік қызмет атқарыпты. Ісіне тиянақты, бұқара халықпен ортақ тіл таба алатын әкеміздіңaby-ройы асқақтап, оны аудан басшылары Кенес колхозына басқарма етіп тағайындағы.

1942 жылы колхоз басқармасының төрағасы Ахметбек Қамбаров әскерге шақырылып, Көкшетау қаласында жасақталып жаткан дивизияның құрамында майданға аттанады.

Ол кездерде көзі ашық, көкірегі ояу білімді азаматтар әлі де болса саусақпен санарлықтай болғанын біз жасырганмен, тарих жасырмайды. Сондықтан әкемізге офицерлік шен беріп, рота командирі етіп тағайындағы.

Арада алты ай өткенде майдан даласынан біздің жанұямызға қаралы хабар келіп жеткен екен. Онда: рота командирі Қамбаров Ахметбек майдан даласында Отанның шебін қорғауда ерлікпен қаза болды – дедінген.

Осы бір ел басына құн тұған ауыр кезеңде шешеміз Зейни колхоз жұмысынан бір сәт қалып көрген емес.

Сұрапыл соғыс кезеңінде елдің сенім артып, арқа сүйерлері әйелдер мен буындары әлі қатпаған балалар болатын.

Соғыс жылдары Қаратал мен Алқағаш ауылдары ортақ бір колхоз болып еңбек ететін. Қазіргі Алқағаш ауылының солтүстік бетіндегі Тұрлышұл деген жерде колхоздың қой фермасы болды. Ауылдағы ағайынымыз Жарқынбаев Әлібай деген атамыз бір отар қой бақты. Шешеміз Зейни қысы-жазы сол кісінің қарамағында сақманшы болып еңбек етті. Соғыс кезінде еңбек тәртібі өте қатал болғандықтан шешеміз анда-санда келіп, балаларын бауырына басып кететін.

Бізге бас-көз болған ұлы әжеміз Қатшаның еңбегі көп сінді. Ол кісіден кейін апамыз Қайрия ерте есейіп, Мәркенмен маған ақылшы, қамқоршы болғаны ерекше есімде қалыпты.

Міне осындағы қыын кезеңде барша ауыл балаларындай ер жетіп есейген жайымыз бар.

1952-53 жылдары шешеміз айықпас ауруға шалдығып, төсек тартып жатып қалды да, ер баланың ересегі мен оқуға бара алмадым. Он бір жасынан колхоз жұмысына араласып, ат басына міндім. Келесі жылы ғана Ленин (қазіргі Ыбыраев) ауылындағы мектепке окуға келдім. Интернатқа інім Мәркен орналасты да, мен Сұлтанова Дәбден апайдың үйінде тұрып оқыдым.

Тек келесі жылы мектептің директоры болған Тайжанов Кәләу ағайдың тікелей көмегімен интернатқа алындым.

Осы кезеңде ауылдастарым Қарыпов Куантай, Қоспанов Ертай, Ыбыраев Асылхан және мен төртеуміз

аудан басшыларының атына Қараталдан жеті жылдық мектеп ашу керектігін айтып хат жолдады.

Біздің бұл өтінішімізді аудан басшылары арнағы қарап, ауылдағы ағамыз Уәп Ләтіпұлы Латағовтың көмегімен жүзеге асып, Қараталда жеті жылдық мектеп ашылды. Енді оқуды ауылда жалғастырық, Мәркен 1957 жылы Ленин (қазіргі өзінің атында) орта мектебін күміс медальға бітірді. Сол жылы Алматы мал дәрігерлік институтына өз білімінің күшімен қабылданып, студент атанды. Мәркен студент кезінде де өз ортасына беделді болғанын институт қабырғасында бірге оқыған азаматтардың аузынан талай мәрте естідім де. Ал окуда оза шауып, үздік болғанын оның жоғары оқу орнын қызыл дипломға бітіргеннен-ақ байқауға болады.

Қолында дипломы бар Мәркен бауырым 1962 жылы Солтүстік ғылыми-зерттеу институтының мал шаруашылығы бөліміне жетекші маман етіп қабылданды.

Осы саламен кеткенде мүмкін Мәркеннен үлкен ғалым да шығар ма еді, бірақ ол өзінің туған жерін, өскен ортасын аңсал ауылға оралды.

Менің өз пайымдауымша Мәркен бауырым қындықты бірге кешкен апасы Қайрияға, ағасы маған қамқор болсам деген ойы болған шығар. Дегенмен осы ойды Мәркен қандай лауазымда қызмет атқарып жүрсе де есінен бір мәрте шығарған емес.

Көпшіліктің сөздерін қайталай берудің қажеті жоқ. Мәркен бауырым Қаратал ауылының бөлімшесіне зоотехник болып орналасты. Бәрімізге ақылшы болды. Өзінің осы қасиетін ол өмірде көрсете білді. Біз оның күесі болғанымызды жасыра алмаймыз.

Ауылда-колхозда бауырым Мәркен абырайсыз болған жоқ, айналасы бірер жылдың аумағында сыйлы да құрметті азаматтардың бірі болды. Өзінің туған

ауылында, жора-жолдастарының арағында беделі қалай көтерілсе, аудан, облыс басшыларының нағарына ілініп, күннен-күнге оның беделі өсті.

Мәркеннің іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетін ескерген аудан басшылары оны В.Быковский кеңшарына бас зоотехник етіп жіберді.

Туган ауылында Мәркен мен Құләштің (ол кезде сирек) комсомолдық тойы өтті. Келесі жылы олар комсомолдың жастар съезіне қол ұстасып, барып қайтты. Мәркен, қайда жүрсе де, қандай қызмет атқарса да, өзінің кішіпейілділігінен айрылып көрген емес.

Мәркен үлкен де, ірі қызметтерді атқарып жүрсе де еш уақытта өзінің елін, ағайын-туғанын, жекжатын ұмытқан адам емес. Мені В.Быковский кеңшарына бас зоотехник болғанда бірге алып барды. Бұл кезеңде оны да түсінуге болады – жалғыз жүрмейін деген ой болған шығар.

Мәркен бізге: Қайрия апасына, маған қамқор болғанын жасыра алмаймын. Мәркен бауырымыздың қызметі мен оның атқарған істері жайлы көптеген адамдар жазып жатыр ғой, оның бәрін қайталап жату орынсыз деп ойлаймын. Інім жалғыз ғана ауылдың емес, халықтың азаматы болды. Оның шапағатын ағайын-туғандар қалай сезінсе, қарапайым халық та солай сезінді. Ол қайда жүрсе де, кімдермен болса да абыройлы, сыйлы болды, оны өмірдің өзі айғақтап берді. Көптеген қоғам қайраткерлері мен сенат депутаттары, ақын-жазушылар да інім жайлы жақсы лебіз білдірді. Бұл жалғыз ғана бірен-сараң адамның емес, барша халықтың ыстық ықыласы, жарқын ілтипаты деп түсінемін.

**Жәкуда, Тамара  
Смағұловтар,  
құдалары**



## **ДАНА АДАМ ЕДІ**

Мәркен Ахметбекұлымен құда болғанымызға 18 жыл болды. Мәркен өте кішіпейіл адам еді. Құданы құдай қосады дегендей, біз бір туғандай болып кеттік.

Ол кезде қызым Гүлнэр Қарағанды мединститутында оқитын, ал Серік Қарағанды мемлекеттік университетінде оқып жүрген. Сонда екі жас бір-бірімен кездесіп, көнілдері жарасып кетеді. Бір күні қызым телефон шалып, түрмисқа шығатыны туралы айтып, осындай күні құдалардың алдынан өтуге келетіні туралы хабарлады.

Сонда Мәркенді бірінші көргенім еді. Жанында апасы Қайрия, ағасы Кәкен, жолдасы мен Күләш құдагиды қосқанда 5 кісі болып келді. Құданың өзі көлікті жүргізіп келген екен. Келгеннен кейін құдаларды қуана қарсы алып, қой сойып, ет асып, кит кигізіп, келесі күні шығарып салдық. Сонда құдамыздың қызметі жоғары болғанмен, өте қарапайым, өзімшілдігі жок, аққөңіл екендігі көрініп тұрды.

Бірінші құдалық бізде болды, жақсы өтті. Екінші күні Қызылжар өңіріне де келіп жеттік. Балалардың үйлену тойы “Вороний остров” деген жерде болды. Осы тойда 200-ге жақын адам болды, сондағы құданың айтқаны фой “бұндай той бірінші рет болып отыр” деп.

Арада уақыт өте Серік пен Гүлнэрдің тұңғыш сәбілері, біздің немереміз Сұлтанбек дүниеге келді. Сонда Мәкең “ертең Алла жазса, немереммен саябаққа барамыз, серуендең дем аламыз” деп еді.

Жұмыстан келгеннен, киімін шеше салып, Сұлтанбекті қолына алып, құшақтап, бетінен сүйіп, шаршаганымның бәрі кетті ғой дейтін. Біз келгенде жас екенімізге қарамай құшағын жая қарсы алып, кетерде Бескөлге дейін шығарып салып, поезben келсек вагонға дейін мінгізіп шығарып салушы еді. Осындай кеңпейіл, қонақжай адам еді.

Сұлтанбектің 1 сыныпқа барғанын көре алмай кетті. Одан бері талай жыл өтті. Алла жазса, биыл Сұлтанбек 11 сыныпты бітіреді, Асхат сегіз бітіреді. Кеше ғана аталарының мойнында жүрген немерелері, міне ер жігіт болып қалды.

Құдамызы да биыл 70-ке келер еді. Бірақ, Алла берген жастан асар ешкім жоқ. Әттең, ғұмыры қысқа болды. Құдамыздың көре алмай кеткен қызығын балалары мен келіндері, немерелері, артында қалған жұбайы – құдагиымыз көрсін дейміз, өмір-жастары ұзақ болып, әкелеріндей ел-жүртқа сыйлы болсын. Құдамыздай дана адам ғасырына бір-ақ рет келеді деп ойлаймын. Ол кісі өзіме ағамдай еді. Мәкең өмір бақи жүргегімізде қалады.

Топырағы торқа болсын, жатқан жері жарық болсын, жаны жұмақта болсын дейміз.





**Мұрат, Ұмсындық  
Жантілеуовтер,  
балдыздары**

## **САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ**

Мен ең алғаш Мәркен жездемізді 1978 жылдың тамыз айында Мұрат екеуміздің үйлену тойымызда бірінші рет көрдім. Ол кезде Жамбыл ауданында партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарып жүрген кезі болатын. Сол көшпіліктің ортасында аса қарапайымдылығымен, биік мәдениеттілігімен ерекшеленіп тұрды. Біздің тойымызда үлкен қызметіне қарамастан, тамадаға көмекші болып, сол өзіміздің тойымызда өзіме ән салдырғаны көз алдында тұрады, мен ол кезде “Ақ бидай” ансамблінің құрамында болатынын.

Соңынан елге сыйлы, кезінде Ақмола губерниясында болыс болған атақты Қошан Жантілеуов атамыздың шаңырағына уақыт тауып келе қалғанда, оны естіген бажа-балдыздар бір көріскеңше асығып, үлкен үйге жинала кететін. Мәркен жездейдің қырағы көзі үй маңынан басталатын, бау-бақшада арамшөп барын байқаса, үй маңындағы балаларды аса бір ұйымдастыруышылық қабілетімен жарысқа шақырып, сол жұмысқа жалқаулық танытып жүрген балалар жұмысқа қалай қызу араласқандарын сезбей қалатын, сөйтіп шай қайнағанша бау-бақша тазаланып қалатын.

Кейіннен Сергеев ауданына партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет ауыстырғаннан кейін бір

қалада тұрдық. Мұрат екеумізді “туған балдыздарым” деп (өйткені Мұрат пен жұбайы Құләш апамыз әжелерінің бауырында бірге өскендіктен) бізді өзіне жақын тартатын. Жездеміздің қонақжай, ажарлы мол дастарқанында зиялыш, елге танымал жолдастарымен дастарқандас болып, көп үлгі-өнеге алдық. ҚСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайлануы Мәркен жездеміздің халқына адал да, абыройлы атқарған қызметінің айғағы.

Қандай үлкен қызметте жүрсе де үлкенге ізет, кішіге қамқор бола білген Мәркен жездемізben қандай жағдайдағы кездесуімізді еске алсақ та көңілге жылы әсер қалдыратыны анық. 1988 жылдың жазында елге жақын туыстай болып араласып кеткен құдамыз Қазтай (ол кісі де өмірден ерте озды) жұбайы Райхан және жолдастары Үмітжанмен ең кіші қайным Ерболаттың үйлену тойына әдейі арнап келген болатын. Мәркен жездемізben Қазтай құдамыз жас жағынан шамалас болып келгендейтін бір-бірін қатты сыйласып, араласып кеткен адамдар болатын. Құндіз жұмыс бабымен бірге бола алмайтындықтан жұмыстан кейін, өлкеміздің табиғатын тамашалап, Есіл бойындағы ормандарда демалып қайтуға келісті. Біздің өлкеміздің табиғатын тамашалап жүріп Үмітжан құдаша қолындағы гауһар тасты жүзігінің қай жерде сусып түскенін аңғармай қалады. Күн болса еңкейіп, қараңғылық түсे бастаған кез. Сондай қараңғылықта жүзік табылады деп ойламап едік. Сол жерден көліктің жарығымен бәріміз жұмыла іздедік, бірақ сол жүзікті бәрімізге абырой әперіп тауып берген де сол Мәркен жездеміз болатын. Әттең бұл дүниеден ерте озды. Қазасында бүкіл ел қайысты, ер жолдастарының озі жылап тұрды, бірақ амал не, қарсы тұрап шара жоқ.

Бүгінгі күні сол жолдастарын кездестіргенде – Мәркен жездеміз еске оралып, солардың ортасында жүргендей

елес береді. Әрине, Мәркен жездемізді өлді деуге ауыз бармайды, ешқашан да сөнбек емес, өйткені артында Серік пен Бауыржандай ұлдары, ғасырды-ғасырларға жалғастырар немерелері Сұлтанбек пен Асхат, Асанәлі мен Әлімжан, аяулы асыл жары Күләштай апамыз барда.

Аяулы, бағаң қымбат асыл жездем,  
Іркілер есіме алсам жасым көзден.  
Секілді күні кеше арамызда,  
Жүргенің күліп-ойнап сіздің бізбен.  
Мәркен Ахметбеков атындағы мектеп түлектері жездеміздің атына кір келтірмей, мәңгілікке атын сақтай берсін деп тілейміз.





## **АҒАМЫЗДАЙ БОЛЫП ҚАРСЫ АЛҒАН**

Бұл 1974 жыл еді. Техникум бітіріп, жаңа ашылған Жамбыл ауданының орталығы Благовещенка селосының бөлімшесіне веттехник болып жолдамамен келген жас маманмын. Жаңа үйленгемін, кішкентайымыз да бар. Бір күні үйімізге қонаққа Тимирязев ауданының Целинный совхозында қызмет істейтін Дастан Бимендиұлы деген нағашымыз берілген. Рәш тәтеміз келді де, амандық-саулықтан кейін: “Осында бірінші хатшы болып Ахметбеков Мәркен деген бажам келді, соған сендерді апарып таныстырайын” – деп, біздің абдырап қалғанымызыға қарамай, үйлеріне алып барғандары ғой. Бұрын совхоз директорының кабинетіне қорқа кіретін басым, бірінші хатшының үйіне қалай кіріп, қалай шыққанымызды Айсұлу екеуміздің әлі күнге анық есімізге түсіре алмаймыз. Есімізде қалғаны, үйге кібіртікеп кіргенде бізді ұзын бойлы, жылды шырайлы жігіт ағасы мен сұлуша келген келіншектің қарсы алып, киімізді ілгекке іліп, төрге шығарып күткені. Сондағы: “Бажамның туысы – менің де туысым. Бізді мұнда жалғызсыратпай, інім мен келінім болып үйге жиі келіп жүріңдер!” – деген сөзі омір бойы есімізде қалып, ағамыздың өзі кетсе де, артында қалған жеңгеміз Күләш, балалары Серік пен Бауыржан,

Сәулелермен байланысымыз әлі қүнге дейін жалғасып жатыр. Балалары демекші, бәрі де өзіміздің кез алдымызыда өсіп, азамат болды. Сондай-ақ біздің балалар да сол кіслердің алдында өсіп-өнді.

Мәркен ағайдың істеген қызметтеріне баға беру бізге қыын, ол кісі үйде де, қонақта отырғанда да жұмыс жағдайын айтпайтын еді. Ал совхоз басшылары ол кісінің адамгершілігін, іскерлігін үнемі айтып жүруші еді. “Ағама женгем сай” – дегендей, үйлеріне барғанда екеуі де құрактай ұшып, балаларымызды құшып, мәре-сәре болып қалушы еді. Бажасына қонаққа баарда, бізді “Волгасына” отырғызып алыш, жассынбай, жол бойы әңгімелесіп барушы еді. Қазір ойлап отырсам, ол кісі өздері туралы емес, біздің ой-өрісіміздің тереңдігін, алға қойған мақсатымызды білу еken. Ауданымызда бірінші хатшы болып істеген 7 жылдың ішінде көптеген қазақ жастарына көмек көрсетіп, жауапты қызметтерге қойып, жақсысына сүйініп, жаманына күйініп, үнемі қадағалап отыруши еді. Аудандық партия комитетіне, совхоз директорлығына, партия хатшылығына, т.б. қызметке орналастырған жастар кейіннен білікті қызметкерлер болып, Отанның адал ұл-қыздары болды.

Аллаға да жақсылар керек шығар, Мәркен ағайдың өмірден ерте кеткені қабыргамызға қатты батты. Тірі болғанда әлі қанша адамға қолынан келген көмегін жасар еді. Топырағының торқа болсын, артыңызда қалғандардың берекесін берсін!

Асыл аға, иманды боп жатқайсың,  
Рухы жебеп, алдынан нұр атқайсың.  
Тұыстардың жүрегінде сақталып,  
Мәңгілікке жұмақтан орын тапқайсың.

Мы хотим написать о человеке, который сыграл в нашей судьбе большое значение.

У Маркена-ага было такое кредо жизни: творить добро и при этом не делить людей на своих и чужих. Двери его дома были всегда открыты всем.


Он был человеком дела и хорошим руководителем. Мы тогда были молоды и учились у него всему: хозяйственности, ответственности и человечности. Он был и остается человеком с большой буквы, и если бы таких было больше, на земле был бы мир и не было бы зла.

Маркен ага был хорошим дипломатом. Его отличали такие качества, как деловитость, эрудиция, человечность. Вот чему мы учились у Маркена Ахметбековича.

Для нас семья Ахметбековых была примером и образцом в жизни.

Маркен Ахметбеков — человек известный иуважаемый не только в нашей области, но и далеко за ее пределами.





## **ЖЕРИНЕ ҚАРАП, АДАМЫН ТАНЫ**

Бала кезден естігенім: «Сойыс іздесен, теріскейге бар». 1984 жылдың күзінде аnam екеуіміз сойыс емес, ол кісі қуда, мен қайынжұрт іздеп, сонау түстіктен ұшақпен Қызылжар астық. Көңіл қобалжулы, шабадан толық. Қалай болар екен, қалай қабылдар екен деп, қайткенмен де «үйден жеті қадам аттасаң, онда бишарасыңның» кебін киіп, күпті күйді төрбетіп келеміз. Әсіресе анамыздың қабағы қалындау. «Сары алма Самарқандадағана өсе ме? Өз аулымыздың айналасын ақтарсаң, саған біреу қой деді ме?! Білмеген елдің салтына біздің жоралғымыз дұрыс келе ме?» сияқты ойлармен кейіген кейіпте бұйрабас жаман сарысына қарап қояды. Онысы (яғни мен) алыс жолға шығуға себепші болған талдырмаш қазынасына - қондырған құсына бар салмақты аударғысы келгендей, көз тіктейді.

Қызылжардың қара суықты қазанында әуежайдан түстік. Табиғаттың қаһары қаймықтырып қалды. Ә дегенше тамызда тойға барған жұстаныстар құдағы мен күйеу баласын ыстық құшағына алды да, манағы корқыныштар мен қобалжулар ізімқайым жоғалды.

Оның себебі де бар болатын. Себеп – жүзінен нұр төгіліп, көзінен от шашылған, екі иығы кең, жоталы

жігіттің қонағын қомсынбай, қазақы мейрамдостықпен жадырай амандасып, көлігін алдымызға тоса беруі. Жол бойы амандық-саулық сұрасып, артта қалған елдің сорпаға шығарлары жайлышынан бұл кісінің Шымкентпен зор байланысы бар деп ойладап та қалғаным рас.

- Бауыздау құдаларыныздың інісімін, яғни құда боламыз енді. Есімім Мәркен, - деп өзін таныстырган азаматтың кейіннен бар өмірімді жарықтандыратынын, теріскейді түстікпен бірдей жақсы көріп кетуіме себепші болатынын мен сол сәтте сезген жоқ едім.

«Жеріне қарап, адамын таны» деген сөз бар. «Адамына қарап, жерін таны» деп мақалды теріс айналдыруға себепші болған Мәркен құданың өмірі неліктен қысқа болды? Эй, тағдыр-ай!» деп күрсінеді әлі күнге дейін он екі ата Жалайырдың анасы болып отырган тоқсандағы шешеміз.

Сол алғашқы кездесуіміздің өзі менің өмірлік көзқарасымның түбегейлі өзгерे бастауының көзі еді. Түкірігі жерге тимейтін, созсаң қолың жетпейтін облыстық партия комитетіне аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығынан ауысып келген Мәркен ағаның қарапайымдылығы, құдасын құдайдай сыйлайтын қазақылығы, «қызымызды алып қашып кетіп, кешірімге келіп отыр ғой, қыр көрсетіп қалайық» деген ойдан тазалығы оның адами биіктігінің бер жақтағы баспалдақтары ғана екен. Орта жасында отағасынаң онық жей отырып айрылып қалған, күніренген анамыздың қайғысында жанында, қуанышында төрінде табыла білген азаматтығы екен.

Ііле күтіп алып, елпендей қызмет еткен, кетерімізде қимастай шығарып салған Мәркен ағаға қарап ойга батқанымды несіне жасырайын. Қазаққа біткен жамағ

әдеп – жал біткен жаман жылқыдай – жанына торсық байлату былай қалсын, қолына билік тигенде, танымастай өзгереді, телпегін терекке іліп, танауын тауға тірейді. Тұған жерімде солай. Мардымсыз қызметте отырганына қарамастан, кісімси керіліп, ыңыранып әрең сөйлейтіндерді Қазақстанның әр бұрышынан әлі де кездестіремін.

Мәкеңнің ондай жасандылығы жоқ: бәрі-бәрі жүрек әмірімен, ақыл-ой айтылуымен жасалады. Міnez қандай еді! Шалқайғанға иілмей, иілгенге шалқаймайтын табиғи тектік ше!

Ауылшаруашылығы маманы, партия және кеңестік жоғары лауазымды қызметкер, тәуелсіз еліміздің Жоғарғы Кеңесінің депутаты сияқты биіктегі алқынбай алған Мәкеңнің қос жоғары білімі болса да, білім көусарын өмір бойы бекітпей, қолы қалт етсе болды, өз бетінше ізденуін тоқтатпағанына, дәл сол кісінің кітапханасындағы бай да сантақырыпты кітапхана аз болғанына қанша адам кепіл. Адамды қойшы, Мәркен ағаның біліміне, іскерлігіне, дәрежелігіне, тәжірибесіне жаңғырықсыз ізі – атқарған қызметі кепіл.





## **АЯУЛЫ БІЗДІН НАҒАШЫ**

Дана қазақ атамзаманда-ақ: “Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді” – деген екен... Демек, езі өлсे де есімі, еңбегі өлмей, келер ұрпақтармен бірге жасайтын азаматтар болады. Солардың бірі бұдан 17 жыл бұрын, 1993 жылы 53 жасында дүниеден өткен – Мәркен Ахметбекұлы.

Бізге ес кіргелі, жандары ашып, көмек көрсеткен, анамыздың екі інісі, нағашыларымыз: Кәкен және Мәркен. Қазактың сөзі бар той, “ен жанашыр жұрт – нағашы жұрт”, - деген. Осы сөздің ақиқат екендігіне әбден көзіміз жетті. Әкемізден ерте айырылып, жетім қалған кезімізде, анамызға тірек болып, біздің осы күнге жетуімізге көп үлес қосқан да осы нағашыларымыз.

Мәркен нағашымыздың алатын орны – ерекше.

Әлі есімде...Кішкентай кезіміз, бір топ балалар жазғы демалыста қонаққа барамыз (Ступинка, Бескөл, Благовещенка ауылдары). Нағашымды сирек көретінбіз, жұмыс бабымен біз ұйықтағанда ол кісі әлі жоқ болатын. Ал біз үйқыдан оянғанда – ол үйде болмайтын...

Сенбі-жексенбі күндері анда-санда нағашымыздың үйде жүргенін көретінбіз. Онда да ауладағы ағаштарды суарып, қорадағы тауықтарға жем беріп, тыным таптайтын... Біз шамамыз келгенше көмектесуге тырыса-тынбыз.

Біраз демалып, елге қайтқанда, Күләш тәтеміз бәрімізді көлікке отырғызып, ауыл-ауылға апарып, сыйлығымызды үlestіріп беретін.

Мәркен нағашы, сіз туралы соңғы кездері көп ойланатын болдым. Сіздің мен үшін орнының ерекше, сізге деген маҳаббатымда шек жоқ. Күнделікті күйбен-тірліктен бөлек, өзіңізге ғана тән даналығының, бір басыңыздан асып-төгіліп жатқан жомарттығының – бәрі-бәрі өзіңізге тәнті еткендей.

Елуден жаңа шығып, қамал алған шақта азamat жол-көлік оқиғасынан көз жұмды. Нағашым кеңінен пішіп, ұзақтан болжайтын жан еді. Соңында өзі бастап кеткен қанша іс қалды. Қандай басшылық қызмет болса да, абыраймен алып жүрді. Бізге енбегініз сінді, жетілдірдіңіз, қызығымызды көру керек еді... Алайда, жазмыш оған жеткізген жоқ.

Ғұмырында көпке ұлғі боларлық іс жасау екінің біріне бұйыра бермейтін бақыт. Бүгінде қалдырган іздеріңіз сайрап жатыр.

Нағашымызды білгендердің қайғысы ешқашанда басылмайды, бірақ та нағашымыздың олардың әрқайсының жүргегінде сақталатындығын мақтан етеді, өйткені оның істеген жақсылықтары күн сайын нығайып, дамып келеді. Олардың әрқайсысы өздерінің ұлы, ағасы, досы, әкесі, басшысы болған. Нағашымыздың өз елі үшін істеген иғі істерін мақтан етеді, сондықтан да нағашымыз әрқашан да бізben бірге, біздің жүргегімізде.

Жас ұлғайған сайын адам кемелдене түседі ғой. Мұмкін сіз жайлы әлі талай жазармын. Оны уақыт көрсетер...

Бірақ, нағашым Мәркен жоқ болса да, нағашы тәтеміз Күләш бар, ол кісіні біз өте сыйлаймыз. Балалары Серік, Бауыржан, немерелері Сұлтанбек, Асхат, Әлімжан, Асанәлілер бар, өмір жалғаса береді ғой. Нағашым көрмей кеткен қызығын тәтем, балалар, біз көрейік.

**Әбілова Элия Шәріпқызы,**  
жиені



## **МӘРКЕН АХМЕТБЕКОВ ҮЛКЕН ТҰЛҒА!**

Адам өмірі асқар тау. 50 жас сол асқар таудың ең биік шыңы. Жылдар егелеп адам өмірін екіге бөледі: жастық пен кәрілік.

Есімізге алып отырған ағамыз Мәркен Ахметбекұлы асқар тау биігіне шығып, немере сүйемін деп отырған шағында, тағдырдың жазуымен бұл дүниеден өтіп кетті. Өмірдің екінші бөлігі кәрілікті көре алмады.

Мәркен ағаның есімін бала жасымнан білемін. Ленин орта мектебінің түлегі. Мектепте бұл кісінің есімі аса бір құрметпен аталатын-тәрбиелі, жақсы оқитын окушы деп, мектеп жиналыстарында мақтау қағазын берсе, қабырга газетінде бас мақаладан орын алатын.

Мен интернатта оқыдым, біздің көшеде ауыл бас-қармасы Бікан Қоспанов жанұясымен тұрды. Мәркен сол ағайындарының үйінде тұрды. Кейінде естігенім Әсима апай – Біканның бәйбішесі, оның кіндік шешесі екен. Марқұм апайдың өзі оны мақтаныш тұтатын “Мәркен шаруага пысық еді, үстін таза ұстайтын, шыны-аяқ ыдыстарды да жуып тастаушы еді, айтқаныңды скі етпейтін” – деп, әңгіме қылып отыратын.

Мәркен ағай оныншы сыныпта оқығанда, мен жетінші сыныпта оқыдым. Ол кездерде әрбір сыныптың пионер

жетекшісі (пионервожатый) болатын, олар жоғары сыныптың жақсы оқитын, тәрбиелі оқушыларынан тағайындалады. Әрине, Мәркен ағай мектептің қоғамдық мүшесі-жетекшілерінің бірі болатын. Сондықтан да шығар, мен оның есіміне қаңық болдым. Мен үшін бұл кісі шапшаң, жинақы, әдемі, ересек адам сияқты көрінетін.

Жас айырмашылығымыз көп болмаса да, біз тәменгі сыныптың оқушылары мұндай оқушыларды ересек тұтынып, әдеп сақтайтынбыз, ұялатынбыз. Әрине, Мәркен ағай өзінің қабілетімен де шығар, өзіне жүктелген мектептің қоғамдық жұмыстарын отряд, звено, пионерлік ұжымдарға жеткізіп, тәрбиелік жұмыстарды жүргізетін.

Ол мектепті құміс медальмен бітіріп, жоғары окуорнына тұсті. Мен нағашы тәтем Құләш Ғайсинаның соңынан еріп, Қызылжарға оқуға тұстім. Құләшқа жақын жерде пәтерде тұрдым.

Құләш интернатта да, кейінде Қызылжарда да менің өміріме араласып, туыстық қатынаста болдық.

Кейінде мен Қарағандыда қызмет істеп жүргенімде Құләш пен Мәркен қосылатын болды, Қараталда тойлары болады деп естідім. Менің туысым Құләш теңін тапты. Екеуі де еліміздің ырысы, бәрімізге үлкен мәртебе деп сезіндім. Мәркен Құләшті таңдады, ол өз бақытын тапты, адамзат бақытының басы отбасынан басталады, дүниенің тыныштығы да отбасының татулығынан туадығой.

Осындай арманға мен де жеткендей болдым. Келер жылы мен Мәркен ағайдың жиені Дулат Әбіловпен шаңырақ құрдым, сейтіп біз төртеуміз нағашылы-жиендер туыс болдық.

1982 жылдары нағашымыздың Москвада академияда оқып жүрген кезі. Дулатты жұмыстан босатпай, мен Қара

теңіз жағасына курортқа жалғыз баратын болдым. Мені Москвада Мәркен нағашымыз қарсы алды. Үйіне жеткенше Москваның бірсыныра жерін көрсетіп, таныстыруға тырысты. Үйде Құләш жұмыстан келіп ас дайындал қойса керек, нағашым – сендер шай ішіп алыңдар да, кешке дейін қыдырып келіңдер. Әлияға Москваны аз да болса көрсет деп, өзі сабагына кетті. Құләш екеуміз үйге қайтып келе жатып бір универмагқа соғып, кезектің үлкендігіне қарамастан, маған барқыт костюм алдық. Әрине, мен мұндай затты елде ала алмас едім. Екеуінің әперген костюмін мен көпке дейін, тек жиналыстардаған киіп жүрдім. Үйге келген соң дастарқан басына отырдық. Өздерінің араласып жүрген жолдастары да болды. Құләш жылқы етін, омыртқа, қазы, қарта, жілігін асыпты.

Дастарқан басында мен кейінрек отырып жатыр едім, нағашымыз мені қақ төрге отырғызып, “Сен бізге келін емессің, жиенсің. Дулат сыйлайтын жиенім, сен екеуінің жүріс, тұрыстарыңа қайда жүрсем де ризамын. Бізге келгенде еркелеп кел. Қысылма”, - деді.

Мен мұндай сыбаға, осынша сыйлықты Москвада тұрған Дулаттың нағашысының үйінде кездестіремін деп, ойлаған емеспін. Өзім тіпті сасып та қалдым, жол-жөнекей жүргесін сыйлыққа ештеңе әкелген жоқ едім.

Нагыз қазақ Москваның қазағы екен. Ертеңіне мен ұшатын ұшақ кешігетін болды. Маған нағашым “Әлия, анау орыстың әйелі біздің қазақстандық шығар, бізге қарай береді, сен барып сұрап кел”, - деді. Сұрастырсаң, ол әйел Қостанайлық екен, мен тосып тұрған самолетпен Геленжікке бармақшы. Өзім де қуаныш қалдым. Мәркен аға окуына кетті, мен әлгі әйелмен курортқа бірге ұштым. Ағаның бір қарағанда кісі тануы, сезімталдығы мені таң

қалдырды, үйден шығарда менің чемоданымның кілтке жабылмайтынын көріп, Құләш екеуі чемодан тартқышпен тартып берді.

- Эй-эй, жиен-ай (Дулатты), келіншегінің пойызбен жүретінін, одан самолетпен ұшатынын біле отырып, аузы кілтке жабылатын әп-әдемі бір чемодан неге әпермеген, әлде онда жігіттер қарап қоя ма деп, қызғанғаны ма, - деп, қалжындалап та қояды.

Әттең осындай жайлы да жақсы, сүйкімді де инабатты нағашымыз дүниеден ерте өтті, өмірдің екінші бөлігі кәрілікті бастаған да жоқ.

1984-1985 жылдары Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының есепті баяндамасы және аудандық комитетті сайлау конференциясы өтті. Мәркен аға ауданның бірінші хатшысы болғандықтан конференцияда есепті баяндаманы жасау керек. Бірақ ол аса қатты ауырып, емханаға түсіп қалды. Ауырып қалса да, баяндаманы өзі қадағалап жазғызды.

Мен ол кезде ПМК-22 құрылыс кәсіпорынында партия ұйымының хатшысы едім. Аудандық партия комитетінің мүшелері, хатшылары көбі орыстар және ертеден Марьевқадан қалыптасқан, бірін-бірі қолдайтын орыс тіліне жетік әртүрлі (неміс, орыс, украин, белорус) халықтар. Орысша бір сөздің екпінін дұрыс қоймасаң, кәте сөйлесең президиумда отырғандар өзіңе алайып бір қараса, залда жұрт бір қозғалып қояды.

Ал аудандық партия комитетінің бірінші хатшыларының ішінде бізде Сергеевкада әр уақытта білімдері терең, орысша мұдірмей сөйлейтін көрікті, тәжірибелі үлкен тұлғалар болды.

Олар:

Болатбаев Ніл Адғамұлы, Үсқақов Жақсылық Ғабдоллаұлы, Шайкин Есім Шайкенұлы. Бұл кісілер халық қамын ойлаған, халық ағалары – нар кісілер еді.

Осы кісілердің ізін басқан біздің туысымыз Мәркен Ахметбекұлына конференцияда баяндаманы өзі жасағаны, әрине, орынды болар еді.

Белгіленген күні мәдениет сарайында Мәркен аға мінбеге шығып, конференцияны өзі ашты. Клуб салқындау болды. Мен мандат комиссиясының мүшесі едім, біз президиумның сол жағынан орын алдық. Екі көзім Мәркен ағада болды, ауырып тұрганы сезіліп тұр, кейде тері шып-шып етіп шығады да, орамалмен мандаіын сипайды. Ауданның жұмысы алға басып тұрган кезі, баяндаманы нағашымыз нақышына келтіріп, қағазға да қараған жоқ, мінбеден орнықты сөйлеп, залды өзіне қаратып алды. Кескіні қуқыл тартқанымен, салмақтылығы, бойындағы білімі, орнықты кімі, ауданның жағдайын алақандай білуі, залда отырған халықтың есіміне дейін, кімнің қайда не жұмыс істейтін білуі, конференция делегаттарын риза етті. Нағашымызды келер мезгілге бір ауыздан бірінші хатшы етіп сайлады.

Мен бұл конференцияда сөз сөйлемдім, аздал аудандық комитет бөлімдеріне сын айтып, құрылым мекемелерінің жұмысына көніл бөлу керектігіне тоқталдым.

Нағашымыз оны жадында сақтап қалған ғой, екі жұмадан кейін үлкен ашиқ партиялық жиналышты бүкіл ауданның хатшыларымен біздің ПМК-да өткізді.

Сөйтіп, конференцияда сөз сөйлеймін деп, осында мащақтты басыма сатып алдым. Мені аудандық партия комитетінің талабы бойынша трест “Петропавловсксельстройдың” экономика жұмысын басқаруға резервке қойды.

Мінекей, Мәркен аға үндемей-ақ өз тәжірибесінде өзінді тәрбиелеу керектігін ұқтыра білегін адам еді. Ақыл, айла, өнер, білімді өзінің 50 жасына дейін үйренген, қогамда әр уақытта қажет болған Мәркен ағамыз өз теңдерінің ішіндегі үлкен тұлғалы дәрежеге жеткен адам еді. Топырағы торқа болсын дей отыра, балаларына тәніріміз баянды бақыт берсін деп тілейміз.



**Ахметбеков  
Серік Мәркенұлы**



## **СЛОВО ОБ ОТЦЕ**

Совсем недавно 5 февраля 2010 года мы, члены семьи, отметили в кругу друзей и родных в Центральной городской мечети 70-ую годовщину со дня рождения нашего замечательного отца, человека с прекрасной душой М.А. Ахметбекова.

Конечно же, это был для нас грустный праздник, и прежде всего потому, что его не было среди нас. Ведь, если бы он сидел с нами за одним дастарханом, то это было совсем другое мероприятие с веселыми танцами и шумными тостами за его здравие. К большому сожалению, все те прошедшие 16 лет, что его нет с нами, мы не можем разделить с ним наши общие радости и горести.

Я вспоминаю, что когда мы с семьей жили в Москве (1981-1983 гг.), то никогда не пропускали важнейшие футбольные и хоккейные матчи с участием сборной команды СССР, а также чемпионаты и товарищеские встречи среди боксеров и борцов. Несмотря на далекое расстояние до стадионов и Дворцов спорта, мы с отцом и братишкой Бауыржаном были заядлыми болельщиками. Тогда я заметил, что отца увлекают командные игровые виды спорта, а также различные единоборства. Особенно

неистово он болел за наших спортсменов-казахстанцев со всей душой, бесконечно радуясь в случае успеха и откровенно возмущаясь в случае поражения. “Им же государство все условия создает для тренировочного процесса и берет все материальные затраты на себя, а они сегодня играют откровенно слабо и не проявляют настоящую волю к победе. Где их самоотдача?” – иногда разочарованно говорил он.

Да, несомненно, то, что наш отец оставил после себя яркий след в жизни своих современников, соратников, друзей и родных. Именно он с депутатами 12-го созыва Верховного Совета Казахской ССР принимал судьбоносные решения о независимости нашей страны, когда закладывались основы государственности, первые законы нового государства, и был настоящим патриотом своей Родины. Именно в начале 90-х годов прошлого столетия осуществилась заветная мечта наших дедов и отцов о суверенном государстве, в котором граждане могут реализовать все свои лучшие начинания. А ведь в свое время он несколько раз отклонял предложения о работе в других регионах Казахстана, так как очень любил природу Северного Казахстана и населяющих его людей.

Меня он поражал своим непререкаемым авторитетом, врожденной дипломатией, мудростью, доставшейся по наследству от великих степных предков, умением найти выход из сложной ситуации и остаться при этом человеком со своими высокими морально-волевыми принципами. Еще у него была незаурядная память, внимательное отношение к окружающим его людям, чувство высокой ответственности перед обществом. Коллеги по работе всегда отмечали его объективное

отношение к подчиненным, строгий спрос и дисциплину во время выполнения своих служебных обязанностей.

Несмотря на то, что мы были детьми высоко-поставленной персоны, отец учил быть скромными и самостоятельными личностями, с юношеских лет адаптировал нас ко взрослой жизни. Также он прививал в нас стремление к достижению желанной цели, благих намерений, проявлению сдержанности, толерантности в отношениях, помохи малоимущим людям, извлекая при этом полезные уроки. Даже в 1986 году, когда начался очередной призыв в ряды Советской Армии, у нас в семье не стоял вопрос, служить старшему сыну в войсках, испытывая при этом все тяготы и лишения, или искать различные поводы и отсрочки от воинской обязанности.

В результате я отдал делу защиты Отечества целых два года своей молодой жизни, был в своей воинской части отличником боевой и политической подготовки, поощрялся за это время отпуском на родину и многочисленными благодарственными грамотами от командования Краснознаменного Среднеазиатского военного округа. Причем в отпуск домой я нагрянул без предварительного звонка, чем приятно удивил родителей и многочисленную родню, которые устроили по этому поводу большое радостное застолье.

Наши родители не изменяли своей непременной привычке – отдавать все лучшее детям. Это касалось не только нас, родных детей, но и многочисленных племянников, братишек и сестренок.

Особо хотелось бы сказать несколько слов о нашей маме, которая была дорога отцу как близкий человек по духу и верности. Они бесконечно любили своих детей, понимали с полуслова и уважали друг друга.

Для нас их взаимоотношения остаются образцом и идеалом совершенства семейных отношений, доверия и полного взаимопонимания. Ведь не секрет, что нынешняя молодежь во многом растеряла те нравственные и моральные ценности, которые были заложены в далеком прошлом при создании института семьи.

А сейчас хочу пожелать нашей маме, прежде всего, конечно, крепкого здоровья и долгих лет жизни. Хотелось бы, чтобы она и дальше радовалась дальнейшим успехам своих детей и внуков. Ведь она достойна жить до глубокой и счастливой старости.

Из родных внуков отец при жизни увидел только старшего – Султанбека Маркенова, ныне выпускника 11 класса школы-лицея г. Петропавловска. С рождения в июле 1992 года и до последних дней жизни он не выпускал первенца из рук и по-настоящему не чаял в нем души и говорил про него: “Это наша кровь, продолжатель нашего рода!” На память о тех днях остались кадры видеосъемки, которые стали для нас золотым семейным фондом.

Как промелькнувший метеор, беспокойный и честный по своей натуре, несгибаемый борец, неравнодушный к будущему родного края, талантливый организатор больших государственных дел, вот таким он и останется в наших сердцах. Таким его запомнили жившие и работавшие с ним бок о бок друзья и товарищи.

**Папа, если ты видишь и слышишь нас высоко на небе, то знай, что ты для нас и по сей день являешься главнейшим жизненным ориентиром, нашей путеводной звездой, мы тебя помним и любим!**

Екінші бөлім

**БАСПАСӨЗДЕ ЖАРИЯЛАНГАН  
МАҚАЛАЛАР**

**Қалиев Құдайберген,  
Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімінің бірінші орынбасары**

## **ЕСІМІ ҰМЫТЫЛМАСА**

«Егемен Қазақстан», 30 наурыз, 2000 жыл

Өткен жылы Есіл бойында қара қыртысы кере қарыс асыл топырақты кең далада алтын күзде астық дариясы актарылып, бітік егін шықты. Диқандарымыз сол мол ырысты шашпай-төкпей ысырапсыз жинап алғып, ерекше ерлік көрсетті. Міне осындай айтулы шақта, қаншама қындықты жеңіп, жеңіс биігіне көтерілген тұста олар осы даланың құндағына құнар етіп маңдай терін сіңіріп, құн демей, тұн демей дала төсінде жортып қол бастаган батырлардай диқан қауымының қалың жасағын талай жыл молшылық жолына бастаган, кеше ғана дүниеден өтіп кеткен есіл ерлерін де еске түсірді. Солардың бірі Есіл өңіріне аты кең мәлім асыл азамат Мәркен Ахметбекұлы Ахметбеков еді.

Еске түсірді деп отырғаным: ол облыстың ауыл шаруашылығын басқаруға көп еңбек сіңірген, жерлестері жадында есімі үлкен әріппен жазылып сақталған азамат болған. Өмір жолы жүлдүздө болып, жарқырап өтті. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданындағы Ленин орта мектебін күміс медальмен, Алматы мал дәрігерлік институтын, кейін Мәскеу қоғамдық ғылымдар академиясын қызыл дипломмен бітірген. Жоғары білім алған соң туған ауылына оралып, еңбек жолын бөлімше зоотехнигі, бөлімше басқарушысы болып бастады. Біліммен қаруланып білек сыйбанып кіріскең еңбегі зая кеткен жоқ. Мәркен Ахметбекұлы басқарған бөлімшенің

бағы жанып, дәүлеті дүрілдей жөнелді. Алғы шепке шықты. Ол кеңшардың бас зоотехнигі, кеңшар директоры болды, аудандық атқару комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. Осы қызметтердің бәрін Мәркен Ахметбекұлы өзінің адал еңбегімен, халқына жан-тәнімен беріле қызмет еткен іскерлігімен көркейте білді. Оған қызметтің қай участесі тапсырылса да кара нардай қайыспай көтеріп, қадамын нық басты, жұзі жарқырап, жүртқа жақын жүрді.

Мәркен Ахметбекұлының еңбегін елі де жоғары бағалады. Ол Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды, аудандық, облыстық кеңестердің, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды.

Есіл өңірінің алтын дән дариясы тасыған алтын күзінде диқан қауымының Мәркен Ахметбекұлының есімін еске алуында да мән бар еді. Ол көктемгі егістің, күзгі орақтың қарбаласты қауырт күндерінде астықты алқаптарды тұн ұйқысын төрт бөліп аралап, алтын дәнді қамбага ысырапсыз жинап алғанша дамыл таппады. Ол соңғы қызметінде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары болатын. Астық жорығын тікелей басқарды деу де әбден орынды еді.

Биыл ақпан айында ағайын-туғандары, жақындары, достары М.А. Ахметбековтің туғанына 60 жыл толуын атап өтті. Жергілікті баспасөзде оның суреті басылып, ол туралы мақалалар жарияланды.

Бұл күнде әр жердегі халықпен кездесулерде, азаматтар жиындарында, әңгімелер үстінде Мәкенің есімін мәңгі есте қалдыру туралы жүртшылық пікірлері айттылып жүр. Мен өзім мұндай лебіздерді жоғары жақтан

да естідім. Сенаттың бұрынғы спикері, қазіргі сенатор Өмірбек Байгелди былай деп еді: «Мәркенмен Алматыда малдәрігерлік институтында бірге оқыдым. Екеуміз де қызыл дипломмен бітіріп шықтық. Кейін екеуміздің жолымыз тағы түйісті. Екеуміз де Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болдық. Туған халқына, туған еліне қалтқысыз қызмет ету бүкіл өмірінің мұраты болатын. Оның есімін халқы ұмытпайды. Мәркен есімін мектепке, көшеге берген дұрыс». Парламент Сенатының депутаты Оңалбек Сәпиев те осындай пікір білдірді. Екеуді Қоғамдық ғылымдар академиясында Мәскеуде бірге оқып, Мәркен Ахметбекұлының азаматтық тұлғасына, адамгершілік қасиетіне, біліміне, мәдениетіне, іскерлігіне, өмірін еліне арнаған ұлтжанды патриоттығына әбден қаныққан екен.

Жуырда облыс әкімі Қ.Нағмановтың атына М.А. Ахметбековтің туғанына 60 жыл толуына байланысты оның есімін есте қалдыру мақсатында Сергеевка қаласының бір көшесіне және Ленин ауылындағы орта мектепке Мәркен есімін беру туралы Б. Әшімов, Н.А. Айтқожина, М.Р. Сағдиев, К.С. Салықов, А.Қ. Қошанов, Қ.Т. Тәшенов сынды қоғамдық қайраткерлер қол қойған тілек хат та түсті. Асыл азаматты білетін жандар бұл тілекті қолдары сөзсіз.

Мәркен Ахметбекұлы сынды асыл перзенттеріміз қандай құрметке болсын лайық, солардың есімдері ұмытылмасын деген халық тілегі орынды деп білемін. Мен халық тілегін «Егемен Қазақстан» газеті арқылы жеткізуді жөн санадым. Үкімет осы пікірді ескерсе деймін.

## ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРЫҚ ЖАН ЕДІ

«Солтүстік Қазақстан», 4 ақпан, 2000 жыл

Қазақтың соңынан із қалдырған жақсы азаматтарын «аққан жұлдызға» теңейтінін білеміз. Қандай баламалы, дөп айтылған сөз. Шындығында да, өмірінде жұлдыздай жарқырап жанып, талайларға Темірқазықтай бағыт-бағдарымен танылған тарлан азаматтардың сол аспан шамшырақтарындай ерте сөнгендерінің соңында айшиқты із қалатыны анық. Өңіріміздің сондай ерте аққан жұлдызының бірі – Мәркен Ахметбекұлы Ахметбеков еді десек, шындықтан алшақ кете қоймаспyz.

Өмір танымда өсу жолдары аз емес. Соның ішінде ең құдіреттісі де, ең сенімдісі де – таланына біткен дарын, еңбекпен өсу жолы. Мұндай жолды таңдаған адамдар көпшілік жай тобырға ұқсамай, болмыс-бітімімен, алға қойған арман-мақсатымен күнделікті күйкі тірлік қамындағылардан анағұрлым жоғары тұрады. Және олар өздерінің үміт-мұдделерін берік сеніммен ұштастырып, көбімізге тән түрмисстың тар аясына да симайды, құлашын кеңге сермейді. Мәркен Ахметбекұлын, міне осындаған жандардың қатарынан көретінбіз.

Оны осындаған асыл қасиетке шындаған өмірдің өзі. Соғыстың алдында туған барлық замандастарына ортақ ел ауыртпалығына бала жастан қанықты. Сол бір елді қан жылатқан сұрапыл жылдар болмағанда болашақ тағдырының қалай қалыптасарын кім білген? Әкесі Ахметбек ауылдағы сауатты азаматтардың бірі болғандықтан ұжымшар басшылығының бір тұтқасына ие

болып, үш баласын қанаттыға қақтырмай-ақ өсіретін еді-ау. Бірақ, Мәркенге мұндай тәтті өмірді құдай жазбаган екен.

Туған ауылы Қараталда әкесі есепшілік қызмет атқарып жүрді де, дәл соғыстың алдында Кеңес ұжымшарының басқармалығына ауысты. Сол кездегі адамдардың қарапайымдылығын қойсайши, білдей бір елді басқарып отырғанына қарамай отбасын ауылында қалдырып, Кеңестегі бір ағайынның үйінде тұрып қызмет атқарыпты. Кенеттен киліккен соғыс үй тұрғызуға мұрша берген жоқ. Анасы Зейни және бауырлары Қайрия, Қәкендермен бірге 1942 жылдың сәуірінде әкесі майданға аттанғанда Қараталда қала берді. Тағдырдың жазуы шығар, арада алты ай өтпей ауылға рота командирі Ахметбек Қамбаровтың майданда ерлікпен қаза тапқаны туралы қарақағаз жетті. Сөйтіп, екі жастан жаңа ғана асқан сәби Мәркен әке кескініне де қана алмай қапыда жетім қалыпты.

«Ел іші – алтын бесік» деп бекерге айтылмаған ғой. Жоқшылық, жұтандық көргендерімен, ағайын-туысқандары бар дегендей, өзегі талып, қарындары ашқан жоқ, жұрт қатарлы құн көріп, Зейни шешесі балаларын оқытуға тырысты. Жетіжүлдіқ мектепті ауылында аяқтаған Мәркен, одан кейінгі окуын Ленин орта мектебінде жалғастырды. Сол мектепті 1957 жылы күміс медальмен бітіріп шықты.

Жетім балада жетек болмайтыны белгілі, сол жылы өзі барып Алматының малдәрігерлік-зоотехникалық институтына түсіп, оны 1962 жылы қызыл дипломмен бітіріп шықты. Еңбек жолы осы жылдан басталады. Бірден институттан алған жолдамасымен Солтүстік мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына кіші ғылыми қызметкер болып қабылданады. Мәркеннің ғылымға ден қойып,

сонына шам алып түссе ғалым боларына шұбә жоқ. Алайда, отбасы жағдайына байланысты институттағы қызметтің тастап, туған ауылы Қараталда бөлімше зоотехнігі қызметіне ауыспасқа амалы қалмайды.

Бүгінде ортамызда жоқ Мәркеннің осы аз ғана жастық кезінің мысалдарынан-ақ, оның өмірге деген талпындысын, туған жерге, отбасына деген үмтىлышын, жалпы мақсаткерлігін аңғармау мүмкін емес. Аман болса ал-пыстың асқарына енді ғана шығатын абзал азамат өзінің өмірден ерте өтетінін білгендей-ақ лапылдан, лаулап жанып, көпшілікке жағымды жақсы істерімен өзін өзгелерге сүйікті ете білді. Оттың жылдық еңбек жолында қатардағы бөлімше қызметкерінен белгілі қогам қайраткерлігіне дейінгі жолдан өтті. Бір ғажабы, соның бәрі билік басындағы біреулердің демеуінің әсері емес, тек қана өз еңбегінің жемісі. Оған көз жеткізу үшін оның одан арғы еңбек жолына зер салуға болады.

Ауылда қызмет атқарған екі жыл Мәркеннің өмірінде ге елеулі кезең. Ең бастысы – ол осында өзінің өмірлік жары Күләшті кездестіріп, шаңырақ көтерді. Ал оның кездейсоқ кездесу болмағанын бүгінде Күләштің өзі де жасырмайды. Өйткені, екеуі де Ленин мектебінде оқып, таныстықтары сонда басталған. Мәркеннің отбасы жағдайына мензеп, ауылға қызметке ауысуының бір сыры осында жатқандай. Өйтеуір не керек, Петропавл медициналық училищесін бітіріп осында ауыл фельдшері болып жүрген Күләшпен осы кезде бөлімше басқарып жүрген Мәркен тілектерін қосып, Ахметбектің шаңырақ отын қайта жақты.

«Жақсыға жақсыны құдай қосады» деген сөз де тегін емес. Алдымен тағдырларының ұқсастығы ғажап. Күләштің әкесі Гайса Ережепұлы да 1942 жылы майданға шақырылып, содан хабарсыз кетті. Шешесі Мәруәр осы

өңірге даналығымен, саяткерлігімен, шежірешілігімен аты шыққан Қошан Жантілеуовтың қарындасты болатын. Қошан Көктерек ауылында тұратын қарындасының аурулығын естіп, оны Рахила, Рәш және Күләш атты үш қызымен қолына көшіріп алады. Өздерінің де он төрт баласы бар Қошан мен Шәпияның тағы үш жиенін бауырына басқанына бүгінде біреу сенер, біреу сенбес. Ал, бұл өмір шындығы, сейткен Қошан атаның ырысы кеміген жок, қайта құдай берген кеңпейілдігінің арқасында елді аузына қаратқан абыз атанды. Осындай жақсы адамдардың қасиеті тегі үрпағының бойына да сіңіп қалатын болар.

Мәркен мен Күләштің тойы сол кездегі Қаратал ауылында өткен тұңғыш комсомол тойы еді. Оны және одан қейін екі жылдан соң, яғни 1966 жылды Мәркенмен бірге комсомолдың бүкілодақтық 15-ші съезіне барған қуанышты сәттерін Күләш осы күнге дейін өмірдегі ең бақытты құндері деп біледі. «Одан беріде көрген қызық-қуаныштар, мерей биігіне көтерілген сәттер сан алуан. Бірақ, солардың біреуі де алғашқы қуаныштарымды ұмыттырып көрген емес», – деп отырады Күләш.

Мәркен сол кездегі партия-кеңес қызметкерлеріне тән барлық баспалдақтардан өтті. Алдымен Быковский атындағы кеңшарда бас зоотехник, сосын Сергеев аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары қызметтерінде болып, өзін іскерлік жағынан таныта білді. Сондықтан да болар, 1970 жылдың ақпанында жаңадан «Ступинский» кеңшары құрылып, оған басшы тағайындау керек болғанда, облыс, аудан басшыларының таңдауы Мәркенге тұсті. Отызға да толмаған жас маман үшін бұл зор сенім болатын. Шын мәніндегі жауапкершілік жүргін сезініп, бойындағы барынды сала жұмыс істегенге не жетсін. Өзінің кім

екендігін танытатын осы сәт деп ұққан Мәркен аянып қалған жоқ, жаңа шаруашылықтың қаз басып кетуі үшін қолдан келгенінің бәрін жасады. Ұмтылғанның тасы өрге домалайтыны анық қой, кеңшар алғашқы күннен алдыңғылдардың қатарына қосылды. Сөйтіп тұңғыш мемлекеттен алған марапаты – Еңбек Қызыл Ту орденін өніріне қадады. Шаруашылықтың әсіресе егін шаруашылығындағы табысы биік белеске көтерілді.

1973 жылдың мамыр айында ол Бескөл аудандық атқару комитетінің төрағалығына сайланады да, келесі жылдың тамызында жаңа-жаңа қаз басып келе жатқан Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланады. Қазір әртүрлі алыпқашпа сөздер айтылып жүргенімен, партияның үлкен шындалу мектебі болғаны рас. Оны ешкім жоққа да шығара қоймас. Жеті жыл осы партиялық қызметте Мәркен өзінің адамгершілік, еңбексүйгіштік қасиеттерінің арқасында облыстағы білікті қызметкерлер қатарына қосылды. Бірақ, оның өзгелерден бір айырмашылығы өте қарапайымдылығы, ауыл тұрғындарына өте жақындығы және қашанда қайырымдылығы мол қасиеттері еді.

Осындай көзге түскен азаматын алдымен ауылдастары, ағайын-туысқандары, жерлестері, жалпы оны білетін адамдардың барлығы да мақтаныш ететін. 1981-1983 жылдары Мәскеудегі СОКП орталық комитетінің қогамдық ғылымдар академиясында оқып жүргенде кәдімгі бір ініміз-ағамыз оқып жүргендей мақтаныш сезімде болып, оның болашағынан одан да зор үміт күттетін едік. Мәркенімізге ешбір қатысы жоқ замана ағымындағы өзгерістер болмағанда біздің сол үміттеріміздің толық ақталып, оның кездейсоқтықтан қысқарған өмірінде бұдан да анағұрлым айшықты із қалары анық еді-ау.

Мәркен Мәскеуден оралғасын облыстық партия комитеті аппаратында бірер жыл жауапты қызметте болып, 1985 жылы Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына сайланды. Оның алдында атағы аспанға шыққан Еңбек Ері Есім Шайкин ұстаган бұл тізгінді қолға алуудың зор жауапкершілігін, өте салмақтылығын ұқтты. Алайда, ауданды өте жақсы білгендейтін, оның еңбек адамдарымен қоян-қолтық араласып ұзақ жыл еңбек еткендіктен жүрексіне қойған жоқ. Жаңа қызметіне білек сыбана кірісіп, халыққа «Есекенің кезінде алай еді, бұлай еді» дегізбеді де. Басшылықтың білікті, мықты қолға ауысқаны бірден аңғарылды. Мәркен еңбек еткен төрт жылдың ішінде ауданда мал тұяғы өспесе кеміген жоқ, астықтан жылма-жыл мол өнім алғынан, жалпы ауыл шаруашылығында ғана емес, аудан экономикасын дамытуда айтарлықтай табыстарға қол жетті.

Осылайша іскерлігімен көзге түсіп, еңбегімен ел құрметіне бөленген азаматты 1989 жылдың желтоқсан айында облыс коммунистері облыстық комитеттің екінші хатшылығына сайлады. Әлі елуғе де толмаған атпал азаматтың бұл кемелденген, қайраткерлік қайратына мінген нағыз тау қопарар шағы болатын. Ол өзін осы қырынан көрсете де білді. Алайда, осы кезеңдегі қоғамымызға жеткен өзгерістер желі әу бастан оң иғіліктерімізге әділ бағасын бере алмай, қолда барын шашыратып берекесіздік күйге түсті. Оның кесірі партияға да тимей қойған жоқ, таратылуға мәжбүр болды. Бірден билеттерін лактырып, айғайышыл демократтар дүрбеленіне қосылып, осы құнгеге дейін айдарынан жел есіп жүрген басшылар бар. Ал біздің Мәркен ондайдың адамы емес еді ғой, бәрін ой сарабынан өткізіп, уақыттың жеңіл әғысынан сая табуды ойлаған жоқ. Осы кезеңдегі өзінің халқына пайдасы тиер орыны – негізгі мамандығы

бойынша қызмет ету деп білді. Сөйтіп, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасарлық қызметіне ауысты.

Өмірінде осындай айшықты еңбек жолынан өткен, екі бірдей Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған, әлі де болашағынан ел үміті зор аbzал азаматтың бұл соңғы қызмет орыны боларын кім білген? «Қыран қазасы қияда» демекші ол әлдебіреулердей отбасы, ошақ қасында емес, қызметтік сапарда жүріп опат болды. Мезгілсіз ажал Мәркенді қалаулысы деп білетін халқына, ел-жұртына, бәріміздің арқамызға аяздай батты. Тірі болса, алдымыздағы ақпан айының 5-ші жүлдізында ендіғана 60 жасқа толатын ол көзі тірісінде қоғам қайраткері атанған адам. Қазақ КСР-нің соңғы сайланған Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды.

Мәркеннің адами қасиеті, бойындағы ар-иманы жайында сөз еткенде оның екінің бірі біле бермейтін мына бір ізгілікті істерін де айта кету керек. Ол оның жүргегінде сақталған мұсылман дінінің қағидаларына деген оң көзқарасы, аузындағы иманы болды. Жанында ығысатын адам болмай, жеке қалғанда ата-бабалар бейіті басында дұға оқитын жақсы білімі болды.

Бүгінде осының бәрін өткен шақтан жазу қандай ауыр. Қөңілге бір демеуі оның артында қалған ұрпағы мен туған-туысқандарының Мәркен тіккен туды жықпай алғы күнге апара жатқандығы. «Орнында бар оңалар» деп қазақ атамыз айтқандай, бір қызы мен екі ұлы ер жетіп есейіп, әке аманатына адалдықпен айтулы азаматтар қатарына қосылды. Қызы Сәуле қалалық оқу бөлімінде, үлкен ұлы Серік облыстық мекеме басшысы болып, ал кішісі Бауыржан денсаулық сақтау департаментінде қызмет істеп жүр. Тұңғыш немересі Сұлтанбек бүгінде мектеп қабырғасында. Мәркен оны қызметтен үйге

оралғанда есіктен қіре: «Менің балапаным қайда, алтыным қайда?» – деп қуана айқайлап, мойнына отырғызып жүретін еді-ау? Ал, енді бүтін ата мойнына асыла алмаған немерелері Асхат пен Әлімжандар да өсіп келеді.

Жұырда облыс әкімі Қажымұрат Ыбырайұлы Нагмановтың атына Мәркен Ахметбекұлының туғанына 60 жыл толуына байланысты марқұмның есімін есте қалдыру мақсатында Сергеевка қаласының бір көшесіне және Ыбыраев ауылындағы орта мектепке Мәркен есімін беру туралы еліміздің Б. Әшімов, Н.А. Айтқожина, М.Р. Сағдиев, К.С. Салықов, А.Қ. Кошанов және Қ.Т. Тәшенов сияқты біртуар азаматтары қол қойған өтініш хат түсті. Оны Мәркенді билетін, онымен еңбектес, жүздес болған жандардың барлығы қолдайды. Біз бұл тілектің орындалып, Мәркен жұлдызының жана беретініне сенеміз.



## ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Жамбыл, Сергеев (Шал ақын) аудандары партия комитеттерінің бірінші хатшысы, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып бірнеше жыл қызмет атқарған, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған, екі мэрте Еңбек Кызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған, облысымыздың айтулы тұлғаларының бірі Мәркен Ахметбекұлы Ахметбековтың тұганына 65 жыл толуына орай Ыбыраев ауылдыңдағы өзінің есімімен аталатын мектепке оның мүсіні қойылды.

Осы оқиғаға арналған салтанатқа марқұмның жолдастары, жақын туыстары, ауыл тұргындары, мектеп оқушылары қатысты. Мәжілісті ашқан аудан әкімі В.А. Колода Мәркен Ахметбекұлының өмір деректерін, қогамдық қызметтерін, іскер ұйымдастырушылық қабілетін атап көрсетті.

- Сендер бүгін баланың әкені қалай қадірлеудің, сүйген жарын қалай қадірлеудің, жолдастардың бірін-бірі қалай қадірлеудің тамаша ұлгілерін көріп отырсындар, - деді облыстық «Азық-түлік корпорациясы» АҚ-ның директоры Қ.Қ. Қалиев. Мәркен аталарының атына кір келтірмей, есімін ардақтай біліндер, сапалы білім, саналы тәрбие алып, лайықты ізбасарлары бола біліндер.

Мәркен Ахметбекұлын жастық шағынан бастап білестін Сергеевка қаласының тұргыны Уәп Латанов ақсақал:

- 1970 жылы отыз жастағы жас маман жаңадан құрылған «Ступинский» кеңшарының директорлығына тағайындалды. Алдында жүрексінсе де, бұл жұмысты

ойдағыдай атқарды. Мәркен басқарған жаңа шаруашылық аз уақытта облыс көлемінде алдыңғы қатардағы шаруашылық болып, қызметтің одан әрі өсуіне кең жол ашылды, - деді Мәркен қызметтің бір кезеңіне тоқталып.

Мәркен Ахметбекұлы жайлы кітап жазған, бірнеше өлең жолдарын арнаған сыйлас ағасы Қоблан Хамзин Мәкеңнің азаматтық тұлғасы жайлы тебірене сөйлеп, мектеп окушыларына осы мектептен жақсы тәлім-тәрбие алып шығуларына тілеквестік білдіреді. Қоблан ағай Мәркен Ахметбекұлы жайлы жазылған және басқа да бірнеше кітаптарын мектеп кітапханасына сыйлады.

Мәркен Ахметбеков атындағы орта мектептің директоры Есен Теміргалиұлы Баржақсан мектептің соңғы кезде қол жеткен табыстары жайлы айтты.

- Соңғы 2-3 жыл бойы мектебімізді бітірушілердің мемлекеттік тестілеу қорытындысының көрсеткіші аудандық және облыстық көрсеткіштердің арасында жоғары бағасын алуада. Мектеп окушылары мен мұғалімдер аудандық, облыстық деңгейде өтетін әр түрлі жарыстардың, байқаулардың женімпаздары болып жүр. Мектебімізде Мәркен Ахметбеков атындағы жүлде тағайындалып, оны жеңіп алу үшін ауданараптық жарыстар өткізіліп тұрады. Осындай жүлде спорт жарыстарына да белгіленген. Мәркен ағамыздың баласы Серік сыйлаған «Газель» автомашинасын игілігімізге пайдаланудамыз. Мәкеңнің отбасы жыл сайын мектеп үйін мерзімді жөндеуге қаржы-лай көмектесіп отырады. Құләш апамыз мектебімізге білім күніне, соңғы қоңырауға арнайы келіп, мектеп окушыларын жаңа оку жылшының ашылуымен құттықтап, жақсы оқыған түлектерге бағалы сыйлықтар тапсыруды дәстүрге айналдырды. Мектеп директоры сөзінің соңында мектеп ұжымы атынан Мәркен Ахметбекұлы есіміне кір кел-

тірмей, мектеп намысын жоғары ұстайтындарына сенім білдірді.

Жиынға қатысушылар мектеп оқушыларының концепттік бағдарламасын тамашалады.



**Әкімжанов Зейнолла,  
«Солтүстік Қазақстан»**

## **МЫНДЫ БЕРІП, ЖҰЗДІ АЛҒАН МӘРКЕН ЕДІ**

Хош, Мәркен,  
Қимасақ та хош, бауырым,  
Жүрерсіз көнілімізде бірге жасап,  
Іздер ел сан бәйгеге қосқан ұлын.  
Барында жалпақ жұртын,  
Дос қауымың...

**Еслем ЗІКІБАЕВ**

1970-жылы Жамбыл ауданы өз алдына енші алып, шаңырақ көтергенде Алматыда Қазақ мемлекеттік университетіндегі оқытын екінші курс студенті мен де өзге жерлестермен бірге ерекше қуанып едім. Аудан басшылығына аса бір абыройлы азамат Мақтай Сағдиевтің келгенін сол кездері көздері тірі Сәбен мен Фабен ризашылықпен айтатынын ағайым Сафуан Шәймерденовтен жиі естітінмін. Сафуан ағамның өзі де бұл азаматты айрықша құрмет тұғты.

Ауданның алдындағы ауқымды істерін бір жылдың ішінде толық шешпесе де бірыңғайласп тастаған Мақаң келесі жылы Торғай облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары лауазымын иеленіп, жамбылдықтардың жаңа басшысы Мінайдар Жақыпов та екі жылдан соң өзге қызметке ауысып кетті. Туган жерге елеңдеп тұратын Сафекең кейіп қалды бұған.

– Бұлардың адамды бір жерде орнықтырып отырғызбай, әрілі-берілі сырғыта беретіндері несі?!, - деп кейістік білдіріп жүрді де кейін жібіді.

– Елде болып келдім. Біздің Жамбылға бір тамаша жігіт басшы болып келіпті. «Түсі игіден түңілме» дейді ғой қазақ, Мәркен Ахметбеков деген өрімдей жас жігіт.

Кішіпейіл, кісілігі мол еkenі айтқызбай анғарылады. Облыс басшыларына тапсырып кеттім. Мына жігітті қозғамандашты деп...

Ел-жұрт қамын ойлайтын қаламгерлер осындай ғой, шіркін! Ол кезде Сәбен өмірден озған. Мәркен, әсіресе, өмірінің соңғы жылдары өзге өңірлерге бүйрекі аса бұрыңқырамай, туған жерді сағынатын болған Ғабеңе айрықша ұнады. Ұлы қаламгер Жаңажолға келген сайын елді бастап барып құрмет пен ізет көрсететін Мәркен Ахметбекұлы сонда небары отыз бесте еді. Осы сапарларда Ғабең мадақ сөзге қаншалықты сараң десен де, Мәркенге ризалығын білдіріп, аталық ақ батасын бергенін білеміз.

Адамды алдымен тартатын ажары ғой. Сұнғақ бойлы, сүмбіл талдай тартылған дене бітіміне кескіні келісе жарасқан. Жазық маңдай, өзі туған Қаратал ауылшының маңындағы тұнық қарасулардай қос жанарында ойлылық ұшқыны атойлайды. Ашаң жүзі ішкі жан-дуниесін парақтары ашылған кітаптай оқытЫП, көрген кісіні баурай жөнеледі екен. 1975 жылы Алматыда іссапармен болып, Сафуан үйіне сәлем бере келгенде алғаш рет көріп, кішіпейілдігіне қайран қалып едім.

– Інім, енді сен де маған бөтен емессің. Оқуыңа тиянақты болғаның жөн. Жастықтың қызығы мен қызуы да қадірлі ғой. Алайда алдыңды ойлағаның дұрыс. Жана Сафуан ағам әкесінен өте жас қалды деп отырды сені. Жақсы әкенің жолын жалғастыруың керек, - деп ақыл

берді жиырма төрттегі маған оны қонақүйге дейін шығарып салып келе жатқан жол үстінде. Сонда студент маған соншалықты қөніл бөліп, ағалық ақ тілегін айтқан ақберен адамгершілігіне сүйсініп едім. Жасыратын несі бар, әсіресе, үлкен адамның алдында жалған сыпайлық жасап, өзінен дәрежесі төменге өктем сөйлейтіндер де бар ғой. Мәркен ағайда ондай жасандылық жоғын кейінгі кездесулерім, оның өзгелер тәрізді маған да жасаған жақсылықтары айғақтай тұсті.

Жамбыл ауданын 1981 жылға дейін жеті жылдай басқарып, өмір өткелдерінде соқтықпалы-соқпақты құн кешсе де адами тұлғасына кір жүқтүрмәған Мәркен ағамыздың мансаптың шырағын алып, шамасы келмейтінге жармасатындардан болмыс-бітімі өзгеше болды. Сондай бірбеткейлігінің зардабын да тартқан кездері жоқ емес. Бірақ жалған сөйлеп, жарамсақтанып көрмеген ол абырайды мансаптан емес, адамгершіліктен іздеді. Сондықтан оны абырайдың өзі ізден табатын. 1989-1991 жылдардың аралығында облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып тұрғанда қашама иғілікті істерімен ел көзіне тұсті. Оны алдыңғы толқын ағалары қалай құрметтесе, кейінгі толқын інілдері де соншалықты ілтипат көрсетті.

Еліміздің көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Өмірбек Байгелди: «Мәркенмен Алматыда малдәрігерлік институтында бірге оқыдым. Екеуміз де қызыл дипломмен бітіріп шықтық. Кейін екеуміздің жолымыз тағы түйісті. Екеуміз де Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болдық. Туған халқына, туған еліне қалтқысыз қызмет ету бүкіл өмірінің мұраты болатын. Оның есімін халқы ұмытпайды» деген екен.

Айтса айтқандай, Мәкең 1990 жылы республика Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланып, ел аманатын

абыроймен арқалады. Сол жылдары ол облыстық «Қазақ тілі» қоғамына өлшеусіз көмек көрсөтті, ұлт мұддесін көксеген азаматтығын танытып, осы ұйымның ауырын жеңілдетіп отырды. Өнірімізде ұлт мектептерінің ашылуына да белсене араласып, ақыл-кеңесін берді, тығырыққа тірелген тұстарда қыын түйіндердің көбін өзі тарқататын еді.

Қандай бір қыын жағдайларға тап болған адамдар көмек сұрай барып, Мәкеңнің алдынан тауы шағылып қайтпағанын азаматтар сүйсіне айтып жүруі әдетке айналған. Ол, әсіресе, көзге түскен інілеріне айрықша қамқор еді. Оған өз басымнан өткен оқиғалар да айғақ. Алдымен 1989 жылдың желтоқсан айын еске түсірейін. Сергеевкада облыстық ақындар айтысы өтетін болып, оған мен де қосылғам. Бұрын менің суырып салып айтатын өнерімді білмеген бастығым Уәп Рақымжанов «Қызметкерім ұятқа қалмаса екен» деп қысылса керек. Абырой болғанда, мен екінші орын алып, ауданды басқарып тұрған Мәкең айтыстан соң Уәкеңді құттықтап, «Енді Зейнолланы өзге өнірлердің айтыскерлерімен сынап көру керек. «Бұлақ көрсөң – козін аши» дейді. Жолың болсын, інім!» деп төбемді қоккс жеткізгендей болды.

1991 жылы Қызылжарда өткен республикалық айтыста бас бәйгені еншілеген мені Н.Погодин атындағы орыс драма театрының сахнасында атқа өз қолымен отырғызды. Сол жылдың тамыз айында Көкшетауда Абылай ханның 280 жылдық тойындағы айтысқа өзі бастап апарып, рухани демеушім болды.

Асыл ағаның мына бір жақсылығын ұмыту әсте мүмкін емес. 1993 жылдың ақпанында газет редакторы Бақыт Мұстафин:

– Сені Ахметбеков іздеп жатыр. Маған келіп кетсін дейді. Жайшылық па? – деді сұраулы жүзбен. Бұған өзім де таңмын.

Ертеңіне ертемен облыстық атқару комитетінің агроЕнеркәсіп кешені төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқаратын Мәкеңнің қызмет орнына келдім. Амандықтан соң ол кісі бір сәт үнсіз қалды. Қырандай қомданған түріне қарап: «Тегі, маған бір жұмыс тапсырмақ-ау. Соны қалай бастасам еken деп отыр ма?» деп ойлаймын.

Бір кезде ол:

– Сенің өлеңдер жинағың шықты ма? – деді.

Жоқ.

– Тегі, қаражаттан қындық көріп жүрсің-ау?

– Солай болып тұр.

– Ендеше, бауырым, қысылма. Мен өзім қолыма алайын. Сен бар да Апретовке (облыстық баспахананың директоры. З.Ә.) менде болғаныңды айт. Менімен хабарлассын. Екі мың данадан кем қылмасын. Бара ғой, айналайын!

Не керек, көктен тілегенімді жерден беріп, сол жылдың сәуірінде Мәркен ағамның бауырмалдығының арқасында алғашқы жыр жинағым «Жерүйық» екі мың данамен шыға келді.

Куанышым қойныма сыймай, кітаптың бір данасын ала сала Мәркен ағама жетіп бардым. Қолына «Жерүйықты» ұстаган қалпы менен бетер куанып отырғанда:

– Аға, маған мұндай жақсылық жасауынызға не себеп болды? - деп сұрап қалдым.

– Мені ғазет оқымайды деймісің? Анада бір өлең жазыпсың. Баурап алды. Өсіресе, бір жинақ шығара алмай қиналғаныңды айтыпсың. Дарынға қол үшін бере

алмасақ, несіне ел басқарып жүрміз деген ой келгесін көмектескенім ғой. Кәне, сол жырыңың соңғы шумағын оқып жіберші, ептең бізді де іліп өтіпсің ғой, - деп құлді. Оқып бердім.

Болмаса да жазылған жырларда мін,  
Қыын болды-ау өзгеден құр қалғаным.  
Көзі тұзу ағалар көрмей жүр-ау  
Қаражатсыз ақынның қиналғанын.  
Зәру болған балаға әйелдейміз,  
Табылмай жүр қаражат сыйлар жаның!  
Өлең мені өзекке теппесе де  
Тапшылықтан болдық қой мұндар дарын.

...1993 жылдың қазан айының басы. Бұлтсыз күнгі наизагайдай сүйк хабар жанымызды түршіктірді. «Мәркен Ахметбеков пен Құдайберген Қалиев жол апатына ұшырап, Мәркен қайтып кетіпті, Құдайберген аман екен, бірақ жағдайы өте ауыр көрінеді» деген сөз құлаққа түрлідей тиіп, жүрекке инедей қадалды. Екі бірдей асыл азаматымыз апатқа кезігіп, бірі опат болса, бірінің тағдыры қыл үстінде. Тіл тартпай кеткен Мәркен ағаның асыл бейнесі жүртшылықтың көз алдынан кетпеген шығар, оның отбасына тартылған жол сол құндері үзілмеді.

«Жазмыштан озмыш жоқ», отбасының жүргегіндегі жараны біреу сезіп, біреу сезбей, содан бері он жеті жыл да өтіпті. Балалары жетілді. Құләш женгеміз қайсар мінезін, жігерін танытты. Жастайынан ағамыздың жан жолдасы болған ол қазақ әйелінің қадір тұтар қасиеттілігін сақтап, жарының жақсы атына лайық болды. Әсіресе, ұлтымыздың өнерін, туған тілін керемет қастерлейтін болмысына ризамыз. «Солтүстік Қазақстанды» редакциядан жылма-жыл жаздырып алыш, өзі яки балалары келіп алыш кетеді үнемі. Туған-

туысқандарын мерейтойларымен құттықтауды яки еске алуды ұмытпай, «Солтүстік Қазақстанға» келіп тұрады. Неше жылдар бойы солай.

— Марқұм Мәркен осы газетті ерекше құрметтеді ғой. Ана жылдары таралымы аздау болып тұр-ау деп қиналатын. Қолынан келгенінше көмегін аямаушы еді, - дейді Күләш жеңгеміз кездескен сәттерде.

Жеңгеміз ұлдары Серік пен Бауыржаннан, қызы Сәуледен немере-жиен сүйіп отыр.

Марқұм Мәркен ағамыз топырақтан тысқары болса, биыл, осы ақпан айының бесінші жүлдізызында жетпіске толып, өзінің кіндік қаны тамған Қаратал (Шал ақын ауданы) ауылынан басталған той салтанаты Қызылжардың төрін думанға бөлөр еді ғой. «Ел ағасы» атандып, елдік пен бірлікті нығайту мәселелеріне аянбай атсалысып, алдымызда асқар таудай асқақтап жүреп еді-ау ағамыз.



## АЮТАСТАН ҰШҚАН АҚИҮК ҚЫРАН ЕДІ...

...1990 жылдың маусым айында облыстың атқару комитетінің мәжіліс залында “Ленин туы” (қазіргі “Солтүстік Қазақстан”) газетінің 70 жылдық мерейтойы дүрілдеп атап өтіліп, үлкен жиналыстың аяғы “Есіл” мейрамханасында қонақасыға ұштасқан есте қаларлық бір куанышты құн болып еді...

Содан бері де жиырма жыл зымырап өте шығыпты. “Өткен күнде белгі жок” деп қазақ осындайды айтса керек.

Жиналыс аяқталып, көпшілік (газет жана шырлары, журналистер, қоғамдық тілшілер) сыртқа беттегенде, сол кездегі облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Мәркен Ахметбекұлы Ахметбеков:

- Осы біздің бастирымыз осылай жиі қосыла бермейді, тұра қалыңыздар, естелік болсын. Суретке түсейік, - деген пікір айтқан болатын.

Үлкен гимараттың шыға берісінде сатыда баршамыз Мәркен Ахметбекұлын ортаға алып суретке түскен едік.

Фототілші Еркебұлан Нұржановтың сол суреті газеттің мерекелік нөмірінде басылып, әрқайсымызға сол күннен ұмытылmas ескерткіш болып қалған еді.

Мәркен Ахметбекұлы 1940 жылдың 5 ақпанында қазақ поэзиясының алдыбы Тілеуке Құлекеұлының (Шал ақынның) ауылы Қараталда дүниеге келген. Оның балалық шағы Аютастың қабағында орын төпкен Қаратал

ауылымен, онда ғұмыр кешіп жатқан замандастарымен бірге өткен екен.

Әкесі Қамбаров Ахметбек еңбегімен елге танылған, көзі ашық азаматтардың бірі болғандықтан Кеңес колхозына басқармалыққа жіберіледі. Жанұясы: әйелі – Зейни, ұлдары – Қәкен мен Мәркен, қызы – Қайрия туған ауылы Қараталда қалады. Ахметбек барған жерінде Ералі деген кісінің үйінде тұрып қызметін атқарып жатады.

...Ұлы Отан соғысы басталып, жорық дабылы қағылғанда ауылдың бетке ұстар азаматтары Отан қорғауға аттанып жатады.

1942 жылдың сәуір айында шақыру қағаз алған Қамбаров Ахметбек шақыру пунктіне аттанады. Оны әрі ауылдасы, әрі туған бөлесі Спаен Нұрман деген Көкшетау қаласында жасақталып жатқан эшелонға апарып отырғызады.

Араға алты ай салып майдан даласынан “рота командири Қамбаров Ахметбек ерлікпен қаза тапты”, - деген қаралы қағаз келеді. Міне сол кезде екі жастан жаңа асқан Мәркен Ахметбеков өз замандастарымен бірге жоқшылықты да, қындықты да бір кешіп өсіп ержетеді. Жеті жасқа толғанда Қаратал бастауыш мектебінің есігін ашқан бала Мәркен 5-6 сыныптарды Еслембек Ескендіров деген нағашыларының қолында тұрып Социал ауылында оқиды.

Келесі жылы Қаратал ауылында жетіжүлдіқ мектеп ашылып, Мәркен туған-туысқандарының ортасына оралып окуын жалғастырады. Апасы – Қайрия мен ағасы Қекеннің қасында өзінің зеректігімен, білімге қүштарлығымен танылған Мәркен Ленин орта мектебіне (қазіргі Мәркен Ахметбеков атындағы) окуға түсіп, оны күміс медальға бітіреді. Сол жылы арман құган жас

Алматыға барып зоотехникалық мал дәрігерлік институтына құжат тапсырады.

“Жетім балада жетек болмайды” – дегендей, өзінің білім қабілетінің биіктігін танытып оқуға қабылданады да оны 1962 жылы қызыл дипломға аяқтап, бірден Солтүстік ғылыми-зерттеу институтының мал шаруашылығы бөліміне кіші ғылыми қызметкер болып қабылданады.

Бірақ семья жағдайына байланысты ол мекемеде ұзақ енбек етуге мүмкіндік болмайды. Анасының сырқатына байланысты сол кездегі Тереңсай кеңшарының бөлімшесі Қаратал ауылына бөлімше зоотехнигі болып орналасады. Небары бірнеше жылдың аумағында аудан басшыларының назарына ілінген жас маман, өзінің шаруашылықтың қыры мен сырын жетік менгеруінің арқасында, В. Быковский атындағы кеңшарға бас зоотехниктікке жоғарлатылады.

Қаратал ауылында М. Ахметбекұлы мен ауыл фельдшері Күләш Файсақызының үйлену тойы болып, жаңа қызмет орнына жанұясымен аттанады. Барған жерінде де шаруашылықтағы жүктелген саланы ұршықша иіріп тасы өрге домалайды. Еңбек адамдарымен сыйластық қарым-қатынас пен түсіністік тауып, “бір жеңнен – қол, бір жағадан бас шығара” құлышына енбек етеді. Оның бұл еңбегі атаусыз қалмайды. 1969 жылы Мәкең аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасарлығы қызметіне жоғарлатылады. Жасы отызға әлі тола қоймаған жас маманға сенім артып шаруашылықтың тізгінін тапсыру болған емес, болған күннің өзінде бірлі жарым ғана болатын. Бұл жерде айта кететін бір жай, жаңа шаңырақ көтерген кеңшарды жас директор бір-екі жылдың аумағында аудан, одан кейін облыс көлеміндегі даңқы тараган озат кеңшарлардың қатарына алып шығады.

“Ступинский” кеңшарында директордың жеңіл мәшинесінің жүргізуші болған Қошан Сәлтайұлы Мәркен Ахметбекұлының қарапайымдылығын, оның қандай істі қолға алса тындырымдылығын, іскерлігін айрықша атайды. Кейбір қауырт науқандардың кезінде (ауыл шаруашылығында жыл – он екі ай науқан) ұйқы көрмей жұмыс жасаушы еді... Сол тынымсыз қажырлы еңбегінің арқасында кеңшарымыз социалистік жарыстардың көшін бастап шыға келді.

Көптеген тұрмыстық кешендер мен мал қоралары, жұмысшылар үшін тұрғын үйлер, сәбілер үшін балабақшалар да сол кезеңде бой көтерген болатын дейді. Қошекең қырық жыл бұрын өткенді еске түсіріп, 1973 жылы М. Ахметбекұлы Бескөл аудандық атқару комитетіне төраға болғандығын, ал келесі жылды Жамбыл аудандық партия комитетінің хатшылығына сайланғандығын тілге тиек етуші еді. 1981 жылға дейін Жамбыл ауданының бірінші хатшысы бола отырып, аудан экономикасының дамуына, әлеуметтік жағдайының жақсаруына қомақты үлесін қосады.

Бірінші хатшы аудан көлемінде бірінші лауазым десек, осы қызметті атқара жүріп оның қарапайымдылығын, үлкенге – ізет, кішіге – құрмет дегендегі қарым-қатынасы өзгеріссіз қалғанын байқаймыз. Ауылда жүргізуі болған Мәркен ағаның ауылдасы, замандасы, марқұм Қарыпов Куантай өзінің ГАЗ-53 машинасын салдыратып Благовещенка (ол кезде аудан орталығы) селосының жүк машинасы жүрмейтін көшелерін қақ жарып бірінші хатшының үйін бетке алып жатқан гой... Көлденең жол жиегіндегі тәртіп сақшылары: ол жаққа баруға болмайды деп тоқтатпақ болады. Куантай ағамыз тоқтамастан бірінші хатшының ауласына бірақ кіреді.

- Күләш пен Мәркен мені екі-үш күн хан көтеріп құрметтеді ғой... Екеуміз балалық шақты еске алып, үй-ішінде алысып аламыз... - деп Мәркен Ахметбекұлының қарапайымдылығын айтып отыратын еді көпшілікке.

1981 жылы Мәркен Мәскеудегі СОҚП Орталық комитетінің қоғамдық ғылымдары академиясына оқуға жіберіліп, оны 1983 жылы қызыл дипломға бітіріп туган өлкесіне оралады да, облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі менгерушісінің орынбасары болып тағайындалады.

1985 жылы өзінің тұған ауданы Сергеев (қазіргі Шал ақын) ауданының бірінші хатшылығына сайланады да 1989 жылы облыстық партия комитетінің екінші хатшысының қызметін атқарады. Әрдайым ұқыпты, кішіпейіл Мәркен Ахметбекұлы халықпен ортақ тіл тауып, қоян-қолтық еңбек ете жүріп табыстарға қол жеткізіп отырғанын баспасөз беттерінен оқып та жүрдік. Халықтың беделі мен сеніміне ие болған ол 1989 жылы облыстық қеңеске депутат болып сайланса, 1990 жылы № 184 Ленин сайлау округі бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Қеңесіне бірауыздан сайланады. Егемендікке ие болған Жас мемлекетіміздің “Қазақстан Республикасының Егемендігі жайлы”, “ҚР Тіл туралы” алғашқы заңдарының қабылдауына өз пікірлерін айтып үlestерін қосқандардың арасында біздің жерлестеріміз, халық қалаулылары: Мәркен Ахметбеков пен Е.А. Садуақасовтардың болуы біз үшін маңтаныш.

М.А. Ахметбековтың елге сіңірген еңбегі елеусіз болған жоқ. Ол екі рет “Еңбек Қызыл Ту”, “Құрмет белгісі” ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталды.

Ел игілігі үшін еңбек етер нағыз кемел шағында, небары елу үш жасында Мәркен ағамызды сүм ажал

арамыздан алып кетті. Сол қаралы күннен бері де он жеті жыл зымырап өте шығыпты. “Орнында бар – оңалар” – дегендей ұлдары Серік пен Бауыржан ер жетіп, кәзірде облыс көлемінде әр түрлі қызметтер атқаруда.

“Әке көрген – оқ жонар” – дегендей, олар да көргендік танытып, көвшіліктің көңілінен шығып жүргенін айта кетуіміз керек.

Жеңгеміз – Күләш, апасы – Қайрия, аға-жеңгесі Кәкен мен Тендік, ағайын-туғандары және республика көлеміндегі белгілі тұлғалар академиктер: Аманжол Кошанов, Нагима Айтхожина, Қ.Т. Тәшенов, қоғам қайраткерлері: Б.Ә. Әшімов, М.Р. Сағдиев, ақын-сазгер К. Салықов Мәркеннің атын жоқтатпаймыз деп бірталай іс-шаралар атқарды. Осы мәселе мемлекет тараپынан оң шешімін тауып, ҚР үкіметінің 2000 жылғы 7 сәуірдегі қаулысымен өзі оқыған Ленин орта мектебіне Мәркен Ахметбековтың атын берді. Бұл қаулыға ҚР Премьер-министрі Қасымжомарт Тоқаев қол қойып бекітті.

Осы текстес іс-шара аудан көлемінде де атқарылды. Аютас селолық округінің әкімі М.Т.Мұхамедьяровтың шешімімен Сергеевка қаласындағы Учительская көшесі - М.А. Ахметбеков көшесі болып алмастырылды. “Жақсының аты өшпес” – деген осындайда байқалса керек.

...Егер тірі болса бүгіндері 70 жасқа голып жатар еді. Құдай ісіне шара жоқ, қайғылы қаза талайдың қабырғасын қайыстырып кетті. Оған қайғырмagan адам жоқ. Ағайын-туғандары мен қатар Қазақстанның түкпір-түкпірінен көңіл айту келіп жатты.

Ақын-сазгер Кәкімбек Салықов:

...Есіл, Көкше өңіріне ардақты көзін жұмды, інім, досым, бауырым деп жоқтады.

Жерлесіміз ақын Еслем Зікібаев:

...Тұрғанда да аузыңнан жалын ұшып,

Көрмеп едің жолыңдан жаңылысып.

Қанша мәрте жылына кезікsec те

Қауышар екі бауырдай сағынысып... деп аса бір мейірімділікпен, сезімін білдіреді.

Менің Мәркен Ахметбекұлына ешқандай туыстығым жоқ. Қарапайым ауыл адамымын. Менің қолыма қалам алып тербеген өлеңдерімнің тақырыбы да ауыл мәселесі болып туатыны да сондықтан болса керек.

...Осыдан жиырма жылдан астам бұрын Мәркен Ахметбекұлы біздің Ұбыраев атындағы ауылда тұратын тұған әпкесі Қайрия Ахметбекқызының үйінде бір мәжілісте болады. Ағайын-туғандары шақырылып, сол жиынның ішінде кеңшар директоры да болады.

Әңгіме арқауы әр түрлі тақырыпты қамтып, әдебиет мәселесіне ойысқанда Мәркен Ахметбекұлы:

- Сендердің Қойшыбай деген ақын-жігіттеріңнің сықақ өлеңдері газетке шыққан еken. Оқып едім атын атап, түсін түстемесе де бірталай жағдайдан қанық болдым, - деген ғой.

Обкомның екінші хатшысының аузынан мұндай сөзді естігеніне намыстанған кеңшар директоры:

- Мен ертең оған шаяндар қыстайтын (где раки зимуют — мұқатқаны) жерді көрсетейін, сосын қалай сықақ жазады еken, - деп тісін шықырлатып ашу шақырады.

Сонда Мәркен аға:

- Ол жігітте жұмыстарың болмасын, тиісуши болмаңдар, - деп тоқтау айтқанын сол жиында болған адамдардың аузынан естіп, ағаның ақпарат құралдары мен онда жүрген қызметкерлерге деген жанашырлық көзқарас пен қолдау жасауына риза болғанымды айтып жеткізу қын еді.

## ӨМІРІ – ҰРПАҚТАР ҮШІН ҮЛГІ

Еліне сыйлы, танымал тұлға, қоғам қайраткері Мәркен Ахметбекұлы Ахметбеков бүгіндер жетпіс жасқа келер еді. Қарапайым отбасынан шыққан Мәркен жерлестерінің, құрбы-құрдастарының айтуы бойынша оқуға зирек, үлкен ынтаменен білім баспалдағына біртіндеп көтерілген. Соның айғағы ол кісі бұрынғы Ленин орта мектебін күміс медальмен тәмамдауы. Ал жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін еңбек жолын ең тәменгі шаруашылық қызметінен бастауы да жәй емес еді. Өмірдің өзі талайға көрсетті оның пайдасын. Өз жұмысына үлкен ұқыптылықпен, жауапкершілікпен қараған жас маманның еңбегі елеусіз қалған жоқ. Мәкенің еңбек жолын тұған Қаратал ауылында қалай бастағанын, қалай еңбек еткені туралы мен сол кезде Тереңсай кеңшарын алпысыншы жылдардың басында бірінші болып басқарған Кенжеғозин Әскер Жұмақожаұлынан талай естігенмін. Ол кісі: «Мәркен өз жұмысына үлкен жауапкершілікпен қараушы еді. Атқарған ісі тиянақты, көнілге қонып отыруышы еді. Келешегі бар, өсетін жігітсің-ау деп ойлаушы едім. Ақыры менің сенімімді ақтады» деп баға бергенін мен ол кісінің өз аузынан талай естідім.

Мен өзім Мәркен Ахметбекұлымен жетпісінші жылдардың бас кезінде шөп дайындау науқаны кезінде шілде айында танысқан едім. Ол кісі жаңа құрылған Ступинка кеңшарының директоры болды. Сол кездерде өзім ол кіслермен бірге жұмыс істемесем де Мәкенді Жалтыр, Ступинка, Астаған елдерінің бір ұжымда еңбек еткен тұрғындары бүгінге дейін оны жылы лебізben еске

алады. Сондағы есте қаларлық іс-әрекеттері ол ауыл шаруашылығын, оның барлық салаларын жете білуі, үлкен білімділігі мен ұйымдастырушылық қасиеттері. Әрине, соған қоса үлкенді де кішіні де сыйлау, кішіпейілділігін жүрт ерекше бағалайтын. Бас және орта мамандардың жұмыстарын басқара отырып, олардың әрқайсына әке сияқты қамқор болып, олардың деңгейлерінің өсіп өрлеуіне Мәкең ерекше назар аударатын. Оның басшылығымен қызмет істеген ауданымыздың, тіпті облысымыздың талай азаматтарынан ол кісіге деген ілтипаты мен ризашылығын талай естідім.

Мәркен Ахметбекұлының біздің Сергеев ауданында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған кезде мен Марьевка селолық Советінің төрағасы, кейін әкім болып қызмет атқардым. Ол кез біздің тарихымызда қыын кезеңдердің бірі болатұғын. Үлкен одак күйреуіне жақындал қалған кез болатын. Әсіресе саяси тұрақсыздық өзінің кері әсерін экономикаға, әлеуметтік салаларға тигізбей қойған жоқ. Осындай уақытта ауданды басқару, ауыл шаруашылығының дамуын тоқтатпай ілгерілету Мәкеңнен үлкен білімділік, ұйымдастырушылық, кейбір жерлерде батыл қимыл жасауды талап етті. Ауданның тізгінін мықты ұстau керек еді. Мәркен Ахметбекұлы осы ауданды басқару жұмысын ойдағыдай атқарды. Оның іскерлігін аңғарған жоғарғы басқару органдары ол кісіні облыстық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне сайлады.

Облысымыздың үш-төрт ауданы Мәкенді Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кенесіне депутат қылып сайлап, оған үлкен сенім артты. Ол сенімді Мәкең ойдағыдай ақтады. Он тоғыз жыл бұрын еліміздің тәуелсіздігін жариялаган Декларацияны қабылдаушы болғандардың бірі біздің Мәкең еді.

Сол кездері тарихи Жоғарғы Советтің сессиясынан ауданға оралған сәтінің бірінде Мәркен Ахметбекұлының ете шын ықыласымен Декларацияның қалай қабылданғаны туралы аудан тұрғындарының алдында есеп бергені есімізде. Ол кезде еліміздің экономикасының, әлеуметтік саласының, мәдениетінің дамуында көп кемшіліктер, кедергілер бола тұrsa да, Мәкең келешекке сенімділік көзқараспен қарап, аудан жүртшылығының жүргегінде сенім отын жаққандардың бірі болды. Бір сөзінде ол кісі: «Елімізді бүгінгі Президентіміз Н.Ә.Назарбаев басқарса біз әлі белестерден өтіп, талай жетістіктерге жетеміз, менің оған көзім жетті, сіздер де сеніңіздер және келешекте Президентімізге әрқашан да қолдау көрсетейік» – деді.

Мәкең бірнеше жылдар бойы екі ауданың партия үйымын басқарды, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарды. Коммунистік партияның тарихи сахнадан кетуі бұрынғы партия қатарында болғандарға және басшы қызмет атқарғандарға әсер етпей қойған жоқ. Мәкең де осы жағдайды қатты уайымдаған азаматтардың бірі еді. Себебі ол кісі халықтың жағдайын ойлайтын тек партия ғана деп талай айтатұғын.

Тоқсан бірінші жылдың аяқ кезі болар. Мәкеңе сәлем берейін деп әдейі облыстық ауыл шаруашылық басқармасына кірдім. Мәкең ол кезде басқарма бастығының бірінші орынбасары қызметін атқарады. Ауданымыздың жағдайын егжей-тегжей анықтап, бірге қызмет атқарған жігіттердің жағдайын мұқият сұрады. Өзі де ауданымызben күнделікті байланыста болып отыратын, мен аса назар аударатында жаңалық айта қойғаным жоқ. Ол кісі маған алдымызда әлі

қыншылықтар түр, соны жеңіп шығу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану керек екендігін айтты.

Бір сөзінде ол: «Бұғінгі совхоздар ыдырап, келешекте ауыл шаруашылығының басқа түрлері болуы мүмкін. Жақсы, егер ауыл тұрғындары совхоздарды сақтап қалса. Ол өте қын бүтін, себебі совхоздардың қарыздары көп, сол қарыздарды төлеу үшін совхоздардың мұліктерін талан-тараж қылуы мүмкін. Осыған қарсы тұру үшін ел азаматтары өздерінің арасынан «лидер» сайлауы керек. Шама келгенше техниканы, шаруашылық объектілерді, малды алып қалуға тырысу керек» – деген сөзі әлі есімде. Кейінірек, Мәкеңнің осы айтқандары ол кісі дүниеден өткесін үш-төрт жылдан кейін алдымызға келді. Мен сонда оның сол кездегі жағдайды және келешекте алдымызда бізді не күтіп тұрғанын күні бұрын білгеніне таң қалдым.

Мәркен Ахметбекұлы қарапайым, кішіпейіл азамат еді. Ол әрдайым біздерге ақыл-кеңесін беріп жанашырлығын білдіріп отырушы еді. Мен үшін Мәркен Ахметбекұлының басшылығымен қызмет істегенім өмірлік мектеп болды. Ол кісіменен қызмет жасау да оңай болмайтын. Жұмыста бізге қатал талап қоя, оны тиянақты атқаруды талап ететін. Аудандық партия үйімі белгілеген жұмыстар ешбір өзгертілмей орындалуын қатты қадағалайтын. Мәкеңнің қызметтегі өсу жолдарына біз, жерлестері, сүйсіне қарайтынбыз. Қызмет сайысында ол кісінің өсу жолы кесек-кесек еді. Мәкеңнің қызмет баспалдағында жоғары өрлеуі, жұмыс стилі еліміздің саяси және қоғам қайраткері Еркін Әуелбековтың қызметте өрлеуіне сәйкес сияқты. Екеуінің де жұмыс жүргізу тәсілдерін де көп ұқсастық бар еді: екеуі де терең білімді, тікшіл, әділ, жұмыскер және елге, халқына деген

ақ ниеттері мен адал еңбектері айқын халықтың көзіне әрдайым түсіп тұратын.

Мәкеңнің ақжарқын мінезі, көп адамдардың бойында бола бермейтін үлкенге, кішіге деген сый-құрметін бірге қызмет істеп жүрген әріптестері талай айтып жүреді. Ол кісіні тани білетін, ал өзінің көңілінен шыққан азаматтарды магнитше өзіне тартып отыратын қасиеті бар еді.

Мәркен Ахметбекұлы өмірден ерте өтті. Ол кісінің әлі еліне, жұртына, жолдастарына, туған-туыстарына берері көп еді. Өзімізге Мәкеңменен бір кездесу, жүздесу үлкен әсер қалдыруышы еді, ол кісінің жылы ықпалын әрдайым сезініп отыратынбыз.

Бүгіндер Мәкеңнің жан жолдасы Күләш тәтеймен, балалары мен немерелерімен кездесіп жүреміз. Мәкең көрмеген балаларының, немерелерінің қызығын Күләш тәтей көрсін деп тілейміз және Мәркен Ахметбекұлы жаққан шаңырақ оты әрқашанда сөнбесін деп тілек білдіреміз.



## **УЧИТЕЛЬ И ПРИМЕР ДЛЯ ВСЕХ**

В начале февраля исполнилось бы семьдесят лет Ахметбекову Маркену Ахметбековичу – общественному деятелю, нашему земляку, бывшему большому руководителю нашего региона. Жизнь и деятельность М. Ахметбекова проходила на глазах его земляков-шалакынцев, североказахстанцев, которым он посвятил всю свою трудовую деятельность. Я не буду останавливаться на его биографии, а коснусь лишь отдельных черт характера этого человека.

В нашем районе он возглавлял совхоз «Ступинский» с момента его организации в 1970 году. Летом того же года мне удалось познакомиться с Маркеном Ахметбековичем во время сенокоса, куда он подъехал с целью ознакомления с ходом заготовки сена. Я воочию увидел, как молодой директор совхоза владеет обстановкой, будь то показатели на сенокосе или по среднесуточным привесам и надоям молока в животноводстве в разрезе отделений хозяйства. Он воспитывал прежде всего у главных и средних специалистов усердие в делах, обязательное выполнение заданий на день, на неделю, на месяц. Сами специалисты потом спустя много лет вспоминали добрым словом директора совхоза. «Провести» его было невозможно, поскольку он знал истинное положение дел на каждом участке совхозного производства. А уж взять какие-то данные «с потолка», обмануть в расчете на его неосведомленность означало потерять десверис. Он требовал правды и только правды, какой бы она ни была. Именно в годы директорства Ахметбекова в начале 70-х годов сов-

хоз «Ступинский» стал одним из передовых хозяйств нашей области. Казалось бы, совхоз недавно организованный, много еще нерешенных организационных моментов, ощущается недостаток в специалистах и ряд других проблем налицо, но, тем не менее, молодой директор смог сплотить коллектив, сформировать надежную команду специалистов. Он знал обстановку, что называется, изнутри: постоянно объезжал полеводческие бригады, животноводческие фермы, не только контролировал, но и давал дельные советы. Маркен Ахметбекович ценил своих специалистов, мастеров и просто трудолюбивых людей, независимо от их места работы. Он воспитывал у каждого деловитость, самостоятельность в выборе путей решения тех или иных проблем и требовал безусловного выполнения поставленных задач. Ближе мне пришлось познакомиться с Маркеном Ахметбековичем, когда он работал у нас в районе первым секретарем райкома партии в конце 80-х годов. Я работал в то время председателем исполкома Марьевского сельского Совета. Бывая на различных совещаниях в райкоме партии, я еще раз убедился, что наш первый секретарь – человек уже имеющий большой опыт работы в партийных и советских органах. Он часто выезжал в совхозы, отделения, бригады, вникал в проблемы каждой отрасли, в том числе и в работу промышленных предприятий г. Сергеевки. Он знал в лицо и по имени-отчеству не только почти всех руководителей района, совхозов, их заместителей, но и многих рядовых тружеников. Он находил время справиться о здоровье родителей своих земляков, учебе их детей, называя их по именам. Памяти этого человека можно было позавидовать. И сегодня все, кому доводилось с ним встречаться, вспоминают о нем как о высококультурном, разносторонне образованном человеке с феноменальной памятью.

Маркен Ахметбекович был человеком аналитического склада ума, он требовал всегда глубокого анализа проблем, а не поверхностного отчета. В этом я убедился, когда был депутатом районного Совета народных депутатов и председателем постоянной комиссии. Одним из замечательных качеств Маркена Ахметбековича было умение слушать собеседника, даже если позиция последнего не совпадала с его мнением. Все, кто бывал на приеме у первого, выходили удовлетворенными, поскольку чувствовали внимание первого секретаря, его неравнодушие к людям, их проблемам. Ни к одному вопросу, будь он большой или маленький, он не относился формально, вникал в любую мелочь. Все, кто работал вместе с ним, считают себя счастливыми в том плане, что они все многому научились у первого руководителя района, для всех он был мудрым учителем и наставником, все мы дорожили его доверием и старались его оправдать как только могли.

«Прежде всего – забота о человеке», - подчеркивал М.А. Ахметбеков постоянно. И в этом был он весь. Рабочие совхозов, предприятий и организаций доверительно делились с ним наболевшим, нередко прося содействия в решении тех или иных проблем. Ни одно обращение не оставалось без внимания.

Работая у нас в районе, да и в других районах области и г. Петропавловске, Маркен Ахметбекович воспитывал и вырастил немало руководителей, которые затем возглавили отдельные направления производства, сельского хозяйства, партийные и советские органы области. Вспоминается июнь 1991 года. К нам в район приехал советник Президента РК, видный общественный и государственный деятель Ауельбеков Еркин Нуржанович. В двухэтажном здании Марьевского сельского Совета состоялась встреча. Сопровождал гостя из Алма-Аты М.А. Ах-

метбеков, который тогда работал вторым секретарем обкома партии. В свое время, с 1957 по 1961 годы, Е.Н. Ауельбеков работал директором совхоза «Марьевский» и приехал через тридцать лет, чтобы встретиться с рабочими, специалистами совхоза «Марьевский». Давая оценку руководителям того времени, Е.Н. Ауельбеков сказал: «Мало стало у нас таких руководителей, которые мыслили бы масштабно, ясно видели перспективу и болели душой за рабочих, как наш Маркен, он руководитель нового типа, именно такие руководители нужны на современном этапе. Союз разваливается, теперь нашей республике нужны новые кадры, с новым мышлением, молодые, перспективные», - закончил он свою мысль.

У М.А. Ахметбекова был природный дар руководителя, потому что он вникал во все вопросы жизни людей, проявляя заботу о конкретном человеке. Потому его уважали и ценили.


Будучи депутатом Верховного Совета Казахской ССР, он был непосредственным участником тех поистине исторических событий и главного из них – обретения нашей страной независимости. Он всем сердцем и душой воспринял это историческое событие и радовался переменам. Не раз мы слышали из его уст о предстоящих политических и экономических преобразованиях, которые коснутся каждого казахстанца, и не раз повторял, что «хорошая жизнь» сама по себе не придет сразу, трудности переходного периода неизбежны. Каждый человек должен найти свое место, не потеряться, быть, как говорится, на плаву. Не раз так предупреждал и учил он молодых. У Маркена Ахметбековича были большие планы.

…Последний раз в его рабочем кабинете я был в 1992 году, когда он работал первым заместителем начальника областного управления сельского хозяйства. Помнится,

мы говорили о работе местных исполнительных органов в период предстоящего финансово-экономического кризиса. Он давал мне советы, высказывал свои соображения. Позже я убедился, насколько предвидел он дальнейший ход событий.

Да, есть люди, о которых вспоминаешь не всегда, а только при случае. Но есть и такие, о которых забыть просто нельзя и не можешь. Таким для меня и для многих был и остается М.А. Ахметбеков. Видел я его и в кругу сверстников, одноклассников, а также в кругу родственников, близких людей – он для всех и всегда был одинаково приятным, естественным, человечным. Маркен Ахметбекович непременно задавал тон общему разговору, нередко смеялся – от души, по-детски, мог поднять настроение каждому. Таким был, таким останется в наших сердцах Маркен Ахметбекович.





194

Үшінші бөлім

**АРНАУЛАР**

Мәркен Ахметбекұлына  
арналған өлеңдер

Кәкімбек САЛЫҚОВ

**МӘРКЕНГЕ**

Жоғалғандай ауылда асыл бар кенім,  
Өтіп кетті-ау дүниеден Мәркенім.  
Қалай ғана басарымды білмеймін.  
Кекіректе дария, теңіз зар селін.

Жылап жатыр бүгін менің ауылым,  
Мұң шалып тұр жалғыз таудың сауырын.  
Есіл, Кекше өңірінде ардақты  
Кезін жұмды інім, досым, бауырым.

Отті өмірден Қызылжардың ірісі  
Бір тарылды ағайын ел тынысы  
Отті өмірден менің ғана емес-ау,  
Мағжан, Сәбит, Ғабит-аға інісі.

Ойсырады ойымдағы бар сенім,  
Оқыс қаза тез жасыгтты жан тәнім.  
Арттағылар есіміңді ұмытпас,  
Топырағың торқа болсын Мәркенім.

7.10.1993, (Алматы)

## ЖАСА ЕЛІМ, МӘРКЕҢДІ АРДАҚТАҒАН

Маңғаз еді ел, жұртын кең ойлаған,  
Сарбаз еді ауылым, сені ойлаған.  
Алпыс жасын тойласаң,  
Тұған елім,  
Алатауға жеткізді жел ойнаған.

Нар еді ғой молайтқан ырысынды,  
Көрген жанға ақжарқын нұры сінді.  
Мектебіне есімі беріліпті,  
Құттықтаймын,  
Құптаймын бұл ісінди.

Шаттық селін жеткізді атар таңым,  
Көп толқыған көңілді тазартамын.  
Ахметбеков көшесі атаныпты,  
Маңдайына жазғандай Сарыарқаның.

Орындалды ойдағы асыл мұрат,  
Тілеп едік алыстан ақыл құрап.  
Құт әкелген Солтүстік өніріне,  
Алғысымды ал жаңа әкім Қажымұрат.

Іс тыныпты мәнерлі мәнісімен,  
Келісіп тұр берісі, әрісімен.  
Ата-баба аруағы қолдап жүрер,  
Бүкіл елдің санассаң намысымен.

Күлім қақты екі көз мөлдіреген,  
Желбіреді ақ шашым селдіреген.  
Жан толқыды жетпіске тақағанда,  
Ағындағы ағаңдан мөлдір өлең.

Хабар жетсе шарқ ұрып жан, жақтаған,  
Ойым осы ағайын салмақтаған:  
Ұмытылмас ер жігіт елі барда,  
Ел тозбайды арысын ардақтаған.

23.04.2000 жыл. Алматы.



## **ХОШ, МЭРКЕН**

Тарам-тарам жолдармен жылғаланып,  
Өтіп жатыр зымырап,  
Жылдар ағып...  
Сол жылдармен жарысып,  
Қатар осіп  
Келе жатқан жан едің тұлғаланыш.

Тұргапда да ауызыңнан жалын үшіп,  
Көрмеп едің жолыңнан жаңылысып.  
Қаша мәрте жылына кезіксең те,  
Қауышар ек бауырдай сағынысып.

Асқаңған әлдекімшес аласұрмай  
Басқадан бақ асырмай,  
Бага асырмай...  
Ізгілік жолыменен жолығушы ек,  
Бірге өскен бір ұяның баласындай

Елде өзінді бел көріп  
Тірек көріп...  
Отыруши ек алдыңа шіреп келіп.  
Жүгірер ең қызмет қып бәйек болып,  
Інілік парызыңды кіл өткеріп.

Апырай, хабарыңның ауырын-ай,  
Құдайға да керек пе тәуір ұдай.  
Көргенде Есаға деп еркелетер  
Табармын сені қайдан, бауырым-ай.

Жел боп тиіп көрмеген жан адамға  
Сенің қазаң салғанда жара жанға.  
Шуақ құйып көзіңнен тұрар едің  
Кісіге мейірлене қарағанда.

Тағдыр-ай,  
Жетімдерді кім аяды,  
(Жоқтау боп кеткені ме жыр аяғы.)  
Еңіреп Есіл бойы өзінді іздең,  
Төңірек аза тұтып мұңаяды.

Хош, Мәркен,  
Қимасақ та хош, бауырым,  
Іздер ел сан бәйгеге қосқан ұлын.  
Жүрерсің көңілімізде бірге жасап,  
Барында жалпақ жұртың,  
Дос қауымың...



**ТҰРАДЫ КӨЗ АЛДЫМДА  
ЖАРҚЫН ЖҮЗІ**

*Ахметбекұлы Мәркенге*

Өмірдің соқпағының қисығын-ай,  
Құдайдың құдіретінің қийсынын-ай.  
Мәркенді арамыздан алып кеткен,  
Тағдырдың қайырымсыз қысымын-ай

Опасыз бұл өмірдің жалғанын-ай,  
Жеткізбей қыып түскен арманын-ай.  
Мандайда жарқыраған шамшырағы,  
Қапыда қолдан сөніп қалғанын-ай.

Талабы табысты бол бақыт берген,  
Жақсымен жақын жүріп өнер терген.  
Жасынан бастан кешіп тұрмыс сынын,  
Өмірдің қыр мен сырын ерте білген.

Іскерлік дарынымен көзге ілекті,  
Жасынан басшы болып еңбек етті.  
Қызметтің баспалдағын тегіс өтіп,  
Облыста жоғарғы төрге жетті.

Ақ жарқын төгілетін беттен иман,  
Нәр алған ұлттық дәстүр қаймағынан.  
Туысқа, алысқа да бірдей сыйлы,  
Сонша өнер бір бойына қалай сыйған.

Окуға, еңбекке де ерен туган,  
Тынымсыз ынтаменен өнер қуған.  
Халқының қалаулысы, аяулысы,  
Жоғарғы Парламентке мүше болған.

Үлгілі үй, қадірлес жар сендей болар,  
Ардақты әке деуге ауыз толар.  
Көтерген төбесіне немересін,  
Сәбиге ата орны қалай толар.

Көрмесем, уақыт озып сағынатын,  
Жарқ етіп жарқын жүзі табылатын.  
Ақылшы ағам да едің, інім де едің,  
Жұлдыз ең жанып тұрған табынатын.

Сұм ажал ерте айырды қимасынан,  
Сенбеппіз сен маңдайға симасына.  
Жұлдыздай ағып тұскен өте шықтың,  
Абырой, даңқың лайық бір басыңа.

Сенбейсің қолдан қойып өткеніне,  
Оралмас ұзақ жолға кеткеніне.  
Тұрады көз алдында жарқын жүзі,  
Баламдай құмарланып өпкенімде.

Қайғымен қан жыласа өткен келмес,  
Жаратқан сабыр берсін көппен теңдес.  
Ұрпаққа артындағы бақыт берсін,  
Анасы аман жүрсе кемдік көрмес.

1993 жылғы қазан

## МӘРКЕННИҢ МАЗАРЫНЫң БАСЫНДА

Сызығы жоқ сырғи берер жалған-ай,  
Орны толмас, орындалмас арман-ай.  
Қанша уақыт өтсе-дағы сенбейсің,  
Іссапармен шетке кетіп қалғандай.

Қам көңілмен келіп тұрмын ордаңа,  
Жүрек сыздап, түрлі оймен толғана.  
Шебер қолдан әсем шыққан ғимарат,  
Жәннат үйің жайлыш болсын нұрлана.

Көңіл толды арнап салған үйіңе,  
Көрген адам бас игендей сүйіне.  
Иманы бар, сәніменен сәuletі,  
Сай келіп тұр сенің көңіл-күйіңе.

Қол жаямыз үлкен белгі басында,  
Тағзым етіп тағы отырмыз қасында.  
Өмірінді елестетіп, рухынды,  
Сезінеміз пейіш нұры астында.

Сағынамын жарқын ашық жүзінді,  
Аға деген аңқылдаған үнінді.  
Бар ағайын аңыз етіп айтады,  
Тірліктеңі сенің әрбір күнінді

Аруағың риза болар халқыңа,  
Есте сақтап, құрмет тұту салтына.  
Бар азамат, туыстардың қатары,  
Сау болса екен аман-есен қалпында.

1994 жылғы 12 маусым

## ӨНЕГЕЛІ БЕЙНЕ

(Мәркеннің мектебінде мұсін бейнесі қойылу тойына  
2005 жыл 10 қыркүйек)

Ассалау мағалайкум, қара шаңырақ,  
Әрбіткен тәрбиелеп талай ұрпақ.  
Қоңырауыңың дыбысы сыңғырлаған,  
Мәңгі есте тәлімің, алған сабак.

Есігінді ашқанда қиял билеп,  
Балалық шақ кезіне кетед сүйреп.  
Немересі окушы ата-әжелер,  
Сен үшін бала болып қала бермек.

Аталғанда мектептің ескі аты,  
Дәріптеген орыстың азаматы.  
Ұлт намысын жүректі қозғаушы еді,  
Дұрыс болды-ау орданың бүгінгі аты.

Жат емес, осы орданың өз қыраны,  
Дарынды, қадірменді, ел ұланы.  
Еңбек жолы ауылдан бастама алып,  
Мемлекеттік тұлға боп бағы жанды.

Мәркен дарын, мақтаулы дара тұлға,  
Меңтеп аты көп емес сендей тұлға.  
Ордаңнан өрбитұрғын ұрпағыңа,  
Сенің бейнең өнеге үлгі алуға.

Қандай ғажап үлкен іс атқарылды,  
Мәркеннің рухы тағы шаттанулы.

Өзі келіп тұрғандай ортамызда  
Қонақтарын құрметтеп қарсы алулы.

Риза бол ел-жұртыңың ізетіне,  
Күләш пен балалардың құрметіне.  
Еске алумен атағың мәңгі өлмейді,  
Жәннәтта да жай берсін төрлетуге.



## ТҮЛЕГІҢНІҚ ТІЛЕГІ

Білім үйі шөлім қанған бұлағым,  
Оміріме жаққан сөнбес шырағын.  
Сенеп алғап өнер, білім, тәлімдер,  
Құны қымбат, сыйға берген пырағың.

Әліппеден бастап білім қадамын,  
Есейгенде таптық жүрек қалауын.  
Мақсат болды сынбай жету арманға,  
Өз талабың, сенгенің боп таланың.

Оқушы өмір өтті қыын жылдарда,  
Қысымы мол, жылуы жоқ ызғарда.  
Күлше нағмен тіршілігің сыналып,  
Шыдай білдік шымырлатқан сыздарға.

Сондықтан да ерте есейдік үлкендей,  
Бала болып еркін ойнап бір көрмей.  
Сегіз жастан егін орып, шөп шаптық,  
Қол қанат боп еш жұмыстан жиіркенбей.

Шаруа бағып оқуға да үлгердік,  
Тамақ болмай егістікten дән тердік.  
Оқулық аз, жазатұғын дәптер жоқ,  
Жатақхана шамсыз үйде күн көрдік.

Ыңтаменен өнер тердік беріліп,  
Жөнсіз іске бой ұрмадық елігіп.  
Азамат боп, ақыл тоқтар шағында,  
Өткен күндер дерті тұрад сезіліп.

Шегінбедік, езілмедік қыынға,  
Самғау болды мақсатымыз қыырға.

Тәубә! – дейміз, еңбек жанып есейдік,  
Көтеріліп төр ағасы сыйына.

Тойлап бүгін жатсақ 70 жылынды,  
Луыз толар табыстарың опімді.  
70 жылда сенен ұшқан тұлектер,  
Еліміздің тіректері сенімді.

Мақтанышың ұл-қыздарың өрбіген,  
Сенің атың, даңқың биік өзгеден.  
Ұзақ жылдар Ленин атын дәріптеп,  
Дұрыс болды жаңа атың өзгерген.

Ахметбеков Мәркен атын таңдаған,  
Шешім болды бүкіл халық қалаған.  
Соңғы ұрпаққа бағын берсін Мәркеннің,  
Қыран құстай биіктеге самғаған.

Бүгінгі той есте қалар қуаныш,  
Жолдастармен жүздесу де мол табыс.  
Көп достарға жете алмаған бұл күнге,  
Иман тілеп, еске алу-жұбаныш.

Жиналғанда тұлектердің қаймағы,  
Талай сырлар актарылды ойдағы.  
80 жылда тағы осындай той болып,  
Шашу болсын бар өнерлер бойдагы.

Мерекеге ақ тілегін актарған,  
Өмірлік сый, алғыстарын сақтаған.  
Қобылан, Сақып – тұлектерің есейген,  
Бірге жасап, табысынды жактаған.  
2002 жыл, қараша

## **ЖАҚСЫ ІСІМЕН ТАНЫЛҒАН**

Жалындағап тұрған жас едің, танылған жақсы ісімен,  
Медаль алған мектептे біліміңің күшімен.  
Алматыдан білім ап оралғанда еліңе,  
Бәйгеде озған тұлпар ең додалы топтың ішиңен.

Болжай білдің жасыңан алдың менен артыңды,  
Ат жалын тартып мінгеннен еңбегің болды қарқынды.  
«Ступинка» кеңшары шаңырағын көтеріп,  
Отзызында бастадың еңбек сүйген халқыңды.

Қыстың кешіп – қырауын, жазда – суын жаңбырдың,  
Табысына кеңшардың бүкіл елді таң қылдың.  
Отыз үште Бескөлдің бар тізгінің ұстадың,  
Отыз төртте сайландың хатшысы боп – Жамбылдың.

Қос орденді Қызыл Ту кеудесінде жалаулы,  
Сендей басшы сол кезде болғаны рас санаулы.  
Халқың сенім артқасын депутаттық мандат ап,  
Үкіметке ұсынған ұлы атандың қалаулы.

Талай биік тәбеле тік көтерді баспалдак,  
Бүтін ел боп тіледік: Таймасын – деп – бастан бақ.  
Аютастың төрінен тұлеп ұшқан Ақының,  
Бірте-бірте биіктеп көтерілді аспандап...

**Ы. Ибраев атындағы шаруашылықтан  
Наурыз, 2000 жыл**

## ҚАРАТАЛЫМ, ТУҒАН ЖЕРІМ

Сөзін жазғандар: Б.З.Тұралина, М.Қ. Үмітбаев  
әні А.Қоразбаевтың «Үш Қоңырының»  
әнімен айтылады

Қаратал ерке Есілдің жағасында,  
Бабамның ізі жатыр даласында,  
Атыңды құрметпенен әнге қоссам  
Перзенттік көңілімді құп аласың ба?

А-а-й Қараталым, туған жерім,  
Бақыт нұры тұнған жерім.  
А-а-й Қараталым, тал бесігім,  
Жүргегімде мәңгі есімің.

Бұл жерде көне тарих сыйры бар,  
Абылай тұлпарының дүбірі бар.  
Бұл жерде анам мені әлдилеген,  
Қазақтың дәстүрінің тұнығы бар.

Қ-сы:

Бабалар мыңғырған мал қайырған жер  
Шал ақын аты әлемге жайылған жер.  
Әкесі Құлеке де батыр бабам  
Жекпе-жек аюменен алысқан жер.

Қ-сы:

Қаншама азаматы, саңлақтары  
Ұлы Отан соғысына аттанғанды.  
Елі үшін ғазиз жанын пида етіп,  
Тең жартысы туған жерге оралмады.

Қ-сы:

Бұл жерде Мәркен аға туып өскен  
Білімнің биігіне қолы жеткен.  
Еліне қадірменді азamat бол  
Әр талай мемлекеттік істі шешкен.

Қ-сы:

Сазды ағаш, Ақтөбе мен Қарамаям,  
Әрқайсың тәңір берген саябағым.  
Қаратал – кіндік қаным тамған жерім  
Келеді жүргіммен аялағым.



Төртінші бөлім

**ӨЗІМ ЖАЙЛЫ**

## ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Мен әуелі туып өскен елімді, кіндік кескен жерімді қал-қадірімше таныстыра кеткенді парызым деп санаймын.

Қазақтың киелі даласының бірі - арқаның терістігін ала, атақты Қызылжар - (Солтүстік Қазақстан облысы) мен Көкше өнірі созылып жатыр.

Мен осы жердің әуелі қызымын, одан кейін келінімін.

Енді міне, ұлын ұяға, қызын қияға қондырган бақытты әжелердің бірімін.

Ендеше, алдымен кіндік кескен жерім, мәпелеп өсірген елім, нағашы жұрт, одан кейін ақ жаулық жауып, ақ батасын берген, киелі табалдырығын аттатқан қайын жұртым жайлы жылды лебіз, шынайы сезімімді білдіргім келеді.

Кіндік кескен жерім – «Көктөрек» ауылы (ол кезде Октябрь ауданы болған) қалың ағаштың койнауында, биік дөңесте орналасқан, ойында тізілген біріне-бірі жалғасып жатқан қара сулары бар тамаша қоныс.

Біздің Сагындық деген атамыздан: Ережеп, Әбілмәжін, Хамза, Едрес, Ілияс деген балалары болыпты. Оның Ережеп деген баласынан Файса (әкем) туған.

Хамза деген ұлынан – Қоблан ағамыз туған.

Мен әкем Файсаны көрген жоқпын. Қоблан ағам оны былай деп суреттейді:

Файса ағам соғысқа аттанғанға дейін, елде ұжымшардың басқармасы болып қызмет атқарды. Орта бойлы, толық денелі, дөңгелек жұзді, қара торы әлпеті көз алдымызда. Өткір үлкен қара көзін кісімен сейлескенде айырмай тұра қарап, өзу тартып жымиятындалп тілдесетін. Көп тыңдал аз сөйлейтін, әр сөзі орнықты, байыпты болатын.

Адам сүйгіш, кісіге қамқорлық жасау, айтқан сезін бұлжытпай орындау сияқты ерекше қасиеттері болды.

Үйде бір асын, бір шайын жалғыз отырып ішкен кісі емес. Үнемі көрші-қоландарымен, жолдас-жораларымен бірге отырғанды жаны сүйетін.

Менің ұғымымда бұл кісінің ешқандай қасы жоқ болатын.

Гайсаның асқан адамгершілік қасиеттерін Ахметжан Нұртазин ерекше мақтап отыратын еді.

Файса еді біздің елдің пайғамбary,

Амал не елге аман айналмады.

Жабырқап, жетімсіреп жүрерме едім,

Құбылыар аман келсе майдандағы, - деген жалғыз ауыз өлеңінен Файса әкемді біздің ел пайғамбарға тенеп ардақтағаны көрініп тұр.

Файсадан ұл бала болмады. Рахила, Рәш, Күләш деген қыздары бар. Әрқайсысы бір-бір шаңырақтың иелері.

Рәштің бет әлпеті, адамгершілігі, іскерлігі, білімділігі, кісімен қарым-қатынасы, ер мінезділігі, әр қылы өнерлілігі әкесіне тартқан еді.

Рәш жоғары білімді, орысша-қазақша тіл білімінің маманы болатын.

Орыс орта мектебінде көп жылдар директорлық қызмет атқарды, «Оқу ағарту ісінің озаты» атағы бар. «Еңбек Қызыл ту» орденімен марапатталған, озық педагог. (Қоблан Хамзин «Жеті атаны білейік» кітабынан).

Енді әкемнің туыстары жағынан қалған жалғыз ағам Қоблан қажы мен Сақып жеңгем, олар мені өздерінің үлкен қыздарындау, Мәркенді бір бауырларындау көретін.

Қоблан ағам Мәркен қайтқанда жазылған өлеңдерді, тілектерді жаны ашып, жай қалмасын деп, «Асыл арыстар» деген кітап шығарды, мың бір рахмет!

Бұл кісілер еліне елеулі, халқына қалаулы кісілер, мен мақтан тұтамын, аман болып, ақылшы болып, алдымызыда жүре берсін.

Ғайса әкем Отан қорғау соғысынан оралмады.

Біз шешем Мәруәрмен Көктеректе қала беріппіз. Мен әкем әскерге кеткенде бесіктегі бала екенмін.

Рахила апам 7 жаста, Рәш апам 5 жаста, Мәруар шешем 27 жаста екен.

Әкем кеткен соң анамды елде қалған «шолақ белсенділер» қара жұмысқа салып алыпты, өгізбен жер жырту, сауыншы болып, масақ терген, (естуімше) содан сұық тиіп ауырып жатып қалыпты. Елде әкемнің туыстары жоқ, бәрі жан-жақта, Қоблан ағам әкесінен жетім қалып (ол кезде 8 жаста), шешесі екеуі ғана болыпты.

Сол кезде анамның әкесі Бекмұрзаұлы Жантілеу (менің нағашы атам) көшіріп алып кетіпті.

Шешем Мәруәрдің елі Алқа-Ағаш, Шал ақынның ұрпағы.

Жантілеу нағашы атам — ауқатты тұратын, шаруашылығы бар адам болыпты.

Жантілеудің: Қошан, Қабдолла, Амантай деген ұлдары, Мәруәр деген жалғыз қызы болыпты. Қазақ қыз баланы еркелетіп қырдың қызыл қырмызындай қылып өсіреді ғой, менің анам соның бірі.

Анамды мендеген ауру алмай қоймайды ғой (ол кезде дәрігерлер жоқ қой), 29 жасында бақылық қылды (1944ж).

Сонымен біз нағашы атам Жантілеу мен Бибетіш әжемнің қолында қала бердік (мен сонда 3 жаста едім).

Атам мені сондай еркелетіп, өзі өлең шығарып, жаттатқызып отыратын еді. Бибетіш нағашы әжем - ана орнына ана болып, мені мәпелеп өсірді. Сонда нағашы атамның менің атымнан анама шығарған өлеңі бар еді.

## АНАМ МӘРҮӨРҒА

Келгенде Көктеректен үшеу едік,  
Папам келсе қайтамыз біз деп едік.  
Алланың бұйрығымен апам қайтып,  
Үйінде нағашымның қала бердік.  
Қағазға мен жазайын алақандай,  
Нағашым күтіп отыр балапандай,  
Үйінде нағашымның жетімдік жоқ,  
Жатамыз түске дейін үйқы қанбай,  
Тапсырды анажаным нағашыма,  
Құдай-ау жәрдем бергей тіл жагыма,  
Алланың бұйрығына амал барма,  
Апамнан айрылдым гой жас шағымда,  
Топырақ бұйрық болды Алқа-Ағаштан,  
Осылайша болды мекен әуел бастан,  
Тезірек папажаным келе қалса,  
Үй- іші толар еді мал мен басқа,  
Зиратың үйден шықса көрінеді,  
Қос құлышың қоред-тағы егіледі,  
Қайрымсыз қара жер-ай апамды алып,  
Сағынып-сарғайсамда көрінбеді,  
Қолымға бейсенбі күн қалам алдым,  
Жан апам еске түсіп қапаландым,  
Көңілімді қапаланған басу үшін,  
Қағазға бір-екі ауыз жаза салдым, - деп магаш үйретіп  
кетті.  
Нағашы атам – Жантілеу, 1949ж. қайтыс болды.

Рахила апам ержетіп, Естай жездеме тұрмысқа шықты.  
(1951ж).

Рәш апам Ибраевтағы Ленин орта мектебін «Алтын медальға» бітіріп, Алматыға оқуға кетті.

Біз әжем екеуміз ғана қалдық, мен сол Алқа-Ағаштың бастауыш сыныбына бардым.

Жантілеудің үлкен баласы Қошан қызы (қазақта бірінші немересін) Мағишианы атам мен әжеме беріпті.

Атамның тірі кезінде бірінші немересін тұрмысқа бердік, өзінің сүйген жігіті Қошқарбай жездемізге тұрмысқа шықты. Мен ол кезде 4-5 жас шамасында мын. Мағиша тәтемізді ұзатқанда, тәтем қоштасу жырау айтып, әкесімен көрісіп жылап, (қазақ салтымен) аттанғаны әлі есімде.

Нағашым Жантілеу көзі ашық, орысша-қазақшаны жақсы білетін кісі еді. Марьевкада «тамыр» орыстары болатын. Мағиша апамызды бухгалтерлікке оқытып, сол тұрмысқа шыға сала Алқа-Ағашта дүкенші болды, ол кезде ауылдарда бір-ақ дүкен болды, барлық тауар сонда болатын. Осы қызметте 40 жыл еңбек етті.

Жездем Қошқарбай учетчик болды.

Атам қайтқасын әжем Бибетіш те ауруға шалдықты, мен 1-ші сыныпта оқып жүргем.

Мағиша апам мен Раҳила апам бізге ермек болсын деп атамның немересі Мұратты 7 айлығында бізге әкеп берді.

Онда тәтем Қошан, Шәпия шешеміз Октябрь лесхозында тұратын. Ол кезде Қошан тәтем де үйде болмапты, апам Шәпияның ерлігі, көңілінің ақтығы, (әрбір ана бұндайды істемейді ғой,) кейбір ана бермейді де ғой.

Солай әжем, Мұрат, мен үшеуміз Алқа-Ағашта тұрып жаттық. Әжемнің балажандығы сондай, 7 айлық баланы «балқаймақ», жаңа ағызған қаймақты ұн салып қайнатып

береді. Соғыстан кейінгі уақыт қой, манная круппа деген ол кезде жоқ. Отын, шөбімізді Дулат деген ағамыз, Қабдос деген әжемнің інісі әкеп береді (бір сиыр, екі-үш қойымыз бар).

Әжемнің ауруы үдей берді, бірақ ол: “Күләш 4 сынып бітіргенше үйде боламын, өз үйімнен, қара орыннан шығамын”, - деп сонда отыра берді.

Қошан тәтем күнде келеді, алып кетем деп, Лесхозға әжем бармайды. Мал жайлау, наң пісіру менде қалды. Мен сонда 10 жастамын, ал Мұрат інім 4-те. Мұрат ініміз екеуміз ата баласы болдық.

Әжем жатып қалды, мен 4-ші сынып бітірген соң тәтем бізді көшіріп алып кетті.

Қошан тәтем мен Шәпия апамыздың (апа дейміз) 14 баласы болды: Магиша, Қадиша, Дулат, Аманжол, Райхан, Раушан, Мұрат, Амангелді, Ерсайын, Ерден, Шолпан, Айжан, Ләйлә, Ерболат, оған біз – Рахилә, Рәш, Күләш қосылдық. Сонда ол кісілер 17 баланы тәрбиелеп өсірді.

Магиша, Қадиша тұрмысқа шықты, Дулат ержетіп үйде қалды, Аманжол Марьевка мектебін «Алтын медальға» бітіріп, Москваға МГУ-ға окуға түсті. Енді үйде үлкен болып мен қалдым.

Әжем Бибәтіш – анамдай болған 1953 жылы 53 жасында дүние салды. Жатқан жері жайлы болсын, орны жұмақта болсын, міnezі биязы, намазын оқып қана жүретін менің Алтын әжем еді.

Анам Мәreuәрді мен білмеймін, есімде қалған нағашы әжемнің бейнесі.

2007 жылы анам Мәreuәр мен әжем Бибәтішке тас орнатып, мазар салдым. (Алқа-Ағашта). Елді жинап Құран оқыттық, қолдан келер сол ғана гой.

Мен 1954 жылы 5 сіныпта оқуға Ленин орта мектебіне бардым (Ибраевта). Онда Рәш апам 10 сіныпта оқушы еді, интернатта тұратын. Бұл мектептің жанында жетім балаларға ол кезде интернат бар еді. Үйдегі басқа балалар «Заря» совхозында орысша оқыды. Біз каникулда үйге баруға жиналадыз, жаяулап жалпылап. Жалпы балаларға тамақ, киім тегін, бірақ жақсы оқитындарға тәуірі тиеді.

Ол кезде қар тау-тау болып үйіліп жатады, машина жоқ, кейде шана жегіп ат жібереді. Қектемде (наурыз айында) каникулда қар еріп, не шана, не арба жүрмейтін уақыт болады. Сонда еріген қар етігіміздің қойшына дейін барады.

Бірақ мені Мәғиша апамның үйіндегі жездем Қошқарбай салт атпен келіп, қайтарда салт атпен әкеліп тастайды.

Бәрі де әке-шешемді жоқтатпай еркелетіп өсірді.

Қошан тәтем – ақылды, көзі ашық, орысша-қазақша жақсы білетін, ескі оқуды да менгерген сауатты кісі еді.

«Жантілеов Қошан (1898, Шабдар ат Шұбары, Шұбары 4 ауыл Кеңесі, Бәйімбет болысы, Кекшетау уезі, Ақмола губерниясы (қазіргі СҚО Шал ақын ауд. Аютас мекені) – 1981, Октябрь орман ш-ғы, Шал ақын ауд. СҚО) - облыска белгілі қоғам қайраткері, 1918-21 ж. азамат соғысы кезінде қызыл партизандарға көмектесіп, Колчак әскерлерімен, әртүрлі бандалармен құрескен. Кеңес үкіметін алғаш жергілікті жерде құрушуылардың бірі. Қошан Жантілеов әуелі арабша оқып, сауатын ашады. Одан кейін Марьевка селосында белгілі қоғам қайраткері Байғаскин Есім және Баймақанов Шәкірмен бірге оқып, мектептің бірінші сатысын бітіріп шығады. 1912-21 жылдары «Красная гвардия» партизан отрядының командирі П.Д. Шишкінмен және оның жолдастары Я.Л.

Крыгинмен, С.С. Наядинмен, И.И. Кузьминмен, М.И. Перекальскиймен, М.М. Ешмухамедовпен, А.И. Белоусовпен, М.Г. Голодовпен, Ф.С. Соколовпен, И.И. Казаковпен, т.б. танысып, оларды Марьевте штабы тұрған Колчак әскерлерінен жасырып қалады. Өзі Марьевке жиі барып, партизандарға ондағы жағдайды айтып беріп отырады. Бұл істе оған немере ағасы Дайыр Сақтағанов пен әкесі Жантілеу де көмектеседі. 1919 жылдың күздінде Қызыл Армияның тегеуіріне шыдамай Колчак әскері Марьевтен Омбыға қарай шығады. Қызыл армия әскері келгесін тығылып жүрген партизандар оларға қосылып, Қошанға, әкесі Жантілеуге, немере ағасы Дайырға алғыс айтып, Колчак әскерінің тұп ізіне түсіп, қуып кетеді. 1922 жылы Қекшетау уездік партия комитеті мен атқару комитетінің ұсынысымен 24 жастағы Қошан Жантілеуов Бәйімбет болыстық атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. Бұл қызметті ол 1929 жылға дейін атқарады да одан кейін колхоз жұмысына белсене кірісті. Соңғы жылдары Жантілеуов белгілі ақын Ахметжан Нұртазин басқарған Октябрь орман шаруашылығында жұмыс істеді. Қолы бос уақытында қыран бүркіт, жүйрік ит, жақсы ат ұстап, аң аулаумен айналысады. Қ. Жантілеуов тарихтан белгілі Құлеке батырдың бесінші ұрпағы. Ол қазақтың көптеген ақын, жырауларының өлең-жырларын, дастандарын жадына сактаған. Әсіресе Құлеке батырдың тұған баласы, өзінің бабасы Тілеуkenің (Шал ақынның) көптеген өлеңдерін жатқа білген. Белгілі ғалым, жазушы Мұхтар Мағауин Қошаннан Шал ақынның жиырмадан астам өлеңін жазып алғып 1971ж. «Алдастан» жинағында жариялады. Қ. Жантілеуов кезінде Үкілі Ұбыраймен, оның шәкірті Молдахмет Тырбиевпен жақсы қарым-қатынаста болған. 30-жылдары Үкілі Ұбырай «халық жауы» атанып Айыртауда тұрмеде отырғанда Қошан жауы» атанып Айыртауда тұрмеде отырғанда Қошан

оның халін біле барып, атақты әнші ақынның соңғы өлеңін жазып алыш, таратқан. Қ.Жантілеуов зайды Шәпия екеуді 17 бала тәрбиелеп өсірді.

Менің жас кезімде әкемнің ағасы Едірес деген атам келіп мені сұрапты (қыздары жоқ еді). Қошан тәтем “алсаң үш қызды да ал, алмасаң үшеуін бірінен-бірін айырмаймын, Күләшті бермеймін” деп берменгі, мен өте ризамын.

Мен солай Лесхозда өсіп жаттым, тетелес сіңілім Райхан екеуміз егіз қозыдай бірге өстік, мені жетім деп айтпасын деп киімнің жақсысын (тәтем аңшы болды), Марьевкаға барып аңның терісін тапсырып, маған әкелетін. Райхан (кішкентай ғой) жылайтын, «только» Күләшқа ғана әкелесің деп.

Тәтем мен Шәпия шешем мені еркелетіп өсірді.

Біз ата-анамыздың бір нәрсеге келісе алмай, дауыс көтергендерін есте көрген де, естіген де емеспіз. Бір-бірін көздерінен танитын. Көбіне анамыз әкеміздің қас қабағына қарап, ойын айтқызбай-ақ ұфатын. Тәтем қанша қатал сияқты көрінгенмен анамыздың келісімінсіз, ақылдаспай бәрін өзі шеше бермейтін. Соған қарап анамыздың да орны, сөзінің салмағы бары байқалатын. Ата-анамыздың бірін-бірі сыйлау, тыңдау, санасу өнегесі біз үшін ерлі-зайыпты адам қандай болу керек, әйел өз жолдасын қалай сыйлау керектігінің ұлгісі, әрі олардың бізге берген жақсы гибраты болды.

Анамыз Шәпия күні бойы тынымсыз еңбек етсе де, бір қабақ шытпайтын. Әрқайсымызға тиісті көңіл бөліп, ақыл-кеңестен кенде қылмайтын. Әкеміз әйел затына қашанда ілтипатпен қарау керектігін есте ұстандар, бүгін Қызы, ертең Ана, сондықтан да оларға тиісті құрмет көрсету әр азаматтың міндеті дейтін.

Әке сөзін екі етпейтін бауырларымыз, күні бүгінге дейін, бізді сыйлас, қамқорлық көрсетеді.

Осы татулыққа үйреткен ата-анамызыңа ризамыз.

Бүгін біздер ер жеттік, ата-ана өнегесін қайталап, кез-келген еңбектен тайсалмай, өмірден өз орнымызды таптық деп айта аламын.

Біз өсек, өтірік айтып, біреудің ала жібін аттап көрген жоқпыз.

Бізге үйреткендері: ұлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, ауырып жатқан кісілерге кіріп халын білуді үйретті.

Үйге келін түсіргенде, тәтем оларға басына орамал сал, шөлке-нәски киіп жүрсін деп айтпайтын.

Апама айтатын көрінеді, (біз де бір елдің келіндері болдық қой) қыздар үйге келгенде орамал тартып, нәски-шулки киіп келсін деп, біз барған жерімізде кимесекте, үйге барғанда киіп баратынбыз. Сонда келіндер бізден үлгі алсын дегені той. «Ұяда не көрсөн, ұшқанда соны ілесің» - деген сөздің де жаны бар екен.

Улкендер ер жетіп, кішілер үйде қалды, ұлкені мен.

Ол кезде Дулатты - ляля дейміз, Иләш деген жеңгемізге үйленген. Екеуі де Лесхозда: бірі – плотник, ал жеңгеміз Иләш қайың, қарағай еgetін бригадада жұмыс істеді.

Ол кезде айнала толған қайың ағаштар, көмір жақпаймыз. Сонда отынды қыста дайындаиды. Мені отын дайындауға апарады (Мен 12 жастамын). Мен Дулат ағаммен ара ұстап отынды кесеміз. (Қар сонда менің кеудеме дейін) Иләш жеңгеміз ағаштың бұтактарын шауып, кескен ағашымызды сыртқа шығарады. Ал жаздықуні (каникулда) егілген ағаштарды арам шөптен тазартуға барамыз, сөйтіп қалам-қарындаш, дәлгер алуға ақша табамыз.

Шешеміз Шәпия ерте тұрып, наң пісіруден қолы босамайды: (улкен орыс пеші бар) 10 бөлке пісіріп алады, ол жетпей, кешке тағы пісіреді. Лесхозға келген кісілер тәтеме сәлем береміз деп біздің үйге келеді (әр ауылдың лесниктері). Біз бір бөлмеге дәңгелек стол қойып, сонда боламыз, кісілер кеткенше біреуміз де шықпаймыз. Сонда жұрттың айтатыны ғой: «Қошанның балалары көп дейді, барсақ, біреуін де көрмейміз» деп.

Мен Петропавлдағы медучилищені бітіріп, акушерка мамандығын алдым. Диплом мен паспорт алу керек болды – менде фамилия болғанмен, отчество болған жоқ, сондықтан Кошановна деп паспорт алдым. Алдында Рәш апам да солай болған, кейбіреулер оны қате түсінді, көбі мені Қошанқызы деп ойлайды, мені тұған қызынан артық қылып өсірді ғой.

Бірақ, мен тәтемнің атына кір келтірген жоқпын деп ойлаймын. Тәтем 1981 жылы біз Москвада болғанда бақылық болды. Москваға кетерде көзіне жас алып, маңдайымнан сүйіп, шығарып салғаны (о дүниелік болатынын білгендей) әлі көз алдында тұрады.

Мәркен келіп топырақ салды. Мен келе алмадым. Серік пен Бауыржан мектепте ғой. Ол қыркүйек айы еді. Топырағы торқа болсын, орны жұмақта деп ойлаймын.

Ер жігіттің үш жұрты бар деседі  
Бұла болып, арасында ерке өседі,  
Анаңың түлеп үшқан ұясынан  
Әрқашан жылышықтың желі еседі.

Бір ақын осылай деп жазған екен, сол айтқандай, әрқашан анам Мәруәрдің елінен жылышықтың лебі есіп тұрған сияқты болады.

Қазақта “адам баласына бақыт нағашы жұртынан дариды” дейді, ол да рас шығар.

Сол 17 бала ер жетіп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып бір-бір үй болдық.

Мен де 10 сыныпты бітіріп, ержеттім, тәтем бәрімізді оқытып жоғары білім алғызыды. Бәрімізді қолынан үйлендіріп, қолынан ұзатты.

Енді сол 17 баладан қалған:

Алматыдағы Аманжол ағамыз бер Raушан апатайымыз.

Кыздардан: үлкені мен, одан кейін Райхан. Петропавлда

Дулат ағамыздың үйіндегі женгейіміз Иләш.

Кызылжарда Мұрат ініміз бер Ұмсындық келініміз.

Алматыда Ерсайын інімізben келініміз Нұржамал. Raушан, Шолпан сіңлілеріміз

Кызылжарда Айжан сіңлімізben Сабыр күйеу бала.

Астанада Ләйлә сіңліміз – Сабыр күйеу бала.

Сергеевкада Ерден ініміз – Айсұлу келініміз.

Ерболат ініміз, Гұлнар келініміз.

Бәрі «Ақ тәте» деп at қойып, мені сыйлайды. Енді қалған бауырларым аман болсын деп, Алладан соны тілеймін!

Өткенде Аманжол ағамыз ауырғанда, құдайдан тіледік, тілегіміз қабыл болды, Аллатайым екеуі қосақтарымен қоса ағарсын.

Қабдолла-Сәлимә нағашымның Злиқа, Болат, Жақсылық (Ташын), Кәрібай деген балалары болды (13 баладан қалған). Зоя 16 жасында қайтыс болды. Болат, Жақсылық та о дүниелік болды. (Жұбайлары, балалары мен бір-бір үй немерелерін өсіріп отыр). Қалған тек Кәрібай деген баласы.

Амантай-Нұржиян нағашымның: Төлеген, Лиза, Сансызбай, Ағыбай, Ақжан деген балалары болды.

Төлеген, Сансызбай, Ағыбай бақылық болды, отбасылары бар.

Казір Лиза деген қызы Көкшетауда тұрады, дәрігер-педиатр. Әлия деген қызы бар.

Ақжан деген ұлы «Заряд» тұрады.

Қошқарбай-Магиша деген апа-жездеміз бақылық болып кетті.

Шортанбай-Рая Петропавлда тұрады, ата-әже болды.

Күлзайра Қарағандыда ұстаз, әже болып отыр.

Аманбек-Роза қызы Алқагашта әке-шешесінің қара орнында отыр.

Жанбота-Сырым ата-әже Петропавлда тұрады.

Майра-Нұрлан Покровкада қызметтері бар.

Алма қызы Явленкада қызметі бар.

Гүлия қызы, Самрат қүйеу баласы Петропавлда, бәрі үйлі-баранды бір-бір отау.

Зия-Қадишаның 11 баласы болған.

Абылай-Күләш Петропавлда ата-әже болып отыр.

Қамиша-Серікбай Петропавлда.

Қалима-Дүйсенбай Жамбыл ауданында, ұлы Тасқын Алматыда.

Әлібек-Гүлнәрай Покровкада қызметтері бар.

Ұлдары Ақан, Азамат Белое ауылында, қызы Назира Петропавлда.

Ұлы Руслан Алматыда, бәрі үйлі-баранды бір-бір отау.

Күлзирә деген қызы, Шоқан деген ұлы о дүниелік болып кетті, отбасылары бар, Петропавлда.

Естай-Рахила жездем мен апам бақылық болды.

Олардың 7 баласы бар еді: Габит деген ұлы қайтыс болды, Дәмира деген қызы Астанада Президенттік ауруханада бас медбике. Рашидә заң қызметкері, Астанада. Сәбит отставкадағы полковник. Сәкен деген ұлы заң қызметкері, Гүлжан, Асқар бәрі де Астанада

тұрады, бәрінің де отбасылары бар, үйлі-баранды. Ғабит жиенім бір төбе де, қалған жиендер бір төбе еді, 39 жасында адам қолынан қаза тапты, (КГБ-да майор еді). Өсейін деп тұрган, қыз мінезді, ешкімге қатты сөз айтпайтын, күліп қана тұруши еді, асыл азаматтан айырылып қалдық. Амал қанша?! Аллаға да жақсы адам керек деп өзімізді жұбатамыз фой. Ғабиттан көз жазып қалғанымызға да 17 жылдай болып қалды.

Артында жұбайы Майра, қыздары: Жұлдыз, Қарлығаш қалды.

Майра әже болып, немере сүйіп отыр, ұзагынан сүйіндірсін, ол келініміз осы жылдың 19 ақпанында келіп, тағы бір мәрте еске алып кетті. Арманда кеткен Ғабитымызды өмір бойы ұмытпай, оның жатқан жері жайлы, жаны жәннатта, тұрағы жұмақта болсын дейміз.

Дәстен, Кәкім-Рәш деген апамнан – 4 баласы бар. Үлкені-Нұрлан Сергеевка қаласында тұрады, отставкадағы лейтенант. Гүлнэр – ұстаз, әже болды, Астанада тұрады. Бейнегүл – дәрігер, Алматыда. Нұржан – Оңтүстік Қазақстан облысы прокурорының орынбасары.

Барлық жиендер мені аналары ретінде сыйлады, оларға тілейтінім: жақсылық, аманшылық, қызметтері жемісті болып, шыққан таулары биік болсын, мені сыйласа оларды Құдай сыйласын.

Дулат-Иляш. Дулат ағамыз о дүниелік болып кетті, ал Иляш жеңгеміз қара орында. Қызы Айша-Ерсайын Сергеевкада тұрады.

Айман-Торалы. Айман ғылым кандидаты, Алматыда. Баласы Ержан анасымен бірге қара орында Сергеевкада.

Әлия-Серік Сергеевкада, қызметтері бар.  
Айгүл-Ерғанат ұстаз, Алматыда.

Ботагөз – кондитер, Алматыда тұрады.

Әмірсерік-Дәмежан ұстаздар, Петропавлда.

Сұраған-Райхан. Сұраған о дүниелік болып кетті, Райхан қара орнында отыр.

Балалары: Айнагул – қаржыгер, Есләмбек – милиция полковнігі.

Серік бизнесмен, бәрі де Петропавлда. Райхан солардың қызығын көре берсін.

Амангелді-Балапан балалары: Дина, Ғалия, Данияр. Дина Петропавлда прокурордың орынбасары, Ғалия – тұрмыста, Көкшетауда тұрады, Данияр – СЕВНИЖ да аға жетекші маман, ғылым кандидаты.

О дүниелік болып кеткен бауырларымызға:

Қошқарбай, Магиша, Зия, Қадиша, Естай, Раҳила, Қәкім, Дастан, Рәш. Дулат-Амангелді, Сұраған-Мәркен. Жатқан жерлері жайлы, имандары жолдас болсын.

Әке-шешеміз, ата-әжеміз, нағашыларым:

Жантілеу-Бибетіш, Қошан-Шәпия, Қабдолла-Салима, Амантай-Нұржиян, Ғайса-Мәруэр жандары жәнатта болсын.

Алла, күпірлікке жазбасын, асып-тасып кеткен жерім жоқ сияқты, Алланың бергеніне шүкіршілік деймін.



## КҮЛӘШҚА АРНАЛҒАН ӨЛЕҢДЕР

### **Мәркен мен Күләштің күміс тойына!**

Жастық шақтан бізде мақсат бір екен,  
Тағдыр қосқан жұбымызды жыр етем.  
Ағайынға, елге сыйлы кең пейіл  
Менің абзал, менің дархан Күлекем.

Армандар көп әлі талай алда сын,  
Қандай жақсы болса серік жолдасың.  
Мен биікке қулаш ұрган шақтарда  
Сенің өзің тірек бола алғансың.

Алғыс алсам, басшы болып елге мен  
Сол табыстың тең жартысын тең бөлем.  
Жаным жүдеп, кейіген бір шақтарда,  
Сенен артық ешкім ақыл бермеген.

Екеумізде бастан кештік жетімдік,  
Бір-бірімізді аялаумен жетілдік.  
Енді біздің алақанда өрімдей –  
Сәуле, Серік, Бауыржандар отыр нық.

Күміс тойда ширек ғасыр бүгінгі,  
Мен өзіңе тарту етем жырымды.  
Менің үшін сен аяулы Күләшсің,  
Дәл осыдан 25 жыл бұрынғы.

Әлі біздің талай тойлар тойланар,  
Ал, соларды алтын да, алқасы да ойда бар.  
Менің абзал, менің дарқан Күлекем  
Деп ойлаймын, бәріне де сай болар.

*Мәркен Ахметбекұлы, 11.07.89, Қаратал ауылы*

## **Күләштің 50 жылдық мерейтойына**

Қызы едің Ғайса ағаның, атың Күләш  
Тал шыбықтай бұралған, тым талдырмаш.  
Ер жетіп алғаш отау құрганыңда,  
Ақ батасын Қошан атам бергені рас.

Ілтипат, парасаттық бір басыңда,  
Алладан, ата-анаңнан қалған мирас.  
Бүгінде қос аққудай қолтықтасып келесің,  
Балалардың бақыты үшін, болашағы үшін.

Солардың қуанышын тойла деймін,  
Қызықпен, той думанга тойма деймін.  
Әже бол, немере сүй болашақта!  
Денсаулық, зор байлық қой, соны сақта.

Ал енді өткенді де ұмытпашы?  
Кешегі жастық шақты есіне алшы,  
6 жыл интернатта бірге өскен,  
Елестетші көз алдыңа жас балаларды.

Кұлын-тайдай тебісіп, бірге жүрдің.  
Есінде ме, сол балалардың бірі менмін.  
Айғағы сол күндердің құдайға аян,  
Қара наның, кәшісімен бөліп жедің.

Күттыхтайдын туған күнге арнаймын.  
Талай жырды, өзіңе арнап жырлаймын.  
Қосағың мен қоса ағар – Күләшжан.  
Бар тілегім, бақытты бол әрқашан.

Көп тілектер періштенің құлағына шалынсын.  
«Ұлкен әже» келешекте атан сен.  
Немересі Серікпенен Бауыржанның әжелеп.  
Өтсін сені қартайғанда, әже-әже деп, мәпелеп.

Азда болса, шын жүректен жылы сөз.  
Кемшілігі болса оны және кеш.  
Ақындықтың жолын қуған жан емес.  
Қараталдан, өзің көрген құдаң болам мен – Төлеш

*Ақметжсановтар жсанұясы:  
Рымгұл, Төлеген, Ақдәulet.  
25 наурыз 1991 ж.*



## **Күләш жеңгей!**

Айналдық әйел атты ұлы есімнен,  
Мәпелеп қыз өсірген, ұл өсірген.  
Ағамның ғұмырына сәуле беріп,  
Жолына жарық болып ілесумен.

Құтты болсын елуге келгеніңіз,  
Әрқашан шаттық болсын көргеніңіз.  
Өмірде мерейіңіз үстем болып,  
Мұн, қамсыз отырыңыз төрде нығыз.

Жақсыға тілеулес қой заманасты,  
Үзілмесін жыл, айдың араласы.  
Ақ кимешек жамылған әже болып,  
Болғайсыз Ер анасы, Ел анасы.

Ғасырдың жартысы емес, толығына,  
Тілектіміз жеңгейдің толуына.  
Тілейміз ағамыз бен есен-сау бол,  
Шөберелі, шөпшекті болуына.

Тіледік шын тілекті біз азырақ,  
Көңіл мен ниетіміз құлап, ұнап.  
Өмірде қынышылық, қайғы шекпей,  
Жасаңыз шаттықпенен Ұзак, Ұзак!

*Қайырбек, Сапура ОРАЗОВТАР*

## Қарындастымның тойында

Жақсыны айтсаң жаның әлденеді,  
Тірлікте сыйластық қой бар керегі.  
Бауырмал,  
Елге тірек, досқа қамал,  
Біреуі нар тұлғаның Мәркен еді.

Бірге өткен дүние дүрмек барысында,  
Шындаған оза тартар шабысын да,  
Жан жары Құләштің зор үлесі бар,  
Мәркеннің қолы жеткен табысында.

Жебеді тірі күнде жан құсымен,  
Кезі жоқ есіміне шаң түсірген,  
Ендеше, біз Құләшті құттықтайық,  
Бүгінгі келіп қалған алпысымен!

Әкенің жүрген құтты жолымен,  
Сақ өскен біліп оңын солыменен,  
Мәркеннің балаларын құттықтайық,  
Құләштай асыл ана тойыменен.

Қалайша ақ жарылып ашылмаймын,  
Ағацмын Аманжолдай жасырмаймын.  
Құләшжан Женешенді ерте келдім,  
Бір серпіл басылардай асыл қайғын.

Біз келдік сыйлап Мәркен аруағын,  
Күндерді бірге өткізген сағынамын,  
Дән разы саған бүкіл дос, жарандар,  
Шалқытқан жүдетпеген шаңырағын.

Көз тастап қиял бейне қарасынға,  
Білдірмей сүйген жүрек жарасын да,  
Мәркеннің көре алмаған қызығын көр,  
Балалар, немерелер арасында.

*Кәкімбек САЛЫҚОВ, 31.03.2001ж.*



## **Бауырым Күләштің 60 жасқа толуына арнау**

Білеміз өмір епті және шекті,  
Беретін қуаныш пен қасіретті.  
Төзе біліп тағдырдың сындарына,  
Қуанышты құп алу да міндетті.

Сөзді қалай Мәркеннен бастамаймын,  
Аузымнан атын бір сәт тастамаймын.  
Жарқылдаپ бүгін тойда жүрмесе де,  
Рухы ортамызда деп санаймын.

Әрқашан Мәркен елдің ортасында,  
Аты қалды тарихтың шың тасында.  
Думандатқан мерейлі той да өтті,  
Күләш пен туыстардың арқасында.

Бүгін міне кезекті тойға жеттік,  
Өзіндей осы құнді тілеп күттік.  
Мәркеннің жетпей кеткен жасы еді,  
Алланың рахымына тәубә еттік.

Мәркеннің еске алғанда ардақты атын.  
Әрқашан қатарында сен тұрасың.  
Аруағына арналған дүға үзбейтін,  
Ниетінді Жаратқан қабыл алсын.

Мәркеннің асы өткені ел ұнатқан,  
Дамылсыз еңбек еткен сенің арқаң.  
Халыққа аян орнықты өнерлерін,  
Сыйластықпен туысқа, елге жаққан.

Балайтын бір ініме қарындасым,  
Белгілі ақ пейілден жаңылмасың.  
Әрқашан қуанышта, қыындықта,  
Жанашыр сенен артық таба алмаспын.

Өмірдің белесі көп есте қалған,  
Мәркен мен бірге жүріп сайран салған.  
Отыз жыл қос аққудай өмірлерің,  
Әр жылы бір ғасырға бағаланған.

Алла берген ырысы арылмасын,  
Дастарханның көлемі тарылмасын.  
Қашанда алғыс алған шаңырақсың,  
Ақ тілек нәсібінен жарылғасын.

Сен тұрғанда шаңырақ шайқалмайды,  
Достар барда мәртебең ортаймайды.  
Тұыстар мен балалар ортасында,  
Бауырым бүгін неге шаттанбайды.

Көрсетпесін енді өмір жамандығын,  
Тілейміз туыс, достар амандығын.  
Бауыржан, Серік, Сәүле тіректерің,  
Немерелер ер жетсе сенен бай кім.

Тұспесін жүрекке дақ қыңыр сөзден,  
Құдайым сақтап жүрсін тілден, көзден.  
Шөберелер қоршаған әже болып,  
Әрқашан орның болсын биік төрден.

*Қобылан ХАМЗИН  
25 наурыз 2001ж.*

## **Асыл женгем, аяулы женгем Күләш Қошанқызына!**

Ақпейіл, адамдықтың бәйтерегі,  
Аяулы менің ағам Мәркен еді.  
Даналық жас күнінен бойға қонған,  
Ірінің де ішінде бәйтерегі.

Жылыштық жалын шашқан жүзінде нық,  
Жақсылық жатушы еді-ау ізінде өріп.  
Жан еді жарасымы дариядай,  
Өмірден тұзу өткен, тұзу келіп.

Ұғатын кіслік деп кішілікті,  
Осыны оған тәнір ұсыныпты.  
Қасына жарты сағат үйірілген,  
Адамың тапқан одан түсінікті.

Ол барда берік болып босағамыз,  
Шалқытып талай тойды жасағамыз.  
Өзіндей женгемізді «Асыл жар!» деп,  
Ардақтап өткен еді осы ағамыз.

Ақиқат, бұл шаңырақ бөлек еді,  
Үлкенге, кішіге де өнегелі.  
Сылдырын шыны-аяқтың сездірмеген,  
Жарасым берік еткен керегені.

Ағамыз асқақ тұлға ел басында,  
Тұтқасы облыстың болғасын да.  
Жанында ағамыздың тіреу болған,  
Сіз бейне ұқсайтынсыз қорғасынға.

Серік боп Мәкеңдейін сенімді ерге,  
Жақсы атың шыққан еді сіздің де елге.  
Ырысты ықыласының жырдай болып,  
Жұқты ғой өнегеніз келіндерге.

Рас айтам, Күләш женгем, асыл жансыз,  
Жар болып ер қадірін асырғансыз.  
Мәкеңнің абыройына құрбан болып,  
Жолына гүл дестедей шашылғансыз.

Отыз жыл дәм-тұзымыз жарасқалы,  
Сыйластық «Сіз», «Біз» деген жол ашқалы.  
Гүлнәзия екеуміз кіші болып,  
Сіздерден үлгі алудан жалықпадық.

Жаныңмен демеуші едің ауырғанды,  
Көрмедім, женгем, сіздей бауырмалды.  
Коңілін келген жанның бір жықпаған,  
Биязы күн нұрындай жаның мәңгі.

Женеше, шыным осы, нұрлы адамсыз,  
Қалайша тәнтіліктен құр қаларсыз.  
«Мықтының жарымын!» деп кеуде қағып,  
Ел жүртқа еркелік те қылмағансыз.

Жарасқан асыл жар деп ағама бек,  
Кішілер сипатынды бағалап ек.  
Ерінің төрелігін төске ұратын  
Жұқпаған өмірінде жаман әдет.

Ел билеп, депутат боп аға нағыз,  
Шаттықпен шалқыған да заманаңыз.  
Осындай ерді сүйген сіздей жанның,  
Артында ертегі мен қалады аңыз.

Осылай ертегі мен қалады аныз,  
Өзіндей жақсы адамдар – самалымыз.  
Жеңешем, мүшел жаста елі сүйген,  
Өзіндей бола берсін бар анамыз.

Бауыржан, Сәулеңізбен, Серікпенен,  
Атына папасының еліктеген.  
Асылдың тұяғы деп елі сүйген,  
Мен-дағы балаларға сеніп келем.

Олардың бола берсін ғұмыры бек,  
Тұрса да қыындықтар бүгін үдеп.  
Көргенде балаларды ел сүйсін –  
«Кешегі қас алтынның сынығы!» деп.

Айналдық сіздей асыл, мәрт анадан,  
Бар жүгін шаңырақтың арқалаған.  
«Оңалар орнында бар!» деген осы екен-ая,  
Тек мұны көрмей өтті-ая Мәркен ағам.

Хош болсын көңілдің де күй-ырғағы,  
Өмірде жол оңайма, қыын бәрі.  
Ағаның асыл атын кір шалдырмай,  
Тәңірдің Сізге осы бұйырғаны.

Ал жеңгем, тілек осы – ұғыныңыз,  
Жалғассын болашақпен бүгініңіз.  
Жасаумен ортамызда аман-есен  
Ғасырға жетелесін ғұмырыңыз!

*Қайрат, Гүлназия*

## **Құтты болсын мерейтой!**

60 жас құтты болсын алшаң басқан  
Күндерің көп өткенде сәуле шашқан  
Қызығын бұл өмірдің көрдің талай  
Ақ сәуле алдымызда жаққан шамдай.

Бала күннен бірге өстік, бақыттымыз,  
Туын ұстап достықтың, туыстықтың,  
Абысын боп асымыз ағыл-тегіл  
Мақтанышпен айтатын әңгіме бұл.

Өмірдің бірақ тағы әттеңі бар,  
Асылыңды арамыздан бөліп алды.  
Алланың бұл ісіне не шара бар,  
Өкініш өзектегі от боп жанды.

Өмір – уақыт зымырап өтсе дағы  
Қалды ғой жүректерде оның дағы  
Ес жиып балалармен өксік бастың  
Таныдың ықыласын дос-жаранның.

Жақсылық жылуың мол тал бойында  
Сүйеу болған талай күн тұр ойымда  
Ауырсам анамша кеп аялаған  
Ұмытылmas сол бір күндер ылайымда.

Талай елді аралап қызықтадың  
Бұдан былай қызығын көр балалардың  
Немерелер көбейіп шөберелер  
Шарықтасын қиялың әр күн сайын.

Жақсылықтың бәрін таусып айта алман  
Анамдайсың, сырлас досым, асыл жан.  
Шын көңілден жарып шыққан сөздерді  
Бұл тойында баршаға айтып жар салам.

Айтар сөздер көп қой менің ойымда  
Уақыт тығыз мына үлкен тойында.  
Құтты болсын, денсаулығың зор болсын  
Әрқашанда тілер тілек сол болсын!

*Абысының Тәңдік Құрсаққызы*



## **Күләш жеңгейдің 60 жылдық торқалы тойына арнаймын**

Жеңгей біздің желе жортып қыр асты,  
Алты қырға төгілтіп күй, жыр шашты.  
Жайлауында от басының қызығын,  
Ұрпақ пенен нұрландырып гүл шашты.

Мәркен аға, Алатаудың шыңы-ғой,  
Өмірге ол, үлес қосар тыңы ғой.  
«Аллаға да» керек шығар жақсылар,  
Қимайтуғын, иман жүздің нұры-ғой.

Кеткен жоқ, бұл өмірден Мәркен аға,  
Тұяқ басар ізі бар таққан таға.  
От басының шаңырағы берік болып,  
Еңбекімен әділдің алсын баға.

Көш бастар от басының ағасы сіз,  
Жылуымен қуат берер анасы сіз.  
Шаңырақ керегесін берік ұстап,  
Ұрпаққа үлгі болар кіндігі сіз.

Құтты болсын алпыс деген тойыңыз,  
Жете бергей алыстағы ойыңыз.  
Қажымайтын қайрат беріп өзіңе,  
Осе берсін қуатпенен бойыңыз.

Сіздей дара, асыл тұған аналар,  
Келе берсін бұл өмірге паналар.  
Боталарың кейіс көрмей өмірден,  
Сіз тұрғанда ой келмесін алаңдар.

*Бақыт Әбжанұлы Бижантегі  
30.03.2001ж.*

## **Құләш тәте!**

Құтты болсын келген 60 жасыңыз!  
Қуаныштан шаттаныңыз, тасыңыз.  
Шын жүректен тілейміз ұзак өмір,  
Жетпіс, сексен, тоқсандардан асыңыз.

Өмір-өзен қызығын бірге өткерген,  
Әрине, аяулыңыз кетер ме естен?!  
Кім білсін сізге сый ғып қалдырыды ма,  
Көрейік бақыт-ғұмыр белестерден.

Өмірдің әрбір таңы бақ әкелсін,  
Қуаныштар тек алға жетелесін.  
Балалардан әрқашан құрмет көріп,  
Әлдилеңіз немере, шөбересін.

*Оразбай-Бақытжан. 25.03.2001ж.*



## Құрметті құрдас Күләш!

Бір мектепте оқыған кластасым,  
Құтты болсын, айтамын Күләш, жасың!  
Бар ғұмырың бақытқа толы болды,  
Сен жайнадың қыз болып гүл ашқасын.  
Әттең қазір жаныңда жан-жарың жоқ,  
Ұмытылмас қайғы ол, жыл асқасын.  
Бақыт үшін жараптан әйел заты,  
Қуанышқа қасірет ұласпасын.  
Алдыңдағы теңізден оп-оңай өт,  
Қос періштең жүзгенде құлаштасын.  
Қызығын көр гүлдердей немерелердің,  
Дүниенің шаттығын раастасын.  
Сен барлығын көре бер, кенеле бер,  
Ұзақ болсын таусылмас, Күләш жасың!

*Қаратай-Марғұза  
2001 ж.*



## Ырым жұзік

Нағыз достық болған дейді ертеде,  
Естігенде сенер, сенбес ертегі.  
Астындағы атын түсіп беретін,  
Досы үшін жанын құрбан етеді.

Сондай дәстүр жойылған жоқ қазір бар,  
Жаны жайсаң жақсылардан табылар.  
Кесек мұсін, асыл тұлға азамат,  
Міне осылар, қызғанышсыз танып ал.

Мәркен менен Құдайберген ініміз,  
Туыстық пен достықтағы ұлгіміз.  
Дария ақыл, терең ойлы азамат,  
Сендердей-ақ болар-ау деп білеміз.

Тірлік ғұмыр мерзім екен сенімсіз,  
Мәркеніміз өтті өмірден мезгілсіз.  
Иық тіреп қатар жүрсөң бұл құнде,  
Қыын өмір болар ма еді келеңсіз.

Шүкіршілік, жоқтатпайсың ағанды,  
Туыс тұрсын, ел сыйлайды бағанды.  
Асқар таудай пана болған тұлғаңа,  
Құдірет қолдап, дарытпасын жамандық.

Төңірегіңе жиып бәрін туыстың,  
Куанышын, қайғысын да бөлістің.  
Сәулеменен екеуіңнің атқарған,  
Күесіміз құны толмас көп істің.

Думандатқан Даниялдың тойында,  
Айтылғанда жүрген сырлар ойында,  
Көріп тындал туистарды қоршаған,  
Жылы сезім үйіп жатты ойыма.

Құләштің де отбасына қорғансың,  
Әр уақытта жан ашыры болғансын.  
Балалар да өздеріндегі бауырлас,  
Сол дәстүрді, Даниял мен Әлімжандар жалғасын.

Даниялдың кең тойында алқалы,  
Құләш-тәтең жақсы жора жасады.  
Немеренің қайны енесін сыйлауга,  
Қасиетті алтын жүзік атады.

Алда жазса тілеген той келетін,  
Өмір берсін, сол қызықты көретін.  
Алтын жүзік ырым болды тойыңа,  
Сәуле - әжесі өз қолынан беретін.

Үлкен тойға дайындалар уақыт бар,  
Сыйлықтардың қымбаты да табылар.  
Тілек тілеп жатсын үйде бұл жүзік,  
Құдағидың оң қолына салынар.

*Қобылан, 10 жеселтоқсан 1999ж.*



## **Құрметті Құләш апа!**

Сізді шын жүректен **60** жылдық мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Зор денсаулық, ұзақ өмір тілейміз, балаларыңыздың қызық-қуанышын көріңіз!

*Осылай жақсы тыныш заман болсын,  
Алпыс жас қуат берген қадам болсын.  
Құдайым Сізге ұзақ ғұмыр беріп,  
Әрқашан жсан-жасағыңыз аман болсын.*

*Игі тілекпен: Мұрат, Абылай, Ұмсындық, Құләш.*



## **Атасының бағын берсін!**

(Немереміз Сұлтанбектің  
мектептің есігін ашар тойына)

Қуанышпен қасірет қатар ұғым.  
Бірі бұрын, бірі соң жүретұғын.  
«Артында бар, оңалар» – аталы сөз,  
Аузындағы имандай сенетұғын.  
Сол сенім акталудың бірі емес пе,  
Бүтінгі той қуаныш тілеулеске.  
Мәркеннің өзі бүгін болмасада,  
Сұлтанбегі ұрпағы, көзі емес пе.  
Дүниеге келгенде Сұлтанбегі,  
Мен атаң – деп үйретіп нәрестені,  
Тойлап жүріп немере қуанышын,  
Төбесінде жүруші еді боп ермегі.  
Бүтінгі той солардың ілегіндей,  
Орындалған Мәркеннің тілегіндей.  
Мектептің есік ашар: «бисмілләсі».  
Сұлтанбекке ғылымның жолын бергей.  
Немереміз қадамы құтты болсын!  
Атасының атағы бағы қонсын!  
Денсаулығы мықты боп, ғұмырлы етіп,  
Көпшіліктің тілегі қабыл болсын.  
Бала мұңсыз бақытты ата-анамен.  
Ғұмыр берсін сендерге Құләш, Кәкен.  
Сендер барда Серіктер бала болмак,  
Өздері әке болса да сеніп кеткен.  
Сұлтанбекке атанаң бағын берсін.  
Әлімжән мен Асхаттар сонына ерсін,  
Көпке арналғаң құрмалдық қабыл болып,  
Тойларың тойға ұлассын, батам келсін.

*Қобылан ХАМЗИН  
18 қыркүйек, 1999 жыл*

## **Благодарность**

Оглядываясь назад, пролистывая эти страницы книги, в целом книги нашей жизни, моей и Маке, я благодарна Аллаху, что рядом со мной был именно Маке, наш неповторимый Маркен Ахметбекович. Сейчас мне вспоминаются только самые счастливые, радостные дни, проведенные с ним, которых было немало.

Большое человеческое спасибо всем тем, кто помнит Маке, кто принял непосредственное участие в выпуске этой книги, кто поделился своими личными и теплыми воспоминаниями о Маркене, воспоминаниями, которые приблизили те минувшие, но важные и дорогие дни для него и нас, в целом, как для любого человека, дни становления Маке как человека, так и государственно-партийного деятеля, приобретения высокой планки морально-этических, интеллектуальных сторон характера, при этом как человека удивительной скромности и простоты в общении, доброжелательности и отзывчивости, строгого, но любимого всеми близкими и хорошо знавшими его людьми.

Склоняю голову перед всеми, кто и до сих пор не забывает о нем, помнит нашего Маркена Ахметбековича, кто продолжает общаться с нашей семьей, кто пришел к нам на помощь в трудную минуту и рядом сейчас!

И пусть эта книга воспоминаний останется вечной памятью о нем в сердцах всех наших родственников, друзей, коллег, знакомых, а самое главное вслед за ним идущих – его детей и внуков, продолжателей его достойного имени и фамилии, нашего Ахметбекова Маркена Ахметбековича.

**Супруга Маркена Ахметбековича  
Куляш Кошановна**

## Ризашылық көніл

«Ел ардақтысы» атты естелік кітабымыздың құрастыруына көмек көрсеткен Жамбыл ауданының азаматтары, «Асыл мұра» орталығының қызметкерлері Социал Жұмабаев агама, Таңат Сүгірбаев ініме мың бір рахметімді айтамын!

Бұл Мәкеңе деген зор құрмет!

Дендеріңіз сау, ел аман, аспан ашық, қаламдарыңыз үшкір болып, алға қойған мақсаттарыңыздың орындалуына Алла жар болсын!

---



Құрметті оқырман, Мәркен жайлы осы естелік кітабымыздың баспаханалық шығынын төлеуге демеушілік жасаған «КТЖ ҰК» АҚ-ның вице-президенті Ерік Хамзаұлы Сұлтанов Мәркеннің аруагын сыйлап, осыншама қаражат болғеніне өзімнің және Мәркеннің ұрпақтары атынан ризашылығымды білдіріп, зор алеғисымды арнаймын. Отбасына амандық, атқарып жүрген жсаупты қызметіне табыс тілеймін.

Күләш Ахметбекова

## МАЗМҰНЫ

### *I бөлім*

<i>Естеліктер</i> .....	3
К. Қалиев. Мәңгілік есте сақталатын тұлға.....	4
К. Хамзин. Ерекше тұлға, арманды азамат.....	11
А. Қошанов. Біртуар азамат, бауырымыз.....	19
Ж. Ысқақов. Өшпес із қалдырды.....	26
О.Сапиев. Ақыық.....	31
А. Башмаков. Слово о близком человеке.....	33
К. Мұсабеков. Әлі есімде.....	37
С. Өтейев. Мандайы кере қарыс майталман.....	42
К. Шайсұлтанов. Ардақ тұтар ағаң болса – ол да бір бақыт.....	46
Е. Викторов. Он был мне другом и учителем.....	56
К. Мұқанов. Өнегелі өмір.....	61
Жұмабаевтар. Азамат ердің басы еді.....	66
Т. Сүгірбаев. Өмірі - өнеге.....	73
А. Қожахметұлы. Асыл тұлға.....	78
К. Есхожин. Аяулы, құрмет тұтқан ағам еді.....	81
С. Бекназаров. Мои встречи с Маркеном Ахметбековичем.....	85
К. Исманова. Кісілік пен кішілік иесі еді.....	94
Ұ. Мусина. Аяулы да қамқоршы інім еді.....	98
К. Ахметбекова. Менің Мәркенім.....	101
К. Ахметбекқызы. Ұмытылmas бауыр.....	120
К. Ахметбеков. Інім жайында.....	127
Смағұловтар. Dana адам еді.....	132
Жантілеуовтер. Сағынышпен еске аламыз.....	134
Кәсеиновтер. Ағамыздай болып қарсы алған.....	137
Ж. Әлімбетов. Жеріне қарап, адамын таны.....	140
А.Әбуов. Аяулы біздің нағашы.....	143
Ә.Әбілова. Мәркен Ахметбеков үлкен тұлға.....	145
С. Ахметбеков. Слово об отце.....	151

## *II бөлім*

<i>Баспасөзде жарияланған мақалалар</i> .....	155
К. Қалиев. Есімі ұмытылmas.....	156
К. Хамзин. Жүлдізы жарық жан еді.....	159
С. Жұмабаев. Өнегелі өмір.....	167
З. Әкімжанов Мыңды беріп, жүзді алған Мәркен еді.....	170
К. Шәниев. Аютастап ұшқан ақының қыран еді.....	177
Ғ. Қоңырбаев. Өмірі – ұрпақтар үшін үлгі.....	184
Г. Конырбаев. Учитель и пример для всех.....	189

## *III бөлім*

<i>Арнаулар</i> .....	195
-----------------------	-----

## *IV бөлім*

<i>Өзім жайлы</i> .....	211
К. Ахметбекова. Өзім жайлы.....	212
Күләшқа арналған өлеңдер.....	227
Благодарность.....	247
Ризашылық көңіл.....	248

*Күләш АХМЕТБЕКОВА*

## **ЕЛ АРДАҚТЫСЫ**

Редакторы Т. Сүгірбаев

Корректорлары Д. Бектасова, Е. Мурзалиева

Дизайнері С. Ахмадиева

Компьютерде терген Н. Бәйтенова

Жауапты шығарушылары:

Ахметбеков Серік Мәркенұлы,

Ахметбеков Бауыржан Мәркенұлы

2010 жылы баспаға тапсырылған.

Офсеттік басылым. Көлемі 16,5 баспа табақ.

60x84/16. Әріп түрі TimesNewRoman.

Таралымы 500. Тапсырыс № 1124

“Полиграфия” АҚ басылды.

Петропавл қаласы,

Қазақстан Конституциясы көшесі, 11